

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 маусымдағы № 201 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 маусымда № 28475 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (52-шығарылым) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8770 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (52-шығарылым)

1-тарау. Кіріспе

1. Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамалығы (52-шығарылым) (бұдан әрі – БТБА):
автомобиль және қалалық электр көліктеріндегі;
теміржол көлігіндегі және метрополитендегі;
теңіз және өзен көліктеріндегі жұмыстарды қамтиды.

2. БТБА Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген.

3. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар осы БТБА-да көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде қолданылады.

2-тарау. Автомобиль және қалалық электр көліктерінің жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Автомобиль жүргізушісі, 4-разряд

4. Жұмыс сипаттамасы:

барлық үлгідегі жеңіл автомобильдерді, 17 адамға дейінгі жолаушыларды тасымалдауға арналған аз тонналы жүк автомобильдерді (әртүрлі шағын автобустар, "УАЗ", "ПАЗ", "ГАЗель" және жүргізуге арналған "жүк көтерілімдігін" қажет етпейтін өзге маркалар), жүк көтергіштігі 4 тоннаға дейінгі (автопойыздарды – автомобиль мен тіркеменің жүк көтергіштігі бойынша) барлық үлгідегі жүк автомобильдерді (автопойыздарды), ұзындық габариті 7 метрге дейінгі автобустарды басқару;

самосвалдың көтеру механизмін, автокранның кран құрылғысын, автоцистерналардың сорғы құрылғыларын, рефрижератордың тоңазытқыш құрылғыларын, тазалау-жинау механизмдері мен өзге де мамандандырылған автомобиль жабдықтарын басқару;

автомобильдерді отынмен, майлау материалдарымен және салқындататын сұйықтықпен жабдықтау;

желіге шығар алдында автомобильдің техникалық жағдайын тексеру және қабылдау , оны тапсыру, автошаруашылыққа қайтқаннан кейін белгіленген жеріне қою;
автомобильдерді жүк тиеуге және түсіруге жіберу;
автомобиль кузовына жүкті тиеуді, орналастыруды және жүктің бекітілуін бақылау;
механизмдерді ажыратуды талап етпейтін, желілердің жұмыс уақытында пайда болған ұсақ ақаулықтарды жою;
радиокұрылғыны пайдалана отырып автобус жүргізушісінің аялдама пункттерін және жолақы тәртібін хабарлап отыру;
компостерлер орнату, аялдамаларда абоненттік кітапшалар сату;
жолқұжаттарын рәсімдеу.

5. Білуге тиіс:

агрегаттардың, механизмдер мен қызмет көрсетілетін автомобиль аспаптарын қолдану, жұмыс және әрекет ету қағидаты, құрылысы, мақсаты;
автомобильдердің техникалық пайдалану және жол қозғалысы тәртібі;
автомобильді пайдалану процесінде пайда болатын ақаулықтарды табу және жою тәсілдері, себептері;
автомобильдерді гараждарда және ашық тұрақтарда сақтау және техникалық қызмет көрсету тәртібі;
аккумуляторлы батареялар мен автомобиль дөңгелектерін пайдалану тәртібі;
күрделі жөндеуден кейін және жаңа автомобильдерді жүргізіп бейімдеу тәртібі;
тез бұзылатын және қауіпті жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;
автомобиль басқару қауіпсіздігіне ауа райы жағдайларының әсері;
жол-көлік оқиғаларының алдын алу тәсілдері;
радиокұрылғы және компостерлер құрылысы;
жолаушыларды отырғызуда және шығаруда автобустарды беру тәртібі;
жол-көлік оқиғалары кезіндегі жолаушыларды шұғыл түрде көшіру тәртібі;
қызмет көрсетілетін автомобиль жұмысын есепке алатын бастапқы құжаттарды толтыру тәртібі.

2-параграф. Автомобиль жүргізушісі, 5-разряд

6. Жұмыс сипаттамасы:

жүк көтергіштігі 4-тен жоғары 40 тоннаға дейін барлық үлгідегі жүк автомобильдерін (автопойыздарын) (автопойыздарды – автомобиль мен тіркеменің жүк көтергіштігі бойынша), ұзындық габариті 7-12 метр автобустарды басқару, сондай-ақ жолдағы қозғалыс кезінде басымдылыққа құқық беретін арнайы дыбыс және бағдарлы сигналдармен жабдықталған автомобильдерді басқару;

механизмдерді бөлшектеуді талап етпейтін, қызмет көрсетілетін автомобильдің желідегі жұмыс уақытындағы ақаулықтарын табу және жою;

техникалық көмек болмаған жағдайда дала жағдайында реттеу жұмыстарын орындау.

7. Білуге тиіс:

агрегаттардың, механизмдер мен қызмет көрсетілетін автомобиль аспаптарынқолдану, жұмыс және әрекет ету қағидаты, құрылысы, мақсаты;

ақаулықтардың себептері, белгілері, айқындау және жою тәсілдері;

автомобильдерге техникалық қызмет көрсету жұмыстарының көлемдерін, кезенділігін және негізгі орындау тәртібі;

автомобильдің жөндеу аралық жүруін көбейту тәсілдері;

дала жағдайында автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру ерекшеліктері;

аккумуляторлық батарея қызметінің мерзімі мен автомобиль дөңгелектерінің жүруін арттыру тәсілдері;

радиобайланыс құралдарын пайдалану тәртібі;

калааралық тасымалдауды ұйымдастыру ерекшеліктері.

3-параграф. Автомобиль жүргізушісі, 6-разряд

8. Жұмыс сипаттамасы:

барлық үлгідегі өрт автомобильдерді, шұғыл медициналық көмек автомобильдерді, жүк автомобильдерді (автопойыздарды), жүк көтергіштігі 40-тан жоғары 100 тоннаға дейін (автопойыздарды – автомобиль мен тіркеменіңжүк көтергіштігі бойынша), ұзындық габариті 12-ден жоғары 15 метрге дейінгі автобустарды басқару.

9. Білуге тиіс:

тасымалдаудың құнына автомобильдің жеке көрсеткіштерінің әсері;

автомобильдерді жоғары өнімді және экономикалық пайдалануды қамтамасыз ету тәсілдері;

қызмет көрсетілетін автомобильдердің негізгі техникалық-пайдалану сапалары және олардың қозғалыс қауіпсіздігіне әсері.

10. Жүк көтергіштігі 100-ден астам 200 тоннаға дейінгі жүк автомобильдерді, ұзындық габариті 15 метрден астам автобустарды басқару кезінде – 7-разряд;

жүк көтергіштігі 200 тоннадан астам жүк автомобильдерді басқару кезінде – 8-разряд.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.06.2023 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Ескерту:

мына жағдайларда автомобиль жүргізушілері бір разряд жоғары тарифтеледі: 2-3 түрлі (жеңіл, жүк, автобус және өзге) автомобильдерде жұмыс жасауда;

ұйымдарда автомобильдерге техникалық қызмет көрсету мамандандырылған қызметі болмаған жағдайда автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешенін орындауда.

12. 4-8-разрядтардағы автомобиль жүргізушісіне жалпы орта білім, белгіленген арнайы бағдарлама бойынша дайындық, өз мамандығы бойынша рұқсаттың болуы талап етіледі.

4-параграф. Автомотокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы, 5-разряд

13. Жұмыс сипаттамасы:

желіге шығатын және желіден тұрақтайтын жеріне қайтатын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету және жөндеуден кейін автомобильдердің, тіркемелердің, мотоциклдердің, мотороллерлердің, мотонарттардың, аэрошаналардың, трактор және жол машиналарының базасында механизмдердің техникалық қалыбын бақылау және тексеру;

бекітілген техникалық және нормативтік ақаулық құжаттарын және оларды жөндеу өтінімдерін ресімдеу және оларды тиісті түрде тіркей отырып ақаулықтарын жою;

техникалық талаптарда көзделген барлық жұмыстарды орындай отырып жөндеп, түпкілікті құрастырғаннан кейін қызмет көрсетілетін автомотокөлік құралдарының тораптары мен агрегаттарын қабылдау, бақылау.

14. Білуге тиіс:

тракторлар және жол машиналары базасында жөнделген автомобильдердің, тіркемелердің, мотоциклдердің, мотороллерлердің, мотонарттардың, аэрошаналардың, механизмдердің құрылысы;

желіден қайтқан және жөндеу өткізгеннен кейін олардың тораптары мен агрегаттарын қабылдау тәртібі және қойылатын техникалық талаптар;

көлік құралдары, тораптар мен агрегаттарды жөндеу сапасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жарнамалық құжаттарды рәсімдеу.

5-параграф. Мотокөлік құралдарын жүргізуші, 3-разряд

15. Жұмыс сипаттамасы:

жол қозғалысы тәртібін сақтай отырып мотонарттарды, мотоциклдерді, мотороллер және өзге де мотокөлік құралдарын басқару;

мотокөлік құралдарының техникалық жағдайын тексеру және желіге қабылдау, оларды тапсыру және оларды желіден қайтқаннан кейін белгіленген жеріне қою;

мотокөлік құралдарын отынмен және майлау материалдарымен жабдықтау;

мотокөліктерге жүк тиеу және түсіруге жіберу немесе жолаушыларды отырғызу және шығару, жүк тиеуінің дұрыстығын және бекітілуін бақылау;

желіде жұмыс уақытында туындаған ұсақ ақаулықтарды жою;

жол құжаттарын рәсімдеу.

16. Білуге тиіс:

мотокөлік құралдарының әрекет ету және қызмет көрсету қағидаты, құрылысы, мақсаты;

мотокөлік құралдарын пайдалану кезінде туындайтын ақаулықтардың белгілері, себептері, салдары және оларды жою тәсілдері;

жол қозғалысының тәртібі;

мотокөлік құралдарын жүргізу қауіпсіздігіне ауа райының әсері;

жазатайым оқиғаларда дәрігерге дейін көмек көрсету жолдары;

мотокөлік құралдарының жұмысын есепке алу құжаттарын толтыру тәртібі.

6-параграф. Трамвай және троллейбустарды қабылдаушы, 5-разряд

17. Жұмыс сипаттамасы:

кесте бойынша немесе техникалық ақаулықтары себептерімен паркке қайтып келген трамвайлар мен троллейбустарды қабылдау;

желідегі жылжымалы құрамға келтірілген ақаулықтарға оның себептері туралы пойыз бригадасы қызметкерлерінен алынған түсініктемелерді есепке ала отырып актілер рәсімдеу;

ақаулықтарды жою өтінімдерін арнайы журналға немесе парақтарға тіркеу;

трамвай вагондарының, троллейбустардың, жылжымалы құрамның тұрақтағыорындарын жүргізушілерге көрсету.

18. Білуге тиіс:

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

трамвайлар мен троллейбустарды қабылдау тәртібі;

актілерді рәсімдеу тәртібі.

7-параграф. Трамвай жүргізушісі, 3-разряд

19. Жұмыс сипаттамасы:

шаруашылықта қолданылатын трамвай пойыздарын депо мен желіде жүру қауіпсіздігі тәртібі және кестесін сақтай отырып басқару;

пойыздарды тіркеп сүйреу сахнасын өткізу және сүйретілген пойыздарды басқару;

жолаушыларды түсіру және отырғызу, жүкті түсіру және тиеуді бақылау;

радиоқұрылғыны пайдалана отырып тоқтау пункттері мен жолақы төлеу тәртібін хабарлау;

желіге шығардан алдын және паркке қайтқаннан кейін даярлық жұмыстарын орындау;

желіде туындаған ұсақ ақаулықтарды жою;
жылжымалы құрамның ақаулықтарын рәсімдеу және жоюға өтінім беру;
аялдамаларда абоненттік кітапшалар сату.

20. Білуге тиіс:

трамвай вагондары және олардың жабдықтарын қолдану және әрекет ету қағидаты,
құрылысы;

трамвайлардың жол қозғалысы және техникалық пайдалану тәртібі;

желіде туындаған қарапайым ақаулықтарды айқындау және жою әдістері;

қыс-күзкездерінде трамвай айдаудың ерекшеліктері және қиын жол жүру жағдайларында оларды пайдалану тәртібі;

радиокұрылғы мен компестерлердің құрылысы;

электр энергиясын үнемдеу нұсқауы;

трамвайларды тексеру және жөндеу кезеңдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жол жүру билеттерінің формасы;

жол жүру құжаттамасын рәсімдеу тәртібі.

8-параграф. Трамвай жүргізушісі, 4-разряд

21. Жұмыс сипаттамасы:

жаңа үлгідегі трамвай пойыздарын, біріктірілген трамвайлар мен көп бірлік жүйесі бойынша істейтін трамвайларды басқару;

трамвайлардың тежегіш жүйелерін реттеу;

арнайы жабдықтарды, бақылау-өлшеу аспаптары және құралдарды пайдалана отырып трамвайларға жоспарлы тексеру және оларды жөнделгеннен кейін сынау.

22. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі, оның ішінде біріктірілген және көп бірліктер жүйесі бойынша жұмыс істейтін трамвайлардың механикалық, пневматикалық және электр жабдықтарының құрылысы, әрекет ету қағидаты және ықтимал ақаулықтары;

қызмет көрсетілетін бағдарлардың бейіні мен ерекшеліктері;

жоспарлы тексеруді жүргізуде қолданылатын арнайы жабдықтардың, бақылау-өлшеу аспаптары және құралдарының құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

апатсыз жұмыс әдістері.

9-параграф. Трамвай жүргізушісі, 5-разряд

23. Жұмыс сипаттамасы:

барлық үлгідегі трамвай пойыздарын басқару, барлық түрдегі жабдықтарды реттеу; арнайы жабдықтарды, бақылау-өлшеу аспаптары және құралдарын пайдалана отырып депода жөндеу түрлерін жүргізу.

24. Білуге тиіс:

трамвайлардың барлық түрдегі жабдықтарын реттеу тәртібі, олардың тозу сипаты, себептері мен нормалары;

депода жоспарлы жөндеу жүргізуде қолданылатын монтаждау құрылғыларының, бақылау-өлшеу аспаптары және құралдардың, арнайы жабдықтардың құрылысы;

қаладағы барлық бағдарлардың бейіні мен ерекшеліктері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

трамвай жүргізушілердің оқушыларын тағылымдамадан өткізу жолдары мен әдістері.

10-параграф. Троллейбус жүргізушісі, 4-разряд

25. Жұмыс сипаттамасы:

осы шаруашылықта қолданылатын троллейбустарды депо мен желіде жүру қауіпсіздігі тәртібін және кестесін сақтай отырып басқару;

желіге шығардан алдын және паркке қайтқаннан кейін даярлық жұмыстарын орындау;

троллейбус тіркемелерін өткізу және буксирлеу троллейбустарын басқару;

жұмыс кезінде желіде туындаған ұсақ ақаулықтарды анықтау және жөндеу;

жолаушыларды түсіру және отырғызу, жүк түсіру және тиеу тәртібінің сақталуын бақылау;

ақауларды рәсімдеу және жоюға өтінім беру;

радиоқұрылғыны пайдалана отырып тоқтау пункттері мен жолақы төлеу тәртібін хабарлап отыру;

компостерлер орнату;

аялдама пункттерінде абоненттік кітапшалар сату.

26. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін троллейбустар және олардың жабдықтарының ықтимал ақаулықтары және әрекет ету қағидаты, құрылысы;

троллейбустардың қозғалыс және техникалық пайдалану тәртібі;

қыс-күз мезгілдеріндегі троллейбус айдаудың ерекшеліктері және күрделі жол жүру жағдайларында оларды пайдалану тәртібі;

электрэнергиясын үнемдеу нұсқауы;

жол жүру билеттерінің нысаны;
жол жүру құжаттамасын рәсімдеу тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
троллейбустарды тексеру және жөндеу кезеңдері.

11-параграф. Троллейбус жүргізушісі, 5-разряд

27. Жұмыс сипаттамасы:

жаңа үлгідегі, біріктірілген, тіркеме және көп бірлік жүйесі бойынша істейтін троллейбустарды басқару;

троллейбустардың тежегіш жүйелерін реттеу;

арнайы жабдықты, бақылау-өлшеу аспаптары мен құрылғыларды қолдана отырып, жоспарлы тексерулер жүргізу, жөнделген троллейбустарды жүргізіп тексеру.

28. Білуге тиіс:

троллейбустарды барлық үлгідегі механикалық, пневматикалық және электр жабдықтарының қолдану және әрекет ету қағидаты және ықтимал ақаулықтары, құрылысы;

қызмет көрсетілетін бағдардың бейіні мен ерекшеліктері;

жоспарлы тексеруді жүргізуде қолданылатын арнайы жабдықтардың, бақылау-өлшеу аспаптары және құралдарының құрылысы;

троллейбус жүргізушілердің оқушыларын тағылымдамадан өткізу жолдары мен әдістері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

апатсыз жұмыс әдістері.

12-параграф. Троллейбус жүргізушісі, 6-разряд

29. Жұмыс сипаттамасы:

барлық үлгідегі троллейбустарды басқару және оларға орнатылған барлық түрдегі жабдықтарды реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құрылғыларды, арнайы жабдықтарды пайдалана отырып паркте жоспарлы тексеруді жүргізу.

30. Білуге тиіс:

қызметкөрсетілетін троллейбустарда орнатылған жабдықтардың барлық түрлерін реттеу тәртібі, оның тозуының сипаты, себебі және нормасы;

паркте жоспарлы жөндеу жүргізуде қолданылатын арнайы жабдықтардың, монтаждау құрылғыларының, бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдардың құрылысы; қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі; ішкі еңбек тәртібі; қаладағы барлық бағдарлардың бейіні мен ерекшеліктері.

31. Жалпы орта білім, белгіленген арнайы бағдарлама бойынша дайындық, өз мамандығы бойынша рұқсатының болуы талап етіледі.

3-тарау. Теміржол көлігінің және метрополитеннің жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Автоматты жіберу пунктiнiң бақылаушысы

32. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты жіберу пункттеріне қызмет көрсету;

жетон қабылдағыш, жарық таблоларының, автоматты жіберу пунктiнiң саңылауларының жарамдылығын бақылау;

жолаушылардың метрополитенді пайдалану тәртібін сақтауын бақылау;

жіберу пунктi арқылы өтетін жолаушылардың билетін және жүру құжаттарын тексеру;

жүк алып өтудің құнының толық төленуін және жолаушылардың үздіксіз және қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету;

жинақтағыштардағы құралдардың ақаулықтарын жою үшін слесарь-электрикті шақыру;

метрополитенмен бару бағдары туралы жолаушыларға түсіндіру.

33. Білуге тиіс:

жұмыста автоматты жіберу пункттерін қолдану, ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері, әрекет ету қағидаты және пайдалану тәртібі;

метрополитенмен жүру құқығын беретін жол жүру құжаттарының түрлері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

метрополитенді пайдалану тәртібі.

34. Тәулігіне 25 мың адамға дейін жолаушы өткізетін автоматты жіберу пункттерінде қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

тәулігіне 25 мың адамнан 40 мың адам жолаушыға қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

тәулігіне 40 мың адамнан көп жолаушы өткізетін автоматты жіберу пункттерінде немесе теміржол вокзалы мен станциясына тиіп тұрған метрополитен станциясының автоматты бақылау пункттерінде қызмет көрсету кезінде – 4-разряд.

2-параграф. Автомотриса машинисі (көмекші)

35. Жұмыс сипаттамасы:

адамдарды тасымалдауға арналған автомотрисаны басқару;
теміржолдарда пайдалану және апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын, оның ішінде контактiлі желі құрылғыларын жөндеу және байқау жұмыстарын жүргізу;
автомотрисаға техникалық қызмет көрсету;
жабдық қозғалтқышын, электрлік және гидравликалық жабдықтардың, тежегіш жүйесін, қоректендіру және майлау жүйелерін, автомотрисаның жүрдек бөлшектерін және оның көтерме жабдықтарын жарамды қалыпта ұстап отыру;
бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау;
механизмдердің үйкеліс бөліктерін майлау;
жоспарлы-алдын ала жөндеуіне қатысу.

36. Білуге тиіс:

автомотриса құрылысы, оны жабдықтау және оны жүргізу тәртібі;
автомотриса механизмдерінің ақаулық себептері және алдын алу, жою тәсілдері;
қолданылатын отын және майлау материалдарының түрлері мен сапасы, олардың шығу нормасы;
бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысыжәнемақсаты;
автомотриса тораптарын, дөңгелек жұптарын және оның кран жабдықтарына техникалық байқау түрлері, мерзімдері, жөндеу және куәландыру тәртібі;
тиеу-түсіру жұмыстарын орындау және адамдарды тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
электртехника, механика және гидравлика негіздері.

37. Бензин қозғалтқышты автомотрисаны басқару және қызмет көрсетуде– 5-разряд;
қуаттылығы 220 киловаттқа дейінгі дизельді қозғалтқышты автомотрисаны басқару және қызмет көрсетуде – 6-разряд;

қуаттылығы 220 киловаттан астам дизельді қозғалтқышты автомотрисаны басқару және қызмет көрсетуде – 7-разряд.

38. 6 және 7- разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

39. Ескерту:

автомотриса машинисінің көмекшісі басшылығында жұмыс істейтін автоматриса машинисінен бір разряд төмен тарифтеледі.

3-параграф. Айналдыратын дөңгелек моторисі, 2-разряд

40. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс көлемі тәулігіне 70 локомотивке дейінгі электрлі немесе пневматикалық немесе қол жетектердің көмегімен айналдыратын дөңгелектерді басқару;

айналдыратын дөңгелек фермаларына локомотивтің орнатылуын реттеу;

айналдыратын дөңгелек құрылғысына қызмет көрсету, жөндеп ұстау және күту;

қызмет көрсетілетін дөңгелекті реттеу және сынау;

басқару кабинасында бекітілген магнит жібергіштер мен кнопкалы өшіргіштерді жинау және монтаждау;

айналдыратын дөңгелек механизмдердің үйкеліс бөліктерін майлау және тазалау.

41. Білуге тиіс:

айналдыратын дөңгелектің және оның механизмдерінің құрылысы;

айналдыратын дөңгелектерде локомотивтерді орнату тәртібі;

айналдыратын дөңгелекқұрылғылары мен механизмдерді күту және үйкеліс электрлі қозғалтқышбөліктерін майлау тәртібі;

электрлі қозғалтқыштардың жұмыс режимі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

дөңгелек жұмысындағы қалыптасқан сигнал беру.

42. Жұмыс көлемі тәулігіне 70 локомотивтен астам дөңгелекті басқару кезінде – 3-разряд.

4-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 2-разряд

43. Жұмыс сипаттамасы:

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғыларына және ауа желілеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде қосымша жұмыс жасау;

тіректерді орнату, ауыстыру және бекіту жұмыстарын орындау;

тіректерді арматурамен, траверстермен, штырылармен жарактандыру;

тіректерді ауыстыру кезінде сымдарды төсеу;

сымдарды дәнекерлеу және ілу;

кабель төсеу трассаларын дайындау, оны монтаждау және жөндеу жөніндегі қосалқы жұмыстарды орындау;

қарапайым слесірлік, ағаш және электр өлшеу жұмыстарын орындау.

44. Білуге тиіс:

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғыларына және ауа желілеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының тәртібі;

термитті дәнекерлегішке арналған дәнекерлегіш лампа және құрылғының пайдалану тәртібі және құрылысы;

бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника жөнінде қарапайым мәліметтер.

5-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 3-разряд

45. Жұмыс сипаттамасы:

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғыларына және ауа желілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

жоғары вольтты желілердің зақымданғандарын жою;

телеграфты және телефондық аппараттарға қызмет көрсету мен жөндеу;

контактілерді, контакторларды, қайта қосқыштарды, шнурларды, штепсельдерді, кнопкаларды, микротелефон тұтқаларын, гарнитураларды, қосалқы жабдықтарды жөндеу, тексеру және тазалау;

ішкі сымдарды өткізу;

жергілікті байланыс кабельдеріне және кабельді арматураларға қызмет көрсету;

біріктірілген, тармақталынған және ұшталған муфталарды монтаждау және дәнекерлеу;

ауа және жер асты желілерін күрделі емес схемалар бойынша асып қою және төсеу;

кабель трассаларын тексеру;

қарапайым электрлі өлшеуаспаптарын қолдана отырып тежеу кедергісін және монтаж схемасын тексеру;

құрастырылған қарапайым схемадағы ақауды анықтау және жою.

46. Білуге тиіс:

телеграфты және телефондық аппараттарға қызмет көрсету тәртібі, құрылысы;

кабель шаруашылығында сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғыларына және ауа байланыс желілерінің қоректену көздері;

шкафтардағы, бокстардағы, кабель жәшіктері мен қораптардағы кабельдерді бөлу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

кабель төсеудің техникалық шарттары.

6-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 4-разряд

47. Жұмыс сипаттамасы:

қол және автоматты телефон мен телеграф станцияларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

негізгі коммутаторлық аспаптар мен жабдықтарды тексеру және реттеу, олардың зақымдықтарын анықтау және жою, біріктіру желілері параметрлерін электрлі өлшеу;

телефон және телеграф станциялары аспаптарын монтаждау және ауыстыру;

телеграф аппаратурасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі профилактикалық жұмыстар, телеграфты аппараттардағы механикалық және электрлік зақымдықтарды анықтау;

дауысы қатты шығатын екі жақты парк байланысы желілік құрылғыларының, электр сағаттардағы, сақтау камераларындағы механикалық және электр ақаулықтарды анықтау және жою, орнату, техникалық қызмет көрсету, жөндеу;

трансформаторларды, резисторларды, конденсаторларды, электрмеханикалық релелерді тексеру және орнату.

48. Білуге тиіс:

сызықты паркті дауыс ұлғайтқыш байланысы және қызмет көрсететін аппаратуралардың құрылысы;

ақаулықтардың негізгі түрлері, оларды анықтау және жою тәсілдері;

электрмен қоректендіру жүйесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты және құрылысы.

7-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 5-разряд

49. Жұмыс сипаттамасы:

аралықтағы талғамалы байланыс пункттерге, дуплексті күшейткіштерге, үйлестіруші құрылғыларға, жолаушылар пойызы жүретін платформалы және топты вокзалдағы сілтегіштерге, электрлі компостерлерге, билет басып шығару машиналарына және автоматты айырбастауға қызмет көрсету және жөндеу;

халықаралық кабель магистральдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

байланыс желісін электр параметрлерімен өлшеу және кабельдерді тот басудан сақтау жұмыстары;

кабельдегі ақаулықтардың орнын айқындау;
кабельді магистральдарды монтаждау-жапсыру жұмыстары;
берілген схема бойынша кірме-коммутациялық құрылғыларды жөндеу;
электрмеханикалық, радиотехникалық құрылғылар мен аппараттарды электронды және механикалық күйге келтіру, іске бейімдеу және жөндеу;
қуат көздерін іске бейімдеу;
күшейткіш блоктарды күйге келтіру және электрлі іске бейімдеу;
магниттік галовканың жаңғырту және оқшаулау кедергісінің жиілік сипаттамаларын тексеру.

50. Білуге тиіс:

автоматты және қол телефон станцияларының, радиокұрылғыларының және өзге де байланыс аппараттарының және өлшеу аспаптарының, сондай-ақ кабельдерде электротығуынболдырмауда қолданылатын аспаптардың құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

аппаратураларды жөндеу мен қызмет көрсету тәртібі және нормалары.

8-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 6-разряд

51. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық қызмет көрсету және жөндеу: оперативті-технологиялық, пойыздық, станциялық радиобайланыс, аналогты хабарлау жүйесін, сағаттық орталық станция аппараттарына;

өнеркәсіптік теледидар құрылғылары арқылы эскалаторлардағы, өтпелі дәліздердегі және платформалардағы жолаушылардың тасымалын бақылау;

дыбыс жазатын құрылғыларды механикалық, электрлік қалыпты күйге келтіру және жөндеу, қарапайым радиоэлектронды аппараттардың, тораптардың жұмысқа қабілеттілігін толық тексеру;

нұсқауға сәйкес аппараттар мен құрылғыларды жөндеу;

бөлшектер мен тораптарды дайындау және ауыстыру кезінде орташа күрделі қуат көздеріндегі әртүрлі көздерді қалыпты күйге келтіру;

баспалы төлемнің жұмысқа қабілеттілігін тексеру;

трансляциялық радиотораптарды жөндеу және электрлік қалыпты күйге келтіру;

күрделі релелерді қалыпты күйге келтіру, магниттік күшейткіштерді тексеру және жөндеу;

бақылау-өлшеу құралдарын қолдану арқылы радиоэлектронды аппаратын элементтерін электрлік тексеру;

диодтарды іріктеп алу;

блоктардың анық емес жұмыссебебін анықтау;
түйіншектерді ауыстыру кезінде ақауларды жою;
магниттік жазба мен жаңғырту аппараттарын іске бейімдеу және жөндеу.

52. Білуге тиіс:

оперативті-технологиялық, пойыздық, станциялық радиобайланысты, теледидарды, орталықсағаттық станциядағы құрылғыларда қызмет көрсетуді пайдалану тәртібі және құрылысы;

құрылғыларға қызмет көрсету мен жөндеу кезінде туындаған ақауларды ескерту және жою тәсілдері мен себептері;

әртүрлі күрделі схемадағы монтаждау жұмыстәсілдері;

аппаратураның негізгі ақаулық түрлері, оларды анықтау және жоютәсілдері;

электрлі қуат көзі жүйелері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

телемеханика негіздері.

53. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

9-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 7-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

байланыс кабель желісіне, тығыздалған сандық хабарласу желісі мен радиоаппараттың сандық және микропроцессорлық техника элементтеріне техникалық қызмет көрсету;

радиоэлектронды құралдар мен құрылғыларды нұсқауларға сәйкес механикалық, электрлік қалыпты күйге келтіру және жөндеу;

электрлі параметрлердің жұмысқа қабілеттілігін және монтаждың дұрыстығын тексеру;

құрылғыларда табылған орташа күрделі ақаулықтарды жою;

нұсқау бойынша электрлі параметрлерді, жартылай өткізгіштік құралдар мен интегралдық схемадағы блоктарды қалыпты күйге келтіру;

басқару блоктарын реттеу;

әртүрлі типті күрделі күшейткіштерді баптау.

55. Білуге тиіс:

күрделі радиоэлектронды құрылғылар және аппаратурадағы ақаулықтарды жою және құрылысы;

кабельді байланыс желілеріндегі зақымданған жерлерді анықтауға арналған, интегралды схемалардың жартылай өткізгіш аспаптардың құрылысы;

озық байланыс үлгілерін баптау және монтаждау қағидаттары;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
сызбаларды, жұмыс эскиздері мен схемаларды жасау тәртібі.
56. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

10-параграф. Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, 8-разряд

57. Жұмыс сипаттамасы:
электрлік және механикалық қалыпты күйге келтіру, икемдеу және жөндеу, толық тексеру, аса күрделі электрмеханикалық, радиотехникалық құрылғыларды, құралдарды, кешенді және арнайы нұсқау жүйесін сынау және тапсыру;
негізгі электрлік аппараттар параметрлерін есептеу;
тәжірибелі өңдеу мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
аса күрделі радиостанцияны жөндеу, сандық хабарлау жүйесі мен хабарлама коммутациясын икемдеу және қалыпты күйге келтіру;
қайта әзірленген технологиялық аппаратты, құралдарды және кез-келген күрделі жүйені сынау және қалыпты күйге келтіру схемасын жасау;
талшықты-оптикалық байланыс желісін жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

58. Білуге тиіс:
радиоэлектрондық аппаратты, сандық электрондық және квазиэлектрондық телефон станциясын пайдалану құрылғысын жөндеу, қалыпты күйге келтіру және сынау, бу аппаратын тығыздау тәртібі, құрылысы;
негізгі электрлік аппараттар параметрлерін есептеу;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
қайта өңделген үлгілерді сынау және қалыпты күйге келтіру схемасын жасау.

59. Ескерту:
бригадаға немесе топқа жетекшілік ететін байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, өзі жетекшілік ететін электромонтерлерінен бір разряд жоғары тарифтеледі.
60. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

11-параграф. Бақылау-өлшеу вагондарын баптаушы, 6-разряд

61. Жұмыс сипаттамасы:

үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін бақылау-өлшеу және тіркеу аппаратурасын, машина аспаптары мен механизмдерді, түрлі құрылғылар мен дефектоскопты, жолөлшегіш, жолтексеру, габариттізерттеу вагондарын, вагон зертханаларды баптау, реттеу, қызмет көрсету;

бақылау-өлшеу вагондарында тұратын бақылау-өлшеу және тіркеу аппаратуралары мен механизмдерінің көмегімен теміржолдар мен өзге де теміржол нысандарының жағдайын бақылау және кемшіліктерді анықтау;

өлшеу нәтижелерінің мағынасын ашу;

вагондар жұмысының дұрыстығын бақылау және пайдалану процесінде пайда болатын ақаулықтарды жою;

техникалық құжаттаманы құрау және жүргізу.

62. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін аппараттардың, машиналар мен механизмдердің кинематикалық схемалары, конструкциясы және жұмыс режимдері;

құрылыстардың жақындау габариттері стандартында белгіленген жоғарғы құрылғы және жасанды құрылыстарды орнату;

стандартта белгіленген құрылым мен жылжымалы құрамның габариттері;

қызмет көрсетілетін жабдықты баптау, реттеу және ұстау тәртібі;

ақаулықтарды анықтау және оларды жою тәсілдері;

бақыланатын нысандарды бақылау нәтижелерін оқу, ақаулықтарын айқындау мен оларды бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша бағалау нормаларының, фотохимияның, электртехниканың, радиотехниканың, электрониканың мағынасын ашу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

техникалық құжаттаманы жүргізу тәртібі.

63. Микросхемалардағы, компьютерлік техникада электрондық аппаратураға, электронды-акустикалық аппаратураға қызмет көрсете отырып дефектограммаларды оқу жөніндегі жұмыстарды орындауда – 7-разряд.

64. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

12-параграф. Вагон қозғалысы жылдамдығын реттеуші (аға)

65. Жұмыс сипаттамасы:

тежегіш башмақтарды тежеу жолымен вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеу;

тежегіш башмақтармен жолда тұрған вагондарды қоршау, бекіту және алу;

сұрыптау паркінің жолдарында вагондарды шегендеуге және тіркеуге қатысу;

жұмыстарды орындау кезінде қозғалыс қауіпсіздігі, вагондар мен жүктердің сақталуын қамтамасыз ету;

тежегіш башмақтарды жолдардан жинау және оларды тежегіш позицияларға жеткізу;

тежегіш позициясы мен башмақ түсіргішті тазалықта сақтау;

жөндеуге келмейтін тежегіш башмақтарын ауыстыру.

66. Білуге тиіс:

пойыз құраушысы және оның көмекшісінің жұмысы сипаттамасы;

жүктерді тасымалдау тәртібі;

станция жұмысының өзіне қатысты бөліктерінің техникалық-өкімгерлік актісі және технологиялық процесі;

тежегіш башмақтары құрылысы және оларды рельстерге орнатуға арналған жабдықтары;

рельстерге тежегіш башмақтарын орнату және алып тастау тәртібі;

тежегіш позициясы орналасуы, сұрыптау жолы жоспары мен бейіні, олардың қызметі мен сыйымдылығы, вагондардың қозғалыс сапасы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

әртүрлі атмосфералық жағдайда ағытылымдар аралығындағы қажет интервалды сақтау үшін және сұрыптау паркіндегі вагондар байланысының мүмкін жылдамдығын қамтамасыз ету үшін вагондарды тоқтату тәртібі.

67. Өнеркәсіптік теміржол көлігі станциялары жолдарындағы вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуде – 1-разряд;

ажырату процесінде теміржол көлігі станцияларында вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуде – өнеркәсіптік теміржол көлігінің сұрыптау станциясындағы құрамды қалыптастыру кезінде – 2-разряд;

ажырату процесінде теміржол көлігі станцияларында вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуде – керме жолдардағы немесе стрелка мойындарда құрамды қалыптастыру кезінде – 3-разряд;

ажырату процесінде теміржол көлігі станцияларында вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеуде – қуаттылығы аз және орташа керме жолдардағы немесе стрелка мойындарда құрамды қалыптастыру кезінде – 4-разряд;

тарату процесінде теміржол вокзалдарында вагондардың қозғалу жылдамдығын реттеуде – қуаттылығы жоғары және күшейтілген маршрутта пойыздарды қалыптастыру кезінде – 5-разряд.

68. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

69. Ескерту:

вагондардың қозғалыс жылдамдығын аға реттеуші тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстарды тікелей орындаудан басқа, вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттеушілер бригадасы басшысының міндеттерін орындайды және реттеушілерден бір разрядқа жоғары тарифтеледі.

13-параграф. Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы, 3-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

вагон автоматты тежегіштерін орталықтандырылған сынамалаудың басқару пультін жүргізу;

пойыздарды қабылдау және жөнелту кестесіне сәйкес вагон автотежегіштерін тексеру, жөндеу және сынамалау жөніндегі жұмыстарды уақытылы орындауға арналған техникалық қызмет көрсету пунктімен байланысты ұстап отыру.

71. Білуге тиіс:

барлық жүйедегі ауа таратқыш және электрлі ауа таратқыш жұмысында қолданылатын вагондарды, машинист крандары мен бақылау-өлшеу аспаптарын орталықтандырылған сынамалауды басқару пультінің құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінде автоматты тежегішті тексеру және сынамалау техникалық құралдарының орналасу схемасы.

14-параграф. Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы, 4-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты қашықтықтан жүргізу құрылғылары арқылы техникалық қызмет көрсету пункттерінде автоматты тежегіштерді сынамалау және пойыздарды орталықтандырылған қоршау процесін жүргізу;

пойыз жүріп бара жатқанда жолаушы және жүк вагондарындағы "ПОНАБ" электронды аспап арқылы букстың қызу деңгейін айқындау.

73. Білуге тиіс:

электронды аспаптардың, автотежегіштерді сынамалау пойыздарының орталықтандырылған қоршау құрылғыларының баптау тәсілдері, құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

техникалық қызмет көрсету пункттеріндегі вагондардың орталықтандырылған қабылдау-жөнелтуін орналастыру.

15-параграф. Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы, 5-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

станциялардың мамандандырылған жолдарындағы жүк вагондарына техникалық қызмет көрсету процесін жүргізу, сондай-ақ, автоматты және ағын депо желілеріндегі жылжымаслы құрамды жөндеуді басқару;

қызмет көрсетілетін желінің жұмыс режимі мен жүктемесін реттеу;

автоматты желі ақаулықтарының алдын алу және жою;

"ДИСК-БКВ-Д" аспаптарында қызмет көрсету және қыздырылған букстарды, жарамсыз дөңгелек жұптарын және сүйретіліп жүрген вагон бөлшектерін анықтау;

механизмдерді жөндеуге қатысу;

автоматика және вагон жөндеу машиналарын пайдалана отырып вагондар мен контейнерлерді жөндеу жөніндегі өндірістік операцияларды орындау.

75. Білуге тиіс:

автоматты желілер және қосалқы жабдықтың пайдалану тәртібі, құрылысы;

жабдықтардың кинематикалық схемасы және автоматты желі механизмдерінің өзара іс-әрекеті;

бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын, сигнал беру және қызмет көрсетілетін желіні блоктауды пайдалану тәртібі;

вагондар және контейнерлердің құрылысы;

автоматты желідегі вагондар мен контейнерлерді жөндеудің технологиялық процесі ;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

механика және электртехника негіздері.

16-параграф. Вагон тексеруші-жөндеуші(аға)

76. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздың қауіпсіз қозғалысына қауіп төндіретін ақаулықтарды анықтау және жою үшін техникалық қызмет көрсету, кузовтарды, раманың жауапты тораптарын, жүріп тұрған бөлшектерін, автотіркегіш құрылғыларды, тежегіштер мен рычагты автореттегіштерді, буксты тораптарды, редукторлы-карданды жетектерді, тоназытқыш мотор желдеткіш құрылғыларды, электр және радиожабдықтарын, вагон жылыту аспаптарын, едендерді, жабық және изотермиялық вагондардың шатырларын ажыратпай жөндеу;

әмбебап құрылғылар мен машиналардың электр, гидравлика, пневматикалық және көтергіш электрлі қозғалтқыш жабдықтарын жарамды қалыпта ұстау және жөндеу;

жүк вагондарының сақталуын қамтамасыз ету, олардың маневрлік жұмыстарда және тиеу-түсіру операцияларында зақымдануының алдын алу;

зақымдалған вагондардың техникалық құжаттамасын рәсімдеу;

пойыз және жекелеген вагондардың техникалық дайындығы туралы ақпаратты жіберу;

вагондар мен контейнерлерді техникалық тексеру, жөндеу, жүктің сақталуын қамтамасыз ету герметикалығын айқындау;

контейнерлерге нарядтарды, нысандарды, ведомостарды ресімдеу;

жарамсыз вагондар мен контейнерлердің есебін жүргізу;

вагон және контейнерлердің жөндеу жұмыстарының көлемін айқындау;

бригада жұмысын ұйымдастыру және басқару;

вагондар мен контейнерлердің есебінен шығарылған және зақымдалған құрал-сайманға техникалық актілер жасау;

жөндеу кезінде пойызды қоршау.

77. Білуге тиіс:

вагондар мен контейнерлердің құрылысы;

бөлшектер мен тораптардың тозу және шекті нормалары;

жоспарлы жөндеу мерзімдері;

жүктерді техникалық тексеру, тасымалдау және сақтау тәртібі;

вагондарды ағытпайжөндеу технологиясы және тәртібі;

слесірлік, столярлық және жабын жұмыстарының озық әдістері;

вагондарды, контейнерлерді жөндеуде қолданылатын өлшеу аспаптары, құралдар мен құрылғылар, оларды пайдалану тәртібі, жүктердің сипаттамалары;

реттеу тәртібінде жіберілетін бос контейнерлерді жолдан жіберу тәртібі;

өзі жүретін машиналар мен әмбебап құрылғылардың құрылысы;

ақаулықтардың алдын алу және жою тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

пойызды жөндеу кезінде қоршау тәртібі.

78. Магистральды теміржол көлігі аралық станцияларында және өнеркәсіптік кәсіпорындардың кірме жолдарындағы орналастырылған вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінде вагондарды техникалық тексеру және ажыратпай жөндеуде;

контейнерлік алаңшалардағы контейнерлерді техникалық тексеру және жөндеуде – 4-разряд;

сұрыптау, учаскелік және аралық станцияларда вагондарға тиеу және түсіру станцияларында орналастырылған вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінде , вагондарды тасымалдауға дайындау пункттарында вагондарды техникалық тексеру және жөндеуде – 5-разряд;

вагондарға жаппай тиеу, түсіру станцияларында, сұрыптау, учаскелік каластан тыс станцияларында, 1 және 2 класты станцияларда орналастырылған вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінде, вагондарды тасымалдауға дайындау пункттерінде вагондарды техникалық тексеру және ажыратпай жөндеуде – 6-разряд;

хоппер типіндегі вагондардың жүктерін түсіру мен бекітудің пневматикалық және механикалық жүйелерінің тиеуі мен тексеру алдында ақаулықтарды қарау, жою кезінде (хоппер-мөлшерлеуіш, астық тасымалдаушы вагондар, жентек тасығыштар және өзгелер), вагондарға жаппай тиеу, түсіру станцияларында, сұрыптау, учаскелік кластан тыс станцияларында, пункттерінде, вагондарды тасымалдауға дайындау пункттерінде вагондарды техникалық тексеру және ажыратпай жөндеуде – 7-разряд.

79. Ескерту:

аға вагондарды тексеруші жөндеуші өзі басқаратын вагондарды тексеруші жөндеушіден бір разряд жоғары тарифтеледі.

80. 6 және 7-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

17-параграф. Вагондар мен контейнерлерді пломбалаушы, 2-разряд

81. Жұмыс сипаттамасы:

вагондар мен контейнерлерге пломбаларды ілу және пломбаларға бедерлер салу;

пломбалы немесе пломбасыз жүктерді тасымалдауда сым бұрауларын салу, сондай-ақ вагон есіктерін арнайы бекіту құрылғыларымен жабу;

пломбаның екі жағынан да бедерлердің анықтығын және сымның бекітілуінің беріктігін тексеру;

пломбалау қысқыштарын, пломбаларды, сымдарды сақтау;

қысқыштарды күту, оларды майлау;

бақылау белгілерін, әріптік және сандық таңбаларды көшіру;

пломбалау кітаптарын әшекейлеу.

82. Білуге тиіс:

вагондар мен контейнерлерді пломбалау тәртібі;

бұрандарды бекіту тәртібі;

орамдарды салу және пломбаларды ілу кезінде қолданылатын құрылғылар және құралдар;

пломбалардың түрлері мен оларды ілу тәсілдері;

пломбалау қысқыштарын және пломбалау кітаптарын сақтау тәртібі;

пломбалау қысқыштарында бақылау белгілерін көшіру тәртібі;

пломбамен немесе бұраумен әкелінген жүк түрлері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

18-параграф. Вагондарды тексеруші (аға)

83. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздар қозғалысы қауіпсіздігіне, жылжымалы құрам мен келе жатқан жүктің сақталуына қауіп төндіретін ақауларды анықтау үшін контейнерлер мен вагондардың үстіне шыға отырып техникалық қызмет көрсету;

өлшеу құралдарының көмегімен және сыртқы түрі бойынша вагондардың жүру бөлігіндегі, шанағындағы, түйініндегі және бөлшектеріндегі ақауларды анықтау;

жүк вагондары мен контейнерлерінің сақталуы, маневрлі жұмыстар мен жүк тиеу, түсіру операциялары кезінде оларға зиян келуінің алдын алу бойынша шараларды жүзеге асыру;

жолаушылар тасымалдаушы вагондардың электр- радио құрылғыларын техникалық тексерістен өткізу;

бүлінген жылжымалы құрамға техникалық құжаттама рәсімдеу;

контейнерлерге жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін техникалық қызмет көрсету мен олардың герметикалығын анықтау;

жөндеуге жататын вагондарға оларды пойыздардан ағыту арқылы вагондарды шартты белгілеу мен вагондардың сынғаны жөнінде ескерту рәсімдеу;

пойыздардан вагонды ажыратып және ажыратпай, алып тасталылатын вагондар жарамсыздығын бормен белгілеп қою және олардың жарамсыздығы туралы хабарлама рәсімдеу;

пойыздардан ажыратпай жоюға арналған вагондар жарамсыздығын бормен белгілеп қою;

вагондар мен контейнерлердегі жөндеу жұмыстарының көлемін анықтау;

вагон құрастырушы және вагон жөндеуші кәсіпорындар орындаған жөндеу сапасына бақылау;

вагондарды қызмет көрсетілгеннен кейін және жөнделген соң тапсыру;

жөндеу кезінде пойызды қоршау;

пойыз вагонының соңын белгілеу үшін дабылды ілу мен ағыту;

вагондар мен контейнерлер ақауларын жою бойынша жұмыстарға қатысу.

84. Білуге тиіс:

вагондар мен контейнерлердің құрылысы және техникалық пайдалану тәртібі;

вагондар мен контейнерлерге техникалық қызмет көрсету тәртібі және вагондар мен контейнерлерді жөндеудің жоспарлы түрлерінің мерзімдері;

вагондарды ағытпай жөндеудің тәртібі мен технологиясы;

вагон паркінің сақталуы мәселесі жөнінде нұсқаулар және көрсету, тәртібі;

техникалық құжаттаманы рәсімдеу тәртібі;

пойыз сигналдары және пойыздарды қоршау тәртібі;

вагондарды тексеру кезінде қолданатын үлгілер, өлшейтін құрал мен оларды қолдану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

пойыздың соңын белгілеу тәртібі.

85. Контейнерлік алаңдағы контейнерлерді техникалық қарау және жарамсыздығын жою кезінде – 2-разряд;

контейнерлік алаңдарда, магистральды теміржол көлігінің аралық станциялары мен өндірістік кәсіпорындарының пойыз жолдарында орналасқан техникалық қызмет көрсету пункттерінде әмбебап және ірі тонналы контейнерлерге техникалық тексеріс жүргізу мен ақауды жою кезінде – 3-разряд;

жүкті тиеу және түсіру станцияларында орналасқан, учаскелік станциялардағы техникалық қызмет көрсету пункттерінде вагондарға техникалық тексеріс жүргізу мен ақауларды жою және вагондарды жүк тасымалдауға дайындау бойынша жұмысты жүзеге асыру кезінде – 4-разряд;

вагондарға техникалық қызмет көрсету және бұзушылықтарды жою, класы жоқ, 1 және 2-класты станцияларда орналасқан техникалық қызмет көрсету пункттерінде, жолаушылар пойыздарына техникалық қызмет көрсету пункттерінде жүк вагондарын тасымалдауға, ірі сұрыптау станцияларында, жүкті жаппау тиеу станцияларында орналасқан техникалық қызмет көрсету пункттерінде, жолаушылар пойызын қалыптастыру және айналым пункттерінде автомобильдер тасымалдау вагондарын дайындау кезінде – 5-разряд;

жүк түсірудің пневматикалық және механикалық жүйесін тасымалдау мен тексеруді байқау, жөндеу, дайындық кезінде және хоппер (хоппер-мөлшерлеуіш, астық тасымалдаушы вагондар, жентек тасығыштар және өзге) түріндегі вагондарға жүкті бекітуде, вагондарға техникалық қызмет көрсету мен ақауларды жоюда, жүк тасымалдаушы вагондарды табыстау мен қабылдауда, мемлекетаралық және жол аралық табыстау пункттеріндегі өзге жұмыстарды жүзеге асыру кезінде – 6-разряд.

86. Ескерту:

аға вагондарды қараушы өзі басқаратын вагондарды қараушылардан бір разрядқа жоғары тарифтеледі.

87. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

19-параграф. Газ тұрбасын тасымалдау машинисі, 8 разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

газ тұрбасын тасымалдауды басқару және қозғалыс кестесін сақтай отырып, белгіленген жылдамдықты теміржол қатынас жолы бейінінен, пойыз салмағынан тәуелді жүк пойызын енгізу;

тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

отынның ең аз шығынында пойыз енгізудің рационалды режимін қамтамасыз ету;

газ тұрбасын тасымалдауды қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, тораптар, жүйелер, электрлік, механикалық, тежегіштік, қосымша жабдықтарды, газдылықты бақылау жүйесін қарау және қызметтерін тексеру, өртті анықтау және сөндіру, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғысын және құмды түсіру құрылғысын қарау және қызметтерін тексеру;

газ тұрбасын тасымалдауды жұмысқа дайындау және жабдықтау;

газ тұрбасын тасымалдауының құрамның бірінші вагонымен және әуе саласы байланысымен тіркелуін бақылау, сондай-ақ араларындағы ақырғы кранды ашуды бақылау;

газ тұрбасын тасымалдауының тежегіш құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру және қызметінің дұрыстығын тексеру;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинис көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру, пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

газ тұрбасын тасымалдау машинисіне арналған бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес газ тұрбасын тасымалдауына техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш және өзге де қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

пойыз жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

газ тұрбасын тасымалдаушының механикалық бөлігінің, тораптардың, дөңгелек жұбының аралық станцияларда тоқтаған кездегі жағдайын тексеру;

теміржол қатынас жолында маневрлік жұмыстарды орындау;

газ тұрбасын тасымалдаудағы немесе пойыз құрамындағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса – пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде пойызды тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісінің жұмыс жасаған кезде нұсқауға сәйкес оның функциясын орындау;

жұмыскерлердің жұмысын басқару, газ тұрбасын тасымалдауға қызмет көрсететін жұмысшылардың оны пайдалану кезінде, олардың қозғалысын бақылау;

газ тұрбасын тасымалдау машинисін, сондай-ақ, "газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісі" мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды газ тұрбасын тасымалдаушыны күту, қызмет көрсету және басқарудың ұтымды әдіс-тәсілдеріне үйрету.

89. Білуге тиіс:

газ тұрбасын тасымалдаушының техникалық сипаттамалары, құрылысы, оларды басқару тәртібі;

газ тұрбасын тасымалдауды пайдалану кезінде ұстау және күту тәртібі;

тежегішті басқару технологиясы және құрылысы;

теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы сигнал белгілері мен көрсеткіштері;

теміржол қатынас жолы схемалары;

жылжымалы құрамды тіркеу, ағыту тәртібі;

газ тұрбасын тасымалдаушыны пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

отынды шығындауды үнемдеудің негізгі режимдері;

электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

теміржолдардағы жылжымалы құрамды пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстарға байланысты өзге нормативтік актілер;

жүк пен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі талаптар;

стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілер;

автоматика және байланыс құрылғысы жұмысы мен пайдалану тәртібі;

тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;

газды қолданатын құрылғыны қауіпсіз қолдану негіздері;

пойыздар қозғалысы кестесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

90. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

91. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және газ тұрбасын тасымалдауды басқару куәлігінің болуы талап етіледі.

20-параграф. Газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісі, 7-разряд

92. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық, электрлік, тежегіш, қосымша және өзге де құрылғыларды газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

газ тұрбасын тасымалдауды қабылдау және тапсыруға қатысу, жабдықтау, түйіндер мен бөлшектерді майлау және газ тұрбасын тасымалдауды жұмысқа даярлау;

газ тұрбасын тасымалдауды бірінші вагонға тіркеу: тежегіш магистралінің соңғы жеңіне біріктіру, тежегіш магистралінің соңғы крандарын ашу;

газ тұрбасын тасымалдауды құрамнан ағыту: тежегіш магистралі алдын ала ажыратып алынған автоматты біріктіргіштерді ажырату;

газ тұрбасын тасымалдауды күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау бойынша газ тұрбасын тасымалдау машинисінің бұйрықтарын орындау;

сәйкес нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу үшін газ тұрбасын тасымалдаумен пойызды бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны газ тұрба тасымалдау машинисінің көмекші қайталауын бақылау;

бекітілген сигналдарды беру, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

газ тұрба тасымалдаудағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

93. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін газ тұрбасын тасымалдаудың пайдалану тәртібі және құрылысы;

газ тұрбасын тасымалдаудың техникалық сипаттамалары;

газ тұрбасын тасымалдауды пайдалану кезінде қызмет көрсету және күту тәртібі;

тежегіштер құрылғысы және оларды басқару технологиясы;

теміржол қатынас жолы бейіні, сигнал белгілері мен көрсеткіштері;

қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

газ тұрбасын тасымалдауды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы ;

механикалық, электрлік, тежегіш және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзгенормативтік актілер;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

пойыздар қозғалысы кестесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

94. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

95. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісі куәлігі талап етіледі.

21-параграф. Депо паровоздарының кочегары (аға), 3-разряд

96. Жұмыс сипаттамасы:

деподағы ыстық паровоздарға және оған жолда қызмет көрсету;

желідегі жұмысқа оларды уақытылы даярлау;

от жағу, қазандық, арматура, сумен қоректендіру және бақылау-өлшеу аспаптарын жарамды қалыпта ұстап отыру;

қазандықтардағы будың талап етілетін қысымы мен судың қалыпты деңгейін ұстап отыру;

қазандықтың жұмысын реттеу;

суық паровоздарды отын және сумен жабдықтау.

97. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін паровоздар қазандықтарының пайдалану тәртібі және құрылысы;

паровоздарды қатты және сұйық отынмен оңтайлы жылыту режимдері;
сумен қоректендіру және бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс қағидаты,
құрылысы;

казандықтардың ақаулықтарын алдын алу және жою тәсілдері;

слесірлік жұмыстардың қарапайым жолдары;

депо жолдарының орналасуы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

98. Ескерту:

депо паровоздарының аға кочегары өзі басқаратын депо паровоздарының кочегарларынан бір разряд жоғары тарифтеледі.

22-параграф. Дефектоскопты арба операторы (көмекші)

99. Жұмыс сипаттамасы:

дефектоскопты арба рельстеріндегі ақаулықтарды анықтау процесін жүргізу;

табылған ақаулықтар мен рельс зақымдықтарын егжей-тегжейлі зерттеу және ақаулықтардың дамуын, жіктеуішін жүргізу, бақылау, оларды тіркеу және қажет болған жағдайда, пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

дефектоскоптарды пайдалану және технологиясы тәртібін сақтай отырып оларды жарамды қалыпта ұстау және техникалық қызмет көрсету;

дефектоскопты арба элементтерін аспаптар бойынша және сыртын тексеріп айқындау;

арбаның жеке түйіндері мен механизмдерін бөлшектеу және жинау, оларды жөндеу, қажет болса жаңасына ауыстыру;

бақылау тупигіндегі арбалардың жұмысқа жарамдылығын және сезімталдығын тексеру, баптау және реттеу;

дефектоскопты арбаны жөндеуге қатысу;

дефектоскоптан тікелей серверге деректерді бере отырып, қолмен іздеумен және бақылауды нақтылайтын екінші рет бақылауды жүргізу;

бақылау процесінде жедел мәнін ашуды жүзеге асыру.

100. Білуге тиіс:

магнитті және ультрадыбысты рельсті дефектоскоптардың қызметі және құрылысы;

рельс ақаулықтары және зақымдықтарының жіктеуіші және олардың пойыз қозғалысына қауіпсіздігінің әсері;

рельстердің қалыпты жұмыс жағдайлары;

жолдың жоғары құрылысының қызметі және құрылысы;

электртехника, электроника, металл тану негіздері;

дефектоскоптарды ұстау, сақтау және техникалық пайдалану тәртібі;

дефектоскоптардың, іздеу құрылғылары мен телефондардың жұмыс қабілетін және шартты сезімталдығын тексеру тәртібі;

аккумуляторлардың құрылымы және олардың алдын алу және қызмет көрсету шараларын жүргізу тәртібі;

жол жұмыстарын жүргізгенде пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету нұсқауы;

қолмен іздеушілердің екінші рет бақылау жасалуының дұрыстығы және жедел мәнін ашудың бірізділігін жүзеге асыру;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

101. Магнит және бір жолды ультрадыбысты дефектоскопты арбаларда жұмыс орындау кезінде – 4-разряд;

дефектінің мөлшерін айқындауға арналған электронды сәулелі түтікшемен жабдықталған магнит және екі жолақты ультрадыбысты рельс дефектоскоп арбаларында жұмыс орындау кезінде – 5-разряд;

микропроцессорлық құрылғылы ультрадыбысты және магнитті дефектоскоп арбаларында жұмыс орындау кезінде – 6-разряд;

барлық үлгідегі рельсті дефектоскопты арбаларда жұмыс орындау және дефектоскопты теңшеу жұмыстарына қатысу кезінде – 7-разряд;

микропроцессорлық құрылғылармен, бақылау нәтижелерін тіркеуін жүргізу жұмыстарын орындау, ультрадыбыстық дефектоскопты арбашалары бақылау процесінде және қолмен іздегіш пен екінші рет бақылауды жүргізумен жедел мәнінің ашылуын жүзеге асыру кезінде – 8-разряд.

102. Ескерту:

дефектоскопты арба жүргізу құқығы бар болса, оператордың басшылығымен жұмыс орындау кезінде дефектоскопты арба операторының көмекшісі оператордан бір разряд төмен;

құқығы болмаса екі разряд оператордан төмен тарифтеледі.

103. 6, 7 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

23-параграф. Дизель пойызының машинисі, 8 разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

қозғалыс кестесін сақтай отырып, теміржол қатынасы жолы пішінінен тәуелді бекітілген жылдамдықпен оны енгізу және дизель пойызын басқару;

жолаушыларды тасымалдау және қызмет көрсету мәдениеті қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету;

дизель отынмен және майлаудың ең аз шығынында дизель пойызын енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

дизель пойызын қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, барлық тораптар, электрлік, механикалық, тежегіштік және қосымша жабдықтар, бақылау-өлшеу аспаптары, радиобайланыс және дөңгелек жұп астына топырақ төсеу құрылғыларын қарау және қызметін тексеру;

дизель пойызын жұмысқа дайындау және отынмен, салқындатқыш су, майлаумен, майлармен, құммен жабдықтау;

тежегіштерді сынау;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік маршруттарды дайындау дұрыстығын, бағдарламалық сигналы көрсеткіштерін, сондай-ақ дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинист көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру, пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге және құжаттарға сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес дизель пойызға техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

дизель пойызы жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды отырғызу, түсіру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

жолаушылардан дизель пойызы қозғалысына қауіп төнгені туралы деректер алған жағдайда апатжағдайының алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

дизель пойызындағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса – пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде дизель пойызын тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

белгіленген құжаттаманы жүргізу;

дизель пойызы машинисінің көмекшісінің жұмыс жасаған кезде нұсқауға сәйкес оның функциясын орындау;

жұмыскерлердің жұмысын басқару, дизель пойызға қызмет көрсететін жұмысшылардың оны пайдалану кезінде, олардың қозғалысын бақылау;

дизель пойызының машинисін, сондай-ақ, "дизель пойызы машинисінің көмекшісі" кәсібі бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды дизель пойызға қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдістері мен тәсілдеріне үйрету.

105. Білуге тиіс:

- дизель пойызының техникалық сипаттамалары, құрылғысы, оларды басқару тәртібі;
- дизель пойызын ұстау және пайдалану кезінде белгіленген күту тәртібі;
- тежегіштер құрылғысы және басқару технологиясы;
- теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері;
- жылжымалы құрамды тіркеу, ағыту тәртібі;
- дизель пойызға ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсету тәртібінің негізгі жағдайлары;
- дизельді отын шығынын үнемдеудің негізгі режимдері;
- электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық ақауларды шығару және жою тәсілдері;
- жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;
- электр локомотивтерінің (электрпойыздарының) локомотив бригадаларының, энергетикалық диспетчерлердің, байланыс желісіндегі кернеуді авариялық алып тастау кезінде пойыз диспетчерлерінің ережесі;
- қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;
- тораптар мен дөңгелек жұптарын жөндеу, куәландыру, техникалық тексерудің тәртібі, түрлері және мерзімі;
- электртехника, радиотехника негіздері;
- гидроберілістің негізгі функциялары және жұмысы қағидаты;
- теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;
- пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;
- теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;
- жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі талаптар;
- стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;
- қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;
- автоматика және байланыс құрылғыларын пайдалану және жұмыс тәртібі;
- тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;
- пойыздар қозғалысының кестесі;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
- ішкі еңбек тәртібі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс.

106. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

107. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және дизельпойызын басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

24-параграф. Дизель пойызы машинисінің көмекшісі, 7 разряд

108. Жұмыс сипаттамасы;

механикалық, электрлік, тежегіштік, және қосымша құрылғыларды дизель пойызы машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

дизель пойызын қабылдау және тапсыруға машиниспен бірге қатысу;

түйіндер мен бөлшектерді жабдықтау, майлау және дизель пойызын жұмысқа даярлау;

дизель пойызын күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау бойынша дизель пойызы машинисінің тапсырмаларын орындау;

сәйкес нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалысты алдын алу үшін дизель пойызын бекітіп қою, теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарларды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, дизель пойызы қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны дизель пойызы машинисімен бірге қайталауын бақылау;

дизель пойызы жолаушыларына қалған пункттер мен өзге де ақпараттарды хабарлау;

жолаушыларды отырғызу және түсіру қауіпсіздігін бақылау;

бекітілген сигналдарды беру, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

дизель пойызындағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

109. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

қызмет көрсетілетін дизель пойызын пайдалану тәртібі және құрылысы;

дизель пойызының техникалық сипаттамалары;

дизель пойызын пайдалану кезінде қызмет көрсету және белгіленген күту тәртібі;

тежегіштер құрылғысы және оларды басқару технологиясы;

теміржол қатынас жолы бейіні, жол белгілері;

қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

дизель пойызын пайдалану кезінде ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

механикалық, электрлік, тежегіш және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстарға қатысты өзге де нормативтік актілер;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

пойыздардың қозғалыс кестесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

110. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

111. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және дизель пойызы машинисінің көмекшісі куәлігі талап етіледі.

25-параграф. Дрезина жүргізуші (көмекші)

112. Жұмыс сипаттамасы:

материалдарды, жабдықтарды, құрылымдарды жұмыс орындалатын жерге тасымалдау және жұмысшыларды алып келуге арналған дрезинаны басқару;

станция шеңберінде маневрлік жұмыстарды орындау;

кран құрылғыларын және өзге де арнайы механизмдер мен құрылғыларды жөндеу, монтаждау және тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде басқару;

тіркеме платформасында жүкті тиеу, орналастыру және бекітудің дұрыстығын бақылау;

дрезинада қызмет көрсету және оның жабдықтарын жарамды етіп ұстап отыру;

дрезинаның, оның көтергіш және өзге де арнайы жабдықтарының ақауын жою;

жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу.

113. Білуге тиіс:

дрезинаның, оның механизмдері мен жабдықтарының пайдалану тәртібі және құрылысы;

дрезина және оның механизмдері мен жабдықтарының жұмысындағы ақаулықтардың себептері, олардың алдын алу және жою тәсілдері;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;

жанар-жағар материалдарының сипаттамалары мен қасиеттері және оларға қойылатын талаптар;

адамдарды және жүкті дрезинада тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

тиеу-түсіру және өзге кран жабдықтары арқылы орындалатын жұмыстарды өндіру тәртібі;

дрезина тораптарының, дөңгелек жұптарының және кран жабдықтарын техникалық байқау, жөндеу және куәландыру тәртібі, түрлері және мерзімі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника, механика және гидравлика негіздері.

114. Магистральды теміржол көлігінің теміржолында алмалы дрезинаны және өнеркәсіптік теміржол көлігі теміржолында алынбайтын дрезинаны басқару және қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

жүк тасымалдауға арналған тіркемемен жабдықталған алмалы дрезинаны немесе жүкті тасымалдауға арналған платформамен жабдықталған алынбайтын дрезинаны басқару және қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

жөндеу, монтаждау және тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға арналған мұнара, кран немесе өзге арнайы механизмдермен жабдықталған карбюраторлы қозғалтқышты алынбайтын дрезинаны басқару және қызмет көрсету кезінде – 5-разряд;

дизель күшті құрылғылы, мұнарамен, кранмен немесе өзге де жөндеу, монтаждау және тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға арналған өзге де арнайы механизмдермен жабдықталған алынбайтын дрезинаны басқару және қызмет көрсету кезінде – 6-разряд.

115. Ескерту:

дрезина жүргізушінің көмекшісі басшылығында жұмыс істейтін жүргізушіден бір разряд төмен тарифтеледі.

116. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

26-параграф. Жабдықтаушы, 2-разряд

117. Жұмыс сипаттамасы:

локомотивтер мен жолаушы вагондарды сумен, сұйық және қатты отынмен, жабдықтарды, құрылғылар мен құралдарды пайдалана отырып тепловоздарды дизель маймен, жолаушы вагондарын төсек жабдықтарымен жабдықтау;

су жіберу башняларын, гидроколонкаларды және олардың жарықтандыру аспаптарын жарамды қалыпта ұстап отыру, колонкаларды қатып қалудан сақтау; кептіру пештеріне құмды салу, жіберу, түсіру; құм түсіретін эстакададан бункер арқылы локомотивтерді құммен жабдықтау; жылыту қоспаларын дайындау; қатты отынды жаңарту және штабельдеу; су қоймасында мұз әзірлеу; дайындалған мұзды бунттарға қалау, тасымалдау және оларды оқшаулау материалдарымен жабу.

118. Білуге тиіс:

тепловоздарға дизель отынын, май және салқындатылған суды беруде қолданылатын колонкаларды пайдалану тәртібі және құрылысы;

локомотивтер мен жолаушы вагондарын сумен және отынмен жабдықтау тәртібі; жолаушы вагондары мен су жіберуге арналған электр қыздыру қақпақтарын жылыту, сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы;

су жіберу колонкаларына тармақтарды қосу және вагондардағы бактарды сумен толтыру тәсілдері;

отын сақтау орны мен оның вагондардағы қорларын толтыру тәртібі;

көмір және мұнай тарату эстакадаларының құрылысы, құм кептіру құрылғыларының, транспортерлердің, компрессорлардың, электрқозғалтқыштардың, электраспаптарының және оларға қызмет көрсету тәртібі;

құбыржолдарының схемасы;

су жіберу мұнарасының тиек және сигнал беру құрылғыларының, гидроколонкалардың әрекет етуі және мақсаты, оларды күту тәртібі;

локомотивтерге құмды түсіру, жабдықтау, дайындау, кептіру және жіберу процесі;

қатты отынды паровоздарға тиеу, штабельдеу және жіберу жұмыстарының жолдары

;

құм кептіру және жіберу көтеру-көлік механизмдерін, құрылғыларын, локомотивтерді отынмен, қолданылатын жабдық, құрал және құрал-сайманды пайдалану тәртібі;

су қоймаларында мұзды дайындау және оны еруден сақтау жолдары;

электртехника жөнінде қарапайым мәліметтер;

теміржолдарда жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

27-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 2-разряд

119. Жұмыс сипаттамасы:

металл, ағаш, тас, бетон және темір бетон көпірлерді, өтпе жолдарды, виадуктерді, акведуктерді, эстакадаларды, лотоктар мен өзге жасанды құрылыстарды слесірлік, тойтару, ұсталық және бетон жұмыстарын орындай отырып, жөндеу және техникалық ұстау;

жасанды құрылыстарды шаң-тозаңнан, қоқымнан, таттан, қар мен мұздан тазалау;
жылжымалы көріктерді толтыру, тойтармаларды қыздыру;
арматуралық болатты жазу, тегістеу және кесу;
жасанды құрылыстардың бетін сырлау үшін дайындау;
ағаш материалдарды қолмен өңдеу;
шарнирлер мен катоктарды майлау;
бетін жоспарлау және тазалау, топырақты қол құралмен қопсыту, тығыздау, тігінен және көлденеңнен ауыстыру, оны зембілмен және арбамен шығару;
бүлінген асфальт беттерін сындыру;
шағын көпірлер мен құбырлардың тесіктерін жабу және ашу;
түнелдегі тоңды ою;
түнел қабырғасындағы алынып жатқан торкрет немесе бетон қабатын жұлып алу;
түнелдегі тұзды ағындар мен шорды алып тастау;
батпақты жерлерді және судың түнелдің қаптамасына түсуі ықтимал жерлерден тыс кептіру.

120. Білуге тиіс:

жасанды құрылыстардың конструкциялық элементтері және бөліктерінің мақсаты және атауы;

қол құралының құрылысы;

металл, бетон, темір бетон, ағаш және тас беттерді тазалау тәсілдері;

слесірлік, тойтару, ұсталық және бетон жұмыстарын орындау тәсілдері;

арматуралық болатты жазу, тегістеу және кесу тәсілдері;

қол құралдары мен құрылғыларды пайдалана отырып, жұмыстарды орындау тәсілдері;

бетон қоспасын әперу және тығыздау тәсілдері;

бетті сырлауға дайындау тәртібі;

ағаш материалдарын қолмен өңдеу тәсілдері;

жүктерді тасымалдау және қоймалау тәртібі;

жұмыс өндірісінде жасанды құрылыстарды қайта құру және күрделі жөндеу кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

28-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 3-разряд

121. Жұмыс сипаттамасы:

тіреудің бетін жөндеу және техникалық ұстау, сондай-ақ жасанды құрылыстың аралық құрылыстарының жекелеген элементтерін мен әртүрлі материалдардан жасалған жасанды құрылыстардың тораптарын ауыстыра отырып, төсеніш, аспа және өзге қосымша және сақтандыру құрылғысыз, слесірлік, тойтарма, ұсталық және бетон жұмыстарын орындау арқылы жөндеу;

жапсырмалар жасау, жасанды құрылыстардың элементтерінде тойтарма үшін саңылаулар бұрғылау;

арматуралық өзектерді салқын күйінде ию;

жасанды құрылыстардың бетін тегістеу және бояу;

жасанды құрылыстар тіреуінің құрылысын бөлшектеу;

шұңқырларды, саңылаулар мен сәгілген жерлерді кірпішпен және бетон қоспамен бітеу;

бетон және темір бетон конструкцияларын керту және бөлшектеу;

бетті сылау және сылақты жөндеу;

цемент сылағының құрылысы;

жаяу жүргіншілерге арналған көпірлер мен өткелдердің асфальтбетон қабатындағы жарықтарды тазалау және бітеу;

ағаш материалдарын механикаландырылған құралдармен өңдеу;

тор қаптағыш және мұз ойғыштарды тақтаймен қаптау;

тақтай төсемені төсеу және ауыстыру;

төсеніштер мен шпал торларды бөлшектеу;

ағаш баспалдақтарды жөндеу;

дренаж пен кесінділердің рисбермдегі бастарының құрылысы;

жылжымалы тірек бөліктерінің қаптамасын жөндеу және ауыстыру;

көпір бөренелерін жөндеу;

жылжуға қарсы құрылғыларды, жанама бұрыштар мен жанама рельстерді бөлшектеу;

шағын көпірлер мен құбырлардың саңылауларын жабуға арналған ағаш қалқандарды жасау және жөндеу.

122. Білуге тиіс:

жасанды құрылыстардың түрлері мен типтері, оларды ұстау және жөндеу бойынша негізгі ережелері;

зақымданудың алдын алу тәсілдері және жөндеу тәртібі;

суық және ыстық тойтару тәсілдері, тойтарудың өлшемдері, шектеулер мен орнату, болаттың сорттары мен маркалары;

арматуралық өзектерді түзету және июдің тәсілдері және жолдары;

ерітінділерді дайындау және мөлшерлеу тәсілдері;

қалау мен буттың оймалары мен саңылауларын тесу тәсілдері, тас және бут қалауды бөлшектеу;

цементтің, толтырғыштар мен бетон қоспаның негізгі маркалары;
асбест бетон қоспалардың, мастикалардың, эмульсиялардың, инертті толтырғыштардың түрлері;
қорамақалып қалқандарды дайындау тәсілдері;
ағаш материалдарын өңдеу тәсілдері;
антисептикалық және оттан сақтағыш құрамды пайдалану тәртібі және олармен жұмыс жасау жолдары;
пневматикалық балғалардың, тойтарма шегелердің және өзге де механикаландырылған құралдардың құрылысы;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
ерітінді қыздырғыштарды және сорғыларды күту тәртібі.

29-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 4-разряд

123. Жұмыс сипаттамасы:

арка, бөрене, ажыратпалы және аспалы көпірден өзге, әртүрлі материалдардан жасалған жасанды құрылыстың, аралық құрылыстарының элементтері мен тораптарын ауыстыра отырып, төсеніш, аспа және өзге де қосымша және сақтандыру құрылғысыз, слесірлік, тойтарма, ұсталық және бетон жұмыстарын орындау арқылы жөндеу;
жасанды құрылыстардың элементтерін жасау және олардың тораптарын құрастыру;
өткел құрылыстары мен тіреулердің жақтау қоршауларын жөндеу және олардың құрылысы;
жекелеген өзектерден, анкерлік болттардан, жапсырма бөлшектерден жасалған арматураны орнату;
арматуралық торлар мен тегіс каркастарды құрастыру және монтаждау;
құрастырмалы темір бетон конструкцияларын шұбарлау және жіктерін бітеу;
бұрын салынған құрылыстың жіктерін ашу;
жаяу жүргіншілерге арналған көпірлер мен өткелдердің темір бетон және металл баспалдақтарын жөндеу;
бекіністердің, тартпалар мен қоршаулардың темір бетон бөлшектерін жасау;
асфальт бетон қаптамаларды кескіндеу және өңдеу;
реттеу және қорғау құрылыстарын жөндеу;
қорамақалыпты, ағашты, төсемелер мен шпал торларды орнату;
аспа бесіктерді ілу және алу;
төсеме тақталар мен шпал торларды құрастыру;
кюветтің астындағы және кюветтің сыртындағы құрамалы темір бетон бақылау құдықтарының және су ағар кәрізін жөндеу және бөлшектеу, құрылысы;
су бұрғыш темір бетон лотоктарын жөндеу және бөлшектеу, құрылысы;

жасанды құрылыстың металл құрылыстарының элементтеріндегі саңылауларды төсеме тақта, аспа бесікті және өзге қосымша құрылғыларды пайдалана отырып бұрғылау;

металл өткел құрылыстардың элементтерін және жақтауларды төсеме тақта, аспа бесікті және өзге қосымша құрылғыларды пайдалана отырып сырлау;

электр орындау құралдарын пайдалана отырып, жанама рельстерді, жанама бұрыштарды, қорғау бұрыштары мен қорғау бөренелерін бөлшектеу;

көпір бөренелерін бір рет ауыстыру.

124. Білуге тиіс:

жасанды құрылыстар мен жолдың жоғарғы қабатын ұстау нормалары мен тексеру тәсілдері;

көпірлердің металл бөліктеріндегі жарықтарды анықтау тәсілдері;

жасанды құрылыстарды өткел құрылыстарын істен шыққан тораптарын ауыстырып жөндеу тәртібі;

арматуралық торлар мен каркастарды құрастыру тәсілдері;

мастика, эмульсия, асфальт қоспалар мен тұтқыр материалдардың сапасына қойылатын талаптар;

беткі қабаттың құрылысы және оны жөндеу;

тіреудің төсеме тақталарын жөндеу және жасанды құрылыстың құрастырмалы бетон және темір бетон бетін монтаждау тәсілдері;

ағаштың, төсеме тақталардың және шпал торлардың құрылысы;

сүзгілер мен төсемдердің түрлері, олардың құрылыс тәсілдері;

бекіту плиталарының типтері және оларды төсеу тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

бетонды цементтеу және бүркуге арналған құрылғылардың құрылысы және типтері.

30-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 5-разряд

125. Жұмыс сипаттамасы:

арка, бөрене, ажыратпалы және аспалы көпірдің өткел құрылыстарын ауыстыра отырып, төсеме тақталарды, аспа және өзге қосымша және сақтандыру құрылғыларын пайдалану арқылы жөндеу;

өткел құрылыстардың элементтерін болтпен бекіту;

жанама бұрыштар (жанама рельстер) мен қорғаныш бұрыштарды орнату және бекіту;

тегістеу мен домалатып кіргізу аспаптарын монтаждау, бөлшектеу, техникалық ұстау және жөндеу;

ажыратпалы өткел құрылыстардың механикалық және электр механизмдері мен рельстік жік-кілтін жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

балластсыз көпір жаймасын, ағаш бөренедегі және металл көлденеңдегі жайманы жөндеу және ұстау;

арматуралық торды салу;

төсеме қатарды монолиттеу;

жасанды құрылыстардағы жол осін оптикалық аспапты пайдалана отырып визалау және ауытқушылықтарды жою;

темір бетон жейделер мен белдіктердің құрылысы;

темір бетон және бетон өткел құрылыстардың гидрооқшаулауышын түсіру пакеттерін пайдалана отырып, тексеру және жөндеу;

жасанды құрылыстар мен құбырлардың тіреулерінің төсеме тақталарын инъектілеу;

бетон бүркүді (торкреттеу) жасау;

тас көпірлердің бұрғыштары мен ағындарын жөндеу және құрылысы;

тас нобай мен ұсақ тастан жасалған берік призмалардың құрылысы;

төсеме тақталарды немесе өзге қосымша немесе сақтандыру құрылғыларын пайдалана отырып, түнел қабырғаларын өңдеу жіктерін жөндеу және қайта өңдеу;

тіректерді немесе өзге қосалқы немесе қауіпсіздік құралдарын, пневматикалық немесе электр құралдарын пайдалана отырып, түнелдің төбесіндегі және қабырғаларындағы бүріккіштің немесе бетонның аршылатын қабатын бұзу;

тіректерді немесе өзге қосалқы немесе қауіпсіздік құралдарын пайдалана отырып, түнелдік құбырлардағы кронштейндерді өзгерту.

126. Білуге тиіс:

өткел құрылыстары элементтерінің жанасу тәсілдері;

беріктігі жоғары болттардың қолданылуымен металл конструкцияларын монтаждау тәртібі;

құлыптардың рельс жіктері конструкцияларының құрылысы, оларды жөндеу бойынша өндірістехнологиясы;

көтеру жабдықтарын және қосымша құрылдар мен құрылғыларды орнатудың тәсілдері мен жолдары;

конструкция қорамақалыбын құрастыру және қаптамасына бетон қоспасын құю тәртібі;

арка, бөрене көпірлердің, құбырлардың, лотоктар мен бастарының, күмбездің үстіңгі құрылысын табиғи тастан қалау, көпір тіреулерінің сыртқы шақырымдық қатарын жонылған тастан салу тәсілдері және тәртібі;

көпір жаймасын толық ауыстыру тәртібі;

оптикалық аспаптарды пайдалана отырып, визалау тәсілдері;

балластсыз көпір жаймасының мазмұны және құрылыс тәртібі;

бетонды басып тығыздау және бүрку (торкреттеу) үшін пластификациялық қоспалары бар бетон қоспасын дайындау тәсілдері;
полимерцементті ерітіндіні дайындау тәсілдері;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
механизмдердің жұмыс қағидаты және құрылысы.

31-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 6-разряд

127. Жұмыс сипаттамасы:

тіреуіш бөлігін түзете отырып, аралық құрылыстарды оське көтеру, жылжыту және орнату арқылы жасанды құрылыстарды жөндеу;

аралық құрылыстар мен рельс жолдарының планы мен профилін құралдармен түсіру;

жасанды құрылыстардың габаритін өлшеу және бақылау;

металл көпірдің элементтерін ауыстыру кезінде түсіру және шаблондарды жасау;

жекелеген элементтер мен аралық құрылыстарды тар жерде жасау және ауыстыру;

өте берік болттар мен түйреуіштердің тартылуын бақылау;

аралық құрылыстар балкаларының белдеулеріндегі өте берік түйреуіштерге арналған плиталар мен саңылауларды орналастыруды белгілеу;

плиталарды биіктігі бойынша реттеу;

балкалардың профилін жаю;

көпір бөренелерін дайындау және ауыстыру кезінде болттарға арналған шұңқырлар мен саңылаулардың орнын белгілеу үшін шаблондар жасау;

көпір бөренелерінің жобалық эпюраларын аралық құрылыстарға ауыстыру;

көпірдегі рельс жолдарын көтерудің шекті жебесін және көпір бөренелерінің жұмыс биіктігін есептеу;

табиғи жонылған тастан мұз жарғышты тас көпірлердің аркалары мен жіктерінде тастарды, табан тірек тастарды таңдай отырып қалау;

көпір тіреуіштерінің ішкі пішімді тастарын салу және өсіру;

уақытша пакет аралық құрылыстар мен тіреулерді құрастыру және орнату;

су ағыны режимін гидрологиялық өлшеу және бақылау;

бақылау осін, уақытша шағын көпірлер мен құбырлар элементтері осьтерін бөлу;

шағын металл аралық құрылыстарды темір бетонға ауыстыру;

түнел жіктері қаптамасының жекелеген тастарын ауыстыру;

түнел жіктерін қаптау жіктерін жөндеу және қайта жаңарту;

түнел қабырғасын тас және бетон қаптамасын төсеме тақта немесе өзге де қосымша немесе қорғаныш құралдарын пайдалана отырып, темір бетонмен күшейту;

түнелдегі ұзын және қиғаш жарықтарын жою.

128. Білуге тиіс:

аралық құрылыстарды құрастыру, жылжыту және орнату тәсілдері;

аспалы алаңдарда, төсеме тақталарда және аспалы бесіктерде ұсталық жұмыстар мен тойтару жұмыстарын орындау тәсілдері;

өңделетін материалдарды қыздыру және салқындату режимі;

айналдырғыштарды орнату, айналдыру және арка, балка жасанды құрылыстары мен құбырлардың жіктерін жөндеу тәсілдері;

геодезиялық құралдармен жұмыс жүргізу тәртібі;

жолдар мен жасанды құрылыстардың жобасы мен профилін жасау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

су өткізетін жасанды құрылыс жұмысының гидрогеологиялық режимдерінің ерекшеліктері.

129. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

32-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 7-разряд

130. Жұмыс сипаттамасы:

қабырғалардың қаптамасын және түнелдің кері күмбезін қайта қалау арқылы төсеме тақталардан немесе өзге қорғаныш және сақтандыру құрылғыларынан пневматикалық немесе электр құралдарды пайдалана отырып жасанды құрылыстарды жөндеу;

ерітіндіні түнелдің қаптамасына және қаптамасының сыртына соңғы рет айдау;

түнел күмбезіндегі анкерлердің (бурка) дайын саңылауына орнату және бітеу;

түнел күмбезінің бетон (темір бетон) қаптамасының бұзылған жерлерін сындыру;

түнел қабырғаларындағы стандарт емес және күрделі күмбездерін пневматикалық немесе электр құралдарын пайдалана отырып бедерлеу;

байланыс сымынан судың тамуын бұру;

түнелдегі тік жарықтарды тоқтату.

131. Білуге тиіс:

жұмыстарды төсеме тақталардан немесе өзге қорғаныш және сақтандыру құрылғыларынан пневматикалық немесе электр құралдарын пайдалана отырып орындау тәсілдері мен жолдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

стандарт емес және күрделі жіктерді бедерлеу кезінде жұмыс өндірісі технологиясы

132. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

33-параграф. Жасанды құрылыстарды жөндеуші, 8-разряд

133. Жұмыс сипаттамасы:

транспорттық құрылғы көмегімен көлденеңінен алынатын жасанды құрылысты жөндеу;

түнел күмбезінің деформациясын тарату;

түнел қаптамасының жылжуын аспаппен өлшеу;

түнел күмбезінің қаптамасын қайта салу;

түнел күмбезінің тас және бетонды қаптамасын күшейту;

түнел габаритін жылжымалы мінбелерде бақылау габаритрамалары арқылы тексеру

;

түнел күмбезіндегі жарықшақтарды жою;

кабель желіге жақын жердегі түнел күмбезіндегі және бойындағы стандартты емес және күрделі жіктерді қосымша немесе сақтандыру жабдықтарын пайдалана отырып соғу.

134. Білуге тиіс:

түнел күмбезін күшейту және қайта салу жұмыстарын қабылдау және жүзеге асыру әдістері;

түнел габаритін тексеру тәртібі мен технологиясы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

кабельді желіге жақын жердегі жұмыс тәртібі.

135. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

34-параграф. Жинайтын машина машинисі

136. Жұмыс сипаттамасы:

метрополитен станцияларын және теміржол вокзалы орынжайларын механикаландырылған жинау кезінде электр еденжуу машиналарын, балшық тазалағыштарды, шаңсорғыштарды, электронды басқару жүйесі бар өздігінен жүретін аккумуляторлы еденжуғыш және өзге тазалау машиналарын басқару;

қолданылатын машиналардың жұмыстарын таңдау режимі, оларды реттеу және жөндеу;

машина жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою;

жуатын қоспаларды дайындау және машиналарға салу;

станцияның вестибюлі алды аумағының машиналар кіре алмайтын жерлерін қолмен тазалау.

137. Білуге тиіс:

қолданылатын машиналардың қызметі, оларды пайдалану тәртібі мен нұсқаулықтары, құрылысы;

жуатын құрал қоспаларын әзірлеу технологиясы мен оларды пайдалану тәртібі;

метрополитен станцияларын және теміржол вокзалы орынжайларын ұстау жөніндегі санитария және гигиена талаптары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

138. Метрополитен станциялары мен жолаушылар тасқыны күніне 80 мың адамға дейінгі теміржол вокзалы жайын тазалауда қолданылатын тазалау машинасын басқару кезінде – 3-разряд;

метрополитен станциялары мен жолаушылар тасқыны күніне 80 мың адамнан астам теміржол вокзалы жайын тазалауда қолданылатын тазалау машинасын басқару кезінде – 4-разряд.

35-параграф. Жол бұру постының кезекшісі (аға)

139. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздарды қабылдау, жіберу және маневрлау жұмыстары үшін бағдар жасауда орталық емес бұрмаларды бұру және бекіту;

пойызды қабылдайтын жолдардың бостығын тексеру;

пойыздардың толық құрамда келуін және жөнелтілуін бақылау;

құрамдар мен вагондарды тежегіш башмақтармен тежеу және бекіту;

жарық беретін бұрма көрсеткіштерін, аударма бұрмаларды, құрал-саймандарды және дабыл заттарын жарамдылықта және тазалықта ұстап отыру;

бұрма бөлшектерінің жекелеген болттарының техникалық жағдайын бақылау, тазалау, майлау және бекіту.

140. Білуге тиіс:

жүктерді тасымалдау тәртібі;

станция жұмысының техникалық-өкімгерлік актісі мен оның жұмысына қатысты технологиялық процесі;

пойыздарды қабылдау, жіберу және маневрлау жұмыстары үшін бағдар жасауда орталық емес бұрмаларды бұру және бекіту тәртібі, жол бұрмалардың құрылысы;

бағдарлы-бақылау құрылғысының мақсаты және жұмыс қағидаты;

жол бұру көрсеткіштерін жарамдылықта ұстап отыру тәртібі;

жол бұру көрсеткіштерін жарықтандыру тәртібі;

бұзылған жол бұрмаларды қоршау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

тежегіш башмақтардың құрылысы және оларды пайдалану тәртібі.

141. Өнеркәсіптік теміржол көлігі станцияларының маневрлік станция аудандарындағы бұру постыларына қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

магистральді теміржол көлігі станцияларының маневрлік станция аудандарындағы және тракциялық кәсіпорын жолдарының бұру постыларында;

өнеркәсіптік теміржол көлігі станцияларының кернеулі маневрлік аудандарында қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

магистральді теміржол көлігі станцияларының кернеулі маневрлік аудандарындағы бұру постыларына қызмет көрсету кезінде – 4-разряд.

142. Ескерту:

жол бұру постының аға кезекшісі өзі басқаратын немесе тізбесін жол бөлімшелерінің басшысы бекітетін пойыздарды қабылдау, жіберу және өткізу жолдарындағы жол бұру постыларына өз бетінше қызмет көрсетілетін жол бұру постыларының кезекшілерінен бір разряд жоғары тарифтеледі.

36-параграф. Жол жөндеуші, 2-разряд

143. Жұмыс сипаттамасы:

жолдың жоғарғы конструкциясын монтаждау, бөлшектеу және жөндеудің өте қарапайым жұмыстарын орындау;

балластты жәшігіне норма бойынша толтыру;

шпал жәшігіндегі балластты шпал табанына дейін ауыстыру;

рельс табанынындағы қалдықтарды алып тастау;

ағаш шпалдарды таңбалау;

жол және дабыл белгілерін бояу;

ескі ағаш шпалдары қатарларға сұрыптау және төсеу;

рельс буындарын нөмірлеу;

шпалдардағы бұрандама мен бұрандалы шегелерді шөрке кілтпен бекіту;

салмалы және клемма бұрандамасын жинақтау;

қардан қорғайтын шарбақтың тақталарын алып тастау және төсеу;

жолды бөлу және бір сарынға түсіру кезінде қадаларын қағу;

бекітпелерді тиеу, тасымалдау және түсіру;

жолды қардан қолмен тазалау;

шпалдар мен бекітпелерді қолмен жайып салу;

шпалдар мен білеулерді зарарсыздандыру;

теміржол аралығындағы жол белгілері мен қардан қорғау шарбақтарын орнату және ауыстыру;

кюветтерді, су бұрғыш және тау үстіндегі арықтарды тазалау;
бекітпелер мен рельстерді лас пен мазуттардан тазалау;
жолдарды қоқыстан тазалау;
жолдағы өсімдіктерді алып тастау.

144. Білуге тиіс:

жол белгілері мен сигналдары;
жолдың жоғарғы құрылысын орнату үшін қажет негізгі материалдар түрлері;
жолдың жоғарғы құрылысы мен жер төсемдерін орнату бойынша жалпы жағдайлар мен оларды пайдалануға қойылатын талаптар;
жолдың жоғарғы құрылысы мен жер төсемдерінің негізгі элементтерінің атауы;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
жолдың жоғарғы конструкциясын монтаждау және бөлшектеу бойынша қарапайым жұмыстарды орындаудың тәсілдері және жолдары.

37-параграф. Жол жөндеуші, 3-разряд

145. Жұмыс сипаттамасы:

жолдың жоғарғы конструкциясын монтаждау, бөлшектеу және жөндеудің қарапайым жұмыстарын орындау;
түйіспелі бұрандамаларды қатайту және майлау;
шпалдар мен білеулерді, рельстерді және рельс-шпалдық торлама буындарын кран арқылы тиеу, түсіру және жайып салу;
шпалдарды эпюра бойынша орналастыру;
шпалдардағы саңылауларды электр құрал арқылы бұрғылау;
рельс-шпалдық торлама элементтерін жеке ауыстыру;
жартылай ашық вагондардан балластты түсіру;
рельстік саңылауларды гидравликалық екпіндеу аспаптарымен реттеу;
рельс-шпалдық торламаны гидравликалық екпіндеу аспаптары тұрғысында реттеу;
жолды жолтабан ені бойынша және деңгейі бойынша түзеу;
рельстік тораптарды монтаждау;
жұмыс өндірісі орындарын дабыл белгілерімен қоршау;
балласт призмасын өңдеу;
бұрандамаларды қатайту;
теміржол аралығындағы балдақтарды қағу;
жолдағы және қаттап тастау орындарындағы шпалдарды жөндеу;
жырықтар мен қоқыс тіректері құрылысы;
балластты шпал табанынан төмен ауыстыру;

рельс-шпалдық торламадағы буындарды жер төсемдеріне жол төсегіш арқылы төсеу;

шпал қуаттандырғышты буын жинағыш желісі арқылы күту.

146. Білуге тиіс:

жердің жоғарғы құрылысын орнату үшін қажет материалдар түрлері;

ағаш шпалды жолдарға қызмет көрсету нормалары;

жердің жоғары конструкциясының орнын реттеу тәртібі (жылдамдықты аудандар мен теміржол негізді аудандардан өзге);

жалпы қолданыстағы электрлендірілген, пневматикалық қол құрылғылары мен гидравликалық аспаптарды қолдану арқылы жұмысты іске асырудың тәсілдері және жолдары;

гидравликалық құрылғыларды күту тәртібі;

өндіріс жұмыстары орындарын бекітілген сигналдармен қоршау тәртібі;

жер төсемі құрылысы жұмыстарын қол құрал-жабдықтарын қолдану арқылы іске асырудың тәсілдері және жолдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

рельс, пакет, шпал, брус және бекітілген контейнерлерді арқандау тәсілдері.

38-параграф. Жол жөндеуші, 4-разряд

147. Жұмыс сипаттамасы:

жолдың жоғарғы конструкциясын монтаждау, бөлшектеу және жөндеудің күрделілігі орташа қарапайым жұмыстарды орындау;

рельстерді шпалдар мен брустарға қолмен және балдақ қағатын құрылғымен бекіту;

рельстерді төсемдерге клеммалы бұрандамалармен жеке бекітпелермен бекіту;

рельстерді электр кескіш станокпен кесу;

рельс саңылауларларын электр бұрғысымен бұрғылау;

төсемдерді темір бетонды шпалдарға бұранда шегені бекіту мен электр кілтімен бекіту;

рельстік саңылауларды гидравликалық екпінді құрылғылармен темір бетонды шпал, тақта, блокты жол аудандарында реттеу;

рельс шпалды торлома орналасуын гидравликалық тегістеуші құрылғымен темір бетонды шпалды жол аудандарында реттеу;

қадалар ені мен деңгейі бойынша жолды темір гидравликалық және электрлік құрылғымен және ағаш шпалды аудандарда электрлік құрылғы арқылы өлшеу және түзеу;

рельс шпалды торлама элементтерін темір бетонды шпал, тақта, блокты жол аудандарында жеке ауыстыру;

автоматты бұғаттаудың рельстік сымдарын жарамды жағдайда күту және жөндеу;
аралық және торапты рельстік бекітпені электрлік құрылғы арқылы жинау және бөлшектеу;

торап, оқшау рельстік тоғысқан жерлерде және су бұрғыш темір бетонды арнашықтардағы темір бетонды төсемдерді монтаждау және бөлшектеу;

бағыттамалы жол бұрмаларды қарау және күту;

бағыттамалы жол бұрмалардағы ақауы бар бекітпе бөлшектерін жеке ауыстыру.

148. Білуге тиіс:

темір бетонды шпал, тақта, блокты жол аудандарындағы жолды күту нормалары;

рельстік сымдары және автоматты бұғаттауы бар аудандардағы жолды күтуге ұсынылатын талаптар және құрылысы;

жолдың жоғарғы конструкциясын электрлік, пневматикалық құрылғылар мен механизмдерді пайдалана отырып құрылған құрылым орналасуын монтаждау, бөлшектеу және реттеу бойынша жұмыстарды өндіру тәртібі;

электрлі рельс кескіш, электрлі бұрғылау станоктары және электрлік, пневматикалық құрылғыларды пайдалану тәртібі, құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жолдың жоғары конструкциясы құрылымының темір бетонды негізді ауданда орналасуын реттеу тәртібі.

39-параграф. Жол жөндеуші, 5-разряд

149. Жұмыс сипаттамасы:

жолдың жоғары конструкциясы құрылымын монтаждау, бөлшектеу және жөндеудің күрделі жұмыстарын орындау;

рельстерді ұзындығы бойынша таңдау және оларды бұрыштық және қалып бойынша орналасуын тексеру;

бунақсыз жолдағы пісірілген рельсті бунақтардың соңғы орналасуын реттеу;

торапсыз жолдағы рельстік бунақты аудандардың ақауларын ауыстыру;

рельс шпалды торламаны темір бетонды тақта, блокты жол аудандарында реттеу;

қадалар ені мен деңгейі бойынша темір бетонды тақта, блокты жолды өлшеу және түзеу;

ірімді орындардағы жолды реттеу;

торламасыз жолдағы температураның есептелген аралығына рельстік бунақтарды енгізу;

жолдың шөккен жерлерін еселеп дұрыстау;

жанама рельстерді монтаждау және орнату;

деңгейлі жабдықтарды монтаждау және бөлшектеу;

ұрлаудан қорғайтын құрылғыны монтаждау;

рельс шпалды торлама элементтерін торламасыз жол аудандарында жеке ауыстыру.

150. Білуге тиіс:

торламасыз жол мен бағыттамалы бұрма конструкциясы, күту нормалары;

торламасыз жол монтажын өндіру тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жолдың жоғары құрылысын орналастыру сапасына қойылатын талаптар.

40-параграф. Жол жөндеуші, 6-разряд

151. Жұмыс сипаттамасы:

жолдың жоғары конструкциясы құрылымын монтаждау, бөлшектеу және жөндеудің аса күрделі жұмыстарын орындау;

бағыттамалы бұрма мен олардың шпалдар мен брустарға бекітілген орындарын монтаждау және бөлшектеу;

жолды жобалы орынға орналастыру үшін жылжытуды есептеу;

бағыттамалы бұрма мен бұрмалы механизмді пайдалану кезінде реттеу;

рельстерді ұзындығы бойынша таңдау және жасанды құрылыстың көпір брустарында бұрыш бойынша орналасуын тексеру;

майысу бағыты бойынша имек жолды өлшеу;

жолдың айналмалы және ауыспалы қисықтарын жобалы орнына орналастырған кезде нысаналау және бөлу;

өсімдіктер өскен кезде және шөккен кезде бағыттамалы бұрма пішінін реттеу;

жолдың бұрмалы аудандарына қысқа рельстерді есептеу және таңдау;

құрал-сайманды рельстерді бұрғылау бунағымен ауыстыруға арналған құрылғыны орнату және жанасу тораптарын реттеу;

ірімді орындардағы жолды оптикалық аспап арқылы реттеу;

түйіндерді түйін жинау желісіндегі жинау станоктарына жинау.

152. Білуге тиіс:

бағыттамалы бұрманы монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын іске асыру тәртібі;

бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру және реттеу жұмыстарын іске асыру тәртібі;

майысу бағыты бойынша имек жолды өлшеу тәсілдері;

жолдың бұрмалы аудандарына қысқа рельстерді таңдау тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

түйін жинау желісіндегі жинау станоктарының әрекет ету қағидаты және құрылысы

153. Ескерту:

күрделі инженерлік геологиясы бар асулы аудандардағы (марилер, карстар, батпақ, көмбе мұздар, көшкіндер және өзге), рекуперативті тежегішті аудандардағы жасанды құрылыс және жер төсеміндегі жолды күту және жөндеумен айналысатын, сондай-ақ сұрыпталатын теміржол станцияларының дөңестік және дөңестік асты жолдарында қызмет ететін жол жөндеушілер бір разрядқа жоғары тарифтеледі.

154. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

41-параграф. Жол өлшемдері бойынша оператор

Ескерту. 41-параграф жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.06.2023 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол қатынас жолының жай-күйін жолдың ені мен деңгейі бойынша тексеру, теміржол қатынас жолдарын ұстау нормаларынан ауытқуларды, сондай-ақ жол өлшегіш арбаға немесе жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенінің шағын компьютеріне салынған микропроцессорлық құрылғының жадында нақты уақыт режимінде тексеру нәтижелерін тіркеп және сақтап, теміржол қатынас жолын өлшеу барысында ақауларды тексеру;

жүргізілген тексеру туралы ақпаратты стационарлық компьютерге көшіру;

арнайы бағдарламалық қамтылымның көмегімен ақпаратты өңдеу және рельс жолының геометриясының жай-күйін тексеру нәтижелерінің шифрін оқу, теміржол қатынас жолының жай-күйінің шығыс кестелік және графикалық нысандарын бағалау және түзету;

темір жолдың анықталған ақауларын жою үшін қатысушы қызметкерлерге өңделген ақпаратты беру, сондай-ақ темір жолдың жай-күйін кезекті тексеру кезінде оларды жою сапасын бақылау;

олардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жол өлшегіш арбаны немесе жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенді күйге келтіру және баптау;

жол өлшегіш арбаны немесе жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенді метрологиялық тексеруге уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету және техникалық қызмет көрсету.

156. Білуге тиіс:

темір жолдың жоғарғы құрылысының, жер төсемі мен жасанды құрылыстардың құрылымы, оларды ұстау нормалары мен тәртібі;

жол өлшегіш арбаның, жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешеннің құрылысы;

жол өлшегіш арбаны, жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенді баптау, жұмысқа дайындау, күтіп ұстау, сақтау және техникалық пайдалану тәртібі;

дербес компьютерде жұмыс істеу тәртібі;

рельс жолының (теміржол жолының жай-күйін бағалаудың шығыс кестелік және графикалық нысандары) геометриясының жай-күйін бақылау нәтижелерінің шифрін оқу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

156-1. Теміржол қатынас жолының рельстік жолының геометриясының жай-күйін қағаз лентада тіркелетін теміржол қатынас жолының жай-күйінің жазбаларын ашып көрсететін механикалық жол өлшегіш арбамен тексеру;

жол өлшегіш арбаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде – 4-разряд.

156-2. Микропроцессормен жабдықталған жол өлшегіш арбамен немесе микропроцессордың жадында бақылау нәтижелерін үздіксіз тіркей және сақтай отырып, темір жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенімен теміржол жолының рельстік жолының геометриясының жай-күйін тексеру;

тіркеушінің жадына анықталған ақауларды енгізе отырып, тіркеу деректерін кейіннен компьютерлік өңдеу және арнайы бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен стационарлық жағдайларда теміржол жолының жай-күйін бағалаумен темір жолдың жоғарғы құрылысының, жер төсемі мен жасанды құрылыстардың жай-күйін визуалды тәсілмен тексеру;

жол өлшегіш арбаға немесе жолды заттай қараудың автоматтандырылған кешенге техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізу кезінде – 5-разряд.

42-параграф. Жолаушы вагоны жолсерігі

157. Жұмыс сипаттамасы:

жол сапарында пойыз жолаушыларына қызмет көрсету және апаттық жағдайда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

вагонның ішкі қауіпсіздігін сақтау және алынбалы құрал-сайманды жарамды калыпта ұстап отыру;

жолаушыларды қауіпсіз түсіру және отырғызуды қамтамасыз ету;

жолаушыларды олардың жүру құжаттарына сәйкес вагондарға орналастыру;

жылыту, жарықтандыру, желдеткіш, тоңазытқыш құрылғылары мен ауаны салқындату аспаптарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;

вагондарды қысқы уақытта жылыту;

еріксіз вентиляция, кондиционерлік ауа құрылғысы, жарық және жылу аспаптары жұмыстарын реттеу;

"букстарды жылытудың бақылау жүйесі" аспабының көмегімен электрлі жабдықтарды, қайнатқыш, букстың қыздырылуын қадағалау, қол тежегішін тексеру;

жолаушыларды төсек жабдықтарымен және шаймен қамтамасыз ету;

фирмалық пойыздар мен халықаралық қатынастағы пойыздардың жолаушыларына тәулік бойы шай, кофе және кондитерлік заттар ұсыну;

фирмалық пойыздар мен халықаралық қатынастағы пойыздардағы балалы, мүгедектігі бар және қарт жолаушыларға вагон ресторанның немесе буфетке берген тапсырыстарын өтініштері бойынша жеткізіп беру;

қамтамасыз ету бригадасы болмағанда тиісті қоймаларға төсек орындарды, шай жарақтарын алу және тапсыру;

алысқа баратын жолаушы және жүрдек пойыздарындағы ұйықтайтын вагон жолаушыларының талаптары бойынша, ал фирмалық пойыздар мен халықаралық қатынастағы пойыздарда – міндетті түрде төсек орындарын салып, жинап беру;

бұзылған немесе құртылған материалдық құндылықтарға актілер жасау және кінәлі адамдардан белгіленген тәртіппен құнын өндіріп алу;

жолаушыларды тоқтайтын пункттердің атаулары, пойыздың тоқтау ұзақтығы туралы хабарлар етіп отыру;

қажет болғанда жолаушыларға алғашқы (дәрігерге дейін) медициналық көмек көрсету;

вагондардағы бос және босайтын орындар туралы пойыз бастығына уақытында (арнайы бланкілерде) хабарлап отыру;

вагонды құрғақ және ылғалдай тазалау (дезинфекциялаушы ерітінділерді пайдалана отырып әжетханаларды тазалау);

вагондарға реттік нөмірлерін және бағдар тақталарын ілу;

қатты отын салу, күлден тазарту;

сорғы немесе арнайы құрылғылардың көмегімен салқындатылған қайнатылған су дайындау;

вагондардың (жолаушы вагондарының жол серігі лауазымдық нұсқаулығына сәйкес) жүк құжаттары бойынша ішкі қосымша жабдықтар және алынбалы құрал-сайман тізбесін қабылдау және тапсыру;

халықаралық қатынастағы пойыздарда: жол ведомостілерін, кеден декларацияларын рәсімдеу, оларды белгілеу үшін кеден органдарына ұсыну;

валюта алу және тапсыру;

халықаралық қатынастағы қолданыстағы тарифтерге сәйкес жолаушыларға плацкарта сату және квитанцияларды рәсімдеу;

жолаушы талаптары бойынша халықаралық қатынастағы жол жүру құжаттарына белгілерді рәсімдеу;

шекаралық станциялар арасындағы пойыздардың жолаушыларына арналған тәптіптерді бақылау;

соңғы вагонға қызмет көрсетуде артқы сигнал фонарьларының жағдайын бақылауды қамтамасыз ету;

мынадай жағдайларда: шақыртылған өрт сөндіру пойызы, қосалқы локомотив, қалпына келтіру пойызы жақындаған кезде пойыз тоқтаған кезде пойыздың соңын қорғауды, пойыздарды мәжбүр тоқтатылған кезінде оны қоршауды қамтамасыз етуді;

соңғы вагон жолсерігі құрамның жүруін қамтамасыз етуге міндетті;

автоматты тежегішті қысқаша сыннан өткізуге қатысуды іске асырады.

Ескерту. 157-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 12.08.2022 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі жолаушы вагондарының, арба жабдықтарының құрылысы;

тежегіш жабдықтары, автотіркегіш, вагон асты жабдықтарының құрылысы мен жұмыс қағидаты;

ауаны желдету құрылғылары және жоғарғы вольтті жылыту құрылғылары, "букстарды жылытуды бақылау жүйесі", "өрт сөндіру сигналының жүйесі" құрылысы;

жылу беру аспаптары, мәжбүрлі желдету, электрлі жабдықтарды, тоңазытқыш қондырғылары, өртке қарсы құрал-жабдықтардың реттеу және қызмет көрсету тәртібі;

апаттық жағдайда жолаушыларға қызмет көрсетуге және жолаушыларды құтқаруға арналған жабдықтарды пайдалану тәртібі;

жолаушы пойыз вагондарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету нұсқауы;

алғашқы (дәрігерге дейін) көмек көрсетуде басшылық ету;

теміржол желілері маңызды станцияларының географиялық орналасуы;

жолаушы пойыздардың қызметтік кестелерін пайдалану тәртібі;

жолаушы вагондары жол серігінің жұмыс сипаттамасы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қолданылатын есептеу және есептілік нысандары, оларды жүргізу және жасау тәртібі.

159. Халықаралық қатынастағы вагондарға қызмет көрсетуде білуге тиіс:

халықаралық қатынастағы вагондарға қызмет көрсетуде арнайы дайындық бағдарламасында көзделген шетел тілі;

қызметтік мәселелер бойынша жолаушылармен сөйлесуге қажетті көлемде білуі;

пойыз бағыты бойынша елдердің көлік географиясы;

жол құжаттамасын жүргізу, жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібі;

халықаралық қатынастағы тарифтер;

пойыз бағыты бойынша теміржолдарда қолданылатын пойыз және маневрлік сигналдар.

160. Вагондар тұратын парктерде және қала сыртына қатынайтын пойыздардағы вагондарға қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

жергілікті және алыс жақтарға қатынайтын арнайы тағайындалған вагондарға қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

фирмалық пойыздарда және халықаралық қатынайтын пойыздардағы вагондарда қызмет көрсету кезінде – 5-разряд.

161. Ескерту:

шетел тілін білетін жолаушы вагонының жол серігі халықаралық қатынастағы пойыздардағы вагондарда қызмет көрсету кезінде бір разряд жоғары тарифтеледі.

162. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

43-параграф. Жолдар мен жасанды құрылыстарға ағымдық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының (босатылған) бригадирі

163. Жұмыс сипаттамасы:

жолдар мен жасанды құрылыстарға ағымдық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындауды ұйымдастыру;

қызмет көрсетілетін учаске шеңберінде осы жұмыстарды орындайтын жұмысшыларды басқару;

пойыздардың үздіксіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін жағдайда жолдар мен жасанды құрылыстарды ұстау;

жолдар мен жасанды құрылыстарды белгіленген мерзімде тексеру;

жолдың беткі құрылымы элементтерінде, жер төсемінде, жасанды құрылыстарда пайда болатын ақаулықтарды анықтау, олардың алдын алу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жолдың беткі құрылымы қызметі мерзімін ұзарту жұмыстарын жүргізу;

қысқы жағдайларда жолды жұмысқа дайындау, қар мен құмнан тазарту, иірімдердегі жолды ұстау және жөндеу, жолдар мен жасанды құрылыстарды көктемгі және сел жаңбыр суларын өткізуге, табиғи құбылыстардан туындаған ақаулықтарды жою жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

жол жөндеу жұмыстарын жүргізуде пойыздардың қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету;

жол монтерларына, аралап тексерушілерге, өтпелі жол кезекшілері және өзге де жұмысшыларға нұсқаулық жүргізу;

бригада қызметкерлеріне тікелей жұмыс орындарында жұмыс орындаудың оңтайлы жолдарын үйрету;

бастапқы есептеу және есептілікті жүргізу;

аспаптарды, механизмдерді, құрал-сайманды, белгі бергіш материалдар мен оларды сақтау қоймаларын жарамдылықта ұстауды қамтамасыз ету.

164. Білуге тиіс:

теміржолдар мен жасанды құрылыстардың құрылысы;

оларды күнделікті ұстап отыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу технологиясы және тәртібі;

жоғарғы жолдар мен жасанды құрылыстардың беткі құрылымы элементтерінің ақаулықтары;

жылжымалы құрам мен құрылымдарды жақындату габариті;

жолдар мен жасанды құрылыстарды күнделікті ұстап отыру және жөндеуде қолданылатын аспаптар мен құралдар арқылы өлшеу тәртібі;

теміржолдар мен жасанды құрылыстарды ұстаунұсқауы;

жол жөндеу жұмыстарын жүргізгенде пойыздың қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету нұсқауы;

жол гидравликалық және электрлі аспаптар мен механизмдердің құрылысы;

электрленген желілердегі теміржол көлігі қызметкерлері үшін еңбекті қорғау тәртібі

;

жол жұмыстарын өндіруде технологиялық-нормалау карталары;

теміржол және құрылыстарды жөндеу жұмыстарын жүргізу және күту жағдайында қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

алғашқы есеп және есептілік.

165. Ескерту:

жолдарды және жасанды құрылыстарды күнделікті ұстап отыру және жөндеу жөніндегі (босатылған) бригадир өзі басқаратын бригаданың жоғары біліктілікті жұмысшыдан бір разряд жоғары, бірақ 5-разрядтан төмен емес тарифтеледі.

166. 6, 7 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

44-параграф. Жолдарды және жасанды құрылыстарды аралап тексеруші

167. Жұмыс сипаттамасы:

қызмет көрсетілетін учаскедегі теміржолдың (трамвайдың) жоғары құрылымын, жер төсемін, жасанды құрылыстарды, опырылған жерлерді, балласты призмаларды, жол жағаларын, бөктерді, кюветтерді, трамвай жолдарының жоғары жабындарының төселуін, жүргін бөліктің деңгейінде орналасқан су бұратын құрылғылар мен көлденең арқалықтарды, теңдеуші аспаптарды, көпірлердің аралық құрылысының тіреу бөліктерін, портал алды лотоктарды, тоннелдердің қуыстары мен камералары, жол, сигнал және тоннел белгілерін, аралық құрылыстары мен көпір тіреулеріндегі белгілерді, күзетсіз өтпеліктерді, қорғалатын құралдарды, айдап кетуге қарсы құралдарды, үлкен шегелерді, шуруптарды, болттарды, бекітпелерді, бекіту тораптарын

, кронштейндерді, рельс саңылауларын, қорғау қабаты қораптарын, түйіспелі рельсті, өртке қарсы құрал-сайманды, жұмыс және өлшеу құралдарын, өзге де жабдықтар мен құрылыстарды тексеру және қадағалау;

жол бетонының және қиыршық тас балластын, бұрманың жолағын, кронштейндерді және түйіспелі рельстің қорғау қораптарының бетін тазалықта ұстау;

жасанды құрылыстардың, қабырғалар қаптамасының, пилондардың, айдайтын тоннелдердің өңделу бетін, жер үсті станциясы мен вестибюль шатыры жағдайын қадағалау;

түйіспелі рельсте жоғары кернеудің жоқ екенін тексеру;

деңгейлі рельстер мен рельстік желі араларындағы қалыпты, температуралы, оқшауланған тораптар жағдайын бақылау;

түйіспелі желі, байланыс желісі, өтпелі пойыздардағы жылжымалы құрам мен жүк сигналдары жағдайын бақылау;

пойыздардың үздіксіз қозғалысына қауіп тудыратын орындарды қоршау;

монтерлердің және өзге де жұмысшылардың қатысуын талап етпейтін жол мен құрылыстардың тәртіпсіздіктерін анықтау, алдын алу және жою.

168. Білуге тиіс:

жолдың сыртқы бетінің, жер төсемінің көпір, тоннел және жасанды құрылыстардың, түйіспелі рельс және ілетін бөлшектерінің, жоғары кернеуді айқындайтын аспаптардың мақсаты және күту тәртібі, құрылысы;

жер сілкінгенде, нөсер және тау кен опырылғанда жұмыс өндіруде рельстерді және бекітпелерді қарау, пойыз қозғалысы үшін кедергілер табылғанда іс-әрекеттерді, орнату және алып тастау тәртібі;

қалыпты, температуралы, оқшауланған жапсарларды, бекітпе тораптарды жинау және бөлшектеу тәсілдері;

шөгу және құлаудың алдын алу тәсілдері;

түйіспелі рельске кернеу беру және алу, шаруашылық пойыздарын, жол вагоншаларын және арбаларды өткізу тәртібі;

жол, жасанды құрылыстардың, түйіспелі рельстің негізгі ақаулықтары мен оларды жою тәсілдері;

байланыс және түйіспелі желілердің жарамдылығына қойылатын талаптар;

қызмет көрсетілетін объектілерді тексеру тәртібі;

тоннелді және өзге жасанды құрылыстардың құрылысы;

табиғи және жасанды қоршаулар құрылысын ұстаудың негізгі тәртібі;

жол және өлшеу аспаптарын, құралдар және құрылыстарын пайдалану тәртібі және мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

теміржолдар мен жасанды құрылыстарды аралаушылар мен жол монтерлеріне арналған тексеру үшін тағайындалатын еңбекті қорғау жөніндегі үлгілік нұсқау.

169. Сағатына 20 пойызға дейін қарқынды трамвай қозғалысын байқау және ұстау жұмыстарын орындау кезінде:

метрополитендегі түйіспелі рельсті тазалықта және жарамдылықта ұстау жұмыстарын орындау кезінде – 2-разряд;

сағатына 20 пойыздан көп қарқынды трамвай қозғалысын байқау және ұстау жұмыстарын орындау кезінде;

4-5 класты брутто 12 миллион тонна-километрге дейін теміржол желілерінде, өнеркәсіптік кәсіпорындардағы жолдарды, метрополитендегі түйіспелі рельсті тазалықта және жарамдылықта ұстау жұмыстарын орындау кезінде – 3-разряд;

жүк кернеулігі брутто 12-ден 25 миллион тонна-километрге дейін желілердегі 3-класты теміржолды, метрополитеннің жасанды құрылыстарын тексеру және қызмет көрсету жұмыстарын орындау кезінде немесе үлкен торапты немесе сұрыптау станциясы немесе негізгі деполы станция бар теміржол учаскелеріне қызмет көрсету кезінде;

әрқайсысы ұзындығы 50 қума метр көпірлер, тоннельдер және өзге де жасанды құрылыстар немесе күшейтілген қадағалауды талап ететін жасанды құрылыстар;

ұзындығы қызмет көрсетілетін аудан ұзындығының 20 %-дан кем емес, күшейтілген бақылауды қажет ететін қиын жер төсемі немесе өсімдікті жерлер;

теміржол қатынас жолындағы қызмет көрсетілетін аудандағы жазылмалы ұзындығы 50 % -дан кем емес ұзындықты, бекітілген құлама мен иілімелі кіші радиусты;

жолдың жазылмалы ұзындығы 10 километрден астам – 4-разряд;

1 және 2-класты теміржолды тексеру және қызмет көрсету жұмыстарын орындауда, теміржолдарға, брутто 25 миллион тонна-километрден астам желілердегі метрополитеннің жасанды құрылыстарын тексеру және қызмет көрсету немесе электрленген теміржол желілі учаскілерде, түйіспейтін теміржол жолдарында, темір бетонды шпалды теміржол жолдарында қызмет көрсетуде, иілген кіші радиусты, 20 промилле еңісті, жанама рельсті жол аудандары мен қызмет көрсетілетін аудандағы жазылмалы ұзындығы 25 %-дан кем емес ұзындықты метрополитен жолының күрделі аудандарындағы теміржолды тексеру және қызмет көрсету жұмыстарын орындау кезінде – 5-разряд.

45-параграф. Жуатын құрылғы машинисі, 2-разряд

170. Жұмыс сипаттамасы:

трамвай вагондарын, троллейбустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, автобустарды жуу және ысқылауға арналған жуатын құрылғылар мен аппаратураларда қызмет көрсету;

қолданылатын жуу ерітінділерін әзірлеу;

пайдалану процесінде құрылғылар мен аппаратуралардың жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою.

171. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін аппаратура мен құрылғылардың жұмыс қағидаты;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
жуу ерітінділерін әзірлеу тәсілдері мен жолдары.

46-параграф. Жуатын құрылғы машинисі, 3-разряд

172. Жұмыс сипаттамасы:

локомотивтерді, жолаушы және жүк вагондарын, қазандардың сыртқы бетін, цистерналарды, жақтау, арба жаны, электр пойыз вагондарын, дизельпойыздарын;
метрополитен түнелдерін жуатын машиналарды, метрополитен вагондарын және кептіру машиналарын жуу;
метрополитеннен қоқысты шығаруға арналған контейнерлерді шаю құрылғыларын;
жылжымалы құрам бөлшектері мен тораптарын шаю машиналарын;
суды хлорлау құрылғыларын жуатын құрылғыларға қызмет көрсету;
қолданылатын ерітінділерді әзірлеу;
бақылау-өлшеу аспаптары арқылы қызмет көрсетілетін машиналар мен құрылғылардың жұмыс режимін реттеу;
қызмет көрсетілетін жабдықты жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу;
вагон кузовтарын, локомотивтерді, дизельпойыздарын және олардың бөлшектерін жуу сапасын тексеру.

173. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін машиналар мен құрылғылардың құрылысы;
бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;
метрополитен түнелін жуу тәртібі;
қолданылатын ерітінділердің құрамы және мақсаты және жуу материалдарын қолдану тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
локомотивтерді, вагондарды, қазандықтарды, цистерналарды, дизельпойыздарын, метрополитен түнелдерін, контейнерлер мен жылжымалы құрам бөлшектерін жууға қойылатын талаптар.

47-параграф. Жуатын құрылғы машинисі, 4-разряд

174. Жұмыс сипаттамасы:

метрополитеннің жол жиектерінде шаю жөніндегі теміржолмен жүретін мрамор жуатын машинаға;

дөңгелекті жұп, томалау мойынтірегі, ауатаратқышты шаю және ысқылау машиналары мен құрылғыларына;

жылжымалы құрамды шаю және ысқылау машиналары мен құрылғыларына қызмет көрсету;

механизмдердің дұрыс жұмысын сыртқы белгілері бойынша тексеру;

қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ақаулықтарды жою;

шаю сапасын тексеру;

қызмет көрсетілетін жабдықты жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу.

175. Білуге тиіс:

теміржолмен жүретін мрамор машина және автоматты ағынды конвейерлі желідегі жылжымалы құрамды шаю және ысқылау құрылғыларының құрылысы;

метрополитен қабырғаларын қаптау материалдарының қасиеті;

метротехника негіздері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеу жолдары.

48-параграф. Жүк және арнайы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік, 3-разряд

176. Жұмыс сипаттамасы:

жүкті қабылдау және оны вагонға тиелуін қадағалау, баратын жеріне дейін ілесіп бару;

тасымалдаудың бекітілген шарттары мен жүкті сақталуын қамтамасыз ету;

жүктерді тапсырыс берушілерге белгіленген тәртіпте тапсыру;

пойыздың баратын жолында ақаулықтарын жою шараларын қабылдау;

жүру кезінде вагонның күндізгі және түнгі сигналдарының бар екенін және жарамды екенін тексеру;

теміржолдардағы сигнал беру нұсқауына сәйкес мәжбүрлі аялдамада пойыздардың қоршалуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

вагонды отын және сумен қамтамасыз ету;

вагонды ылғалдап және құрғақтай жинастыру.

177. Білуге тиіс:

жүкті қабылдау және тапсыру тәртібі;

тиеу тәртібі;

вагонға жүкті орналастыру және бекіту, оларды тасымалдау шарттары;

жүк вагондарының құрылымы туралы жалпы мәліметтер, жүкті апару бағыты;

пойыздардың қозғалысы кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
жолаушылар вагоны жолсерігінің нұсқауы.

49-параграф. Жүк және арнайы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік, 4-разряд

178. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы вагонды жүріс жолында техникалық жағдайын бақылау;
вагонның ішкі жабдығын, алмалы құрал-саймандарының дұрыс жағдайын тазалығын және сақталуын қамтамасыз ету;
электрлі жарық, су жабдығы, жылу, вентиляция, тоңазытқыш және өзге де құрылғылар жұмысын қамтамасыз ету;
анықталған ақауларды түзеу үшін техникалық қызмет көрсету пункттеріне уақытылы өтініш жазу және орындалған жұмыстың сапасын бақылау.

179. Білуге тиіс:

қызметтік-техникалық вагондардың жалпы құрылысы;
ұсақ ақаулықтарды жою тәсілдері және электрлі жарық, су жабдығы, жылу, вентиляция, тоңазытқыш және өзге де құрылғыларды пайдалану тәртібі және құрылысы;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

50-параграф. Жүк және багажды қабылдау-тапсырушы

180. Жұмыс сипаттамасы:

автокөлік, теңіз, өзен, әуе көліктері мен теміржол арқылы тасымалданатын жүк пен багаждарды қабылдау, өлшеу, тиеу, сұрыптау, артығымен тиеу, түсіру, сақтау, беру бойынша жүк және сауда операцияларын ұйымдастыру;

жүктерді ашық жылжымалы құрам және техникалық шарттары мен жүктерді тасымалдауда сақталуын қамтамасыз ететін жүктерді тасымалдау тәртібі және қозғалыс қауіпсіздігіне сәйкес тиеу және бекітудің дұрыстығын тексеру;

жүктің ұйғарынды тиеу габаритішегінен асып кетпеуін өндірістік телевизиялық қондырғы, электрондыгабариттікқұрылғы және видео бақылау техникасы арқылы бақылау;

вагондарды құру жоспарының талаптарын ескере отырып ұсақ ақаулықтар мен контейнерлерді тиеуді ұйымдастыру;

теңіз, өзен, әуе көліктері, вагондар және контейнерлерді жүктерді тиеп, түсірместен бұрын тексеру;

жүктерді тасымалдауда сақталмағандығы анықталған жағдайда сауда актілері мен жалпы формадағы актілерді құру;

тасымалдау құжаттары мен есеп беруді рәсімдеу, өндірістік жүк операциялары туралы ақпараттарды жеке электронды есептеу машинасына енгізу;

еңбекті қорғау талаптарының сақталуын және тиеу-түсіру машиналары мен механизмдерін тиімді қолдануды бақылау;

жүктердің сақталуын және қойма ауданын тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін жүктерді көлік құрылдарында, қоймада, контейнер аудандарында дұрыс орналастыруды ұйымдастыру;

таразылау аспаптары жағдайын, жүк пен багаждарды белгілеуге қажет материалдардың барын, вагондар мен контейнерлерге бекіту-пломбылау құрылғыларын қондыруды бақылау;

жүктерді тиеп-түсіру алдында жылжымалы құрамның істі тоқтау мерзіміне азайту бойынша шаралар қабылдау.

181. Білуге тиіс:

жүктер мен багаждарды тасымалдаудың, тасымалдау құжаттарын рәсімдеу тәртібі;

жүктерді тиеу және бекітудің техникалық шарттары;

көлік құралдарын коммерциялық қарау тәртібі;

станциялық коммерциялық есеп беру нұсқауы;

жүктерді өлшеу тәртібі және технологиясы нұсқауы, таразылау аспаптарын күту және техникалық қызмет көрсету;

қауіпті жүктерді тасымалдау және оларға байланысты апаттық жағдайды жою тәртібі;

станция жұмысының технологиялық процесі;

әртүрлі тасымалдау құралдарымен жүктерді тасымалдау кезінде тиеу және түсіруді есепке алу нұсқауы;

аумақты емес жүк және ауыр салмақты жүктерді жеткізу жөніндегі нұсқау;

акті-наразылық жұмыстары жөніндегі нұсқау;

жоғалған жүктерді іздеу жөніндегі нұсқау;

теміржол жарғысы;

халықаралық теміржол жүктері қатынасы туралы келісім;

теміржол көлігінде жүктер мен объектілерді сақтау тәртібі;

жүктерді тасымалдау және орау стандарттары мен шарттары;

еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

182. Жалпы қолданыстағы теміржол станцияларында ақтарылма жүкпен жұмыс жасау кезінде – 3-разряд;

вокзалдың багаж бөлімдерінде, кіріс жолдарында, бекеттерде, айлақтарда барлық жүкпен жұмыс жасау кезінде – 4-разряд;

жалпы қолданыстағы теміржол станцияларында барлық жүкпен (ақтарылма жүктен өзге) және заңды тұлғалар жолжүгімен жұмыс жасау кезінде – 5-разряд;

ашық жылжымалы құрамда жүктерді тиеу және бекітудің техникалық шарттарына сәйкес орналастырылып бекітілетін ұзын өлшемді, ағаш, ірі габаритті, габаритті емес, қауіпті және өзге де жүктермен жұмыс жасау кезінде, жүктерді техникалық шарттарда қарастырылмаған сызбалар және схемалар бойынша орналастыру кезінде – 6-разряд.

183. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

51-параграф. Жүк пойыздарының кондукторы (бас)

184. Жұмыс сипаттамасы:

магистральді теміржол көлігі жолдарындағы жинақ, шығару, жіберу, шаруашылық пойыздарына қызмет көрсету;

вагондарға жіберу құжаттарын қабылдау және тапсыру, машинистті бағдар парағы бойынша жіберілетін пойыздың құрамымен таныстыру;

өнеркәсіптік кәсіпорын жолдарындағы пойыздар мен вагондарды қабылдау, тапсыру және қызмет көрсету;

ашық жылжымалы құрамдағы пойыздың дұрыс қалыптастырылуын және жүктердің дұрыс тиелуін тексеру;

пойыздың автоматтық тежегіштерін сынауға қатысу;

пойыз аралықта тоқтаған кезде немесе жолдарда тұрған жекелеген вагондарды тежегіш башмақтар мен қол тежегіштерін бекіту және оларды вагондардың астынан алу;

аралық станциялардағы құрама, шығару және жіберу пойыздарында маневрлеуге қатысатын барлық қызметкерлердің маневрлік жұмыстарын басқару және маневрлік жұмыстарды орындау;

кезекші бағыттама посттарында қызмет көрсетілмейтін орталықтандырылмаған бағыттардың немесе жергілікті басқаруға берілген орталықтандырылған бағыттардың маневрі кезінде ауыстыру;

ілеспе пойыздардың қауіпсіз жүруін және маневрлік жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

185. Білуге тиіс:

жүктерді тасымалдау тәртібі;

жөнелту, жүру және келу жолдарында пойыздарды қабылдау, қызмет көрсету және тапсыру тәртібі;

ашық жылжымалы құрамға жүк тиеу тәртібі және вагондар мен контейнерлерді пломбалау;

қызмет көрсетілетін станциялардың техникалық-өкімгерлік актісі және жұмысының технологиялық процесі;

жүк құжаттарын рәсімдеу тәртібі;

вагон және контейнер құрылымы туралы жалпы мәліметтер;

тежегіш башмақтарды пайдалану тәртібі және құрылысы;

пойыздарды қалыптастыру жоспары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жергілікті өзін-өзі басқаруға берілген орталықтандырылған және орталықтандырылмаған бағыттамалы бұрмаларды беру тәртібі.

186. Өнеркәсіптік кәсіпорынның кірме жолдарындағы барлық жүк пойыздарға қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

шаруашылық пойыздардың теміржол желілеріне қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

құрама, шығару және жіберу пойыздардың теміржол желілеріне маневрлік жұмыстармен қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

құрама пойыздар желісі теміржолдарда қызмет көрсету кезінде – 5-разряд;

жүк пойыздарының кондукторының жұмысы кезінде аралық станциялардағы маневрлік жұмыстарды орындай отырып шығару, жіберу және құрама пойыздардың теміржол желілеріне қызмет көрсету кезінде – 6-разряд.

187. Ескерту:

жүк пойыздарының бас кондукторы тиісті қызмет көрсетілетін пойыздың кондукторы үшін көзделген разрядтан бір разряд жоғары тарифтеледі.

52-параграф. Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі, 3-разряд

188. Жұмыс сипаттамасы:

сағатына 150 текше метрге дейін су шығындайтын шаятын-булайтын станциялардағы вакуум құрылғыларға, сорғыларға, қозғалтқыштар мен желдеткіштерге қызмет көрсету;

жабдықты іске қосу, тоқтату, жұмыстарына қажет параметрлерді ұстап отыру;

тартып алынатын сұйықтықтың жіберілуін реттеу;

мұнай өнімдерін құюда және оны сақтау немесе тұтыну орнына жіберуде қыздыру;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, сүзгілердің жағдайын, тартатын магистральдардағы қысымды қадағалау және оларды тазалау;

цистерналар мен сыйымдылықтардағы мұнай өнімдерін тартып алу;

шаятын эстакадалардағы және өзге де шаятын-булайтын станция нысандарындағы жұмыс орындарын үздіксіз цистерна дайындау технологиясы талаптарына сәйкес сумен және ерітінділермен қамтамасыз ету;

біліктілігі анағұрлым жоғары машинистің басшылығымен рефрижераторлық жылжымалы құрамды байыту жөніндегі стационарлық құрылғыларға қызмет көрсету; дизель отын, май, тұздық және өзге де құрылғы жабдықтарына арналған тұздық, су және отын сорғыларын, сыйымдықтарын жарамды қалыпта ұстап отыру; аммиак, фреон, пропан-бутан баллондарды және өзге хладагенттерді, қатты отын және ысқылау материалдарын техникалық талаптарға сәйкес сақтауды қамтамасыз ету; жабдық жұмысы туралы журналдағы жазбаны жүргізу.

189. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін агрегаттардың, аспаптар мен жабдықтардың құрылысы; қолданылатын механизмдер, аспап, құрал-сайман мен құрылғылар және оларды пайдалану тәртібі;

жалпы және арнайы сыйымдылықтардың, соратын және қысып толтыратын құбыржолдардың орналасу схемалары;

вакуум құрылғылар мен мұнай тұтқыш арқылы өтетін мұнай өнімдерінің атауы мен сұрыптары;

механизмдердің, қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмысындағы кемшілік себептері, оларды жою тәсілдері;

электртехника, гидравлика және механика негіздері;

коммуникациялық және тарату желілері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қысыммен істейтін баллондарға қызмет көрсету тәртібі.

53-параграф. Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі, 4-разряд

190. Жұмыс сипаттамасы:

сағатына 150 текше метрден астам су шығындайтын шаятын-булайтын станциялардағы вакуум құрылғыларға, сорғыларға, қозғалтқыштар мен желдеткіштерге қызмет көрсету;

рефрижераторлық жылжымалы құрамды байыту жөніндегі стационарлық құрылғыларға қызмет көрсету;

сорғылардың, сыйымдылықтар мен өзге де байыту құралдарының жұмысындағы кемшіліктерді анықтау және жою.

191. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмыс режимдері және кинематикалық схемалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жанар-жағар және ысқылау материалдарының, хладагенттер мен қатты отынның сипаттамалары.

54-параграф. Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі, 5-разряд

192. Жұмыс сипаттамасы:

мұнай өнімдерін және рефрижераторлық жылжымалы құрамды байытуға арналған дизель отынды қабылдауға арналған жоғары дәлдіктегі отын салатын және май құятын колонкаларға (1%-ға дейін қателікпен) қызмет көрсету;

"Хладон-12" хладагент сыйымдылықтарын вакуумдау және зарядтау құрылғыларына қызмет көрсету;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеу жұмыстарына қатысу;

жоғары деңгейде тазаланған мұнай өнімдерін (реактивтік отын, авиабензин) құятын цистерналарды өңдеу және шаюды қамтамасыз ететін машиналарға, жабдықтар мен аспаптарға қызмет көрсету және реттеу.

193. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың кемшіліктерін жою тәртібі мен байыту технологиясы;

жоғары қысымдағы жабдықтармен және байыту құралдарымен жұмыс істегенде қауіпсіздік тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника, гидравлика және кинематика негіздері.

55-параграф. Жылжымалы құрамның жуып-жинаушысы, 1-разряд

194. Жұмыс сипаттамасы:

санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес құрылғылар және түрлі еріткіштерді, пасталарды, бензин және керосинді пайдалана отырып және қолмен жеңіл, жүк және арнайы құрылыс көліктерінің, тіркемелер, жартылай тіркемелердің шыныларын ысқылап сырты мен ішін тазалау, жинау және жуу;

жуатын алаңшаларда су кәріз бұрмаларды ластықтан тазалау;

аспап, құрал-сайман, құрылғы және жуатын алаңдарда тазалықта және жарамды қалыпта ұстау.

195. Білуге тиіс:

еріткіштерді, пасталарды, бензин және керосинді пайдалана отырып сырты мен ішін тазалау, жинау және жуу тәсілдері мен жолдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қолданылатын аспаптың, құрал-сайман және құрылғының мақсаты.

56-параграф. Жылжымалы құрамның жуып-жинаушысы, 2-разряд

196. Жұмыс сипаттамасы:

өңдеудің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес құрылғылар мен түрлі еріткіштерді, пасталарды, бензин және керосинді пайдалана отырып және қолмен локомотивтердің, жолаушы вагондарының, электр және дизельпойыздарының, автобустардың, трамвай және троллейбустардың шыныларын ысқылап сырты мен ішін тазалау, жинау және жуу;

көмір салатын жартылай вагондарды тазалау және ыстықтай жуу;

еріткіштерді, бензин және керосинді пайдалана отырып теміржол жылжымалы құрамын жөндеу кезінде бөлшектер мен тораптарды тазалау, үрлеу, ысқылау және шаю ;

жуу ерітінділерін әзірлеу;

қоқыс және көң салатын арнайы пештерде тасымалдау, қалау, биотермиялық зарарсыздандыру және жандыру;

дезинфекциялық-шаятын станциялардың және кешенді вагон дайындау пункттерін жинау.

197. Білуге тиіс:

түрлі жуатын ерітінділерді пайдалана отырып шаю және жинау тәсілдері мен жолдары;

қолданылатын ерітінділерді әзірлеу тәсілдері және құрамы;

көтергіш-көлік құралдарын пайдалану тәртібі;

қоқыс және көң салатын арнайы пештерде биотермиялық зарарсыздандыру және жандыру тәртібі;

теміржол жолдарында жұмыс кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

57-параграф. Жылжымалы құрамның жуып-жинаушысы, 3-разряд

198. Жұмыс сипаттамасы:

дизелді, жүк электрқозғалтқыштарын және жүк жылжымалы құрамының электрлі жабдығын тазалау, үрлеу, сүрту, жуу;

адам, астық және өзге де азық-түлік таситын жүк вагондарын, тірі мал және мал шикізатын салатын вагондарды, рефрижераторлық, изотермиялық және тірі балық салатын вагондардың ішін тазалау, ыстық сумен шаю және дезинфекциялау;

механизациялау құралдарын пайдалана отырып тұрып және қатып қалған жүк вагондарын, жолаушылар вагондарының санитарлық тораптарын тазалау;

ветеринарлық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық станциялар, мемлекеттік нан инспекциясы талаптарына сәйкес вагондарды тасуға дайындау жөніндегі технологияда көзделген жұмыстарды орындау;

механизациялау құралдары мен жабдықтардың жұмыс процесінде қолданылатын қызмет көрсету;

ерітінділерді дайындау, жұмыс, су және бу жіберу режимдерін реттеу, қоқыс тазалау;

механизмдер мен жабдықтардың ұсақ ақаулықтарын айқындау және жою.

199. Білуге тиіс:

дизелді, жүк электрқозғалтқыштарын және жүк жылжымалы құрамының электрлі жабдығын тазалау, үрлеу, сүрту, жуу тәртібі;

жүк вагондарын, жолаушы вагондарының санитарлық тораптарын тазалау, шаю тәртібі;

вагондарды дезинфекциялау тәртібі;

қолданылатын ерітінділердің рецептурасы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

ветеринарлық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық станциялар, нан инспекциясы талаптары.

58-параграф. Жылжымалы құрамның жуып-жинаушысы, 4-разряд

200. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол мен метрополитеннің жылжымалы құрамының бөліктерін лас, тот, ескі бояулардан механикаландырылған тәсілмен ротациялық құралмен, механизм арқылы тазалау, жоғары қысымды суды пайдалана отырып, сондай-ақ химиялық тәсілмен жуу;

қолданылатын құралдар мен технологиялық жабдықтарды жөндеу жұмыстарына қатысу.

201. Білуге тиіс:

қолданылатын механизмдер мен құралдарға қызмет көрсету тәртібі;

жылжымалы құрамды жуу және тазалау кезінде жоғары қысымды су мен химиялық құралдарды пайдаланудың қауіпсіздігі тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника және гидравлика негіздері.

59-параграф. Зумпфты агрегат машинисі, 4-разряд

202. Жұмыс сипаттамасы:

вакуум сорғылы зумпфты агрегатты және цистернаны қолмен тазалауды басқару;
агрегатты, оның құрылғыларын және жабдықтарына қызмет көрсету және дұрыс жағдайда күту;

су төгетін құрылғының лас жинағышын тазалау;

вакуум сорғына бақылау-өлшеу құрылғысымен жөндеу және реттеу;

цистернаның автоматты дабыл беру жабдығын және толуын шектеуді реттеу;

агрегаттың, лас жинағышты, су төгетін құрылғыны, шлангты лас қойыртпақты ағызып шығаруға дайындығын тексеру;

тексеріс нәтижелерін арнайы журналға жазу;

агрегат электр қуатын, насос құрылғысының автоматикасы мен дабыл беру жабдығын қосу және сөндіру;

метрополитен түнеліндегі лас жинағыш пен су төгетін құрылғыда жиналған лас қойыртпақтарды ағызып шығару;

сусінгіш қайта айдау құрылғысы жұмысын тексеру және жөндеу;

агрегатты транспорттық жағдайға дайындау;

цистернаны лас қойыртпадан қолмен тазалау және белгіленген орынға шығару.

203. Білуге тиіс:

вакуум сорғылы зумпфты агрегатының, бақылау-өлшеу аспаптарының метрополитен жолындағы сусінгіш қайта айдау құрылысы (су төгетін құрылғының лас жинағышы) және олардың жұмыс режимі;

уақытша кабельді электр қуаты көзіне қосу және өшіру тәртібі;

агрегатты жоспарлы ескертпе жөндеу және тексеру жүргізудің тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

гидравлика, электртехника негіздері.

60-параграф. Зумпфты агрегат машинисі, 5-разряд

204. Жұмыс сипаттамасы:

қоқыс пульпасын механикалық және гидравликалық түрде түсіретін және вакуум сорғымен жабдықталған зумпфты агрегаттарды басқару;

тұндырғыштарды тазалауда сорғы агрегаттарын басқару;

бақылау-өлшеу аспаптары мен іске қосылуын реттейтін аппаратураның жарамдылығын тексеру;

цистерналардан пульпаны түсіру механизмдерін басқару, оларды баптау және реттеу;

айдау жұмыстары шарттарына байланысты цистерналарды толтыруға қажетті уақытты есептеу;

түрлі үлгідегі вакуум сорғыларды реттеу және сынау;

бекітілген агрегаттарға, машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету және жарамды қалыпта ұстап отыру.

205. Білуге тиіс:

механикалық және гидравликалық түсіретін зумпфты агрегаттар мен ил соратын агрегаттардың құрылымдық ерекшеліктері және құрылысы;

зумпфты агрегаттарда қолданылатын түрлі үлгідегі вакуум сорғылардың техникалық сипаттамалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

аспаптар мен құрылғылар, цистерналарды механикалық босататын жабдықтар.

206. Өнімділігі сағатына 740 текше метр және одан жоғары, бәсеңдету деңгейін қамтамасыз ететін 100 килопаскаль және одан жоғары "150-57-0-384-290-С-00" үлгісіндегі ротациялық су сақиналы вакуум сорғымен жабдықталған зумпфты агрегатты басқару кезінде – 6-разряд.

207. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

61-параграф. Зумпфты агрегат слесары, 3-разряд

208. Жұмыс сипаттамасы:

11-12 квалитеттер (дәлдіктің 4-5 класы) бойынша слесірлік өңдеу арқылы зумпфты агрегаттарды жөндеу;

зумпфты агрегатты көлік жағдайынан жұмыс жағдайына қайта қосу: электр тарату қалқандарынан немесе түнелдерінен агрегатқа және оның уақытша электрмен қоректендіру желісіне шаң жинағыштарынан вакуумдағы құбыржолдарын алып тастау;

құбыржол схемаларын агрегат жұмысына дайындау;

түнелде орналастырылған жинағыштардағы лас пульпаны цистернаға жіберілуін реттеу;

жылжымалы құрам габаритішегіндегі барлық құрылғыларды орната отырып агрегаттың көліктік жағдайын орнату және өшіру.

209. Білуге тиіс:

дренажды және зумпфты агрегат жабдықтарының қызмет көрсету тәртібі және құрылысы;

агрегат жұмысының режимдері және қоқыс пульпасының қасиеттері;

жер асты жұмыстарындағы кемшіліктердің себептері мен белгілері, оларды жою тәсілдері;

кұбыр салу тәсілдері;

дренаж және зумпфты агрегат құбыржолдары мен электрмен қоректендіру схемалары;

электртехника және металдардың технологиясы негіздері;

жылжымалы құрам габариттері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қолданыстағы метрополитен түнеліндегі жұмыс тәртібі.

62-параграф. Зумпфты агрегат слесары, 4-разряд

210. Жұмыс сипаттамасы:

7-10 квалитеттер (дәлдіктің 2-3 класына) бойынша слесірлік өңдеу арқылы зумпфты агрегаттарды жөндеу;

су құятын құрылғылы жабдықтарын қоқыс жинағыштарды тазалауға дайындау;

агрегат электр қоректендіргішін, сорғы құрылғыларының автоматика және сигнал бергішін қосу және өшіру;

қоқыс жинағыштардағы зиянды газдарды аспаптар бойынша айқындау және жылжымалы электр желдеткіштердің көмегімен жою;

зумпфты агрегат жұмысын басқаруға қатысу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша мановакуумметр, толтыру деңгейі көрсеткіші, амперметрді бақылау;

агрегат жұмысының режимін реттеу;

агрегат жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою.

211. Білуге тиіс:

вакуум сорғы, электрлі қозғалтқыш, бақылау-өлшеу аспаптары, газ талдағыш және айдау автоматикасының құрылысы;

зумпфты агрегаттың жұмыс режимін реттеу тәсілдері;

үстіңгі жақтағы қоқыс тұндырғыштардың құрылысы;

майлау материалдарының мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

гидравлика негіздері.

63-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 2-разряд

212. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары электромонтердің басшылығымен электр және пневматикалық құралдарды, такелажды құрылғылар мен механизмдерді кернеуі жоқ жағдайды пайдалана отырып трамвай және троллейбустардың контакті желісін бөлшектеу және монтаждау;

кернеуді жою жұмыстарын жоғарғы деңгейде орындау;

тіректерді түзетуге қатысу;

арматураларды, конструкцияларды және желідегі тіректерді бояу;

тірек котловандарын қазу;

дистанциялық және қолмен басқару үшін ажыратқыштарды ауыстыру.

213. Білуге тиіс:

контактілі желінің жекелеген элементтерінің құрылысы;

қарапайым механизмдер мен агрегаттардың такелажды құрылғылардың құрылымы және жұмыс қағидаты;

сымдардың, тростар мен құбыржолдардың маркалары мен кесінділері, тірек үлгілері;

контактілі желі мен жоғары вольтты желілермен жұмыс жасаудағы сақтықтың негізгі шаралары;

теміржолдарда болу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника бойынша негізгі мәліметтер.

64-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 3-разряд

214. Жұмыс сипаттамасы:

контактілі желі тіректеріне, осы желілерде қосылған трансформаторлы кіші станцияларына ілінген тұрақты және ауыспалы ток контактілі желісіне, жоғары вольтты желілерді монтаждау, бөлшектеу, тексеру, өлшеу, жөндеу, тіректерді құру;

биіктіктегі кернеуді жою электрмонтаждау жұмыстарын бригада құрамында орындау және жерлендіру;

аралық ұзындықтарын өлшеу;

станциялар және айдаудағы жұмыс істейтін жерлерді қоршау;

электр және пневматикалық құралдарды, такелажды құрылғылар мен механизмдерді пайдалана отырып трамвай және троллейбустардың контакті желісін бөлшектеу және монтаждау;

ауыстырып қосқыш жетектерін тексеру және реттеу;

бетон араласпасын дайындау;

контактілі желі тіректерінің уақытша сигнал белгілерін орнату;

түрлі атмосфералық жағдайларда қалпына келтіру жұмыстарын орындау.

215. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін құрылғылардың зақымдықтары мен қалыпты жағдайдан ауытқу белгілері және оларды жою тәсілдері;

дистанцияда қызмет көрсетілетін электрлі жабдықтау құрылғыларының контактілі желілерін қоректендіру және секциялау схемалары;

барлық қызмет көрсетілетін құрылғы элементтерінің құрылысы мен олардың мақсаты;

сымдардағы шекті жүктеме;

ток жүргізу бөліктеріндегі оқшаулау қашықтығы;

сымдарды түйістіру және бекіту тәсілдері;

контактілі желілердегі жұмыс кезінде қоршау тәртібі;

өз міндеттері аясындағы "Контактілі желі құрылымы мен техникалық пайдалану тәртібі";

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

теміржол байланысының жұмыс қағидаты.

216. Жұмыс үлгілері:

1) кабель – қорғау бұрыштарын орнату немесе ауыстыру, төсеу;

2) ажыратқыш жетектер – тексеру;

3) ішектер, электр біріктіргіштер, монтажды струбциналар – жасау;

4) компенсаторлық құрылғылар – жұмысын тексеру;

5) электр тарту рельсті шынжырлар – тексеру;

6) жерлендіру штангілері – жұмысын тексеру.

65-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 4-разряд

217. Жұмыс сипаттамасы:

көпірлерді ажырату және біріктіру кезінде трамвай және троллейбус жолындағы контактілі желі сымдары операциясын орындау;

орташа анкерлеу арқаның дайындау;

құрсауларды тексеру, қатайту және сырлау;

габаритті қақпаларды тексеру;

қызмет көрсетіліп жатқан дистанция (учаске) ішіндегі теміржол, трамвай және троллейбус жолындағы ажыратқыш контактілі желілерін ауыстыру;

тұрақты және ауыспалы ток контактілі желісін, жоғары вольтты желіні және автоматты бұғаттауды жоспарлы-алдын ала жөндеу;

құрамалы тіректерді, икемді көлденең құралдарды, ригельдерді, консельдерді, кронштейндер, фиксаторлар, секциялық изоляторларды және ілме бөлшектерді орнату және ауыстыру;

қашықтықтан басқаратын секциялық ажыратқыш жетектердің, анкерлік тірек созба оқшауларын, ток қабылдағыш жұмысын тексеру;

қашықтықтан басқару аппаратурасын монтаждау және орнату;

жоғары вольтты желілерге, автоматты бұғаттауға, контактілі желі тіректеріндегі толқын жүргізгіштерге, жеке тұрған тіректерге қызмет көрсету мен жөндеу;

"қопару тәсілімен" сымдарды тығыздау және пісіру;

бригада құрамында кернеуге қатысты және кернеудегі бөліктерге жақын жұмыстарды орындау;

электрлі жіберу желілері мен құрылғыларды аралап тексеру, оларды машинистің немесе вагон кабинасынан тексеру;

топырағын қазбай іргетастардың, сорғылар мен тірек түптерінің конструкция қалыбын тексеру;

тұрақты сигнал белгілерін контактілі желі тіректеріне орнату.

218. Білуге тиіс:

контактілі желі және электр жабдықтау құрылғысын қоректендіру және секцияландыру схемалары;

контактілі желі ілмелерінің үлгілері;

металл, темір бетон тіректердің конструкциясы мен үлгілері, оларды орнату тәсілдері;

ток қабылдағыштардың конструкциясы және оларды контактілі сымдарға әсері;

шықпа орындары мен қоректендіру желісінің нөмірленуі;

контактілі желі тіректеріне ілінген жоғары вольтты желілерді, толқын жібергіштерді қоректендіру схемалары;

қопару заттарының қасиеті, қопару арқылы пісіру және термитті пісіру жөніндегі операцияларды дайындау және жүргізу тәртібі;

такелажды жабдықтардың құрылысы мен оларды ұстау;

такелажды жұмыс жүргізу кезінде сигнал беру;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өз міндеттерінің шеңберінде контактілі желінің мазмұны мен жөндеу тәртібі.

219. Жұмыс үлгілері:

1) жерленген контуралар – кедергіні тексеру;

2) соратын және қоректендіретін желілер – тексеру;

3) тіректер, тірек іргетастары – кедергіні және токтың шығып кетуін тексеру;

4) контактілі сымдар – станциялардағы тозған сымдарды өлшеу және маусымдық реттеу;

5) контактілі желіні ажыратқыштар – қызмет көрсетілетін және жанындағы дистанция шегінде қайта қосу;

- 6) фиксаторлық консольды тіректер – тексеру;
- 7) толқын жіберуге арналған штырлы траверстер – тексеру;
- 8) көлденең тростар – дайындау және созғылау.

66-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 5-разряд

220. Жұмыс сипаттамасы:

қиық учаскедегі сызбалар мен эскиздерге бөле отырып трамвай және троллейбус желілерінің контактiлік желісі жабдықтарын монтаждау, бөлшектеу;

контактiлі желінің, контактiлі желі тіректеріне ілінген жоғары вольтты желілердің барлық құрылғыларын жөндеу және тексеру;

контактiлі желіні көлденеңінен және тігінен реттеу;

контактiлі желі құрылғыларын күшейту;

икемді көлденең ұстап тұрған тростардың созылуын реттеу;

көпірлердегі тарату құрылғыларын реттеу;

қашықтықтан басқару аппаратурасын баптау, реттеу;

токтан ажыратқышты тексеру.

221. Білуге тиіс:

контактiлі желі құрылғыларына пайдаланудың техникалық нормалары;

контактiлі желілердің негізгі және апапттық қоректендіру және секцияландыру схемалары;

контактiлі желі зақымдықтары, ақаулықтарының себептері және олардың алдын алу тәсілдері;

контактiлі желіні бойлық және көлденең реттеу әдістері;

ток қабылдағыш жұмысының шарттары;

айырып-қосқыш шкафының құрылысы;

тірекке түсетін ұйғарынды жүктеме;

көпірлердегі ажыратылмалы құрылғылар әрекетінің қағидаты;

желі және қосалқы бекеттердегі қашықтықтан басқару аппаратурасының схемасы мен құрылысы;

контактiлі желі сызбаларын және схемаларын оқу тәртібі;

кернеуді жою және жерге тұйықтау қондыру жұмыстарын орындау қауіпсіздік тәртібі;

қопарылғыш заттарды тұтыну нормасы;

қопарылғыш материалдарды жою, тасымалдау және сақтау тәртібі және тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәртібі.

222. Жұмыс үлгілері:

- 1) қабыстыру бекетін қорғау – тексеру;
- 2) контактілі сым ілмегінің биіктігі, шығарылуы, иректігі – өлшеу;
- 3) топтастыру пунктiнiң айырып-қосқыштары – токті өлшеу;
- 4) контактілі сымдар және тасымалдауыш сым арқандар – жазып тастау және монтаждау;
- 5) шеберлер – орнату және монтаждау;
- 6) созымтал ішектер, ортаңғы анкерөвкілі сым арқандар – монтаждау, контактілі желідегі кернеуді жоюсыз ауыстыру;
- 7) фиксаторлар – контактілі желідегі кернеуді жоюсыз ауыстыру.

67-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 6-разряд

223. Жұмыс сипаттамасы:

қисық учаскелер мен тораптарды сызба және эскиз бойынша бөле отырып, трамвай және троллейбус жолындағы контактілі желі құрылғыларын монтаждау және бөлшектеу;

контактілі желі тіректерінде ілінген тораптық және сұрыптық станциялардағы барлық жұмыстарды, жоғары вольтты желілердің жұмыстарын техникалық қадағалау және контактілі желіні реттеу;

ажыратылмалы көпірдің құрылымының барлық түрін монтаждау және бөлшектеу;

торап станцияларындағы және түрлі ток және кернеу жүйелерінің түйіскен жерлеріндегі басқарусекциялық ажыратқыштарды монтаждау;

секциялық ажыратқыштардың және қашықтықтан басқару ажыратқыштардың зақым келген жерлерін анықтау және жою;

эскиздер мен сызбаларды түсіру және құрастыру;

электржабдықты контактілі желіні ағымдық күту және жөндеу жұмыстарына басшылық ету.

224. Білуге тиіс:

контактілі желі тіректерін бөлу тәсілдері мен оларды котловандарға орнату әдістері; тірек іргетастарының конструкциясы мен мөлшері;

электрленген теміржолдарды электр жабдықтаудың барлық учаскесі шегіндегі контактілі желіні секциялау және қоректендіру схемалары;

контактілі желі пайдалану және жөндеуде қолданылатын шектер мен нормаларды, монтаждау кестелері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

контактілі желі құрылғыларына қатысты жетек кіші станциялары мен электр жылжымалы құрамның жұмысы.

225. Жұмыс үлгілері:

- 1) топтық жерлендіру – тексеру және жөндеу;
- 2) икемді оқшауланған көлденең қималар – контактілі желіден кернеуден ажыратпай оқшаулағыштың жарамдылығын тексеру;
- 3) контакті сымдар – контактілі желіні кернеуден ажыратпай монтаждау;
- 4) рельс-консоль – токтың шығуына кедергіні өлшеу, әлеуетті диаграмманы алу;
- 5) оқшаулау кедергісі – қалыбын тексеру;
- 6) ауыспалы және тұрақты ток электр жетегін түйістіру станциялары, топтау пункттері – контактілі желі құрылғыларын және жабдықтардың режимі және тексеру;
- 7) электрлендірілген жолдарға тағы ауа нұсқағышты қалау.

226. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

68-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 7-разряд

227. Жұмыс сипаттамасы:

диагностикалық аппаратура көмегімен "АДО", "Филин", "Диакор", "ИЗС-10Н", "УК-14ПМ", "ВИКС", "Тепловизор" контактілі желі құрылғыларын диагностикалау;
өндірістік өлшегіштерді талдау;
дербес электронды-есептеуіш машиналары бағдарламаларына ақпарат енгізу;
жоғары қауіптіліктегі жерлерде жұмыс орындауды ұйымдастыру.

228. Білуге тиіс:

диагностикалау аспаптарының түбегейлі схемалары мен қолдану қағидаты және олармен жұмыс әдістемелері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

құрылғылар тізімі бойынша жоғары қауіпті жерлерде және олармен жұмыс тәртібі.

229. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

69-параграф. Контакті желісінің электромонтері, 8-разряд

230. Жұмыс сипаттамасы:

түйіспелі желіні монтаждау, күрделі жұмыстарды жасау (бірнеше жүк көтергіш машинадан жөндеу пойызын пайдалана отырып, түйіспелі желінің бірнеше аудандарының құрама бригадасымен), тұрақты және ауыспалы токтың жоғары жылдамдықты желілерінде түйіспелі желі мен ауа желілеріне, айналмадағы, қауіпті жерлердегі, электрмен жабдықтау қашықтығы шегіндегі түйіспелі желінің тіреулеріне немесе дербес тіреулерде ілінген ауа желілеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

диагностикалау құрылғысының микропроцессорын күйге келтіру;
ауыспалы және стационарлық диагностикалық аппаратын микропроцессорлары арқылы контактілі желі құрылғысын өлшеу және сынау жұмыстарын жасау;
дербес компьютердің көмегімен алынған ақпараттарды ұғындыру;
қауіпті жерлердегі жоғары жылдамдықта қозғалатын пойыздар аумағында контактілі желі құрылғыларына техникалық күтім жасау жұмыстарын жасау.

231. Білуге тиіс:

диагностиканың микропроцессорлық электрондық құралдарының жұмыс қағидаты;
диагностика құралдары мен жүйесіне күтім жасау кезіндекүйге келтіруді және ақауларды жою, жұмыс тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жоғары жылдамдықты қозғалыс аумағындағы контактілі желіні жөндеу, техникалық күтім жасау, техникалық пайдалану және құрылғы тәртібі.

232. Ескерту:

байланыс желісі электромонтерінің тарифтік санаттары электрлі қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік (қауіпсіздік тәртібі) және еңбекті қорғау тәртібінде көзделген электртехникалық (электртехнологиялық) персоналдың қауіпсіздігі және оларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс:

2-разрядты контакті желісінің электромонтері II топ электр қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс;

3-разрядты – III топ электр қауіпсіздік бойынша;

4-разрядты – IV топ электр қауіпсіздік бойынша;

5, 6, 7, 8-разрядтар – V топ электр қауіпсіздік бойынша.

233. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

70-параграф. Көлік-жинау машинасының жүргізушісі, 3-разряд

234. Жұмыс сипаттамасы:

вокзал маңы және станциялық аумақтардағы, перрондар мен жолаушы платформаларында, көшелердегі қоқыс жүгін тасымалдауда түрлі жүйедегі және жүк көтергішті көлік-жинау машиналарын басқару, оны тиеу және түсіру, жинауды қадағалау;

көлік-жинау машиналарын жарамды ахуалда ұстау және техникалық қызмет көрсету.

235. Білуге тиіс:

көлік-жинау машинасының жұмысы және қызмет көрсетуі, құрылысы; отынның және майлаудың түрлері;

аккумуляторлы батареяларды зарядтау тәсілдері және мерзімі, мақсаты;
жол қозғалысы тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қауіпсіз жүру негіздері.

71-параграф. Көпір бұру және көтеру машиналарының машинисі, 4-разряд

236. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыстың берілген режимдерін сақтай отырып қуаттылығы 100 киловаттқа дейінгі бұру және көтеру машинасы механизмдерін басқару;

машина жұмысындағы кемшіліктерді айқындау және оларды жою;

машина механизмдерінің үйкеліс бөліктерін майлау.

237. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін машиналардың жұмыс режимдері және құрылысы, оларды басқару және күту тәртібі;

машина жұмысындағы ақаулық себептері және оларды алдын алу тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника негіздері.

238. Қуаттылығы 100 киловаттан жоғары көпір бұру және көтеру механизмдерін басқару кезінде – 5-разряд.

72-параграф. Көшу жөніндегі кезекші

239. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздардың, автомобильдер мен өзге де көлік құралдарының тораптағы қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету;

белгіленген тәртіпке сәйкес торап арқылы ірі габаритті, габаритті емес, жай жүретін және өзге де машиналарды, механизмдерді жіберуді, мал айдауды ұйымдастыру және реттеу;

тораптағы автоматты құрылғылардың, бағдаршам және дабыл қаққышты, прожекторлық құрылғылардың, электр жарық беру, радио және телефон байланысы мен өзге де құрылғылардың дұрыс жұмысын бақылау;

кезекшінің (немесе кезекшілердің) күшімен жөндеуге болатын торап жабдықтарының жұмысындағы анықталған ақаулықтар мен кемшіліктерді жөндеу;

автоматты дабыл қағу, электрлі шлагбаумды немесе автоматты шлагбаумды басқару аспаптарының апараттық жағдайында, энергиямен жабдықтаудың бұзылғанда,

автоматика және дабыл қағу құрылғыларына қызмет көрсету және реттеу жұмыстарын өндіруде пойыздар мен көлік құралдарының қауіпсіз жүруін ұйымдастыру;

көшті қоршау және белгіленген сигнал беру;

өтпелі пойыздардың жағдайын тексеру, қозғалыстың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жылжымалы құрамдағы ақаулықтар және жүк тиеуде кемшіліктер табылғанда пойызды тоқтату шараларын қабылдау;

торап жабдықтарының, теміржолдың және тораптың барлық аумағы мен шлагбаум шеңберіндегі кіріс жолды күту, тазалықта ұстауды қамтамасыз ету.

240. Білуге тиіс:

торап құрылысы және оның қызмет көрсету тәртібі;

торапта орналасқан жабдықтың әрекет ету қағидаты, оның жұмысынан ақау табу және оларды жою қызметі;

көлік құралының торап бойынша қозғалысын реттеу тәртібі;

жол жұмыстары кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқау;

тораптарды құру және күту бойынша нұсқау;

осы торапты күту бойынша жергілікті нұсқау;

торапта автоматика құрылғысын қолдану тәртібі туралы жергілікті нұсқау;

тораптағы кезекші үшін қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария бойынша типтік нұсқау;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

теміржол торабы бойынша жол қозғалысы тәртібі.

241. Қиылыста орналасқан тораптарды күту кезінде:

қозғалыс интенсивтілігі күніне 16 пойызға дейін теміржолдар, сондай-ақ қозғалыс интенсивтілігі күніне 7000 автокөлікке дейін автокөлік жолды станциалық және кіріс жолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 3000 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 17-100 пойызға дейін теміржолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 1000 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 101-200 пойызға дейін теміржолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 200 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 100 пойызға дейін теміржолдар – 2-разряд;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 16 пойызға дейін теміржолдар, сондай-ақ қозғалыс интенсивтілігі күніне 7000 автокөлікке дейін автокөлік жолды станциялық және кіріс жолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 3001-7000 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 17-100 пойызға дейін теміржолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 1001-3000 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 100 пойызға дейін теміржолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 201-1000 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 200 пойызға дейін теміржолдар – 3-разряд;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 16 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 7000 пойызға дейін теміржолдар;

қозғалыс интенсивтілігі күніне 300 автокөлікке дейін автокөлік жолды қозғалыс интенсивтілігі күніне 100 пойызға дейін теміржолдар – 4-разряд.

73-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 2-разряд

242. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары электромонтердің басшылығымен электрлі құрылғылардағы шұғыл қайта қосуларды жүзеге асыру;

аппаратура контактілерін тазалау және майлау;

аспаптарды, құрылғыларды, құрал-сайманды, ауыспалы жерлендіргіштерді, жарықтандыру аппаратурасын, магнит жібергіштерді жөндеу;

кіші станция орынжайлары мен аумағын ұстап отыру жұмыстарын орындау;

материалдарды алу, қоймалау.

243. Білуге тиіс:

кіші станция жабдықтарының құрылымы және қызметі туралы мәліметі;

кіші станция жабдықтарын жөндеу кезінде қолданылатын материалдардың қасиеті;

шұғыл қайта қосулардың тәртібі;

электрлі құралды пайдалану тәртібі;

қорғау және монтаждау құрылғыларын қолдану тәртібі және мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника жөніндегі қарапайым мәлімет.

74-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 3-разряд

244. Жұмыс сипаттамасы:

кіші жетек станциясының электрлі қозғалтқыштарын, сорғыларды, ажыратқыштарды, контакторларды және өзге де жабдықтарды бөлшектеу және құрастыру;

майды сүзгілеу және сынама алу;

асбоцемент қоршауын жасай отырып тез істейтін автоматтардың камераларын іріктеу;

шағын станциялардағы электрмен жарықтандыруды монтаждау;

изоляцияларды армирлеу;
дөңгелектерді дайындау және ию;
кабельдерді біріктіру, ұштау, дәнекерлеу және қосу;
дөңгелектерді, изолятор фланецтерін, кабельдерді, металл корпус конструкциясын, ажыратқыштарды, тарату құрылғылары камераларын бояу.

245. Білуге тиіс:

шағын станция электрлі жабдықтарының электрлік және монтаждық схемалары;
орналастырушы құрылғылардың, электрлі жабдықтардың мақсаты және атаулары;
арматуралардың негізгі түрлері: кіші станцияларда қолданылатын сым және кабель маркалары;

негізгі электрлік құралдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электроника жөніндегі негізгі мәліметтері.

75-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 4-разряд

246. Жұмыс сипаттамасы:

қолданыстағы шағын станциялардағы жабдықтарды монтаждау;

жартылай өткізгіштерді профилактикалық сынау;

біліктілігіанағұрлым жоғары электромонтердің басшылығымен қарапайым және орташа күрделіктегі қорғауды тексеруге және баптауға қатысу;

электрлі жабдықтардағы зақымдықтарды анықтау және жою;

түзету көпірлерін, электрлі қозғалтқыштарды, трансформаторларды, сорғыларды жөндеу, жұмысын тексеру және реттеу;

аппаратураға май құю;

трансформаторлық майды регенерациялау;

аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету;

шұғыл қайта қосуларды жүзеге асыру;

орындалатын жұмыстың техникалық құжаттамасын жүргізу.

247. Білуге тиіс:

электр құрылғыларының схемалары және оларды біріктіру;

жартылай өткізетін түрлендіргіштердің, май ажыратқыштардың, трансформаторлардың, аккумулятор батареяларының, сүзгі құрылғыларының, қорғау және өлшеу аппаратурасының жұмыс қағидаты;

электрлік машиналар мен аппарат тораптарын бөлшектеу және құрастырудың технологиялық процесі;

аккумулятор батареяларының, электрлі қозғалтқыштың ақаулықтары мен оларды жою тәсілдері;

апаттық жағдайдағы кіші станция жұмысын қалыпты жұмыс режиміне аудару мүмкіндіктері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника және телемеханика негіздері.

76-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 5-разряд

248. Жұмыс сипаттамасы:

бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен кіші станция электрлі жабдықтар және қорғау құралдарын реттеу, теңшеу және сынау:

аппараттар мен электр машиналарын кептіру:

сымдар мен кабельдерді белгілеу және төсеу;

барлық түрдегі өтпелі плиталарды, изоляторларды, ажыратқыштарды, жетектерді, разрядтағышты, күш трансформаторларын орнату;

май ажыратқыштардың, тез істейтін автоматтардың, сүзгі құрылғыларының жетек бөлшектерін реттеп және ауыстыра отырып құрастыру;

блоктау тізбегі құрылғылары мен жартылай өткізетін түрлендіргіштерді монтаждау;

түзеткіштердегі, автоматты және қашықтықтан басқару жабдықтарының ақаулықтарын анықтау және жою;

автоматтардың магнит беттерін қырнап тегістеу, магнит сымдарды шихталау;

коммутация тізбегі, жартылай өткізетін түрлендіргіш, күш трансформатор схемаларын тексеру;

электрлі машиналар мен трансформатор орамаларының оқшаулану жағдайын анықтау;

автоматика және телемеханиканың қарапайым құрылғыларын тексеру;

реле сипаттамасын жөндеу, реттеу және алып тастау;

шкафтар және шиттар басқаруын профилактикалық сынау мен тексеруге қатысу;

орташа күрделіктегі қорғауды тексеру және баптау;

жүктеме кестесін шешу.

249. Білуге тиіс:

жетекті және төмендету шағын станцияларын электрлі жабдықтау схемалары;

шағын станция жабдықтарының әрекет ету қағидаты және құрылысы, сол жабдықтардың жұмысындағы ақаулықтар және оларды жою тәсілдері;

жабдықтарды жөндеуді жүргізу, электрлі жабдықтарды және қоректендіру желісін қорғау тәртібі;

жерлендіру схемасы және құрылысы;

электрлі жабдықтардың жұмысындағы ақаулықтарды пайда болу себептері мен олардың алдын алу тәсілдері;

электрлі жабдықтарды кептіру тәсілдері;

құрастырылатын жабдықтардың электрлік схемалары және оларды тексеру тәсілдері;

изоляция кедергісін өлшеу тәсілдері;

электрлі өлшеу аспаптарын қолдану тәртібі және құрылысы;

барлық түрдегі реленің әрекет ету қағидаты және конструкциясы;

электрлі жабдықтардың және қорғау құралдарының техникалық сипаттамалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

техникалық училище бағдарламасы көлемінде электртехниканы.

77-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 6-разряд

250. Жұмыс сипаттамасы:

электрлі жабдықтарды және кабельдерді жоғары вольттық сынамалау;

түрлендіргіш агрегаттарды орналастыру жерін белгілеу;

ерекше күрделі аппараттарды, жабдықтар мен аспаптарды монтаждау;

реакторлар мен сүзгілеу құрылғыларын монтаждау және орнату;

ауыспалы ток ажыратқыштарын орнату және қызмет көрсету;

құрама кешенді тарату құрылғылары мен олардың жекелеген блоктары мен траптарын орнату және реттеу;

аспаптар мен аппараттардың жұмысын тұрақты ток көздері мен кернеуінен сынама алу және оларды іске қосуға дайындау;

алғашқы және қайталама коммутация тізбектерінің автоматика құрылғысын монтаждау;

күрделі қорғауды тексеру және баптау;

күш трансформаторларын қайта қосу;

ашық және жабық тарату құрылғыларындағы кабельдерді фазалау.

251. Білуге тиіс:

электрлісхемалар, электрлі жабдықтарды тексеру және реттеу әдістері;

тарату конструкциясының құрылымы, басқару және қорғау қалқаны;

кіші станция электр жабдықтары мен қорғау құралдарын сынау тәртібі мен тәртібі;

электронды автоматика құрылғыларының, телемеханика және қорғау құрылғыларының әрекет ету қағидаттары және түбегейлі схемалары;

максималды токтан қорғау, кесу, дифференциальды және қашықтықтан, жермен қорғау, газ, салқындату, ауаның жылуынан қорғау құралдарының монтаждау схемалары;

қорытынды белгілердіорамды біріктіру тобы мен схемалары;

кіші станция жабдықтарын жөндеу кезінде қолданылатын материалдар туралы негізгі стандарт деректері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

кабельдің, сым, материалдар мен май трансформаторлардың шығын нормасы.

252. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

78-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 7-разряд

253. Жұмыс сипаттамасы:

жаңа үлгідегі жабдықтарға, аппараттарға, аспаптарға қызмет көрсету және монтаждау;

алғашқы және қайталама коммутациялар мен электронды қорғау тізбектерінің күрделі құрылғыларын тексеру және монтаждау;

арнайы бағдарламалар бойынша жоғары вольтты жабдықтар мен күш кабельдерін сынау;

жоғары вольтты вакуумды ажыратқыштарды орнату, реттеу және тексеру.

254. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың жөндеу технологиясы және құрылысы;

күрделі автоматика және электронды қорғау құрылғыларының түбегейлі және монтаждау схемалары;

жоғары вольтты жабдықтар мен кабельдерді сынау әдістемесі және нұсқауы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

вакуумды ажыратқыштарды реттеу тәсілдері және құрылысы.

255. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

79-параграф. Кіші жетек станциясының электромонтері, 8-разряд

256. Жұмыс сипаттамасы:

тиристорлы түрлендіргіштерді реттеу және баптау;

микросхемаларда орындалған автоматика және электронды қорғау құрылғыларын тексеру және монтаждау.

257. Білуге тиіс:

тиристорлы түрлендіргіштерді реттеу және баптау тәсілдері, құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

микросхемаларда орындалған автоматика және электронды қорғау құрылғыларының түбегейлі монтаждау схемалары.

258. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

259. Ескерту:

кіші жетек станциясының электромонтеріне біліктілік разрядын беру тиісті құрылғыларды пайдалану кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау тәртібі талаптарымен, атап айтқанда: 2-разряд II топ көлемінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау тәртібін білуге тиіс:

3-разряд – III топ көлемінде;

4-разряд – IV топ көлемінде;

5, 6, 7, 8-разрядтар – V топ көлемінде.

80-параграф. Қозғалыссыз теміржол қатынас жолдарындағы локомотивке (локомотивтер тобы) қызмет көрсететін жұмысшы, 3-разряд

260. Жұмыс сипаттамасы:

қозғалыссыз локомотивті деполық теміржол қатынас жолдарында және жалпы қолданысқа берілмейтін теміржол қатынас жолында тепловоз (тепловоздар тобы) дизелін жылыту, қыс мезгілінде (қажет болса – сәйкес нормативтік актіге сай өзге мезгілдерде) локомотивтің (локомотивтер тобы) тартылыс күшті электрлі қозғалтқышты және өзге де электрлі машиналарын жылыту және кептіру, депо теміржолдарында және локомотивтің қозғалуынсыз жалпы пайдаланымдағы емес теміржолдарында: жұмысты күтіп тұрған локомотивті іске қосу, техникалық қызмет көрсету, жөндеу;

аккумуляторлық батареяны, басқару шынжырын іске қосу;

пневматикалық желіні сыртқы көзден немесе локомотивте орнатылған қосымша (қол) компрессордан сығылған ауамен толтыру;

ток қабылдағышты көтеру;

құрылғыны, агрегаттарды, жүйелерді – дизель, мотор-винтелятор, мотор-компрессор, жарықты, басқару кабинасы жылуын, өрт сөндіру жүйесін іске қосу;

істегі құрылғыны, агрегаттарды, жүйелер жағдайы мен жұмысын көзбен шолу және аспаптар арқылы бақылау;

электр энергиясы мен отынды жұмсауды бақылауды қамтамасыз ету;

жұмысты, техникалық қызмет пен жөндеуді күтіп тұрған локомотивті істен шығару; істегі құрылғыны, агрегаттар мен жүйелерді бекітілген тәртіпте сөндіру;

пневматикалық шынжырды үрлеп тазалау;

локомотивті өздігінен болатын қозғалыстан нормативтік актіде бекітілген тәртіппен бекіту;

локомотивтің конструкциясына сәйкес жинақталуын тексеру;

локомотив жабдығының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

локомотив терезелерін жабу және кіріс есіктерін бекіту.

261. Білуге тиіс:

локомотивті іске қосу және істен шығару тәртібі;

жабдықтарды, агрегаттарды және локомотив жүйесін пайдалану тәртібі және құрылысы;

деполық теміржол қатынас жолдарында және жұмысты күтіп тұрған жалпы қолданысқа берілмейтін теміржол қатынас жолында тұрған локомотивтің негізгі техникалық сипаттамалары және күтудің бекітілген тәртібі;

локомотивтің механикалық, электрлік, тежегіштік және қосымша жабдықтары жұмысын бақылау тәртібі;

отынды үнемдеп жұмсаудың негізгі режимдері;

тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;

теміржолда техникалық пайдалану тәртібі;

теміржолдардағы пойыз қозғалысы мен маневрлік жұмыстар нұсқауы;

теміржолдардағы сигнал беру нұсқауы;

электровоздар мен тепловоздарға пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

локомотив шаруашылығын қысқы жағдайда жұмысқа дайындау нұсқауы;

тепловоз дизелін пайдалану нұсқауы және орындалатын жұмыстар шеңберіндегі өзге де нормативтік актілер;

локомотивтердің тоқтау жолы жоспары, сол жерге өту тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника негіздері.

81-параграф. Қос дөңгелекті престеуші, 4-разряд

262. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы құрылғыларды пайдалана отырып локомотивтер мен вагондардың дөңгелектерін сығымдаудан алу, дәлдеу, гидравликалық қиықша саусақтарын сығымдау;

сығымдаудан кейін дөңгелектердің элементтерін тексеру;

гидравликалық сығымдағы локомотив, вагон дөңгелектерін сығымдау;

біліктілігі анағұрлым жоғары сығымдаушының басшылығымен дөңгелектерді сынағымдау;

дөңгелектерді бұру және орнатуда тельферлер мен кран балкаларды басқару және сығымдағаннан кейін дөңгелек элементтерін сығымнан алу.

263. Білуге тиіс:

түрлі үлгідегі гидравликалық сығымдағыштардың жұмыс қағидаты;

дөңгелектерді сығымдаудың техникалық шарттары мен тәртібі;

арнайы құрылғылардың орнату тәсілдері және мақсаты;

негізгі шектеулер мен отырғызу мәліметтері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

тельферлер және кран-балкалармен жұмыс тәртібі.

82-параграф. Қос дөңгелекті престеуші, 5-разряд

264. Жұмыс сипаттамасы:

арнайы құралдарды қолдана отырып, локомотивтердің, вагондардың доңғалақ жұптары осінде дөңгелектерді, орталықтар мен тістегершіктерді гидравликалық престерде престеу;

сығымдаудан алдын дөңгелектердің элементтерін тексеру және іріктеу;

көлденең және тік жазықтықтағы сығымдардың дөңгелек осін тексеру;

дөңгелектерді сығымдауға қажетті қысымды қамтамасыз ету және доңғалақ дөңгелекті орталықтарының арасындағы өлшем;

дөңгелек осьтеріне дөңгелектерді, ортасын, тісті дөңгелектерді отырғызу;

сығым жұмысын реттеу;

сығымдауда дөңгелектің орналасуын бақылау;

индикатор диаграммасын шешу;

индикаторлық диаграмма бойынша сығым сапасын айқындау.

265. Білуге тиіс:

түрлі үлгідегі гидравликалық сығымдардың құрылымдық ерекшеліктері және құрылысы;

дөңгелектерді сығымдау техникалық шарттары мен тәртібі;

металдардың механикалық қасиеті;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

шектеулер мен отырғызулар, өзі жазатын сығым индикаторларының жұмысы және құрылысы.

83-параграф. Қос дөңгелекті престеуші, 6-разряд

266. Жұмыс сипаттамасы:

локомотивтер мен вагондарды пайдалануда қауіпсіздік қозғалысын қамтамасыз ететін дөңгелектерді куәландыру процесінде аса күрделі жұмыстарды орындау;

дөңгелек центрінің күпшегі саңылауының конустылығы мен эллипсін жою;

дөңгелектің белағашқа қайталамалы қатты сығымдау, тісті дөңгелекті қайта сығымдау;

әлсіздік белгілері бар тіс, ось, тісті дөңгелекті сығымдауға сынау;

стандартты емес (ұзартылған) центр күпшегіне тісті дөңгелекті қатты сығымдау;

кондиционерлі ауалы жолаушылар вагондарына арналған орталық бөлігі осінен бәсеңдеткішті дөңгелектің центрін асыра сығымдау;

оське бәсеңдеткішті тексеру және таңдау;

орталықты бір жағынан дөңгелектер жұбымен басу және беріліс қорабын өзге де қатты дөңгелектерден кейін басу арқылы қондыру;

көрсетілген қашықтықты 1439 миллиметр шегінде арнайы электр шектегіш жүріс аялдамасын пайдаланып, дөңгелектер жиынтығының ішкі шеттері арасындағы дұрыс созылуды және қамтамасыз ету;

сығымдау сапасы мен осьтің орталық бөлігіне бәсеңдеткіші бар дөңгелектер сапасын анықтау.

267. Білуге тиіс:

локомотивтер мен вагондар дөңгелектерінің аса қауіпті ақауларын анықтау және жою тәсілдері, металдардың термикалық және өзге де қасиеттері;

центрдің ұзартылған күпшектеріне тісті дөңгелектерді қайта сығымдау, қайталама қатты сығымдау және асыра сығымдау тәсілдері;

гидравликалық сығымды жөндеу технологиясы;

оське бәсеңдеткішті таңдау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жолаушылар вагондарының, шетелдік өндірісті қоса алғанда, бәсеңдеткіш құрылғысы.

268. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

84-параграф. Құбырды тесіп-үрлеуші, 2-разряд

269. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі жүйедегі паровоз қазандықтарын және бу крандарының бу шығаратын және қыздыратын құбырларын суықтай және ыстықтай күйде тесу, тазалау және үрлеу;

болат щеткамен от қалдықтарынан тазарту;

күл салғышты қалдықтардан мен күйген жерлерін тазалау.

270. Білуге тиіс:

түтін шығаратын, бу шығаратын құбырларды тесу, үрлеуде қолданылатын аспаптар мен құралдардың құрылысы және оларды пайдалану тәртібі;

құбырларды тесу, тазалау және үрлеу тәсілдері және тәртібі;

құбырларды тесу, тазалау және үрлеу кезектілігі;

паровоз қазандықтарының жұмысы және құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

ыстық паровозда жұмыс кезінде отты ұстап отыру тәртібі.

85-параграф. Құм жіберетін құрылғы машинисі, 2-разряд

271. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген жұмыс режимін сақтай отырып тәулігіне 20 текше метрге дейінгі өнімділіктегі құм жіберетін құрылғыны басқару;

құм кептіретін пешті толтыру, кептіру және құм тарататын бункерлерге құм жіберу;

компрессор және оның электрлі қозғалтқышын тексеру;

конвейердегі құмды кептіру барабаны механизмдерінің үйкеліс бөліктерін майлау.

272. Білуге тиіс:

құрылғыны қолдану қағидаты, жұмыс режимі, басқару және күту тәртібі, құрылысы ;

құрылғы бөлшектерінің ерте тозуы себептері мен олардың алдын алу тәсілдері;

қолданылатын майлау материалдарының түрлері мен сапасы;

майлау режимі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

локомотивке салынатын құмға қойылатын талаптар.

273. Өнімділігі тәулігіне 20-40 текше метрге дейінгі құм жіберетін құрылғыны басқару және қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

өнімділігі тәулігіне 40 текше метрден астам құм жіберетін құрылғыны басқару және қызмет көрсету кезінде – 4-разряд.

86-параграф. Локомотив және пойыз бригадаларын шақырушы, 2-разряд

274. Жұмыс сипаттамасы:

депо бастығының пайдалану жөніндегі орынбасарының, кезекші депоның немесе мердігердің нұсқауына, бұйрығына сәйкес локомотив және пойыз бригадаларын жұмыс орнына уақытылы шақыру.

275. Білуге тиіс:

қала аудандары мен көшелерінің орналасуы;

локомотив және пойыз бригадалары қызметкерлерінің тұратын жерлеріне қалалық көлікпен тезірек бару немесе өту бағыты;

станциялық және депо жолдарында болған кезде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

87-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 2-разряд

276. Жұмыс сипаттамасы:

бөлшектері слесірлік жөндеуден өткен және 12-14 квалитет (дәлдіктің 5-7 класы) бойынша қиыстырылып дайындалған жеке тораптарды бөлшектеу және жинау;

электртехникалық жабдықтарды тазалау, ысқылау, шаю;

қатты және жұмсақ әдіспен қалайылау және пісіру, кабельдерді төсеу, бөлу, ұзарту;

металл конструкциясына (бекітпелеріне) қызмет көрсету және профилактикалық жөндеу және ұсақ ақаулықтарды жою;

электргаздәнекерлеушісімен бірге жұмыс жасау;

тораптар мен механизмердегі майларды ауыстыру;

бекітпелерді тазалау және бояу.

277. Білуге тиіс:

метрополитен электрмеханикалық жабдығының жұмыс қағидаты;

қызмет көрсетілетін жабдықтар мен кабельдердің үлгілері;

сымдарды монтаждау тәсілдері;

жабдықтар мен металл конструкцияларының (бекітпелер) қызметі қағидаты және механизмдерінің жұмысы;

жұқарба мен құрал-жабдықтарды пайдалану тәртібі және құрылысы;

бөлшектерді тексеру және қиыстыру тәсілдері;

жинақталатын және дайындалатын бөлшектердің жөндеу өлшемдері туралы негізгі мәліметтер;

тотықтың пайда болу себептері және олармен күресу тәсілдері;

қолданылатын майлау материалдарының мақсаты, гидравликалық бекітпелерде қолданылатын сұйықтың қасиеті;

электрлі қондырғылармен қарапайым техникалық танысу, электртехника жөнінде қарапайым мәліметтер;

монтаждау кезінде такалаждық жұмысты енгізу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

металл конструкцияларының (бекітпелер) жұмыс жасау режимі.

88-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 3-разряд

278. Жұмыс сипаттамасы:

қол, электрмеханикалық, электргидравликалық жетекті және жергілікті пульттан және қолмен басқарылатын метрополитен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

станциялардағы қол жетегінен басқару жабдықтарын бақылау;

жабдықтарды, желілерді, станцияларды жергілікті және кешенді басқаруға қатысу;

қол жетекті жабдықтарды ашу және жабу кезіндегі ақаулықтарын жою;

11-12 квалитеттер (дәлдіктің 4-5 класы) бойынша жұмыстарды орындай отырып электрмеханикалық жабдық тораптарын бөлшектеу, жөндеу және құрастыру;

электрлі іске қосатын аппаратурасы мен шағын қуатты электрлі қозғалтқыштың жекелеген тораптары мен бөлшектерін жөндеу;

оқшаулау және жерсіндіру кедергісін өлшеу, сүзгілерді ауыстыру, шаю және жөндеу;

негізгі желдеткіштерді қоспағанда түрлі қызметтегі сорғылар мен желдеткіштерге қызмет көрсету;

ауа жеткізгіштерді, құбыржолдарды сынауға қатысу;

біліктілігі анағұрлым жоғары слесарь-электриктің басшылығымен аспаптар мен аппараттарды реттеу және түзету;

лампа, желілердің кернеулігін және сигнал беру деңгейін өлшеу;

реле схемалары телеавтоматикасын механикалық реттеу;

қоректендіру блогын тексеру;

қол қозғалтқышты бекітпе, электрмеханикалық қозғалтқышты қарапайым бекітпеге қызмет көрсету, жөндеу, басқару;

механизмнің жиналмалы тораптарын 100 атмосфераға дейін қысымда гидравликалық сынау;

байланыстырғыш кабельді муфта мен соңғы бекітпелерді монтаждау;

электрді үлестіруші шкафтарды, тақталарды, түйістіргілі панельдерді жөндеу, жинау және орнату;

түбегейлі схемажәне монтаждыңтаңбалануын тексеру;

оқшаулау материалдарын сызба бойынша өңдеу, кабельдердің зақым келген жерлерін жою;

біліктілігі жоғары слесарь-электриктің басқаруымен жабдықтар мен аппараттарды реттеу және дәлдемелеу.

279. Білуге тиіс:

жергілікті пульттан басқарылатын такелажды және қызмет көрсетілетін жабдықтардың құрылысы;
электрлі жіберу аппаратураның, аспаптар мен аппараттардың жұмысқағидаты;
жабдықтарды тот басудан тазарту әдістері;
жұмыс сызбалары мен электрлі схемаларды оқу тәртібі;
электртехника, механика, гидравлика және металдарды өңдеу технологиясының негізгі мәліметтері;
құрылымдар мен жабдықтарды жақындату габариттері;
жабдықтарды қоректендіру схемалары;
құбыржолдар, ауа жібергіштерді сынау тәртібі;
номинальды кернеу бойынша сақтандырғыштарды таңдау тәртібі;
тұрақты және ауыспалы ток көздері мен схемалар туралы жалпы мәліметтер, квалитеттер (дәлдіккластары);
қол бекітпелі және қарапайым механикалық бекітпелі металл конструкцияларының шарттары және пайдалану тәртібі, құрылысы;
жөнделетін металды конструкцияларын бекіту тәсілдері;
металды конструкциямеханизмдерінің бөлшектері мен тораптарын жөндеу және жинау;
көтерме-транспорттық механизмді пайдалану тәртібі;
электрлі қозғалтқыштардың құрылысы, іске қосуды реттеу аппаратурасы электрлі қозғалтқыштың жұмысы кезіндегі мүмкін жүктеме;
бақылау-өлшеу құрылғыларының мақсаты және құрылысы;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
электрден оқшаулау кедергісін сынау тәртібі.

89-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 4-разряд

280. Жұмыс сипаттамасы:

электрмеханикалық, электргидравликалық жетекті және дистанциялық пульттан және станциядан басқарылатын метрополитен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

негізгі желдеткіштерге қызмет көрсету;

коникалық, ирекше, гидравликалық домкрат редукторларын бөлшектеу, құрастыру;

7-10 квалитеттер (дәлдіктің 2-3 класы) бойынша бөлшектерді слесірлік өңдей отырып жұмыстарды орындауда ішпектерді, тісті дөңгелектерді ауыстыру;

түрлі жүйедегі релелерді, электр жіберетін аппаратура және тарды жөндеу және ауыстыру;

жабдықтарды басқару схемаларында диодтарды ауыстыру;
жабдықтарды басқару схемаларында ақаулықтарды жою және басқару схемалары жарамдылығын қамтамасыз ету;
жабдықтарды, желілерді, станцияларды сынауда қатысу;
реле қорғау, электрлі автоматика, телемеханика құрылғыларын тексеру және баптау ;
жөнделетін жабдықтардың ақаулықтарын айқындау және оларды жою;
күрделі біріктіру схемаларын монтаждау;
телеавтоматика құрылғылары кілттерін және релесін бөлшектеу және құрастыру;
телеавтоматика құрылғылары және орнату қоңырауы;
вентиляциялық, станциялық, түнелдік бекітпелерге қызмет көрсету, жөндеу және басқару;
редуктор, трансмиссия, гидравликалық домкраттарды жинау және бөлшектеу;
электрлі қозғалтқышпен әртүрлі жүйе релесін жөндеу;
жабдық, желі, станция сынақтарына қатысу;
біліктілігі анағұрлым жоғары слесарь-электриктің басшылығымен телеавтоматика схемаларын баптауды тексеруге арналған сынау схемаларын құрастыру.

281. Білуге тиіс:

қашықтықтағы пульттардан және станциядан басқаратын қызмет көрсетілетін жабдықтардың құрылысы;

тораптар мен бөлшектердің тозу нормасы;

түрлі технологиялық режимдердегі жабдықтарды басқару схемалары;

қысыммен істейтін ыдыстарды гидравликалық сынау, газ талдағыштардың жұмыс қағидаты;

жабдықтардың тораптары мен бөлшектерін бөлшектеу және монтаждаудың технологиялық кезектілігі;

тораптарды, бөлшектерді пісіру кезінде пайда болатын металдың деформациялануы мен ішкі кернеуліктерді жою тәсілдері және алдын алу;

электрлі жабдықтардың сызбалары мен схемаларындағы белгілер, шектеулер;

жөнделетін аспаптардың, механизмдер, аппараттардың баптау тәсілдері және құрылысы;

кедергілерді, күрделі біріктіру схемаларын есептеу тәртібі: металдарды өңдеу технологиясы, электртехника гидравлика, механика, электроника негіздері;

телеавтоматика аппаратурасының түбегейлі және монтажды схемалары, электрмен қоректендіру схемалары;

шлюздың және өзге де металл конструкцияларының мақсаты және құрылысы, механизмдер мен электрлі жабдықтарды монтаждау, бөлшектеу, жөндеу және таксерудің технологиялық кезектілігі;

қорғаныс және автоматика құрылысы;

әртүрлі рележүйесі конструкциялары;

металл деформациясы мен дәнекерлеу кезінде ішкі кернеуін ескеру және жою тәсілдері;

бекітпелерді дәнекерлеу және монтаждау кезінде туындайтын ақаулар, оларды жою тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

металл конструкциясының қызмет көрсету аумағында орналасқан барлық түрдегі бекітпелерді басқару тәртібі.

90-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 5-разряд

282. Жұмыс сипаттамасы:

сорғыларда, желдеткіштерде, клапандарда техникалық қызмет көрсету, жөндеу және баптау;

біліктердің сәйкес келуі, винт тіректердің, коникалық, ирекше реттегіштерін реттеу; жабдықтардың жұмыс соңында жақындату габаритін тексеру;

жекелеген тораптарды бөлшектеу, монтаждау жөніндегі күрделі такелажды жұмыстарын орындау;

6-7 квалиттеттер (дәлдіктің 1-2 класы) бойынша слесірлік жұмыстарды орындау; сүзгілерді ауыстыру;

кабельдерді төсеу және оларды ұштарына және электрлі қозғалтқыштарға қосу;

жергілікті автоматты басқару схемаларын жөндеу, реттеу, баптау;

түрлі технологиялық режимдегі жабдықтарды басқару;

электрлі өлшеу және реттеу блоктарындағы жұмыс;

түрлі технологиялық режимдерде сынауды жүргізу және басқару;

қашықтықтан басқару тізбектерінде қолданылатын түрлі жүйедегі датчиктерді, электронды блоктарды және электр жіберу аппаратурасын жөндеу, баптау, реттеу;

электрлі қозғалтқыштарды және такелажды жабдықтарды сынау;

бақылау-өлшеу блоктарын пайдалану тәртібі мен оларды теңшеу;

аса күрделі және дәлме-дәл аспаптарды түзету және монтаждау;

аспаптардың жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою;

электр аспаптарын өлшеудің өзге де түрлерімен қайта есептеу;

қызмет көрсетілетін жабдықтар мен телеавтоматика аппаратурасының электр сипаттамасын өлшеуді жүргізу;

телеавтоматика схемаларын тексеру және баптау сынау схемаларын құрастыру;

телеавтоматика жабдықтарын монтаждау;

телеавтоматика аппаратурасын орнататын орнында тексеру арқылы бөлшектерінің тозу себептерін және ақаулықтарын анықтау;

телеавтоматика схемасы тізбектерін сынау және баптау;

релеконтактілі аппаратураны тексеру, жөндеу және баптау;

барлық түрдегі бекітпелерге, типтік емес бекітпелерден өзге қызмет көрсету, басқару және жарамды жағдайда күту;

өзге қызметтегі тартылған жұмысшыларды бекітпенің барлық түрін басқаруға практикалық оқыту;

гидро қозғалтқышты, ілмекті және қорғағыш арматурасын және реттігін ауыстырып-қосқыш, тез қозғалғыш гидравликалық насосын жөндеу;

бекітпелердің жол құрылғыларымен жанасуын тексеру;

жөнделген жабдыққа техникалық құжаттама құру және енгізу.

283. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың құрылымдық ерекшеліктері, оларды жасаудың, қабылдау және монтаждаудың техникалық шарттары;

технологиялық режимдер бойынша автоматика жүйелерін сынау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі;

аралас құрылымды жабдықтардың орналасу тәртібі, сызбалардағы шектеу, отырғызу және белгілеу жүйесі, сызбаларды оқу;

қысыммен істейтін шыны сауыттарды пайдалану және құрылысы;

аспаптар мен автоматтардың жұмысындағы ақаулықтардың пайда болу себептері, олардың алдын алу және жою шаралары;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың техникалық сипаттамалары;

телеавтоматика және телесигнал берудің түбегейлі схемалары;

телеавтоматика жабдықтары мен арналарының электр нормалары;

күрделі бақылау-өлшеу аспаптарын баптау және реттеу тәртібі;

барлық типтегі бекітпелерді құру, конструкциялау, жөндеу, қызмет көрсету тәртібі;

такелажды және қарапайым дәнекерлеу жұмыстарын орындауды қабылдау;

металл конструкцияларын монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын ұйымдастыру тәртібі;

дистанциялық басқару және сонымен сигналдық, орталықтандыру және блокадалау құрылғыларының одақтасуы;

жол құрылысы;

ұсталған бөлшектерді қалыпқа келтіру тәсілдері;

гидрокоммуникация схемасы, дистанциялық басқару схемасы, блокадалау және электрлі қоректендіру жабдығын орналастыру;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

құрылғы жұмысының ақауларының пайда болу себебі және оларды жою тәсілдері.

91-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 6-разряд

284. Жұмыс сипаттамасы:

режимдік басқару схемалары мен тәжірибелік жабдықтарда техникалық қызмет көрсету, жөндеу, баптау және сынау;

қашықтықтан басқару схемаларында, автоматты режимде, автоматты жіберу схемаларында, командалық сигнал беру схемаларындағы ақаулықтарды анықтау және жою;

жабдықтардың жұмыс режимін тексеру;

барлық үлгідегі күрделі және дәлме-дәл аспаптарды, құрылғыларды, датчиктерді жөндеу, монтаждау, баптау;

жабдықтарды кешенді сынау жұмыстарын орындау және сынау барысындағы ақаулықтарды жою;

жабдықтардың бірліктестігін реттеу;

электронды платтарды тексеру;

күрделі релелік-контактілі схемаларды тексеру және реттеу;

электронды өлшеу аппаратура – осциллографтарды, жоғары жиіліктегі өлшегіштер мен генераторларды жұмыста пайдалану;

телеавтоматика жүйесін баптау;

үлгілік емес арнайы телеавтоматика аппаратурасын сынау схемаларын құрастыру;

телеавтоматика аппаратурасының аса күрделі құрылғыларын тексеру;

байланыс арналарының сигнал беру деңгейін реттеу;

барлық типті бекітпелерге қызмет көрсету, жөндеу және басқару;

өзге кәсіпорындармен бекітпелерді монтаждауды техникалық бекіту;

тексеру, жөндеу және сынау кезінде жабдықтарды пайдалануда ақауларды шығару және жою;

берілген режимде бекітпелерді жөндеу, реттеу және басқару.

285. Білуге тиіс:

телеөлшеу, телесигнал беру, телеавтоматика схемаларын баптау тәсілдерімен тәртібі;

электрлі өлшеу аспаптарының құрылысы, жабдықтардың жұмыс схемалары мен режимдері;

күрделі схемалар мен тораптардың тәжірибелік үлгілері;

жауапты тораптар мен бөлшектерді қалпына келтіру әдістері;

жұмыс істемейтін механизмдер мен бөлшектердің шекті жүктемесі;

түрлі режимдердегі жабдықтарды кешенді басқару тәсілдері;

жабдықтардағы ақаулықтарды табу тәсілдері және жолдары, оларды жою;

бекітпенің барлық түрінің конструкциясы;

жөндеудегі және сынақтағы жабдықтардың конструкциялары және техникалық сипаттамалары, сондай-ақ оның жұмыс режимдері;

автоматика құрылғысын бекіту тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы.

286. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

92-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 7-разряд

287. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық қызмет көрсету, күрделі датчиктерді, газ талдағыштарды тексеру және реттеу, датчиктерді, командалық сигнал беру жұмыстарын кешенді баптау және желілерді, объектіні басқару;

арнайы аппаратураның көмегімен бейне терминалдардағы стендтердегі есте сақтау блоктарын тексеру;

функционалдық-бағдарлаушы процессордың базасында байланыс тағандарына, телемеханикасы бар жеке электронды-есептеуіш машинаға қызмет көрсету;

автоматтандырылған жұмыс орындарын енгізу;

насосстарды, желдеткіш қондырғыларды күрделі жөндеу.

288. Білуге тиіс:

телеөлшеу, телесигнал беру, телеавтоматика және газ жабдықтарын схемалау тәсілдерімен тәртібі;

микросхемалардың электрлі өлшеу аспаптарының құрылысы және қызмет көрсетілетін жабдықтардың жұмыс режимі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

негізгі тораптар мен бөлшектерді қалпына келтіру әдісі, рұқсат етілетін жүктемелер және жабдықтар.

289. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

93-параграф. Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 8-разряд

290. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық қызмет көрсету, есептеуіш техника құралдары базасында жасалған тәжірибелі жабдықтарды басқару схемасы, жұмыс орындарын автоматты басқару жүйесін жөндеу, баптау және сынау;

есептеуіш техника құралдарын қолданумен жұмыс істейтін автоматика, телемеханика жүйелеріндегі кінәраттарды анықтау және жою;

есептеуіш техникалық құралдарды, энергияны есептеу жүйесінің құрылғысын және өзге де күрделі жүйелерді жөндеу, қызмет көрсету және баптау;

есептеуіш техниканың жекелеген блоктарын жөндеу, монтаждау, баптау, баспа платтарын жасау;

электрондық аппаратураны пайдалану.

291. Білуге тиіс:

есептеуіш техниканың, механика мен микропроцессордың күрделі схемалары мен тораптарының озық үлгілері;

әртүрлі режимде желілерді, объектілерді кешенді басқару тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

барлық жабдықтардағы кінәраттардың белгілері және оны анықтау, жою тәсілдері.

292. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

94-параграф. Мотовоз машинисі (көмекші)

293. Жұмыс сипаттамасы:

мотовозды басқару;

жүк тиеу-түсіру жұмыстарын, жұмысшыларды тасу және материалдарды тасымалдау жұмыстарын орындау;

станцияларда, түйін жинау базаларында маневрлік жұмыстарды орындау, жол машиналары қозғалысы, жол машиналардың жарамды бөліктері қуаты;

газ баллон және газ генератор мотовоздарына қызмет көрсетуде дизельді, электрлі жабдықтарды, тежегіш жүйесін, қоректендіру және майлау жүйелерін, сигнал беру және жүретін бөлшектерін, оның көтергіш жабдықтары мен газ тарату механизмін жарамды қалыпта ұстап отыру;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау;

тіркеме платформалардағы жүктің дұрыс тиелуін және бекітілуін қадағалау;

механизмдердің үйкеліс бөліктерін майлау және отын бактарына, дизельге жанармай құю;

мотовозды жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу.

294. Білуге тиіс:

мотовозды жүргізу тәртібі және құрылысы;

мотовоз механизмдерінің жұмысындағы ақаулық себептері, олардың алдын алу және жою тәсілдері;

жанар-жағармай материалдарының сипаттамалары және қасиеттері, оларға қойылатын талаптар;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;

тораптарды куэландыру және жөндеу тәртібі, түрлері, мотовоз, дөңгелек жұптарын және оның кран жабдықтарын техникалық байқау мерзімдері;

тиеу-түсіру жұмыстарын орындау тәсілдері және тәртібі;

адамдар мен жүктерді мотовозда тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника, механика және гидравлика негіздері.

295. Тар табанды теміржолдарда жұмыс істейтін мотовозды, көтергіш кранмен немесе өзге де арнайы құрылғылармен жабдықталмаған, кең табанды теміржолдарда жұмыс істейтін мотовозды басқару және оған қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

кең табанды теміржолдарда жұмыс істейтін көтергіш кранмен немесе өзге де арнайы құрылғылармен жабдықталған ағаш пен шымтезекті тасып шығару бойынша тар табанды уақытша теміржолдарда жұмыс істейтін мотовозды, мотовозды басқару және оған қызмет көрсету кезінде – 5-разряд;

мотовоз-электрстанциясын, сондай-ақ жұмысшыларды тасымалдайтын мотовозды, "метро" типті арбалардағы ұзын рельсті қамшыларды басқару және қызмет көрсету кезінде – 6-разряд.

296. Ескерту:

мотовоз машинисінің көмекшісі басқарып отырған машинистен бір разряд төмен тарифтеледі.

297. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

95-параграф. Мұнай өнімдерін таратушы, 5-разряд

298. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген тәртіпке сәйкес мұнай өнімдері мен сүртетін материалдарды қабылдау, сақтау, есепке алу және жіберу;

тепловоздарды жабдықтау үшін салқындататын су даярлау;

орнатылған насос жабдықтарына қызмет көрсету;

өңделген мұнай өнімдерін қабылдау және тапсыру;

есеп жүргізілетін материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, түгендеуді жүргізуге қатысу;

қойма аумағы мен орынжайларын тазалықта ұстау, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі тәртібін сақтау.

299. Білуге тиіс:

мұнай өнімдері мен сүртетін материалдарды сақтау, есепке алу және беру тәртібі;
насос агрегаттары мен өлшеу аспаптарының жұмысы және құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өртке қарсы құрал-сайманды пайдалану.

96-параграф. Орталықтандыру бекеті операторы (маршрут)

300. Жұмыс сипаттамасы:

орталықтандырылған бұрмаларды аудару және орталықтандыру немесе жергілікті басқару пультынан басқару;

басқару аспаптарының көрсеткіштері бойынша дұрыс бағдарлауды бақылау;

станцияның техникалық-өкімгерлік актісінде бекітілген тәртіп және нормамен тежегіш башмақтарды станциялық жолдағы жылжымалы құрамды бекіту;

пойыздарды қабылдау, жөнелту, жіберу және маневрлік жұмыс өндірісінде дыбыс және көрінетін сигналдарды жіберу;

жолдың бостығын тексеру, орталықтандырылған бұрмаларды курбелмен аудару, сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларының қалыпты жұмысы бұзылғанда дұрыс бағдарлауды тексеру;

теміржол станцияларының технологиялық жұмыс процесіне және техникалық-өкімгерлік актісіне сәйкес маневрлік аудандарда қызмет көрсетілетін қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету.

301. Білуге тиіс:

сигнал беру, орталықтандыру және блоктау және байланыс құрылғыларының жұмыс қағидаты, оларды пайдалану тәртібі;

тежегіш башмақтарының құрылысы және оларды пайдалану тәртібі;

сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыс өндірісінде пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету нұсқауы;

жүктерді тасымалдау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

теміржол станцияларының тиісті көлемінде техникалық-өкімгерлік актісі мен технологиялық процесі.

302. Орталықтандыру бекеттері мен жергілікті басқару пульттеріне өнеркәсіптік теміржол көлігінің аз пайдаланылатын маневрлік аудандарындағы бағыттамаалармен қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

магистральдық теміржол көлігі станцияларында, орталықтандыру бекеттерінде және өнеркәсіптік теміржол көлігінің кернеулі маневрлік аудандарындағы бағыттамаалармен жергілікті басқару пульттеріне қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

магистральдық теміржол көлігі станцияларының кернеулі маневрлік аудандарындағы бағыттамаалармен жергілікті басқару пульттеріне, магистральдық теміржол көлігінің бастамашыл маневрлік аудандарындағы бағыттамааларды орталықтандыру бекеттеріне қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

магистральдық теміржол көлігі станцияларындағы кернеулі маневрлік аудандардағы бағыттамааларды орталықтандыру бекеттеріне қызмет көрсету кезінде – 5-разряд.

97-параграф. Өзі жүретін салмақ тексеретін вагон машинисі (көмекші)

303. Жұмыс сипаттамасы:

кірме және таразылау жолдары шегінде оларды жылжыту кезінде өзі жүретін салмағын тексеретін вагонды және өзі жүретін салмақ тексеретін арбаларды басқару;

кран балканың көмегімен жолдағы өзі жүретін салмақ тексеретін арбаларды түсіру және орнату;

өзі жүретін салмақ тексеретін арбаларға үлгілік гирлерді салу;

вагон таразыларын, бақылау-таразы платформалар мен тауар таразыларын тексеру;

электр станция қозғалтқыштарына, көтергіш-көлік жабдықтары мен жетектеріне қызмет көрсету;

салмақ тексеретін вагон қозғалтқыштары мен жабдықтарын баптау және реттеу;

үлгілік гирьлердің жарамдылығын қамтамасыз ету және мемлекеттік тексеру таңбаларын тексеру;

салмақ тексеретін вагондардың жабдықтары мен құрылғыларын жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу;

пойыз құрамына қосқаннан кейін оны өз бетінше жылжыту және тоқтату кезінде вагонның салмағын өлшейтін вагон механизміне қосу.

304. Білуге тиіс:

салмақ өлшейтін вагонды пайдалану тәртібі және құрылысы;

салмақ өлшейтін вагонды техникалық тексеру, жөндеу және қуәландыру тәртібі мен мерзімдері;

үлгілік жабдықтар мен арбаларды мемлекеттік тексеру және белгі салу тәртібі;

салмақ тексеретін құрылғыларды салмақ өлшейтін вагонның көмегімен тексеру тәртібі мен әдістері;

салмақ өлшейтін арбаларға гирь салу тәртібі мен тәсілдері;

вагонға, арбаға және көтергіш-көлік жабдықтарын толтырудың шекті жүктемесі;
құрылғылар және құрал-саймандарды куәландыру мерзімдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника, жылу техникасы және механика негіздері.

305. Жүк өлшеуге арналған статикалық жағдайдағы вагон таразыларға қызмет көрсетуде – 6-разряд;

қозғалыста жүкті өлшеуге арналған вагондық электр механикалық таразыларға қызмет көрсетуде – 7-разряд;

жоғары дәлдіктегі салмақ өлшейтін эталондық және үлгілік салмақ өлшейтін аспаптар мен таразыларға және тіркеудің электронды құрылғыларымен және өлшеу нәтижелерін қашықтықтан беретін электронды құрылғылармен жабдықталған таразыларға қызмет көрсетуде – 8-разряд.

306. Ескерту:

өзі жүретін салмақ өлшейтін вагон машинисінің көмекшісі басшылығында істейтін машинистен бір разряд төмен тарифтеледі.

307. 6, 7 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

98-параграф. Паровоз қазандықтарын жылы сумен шаятын моторис, 3-разряд

308. Жұмыс сипаттамасы:

паровоз қазандықтарын жылы күйінде шаю және жандырмай салуға арналған сорғылар мен өзге де жабдықтарға қызмет көрсету;

паровоз қазандықтарын циркуляциялық салқындату;

паровоз қазандықтарын жылы күйінде шаю және жандырмай толтыру;

казандықты шаюға арналған химикаттарды пайдалана отырып жылы судың берілген температурасын дайындау;

бақылау-өлшеу аспаптары бойынша оның деңгейін және температурасын бақылау және паровоз қазандықтарына су жіберу;

паровоз қазандықтарын қысыммен сығымдау.

309. Білуге тиіс:

түрлі жүйедегі паровоз қазандықтарының, булы су аккумуляторларының, сүзгілердің, электрлі қозғалтқыш сорғыларының құрылысы;

жабдықтарды жөндеу және жарамды қалыпта ұстау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

паровоз қазандықтарын жылы күйінде шаж және жандырмай толтыру технологиялық процесі.

99-параграф. Паровоз қазандықтарын шаюшы, 3-разряд

310. Жұмыс сипаттамасы:

паровоз қазандықтарын, түрлі жүйедегі кран бу қазандықтарын және қысыммен істейтін паровоз тендерлерін шаю;

шаю тығындарын, зәкір, жапсырмалы, тендерлік шаю люктерін тексеру және түзету ;

арнайы құралдардың көмегімен қазандық жиектеріндегі қалдықтарды тазалау;

тығын люктеріне және асбест люктерге арналған паронитті төсем дайындау және отырғызу;

люктар мен шаю тығындарын шаю және герметикалығын тексеру.

311. Білуге тиіс:

паровоздар қазандықтары мен түрлі жүйедегі бу крандарының шаю құю тәртібі, құрылысы;

казандықтардағы қаспақтардың жиналатын жері;

су жіберетін су құбырлары мен жабдықтарының құрылысы;

шаю түрлері, қазандықтарды тазалау және шаю жолдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

шаю люктарын ашу және жабу, шлангілерді біріктіру тәртібі.

100-параграф. Паровоз машинисі, 8-разряд

312. Жұмыс сипаттамасы:

паровозды басқару және теміржол қатынас жолы пішінен, пойыз салмағынан тәуелді, қозғалыс кестесін сақтай отырып, белгіленген жылдамдықпен пойызды енгізу және паровозды басқару;

жолаушыларды тасымалдау және қызмет көрсету мәдениеті қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету;

көмір және мұнай өнімдерінің ең аз шығынында паровозды енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

паровозды қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, барлық тораптар, жүйелер, электрлік және механикалық, тежегіштік және қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғысын және құмды түсіру құрылғысын қарау және қызметтерін тексеру;

паровозды жұмысқа дайындау және жабдықтау;

паровозды пойыздан немесе вагондар тобынан ағыту жәнетіркеу;
тежегіштерді сынау;
маневрлік жұмыстарды орындау;
паровоздың құрамның бірінші вагонымен және әуе саласы байланысымен тіркелуін бақылау, сондай-ақ араларындағы ақырғы кранды ашуды бақылау;
паровоздың тежегіш құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру және қызметінің дұрыстығын тексеру;
теміржол қатынас жолының бос екенін, контактiлі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік маршруттарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, паровоз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинис көмекшісінің қайталауын бақылау;
белгіленген дабылдарды беру;
пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге және құжаттарға сәйкес орындау;
бекітілген регламенттерге сәйкес сөйлесу құрылғысы арқылы келіссөздер жүргізу;
паровоз машинисіне арналған бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес паровозға техникалық қызмет көрсету;
бу машинасы, қазан және оның гарнитурасы мен темір арқауын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
электрлік, механикалық, тежегіш, қосымша жабдықтарды, оттыққа көмір жіберу немесе мұнай өнімдерін жіберу жабдығын, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;
пойыз жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды отырғызу, түсіру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
паровоздың механикалық бөлігінің, тұрғызу тораптарының, дөңгелек жұбының аралық станцияларда тоқтаған кездегі жағдайын тексеру;
паровоздағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса - пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;
кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде паровозды тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;
паровоз машинисі көмекшісін, сондай-ақ, "паровоз машинисі көмекшісі" мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды паровозды күту, қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдіс-тәсілдеріне үйрету.

313. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

паровоздың техникалық сипаттамалары, оларды басқару тәртібі, құрылысы;
паровозды пайдалану және оны күтудің белгіленген тәртібі;
тежегішті басқарудың технологиясы және құрылысы;
теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері;
теміржол қатынас жолы схемалары;
жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;
паровозды пайдалану кезінде ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету тәртібі;
отын шығынын және майларды үнемдеудің негізгі режимдері;
бу машинасы, қазан және оның гарнитурасы, электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық, тежегіш құрылғысы, көмір жіберу немесе мұнай өнімдерін оттыққа жіберу жабдығы ақауларын шығару және жою тәсілдері;
теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;
пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;
теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
жүк пен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі ережелер;
стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;
қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;
автоматика және байланыс құрылғысы жұмысы мен пайдалану тәртібі;
тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;
пойыздар қозғалысы кестесі;
электртехника, жылу техникасы, теориялық механика негіздері.

314. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

315. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және паровозды басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

101-параграф. Паровоз машинисінің көмекшісі, 7-разряд

316. Жұмыс сипаттамасы:

бу машинасы, қазан, механикалық, электрлік, тежегіш, қосымша және өзге де құрылғыларды паровоз машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;
паровозды машиниспен бірлесіп қабылдау және тапсыруға қатысу;
түйіндер мен бөлшектерді майлау, жабдықтау, паровозды жұмысқа даярлау;

паровозды бірінші вагонға тіркеу: тежегіш магистралінің соңғы жеңіне біріктіру, тежегіш магистралі соңғы крандарын ашу;

паровозды құрамнан ағыту: тежегіш магистралі алдын ала ажыратып алынған автоматты біріктіргішті ағыту;

паровозды күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау бойынша паровоз машинисі тапсырмаларын орындау;

оттық және түтіндік қорап пен күлдікті тазалау және толтыру;

қазандағы будың қажетті қысымын және судың нормадағы деңгейін қалыпта ұстау;

паровозды қысқы жағдайдағы жұмыстарға даярлау;

сәйкес нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу үшін паровозды бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарларды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны паровоз машинисімен қайталауын және орындалуын бақылау;

бекітілген сигналдарды беру, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

паровоздағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

317. Білуге тиіс:

локомотивті бригаданың ережесі;

паровоздың қызмет көрсететуін пайдалану тәртібі және құрылысы;

паровоздың техникалық сипаттамалары;

паровозды пайдалану кезінде белгіленген қызмет көрсету және күту тәртібі;

тежегішті басқару технологиясы және құрылысы;

теміржол қатынас жолы бейіні, жол белгілері;

қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

паровозға ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің негізгі ережелері;

бу машинасы, қазан, механикалық, электрлік, тежегіш және паровоздағы қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

пойыздар қозғалысы кестесі;

электртехника, жылу техникасы, механика теориясының негіздері.

318. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

319. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және паровоз машинисі көмекшісі куәлігі талап етіледі.

102-параграф. Пойыз электромеханигі, 5-разряд

320. Жұмыс сипаттамасы:

ауаны электрмен жылытпай немесе салқындатпай вагондардан тұратын жолаушы пойыздарына техникалық қызмет көрсету;

аспаптар бойынша ақауларды анықтау және электр жабдығының жұмысында туындайтын ақаулықтарды жою, роликті мойынтіректері бар буксалардың, редукторлы-карданды жетектердің, аккумулятор батареяларының, жылытуды сумен жабдықтау құрылғыларының, вагон ішіндегі электр және тоңазытқыш жабдығының, электр жарықтандыру желісінің, генераторлардың, ток түрлендіргіштердің, компрессорларды түзеткіштердің, конденсаторлардың қызуын бақылау жүйесі, су құю сигнализаторларын, жылыту аспаптарын, вагонаралық электр қосылыстарын, барлық үлгідегі қызмет көрсетілетін вагондардағы поездық телефон байланысы, радиобайланыс және радиохабар желісі ішіндегі артқы сигнал беру және қондыру шамдары, радио пункт антенналары, желдеткіш қондырғылары, аппаратуралардың техникалық жай-күйін тексеру, жұмысын қадағалау;

көлік пойыздарының құрамын қалыптастыру және айналу пункттеріндегі пойыз электрмеханигінің өтінімі бойынша орындалатын жөндеу жұмыстарының сапасы мен көлемін тексеру;

белгіленген құжаттаманы жүргізу;

пойыз бригадасы қызметкерлеріне апаттық жағдайда жолаушы вагондарда пайдаланылатын құрылғылары мен жабдықтарына нұсқамалықеңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі техникалық қызмет көрсету;

жүру жолында вагондардың электрлі жабдықтарын жөндеу.

321. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі жолаушы вагондарының қызмет көрсетілетін жабдықтары мен құрылғыларының кинетикалық, электрлісхемалары және құрылысы;

вагондардың жекелеген бөлшектері мен тораптарының, құрылғылары мен құрылымдарының техникалық сипаттамалары;

вагондардың бөлшектері мен тораптарын пайдалану, техникалық көрсетілімдері және тәртібі, жасаушы-зауыт нұсқаулары, жөндеуде жол берілетін шектеулер мен нормалары;

жолаушы вагондарының тораптарына қызмет көрсетуде, жөндеу және сынауда қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылары мен құралдарының құрылысы және конструкциясы және оларды қолдану тәртібі;

электртехника және механика негіздері;

вагондарды рейске техникалық дайындау, құрамды қабылдау және тапсыру тәртібі;

вагон бөлшектері мен тораптарының жұмысындағы ақаулықтарды анықтау, алдын алу және жою тәсілдері;

жолаушы пойыздарының вагондарына техникалық қызмет көрсету және жабдықтау пункттерінің орналасуы;

жолаушы пойыздарының қозғалысы кестесі;

жолаушы пойыздарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету нұсқаулары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

322. Электр жылытуы бар немесе электр жылытуы жоқ ауа кондиционерінен тұратын вагондар жолаушылар пойызының жолда жүруіне техникалық күтім жасау кезінде – 6-разряд;

қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған, микропроцессорлық элементтер базасы бар вагондардан тұратын жолаушылар пойызының жолда жүруіне техникалық күтім жасау кезінде – 7-разряд.

323. 6 және 7-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

103-параграф. Пойыздағы жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы (аға)

324. Жұмыс сипаттамасы:

жүк және багаждарды қабылдау, тиеу, топтау және оны станцияларда түсіру және тапсыру;

қалыптастыру жоспарына сәйкес вагондағы жүк және багажды оңтайлы орналастырылуын қамтамасыз ету;

ішкі және халықаралық қатынастағы пойыздарда жүк және багаждарды қабылдауда ілеспелі құжаттарын рәсімдеу;

жалпы салмағы 500 килограммнан жоғары немесе салмағы 80 килограммнан жоғары орын алатын багаж және жүк багажын қабылдау қажеттілігі туралы телеграммамен немесе телефон арқылы хабарлау;

пойыздардың станцияда тұратын уақытында тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ету;

тасымалдауға жататын және жолда берілген жүк және багаждарды есепке алу;
вагондарды жылыту, ылғал және құрғақтай жинауды қамтамасыз ету, вагонның техникалық жағдайын қадағалау.

325. Білуге тиіс:

багаж және жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

вагондарға тиеудің оңтайлы схемалары;

жүк және багажды тасымалдауды есепке алу және құжаттарды рәсімдеу тәртібі;

қызмет көрсетілетін жүйе және оның құрылғы тәртібі және багаж вагонының құрылысы;

теміржол схемалары, пойыз қозғалысы кестелері және станцияларда тұру уақыты - қызмет көрсетілетін учаске шегінде;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

326. Қала сырты қатынасындағы, атап айтқанда почталық-багаж пойыздардағы жұмыс кезінде – 2-разряд;

жергілікті және алыс жақтарға қатынайтын почталық-багаж пойыздардағы жұмыс кезінде – 3-разряд;

халықаралық қатынайтын пойыздардағы жұмыс кезінде – 4-разряд.

327. Ескерту:

пойыздарда жүк пен багажды аға қабылдау-тапсырушы өзі басқаратын пойыздардағы жүктер мен багажды қабылдау-тапсырушылардан бір разряд жоғары тарифтеледі.

104-параграф. Пойыз қабылдаушы (аға)

328. Жұмыс сипаттамасы:

жүк тасымалдау тәртібіне және жүк тиеу және бекіту техникалық шарттарына сәйкес коммерциялық тексеру пункттері жоқ теміржол станцияларының коммерциялық тексеру пункттерінде және кірме жолдарында жүк артылған вагондарда коммерциялық тексеруді бекіту-пломбылау құрылғыларын қабылдау және жүзеге асыру;

пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау үшін коммерциялық қатынаста пойызды қарап шығу, оларды жою жұмыстарын басқару және коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау;

жүктің сақталуын тексеру не қайта жүктеуді қажет ететін анықталған коммерциялық кемшіліктерді хабарлау;

жөндеуге келмейтін вагондарды ағыту туралы маневрлік диспетчерге наряд беру;

коммерциялық кемшіліктерді жою жұмыстарының көлемін, оларды орындау тәртібін анықтау, вагондар мен контейнерлердегі жүктің бар екенін және жағдайын анықтау;

коммерциялық кемшіліктерді жойғаннан кейін вагондарға бекіту-пломбылау құрылғыларын ілу және пломбылау кітабына жазу;

белгіленген жағдайда жалпы үлгідегі актілерді рәсімдеу және сақталмайтын жүктерге оперативтік жеткізуді дайындау;

коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабына пойыз және вагондарды тексеру нәтижесін жазу;

жылжымалы құрамның тоқтап тұру мерзімін қысқарту шараларын қабылдау және бақылауды жүзеге асыру;

коммерциялық кемшілікті вагондарды өткізу жағдайларын тексеруге қатысу.

329. Білуге тиіс:

пойыздар мен вагондарды коммерциялық тексеру тәртібі;

теміржолмен тасымалдауда қауіпті жүктермен болатын апаттық жағдайларды жою мен қауіпсіздік тәртібі;

коммерциялық тексеру пункті жұмысының технологиялық процесі;

түрлі үлгідегі вагондардың жүк бөлігінің құрылысы;

жүктерді тиеу және бекітудің техникалық шарттары;

жүктерді тасымалдау тәртібі;

коммерциялық кемшіліктер мен ақаулықтар туралы актілер мен өзге де құжаттарды рәсімдеу тәртібі;

станция жұмысының технологиялық процесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

330. Коммерциялық тексеру пункттері жоқ теміржол станциялары кірме жолдарындағы жүк вагондарын коммерциялық тексеруде – 3-разряд;

II класты теміржол станцияларының коммерциялық тексеру пункттеріндегі жүк артылған вагондарды коммерциялық тексеруде – 4-разряд;

I класты және кластан тыс теміржол станцияларын коммерциялық тексеру пункттеріндегі жүк артылған вагондарды коммерциялық тексеруде – 5-разряд;

жол аралық және мемлекет аралық теміржол станцияларындағы коммерциялық тексеру пункттеріндегі жүк артылған вагондарды коммерциялық тексеруде – 6-разряд.

331. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

105-параграф. Пойыз құрастырушы (көмекші)

332. Жұмыс сипаттамасы:

маневрлік локомотив қозғалысын радиобайланыс, дыбыс және қолмен басқару;
маневр жасауға қатысатын қызметкерлердің іс-қимылының дұрыс орналасуын және келісушілікті қамтамасыз ету;

вагон құрамы мен топтарын қалыптастыру және тарату;

вагондарды пойыздарға тіркеу және ағыту, вагондарды тиеу-түсіру және өзге де мамандандырылған жолдарға қою, оларды сол жолдардан шығару;

вагондар мен құрамдарды жолдан жолға, паркпен паркке орнын ауыстыру, бір станциядан екінші станцияға жіберу;

жол тұрған вагондар мен құрамдарды тежегіш башмақтарымен бекіту және қоршау, оларды вагондардан алып тастау;

пойыздардың автоматты тежегіштерін сынауға қатысу;

жергілікті басқаруға берілген бұрма бекеттерінің немесе орталықтандырылған бұрмалардың кезекшілері қызмет көрсетпейтін маневрлік орталықтандырылмаған бұрмаларды ауыстыру;

сұрыптау бекеттеріндегі құрамдарды тарату кезінде вагондарды ажырату;

жүргізу сапасы және ағыту салмағына байланысты құрамды тарату процесінде қаусырма жылдамдығын реттеу;

жылжымалы құрам және жүктің сақталуын, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

радиостанцияларды, сигнал беру жабдықтарын тазалықта және жарамдылықта ұстап отыру.

333. Білуге тиіс:

жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

қызмет көрсетілетін станция жұмысының технологиялық процесі және техникалық-өкімгерлік актісі;

пойыздарды қалыптастыру жоспары;

тежегіш башмақтарының құрылысы мен оларды пайдалану тәртібі;

жергілікті басқаруға берілген орталықтандырылған және орталықтандырылмаған бұрмаларды аудару тәртібі;

вагондар мен контейнерлердің құрылымы туралы жалпы мәліметтер;

жоспары, бейіні, мамандандыру және сыйымдылығы, қызмет көрсетілетін маневрлік аудандардағы вагондарға тиеу-түсіру пункттерінің орналасуы;

радиостанциялар мен өзге де байланыс құралдарын сақтау және пайдалану тәртібі.

334. Өнеркәсіптік теміржол көлігінің шамалы жұмыс істелетін аудандарындағы маневрлік жұмыстарды орындау кезінде – 3-разряд;

магистральді теміржол көлігі станцияларындағы шамалы жұмыс істелетін маневрлік аудандарында және өнеркәсіптік теміржол көлігінің кернеулік маневрлік аудандарында маневрлік жұмыстарды орындау кезінде – 4-разряд;

магистральді теміржол көлігі станцияларындағы шамалы жұмыс істелетін аудандарында және өнеркәсіптік теміржол көлігінің кернеулік маневрлік аудандарында маневрлік бір пойызарды құрастырушы жұмыс істеген кезде маневрлік жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд;

өнеркәсіптік теміржол көлігінің кернеулік маневрлік аудандарында маневрлік жұмыстарды орындау кезінде;

шағын және орташа қуатты сұрыптау төбешіктерінде құрамдарды ажырату-қалыптастыру кезінде – 6-разряд;

магистральдық теміржол көлігінің станцияларындағы шиеленісті маневрлік аудандарда маневрлік жұмыстарды орындау кезінде, пойыз құрастырушысы "бір" тұлға ретінде жұмыс істегенде;

үлкен және жоғарлатылған қуатты сұрыптау төбешіктерінде құрамдарды ажырату-қалыптастыру кезінде – 7-разряд.

335. Ескерту:

пойыз құрастырушысының көмекшісі басшылығында істейтін пойыз құрастырушысынан бір разряд төмен тарифтеледі.

336. 6 және 7-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

106-параграф. Польштерлі қылқалам тоқушы, 2-разряд

337. Жұмыс сипаттамасы:

польштерлі қылқалам, буксты жіп, кордты жіп және шпагатты жіптен иірілген біліктердің қапшықтарын қолмен тоқу тәсілі;

жіпті орау және тарқату;

қорап иірілген жіптерді, жіптер мен өнімдерді өндірудің техникалық шарттарына сәйкес сұрыптау және дайындау.

338. Білуге тиіс:

польштерлі қылқалам және өзге де бұйымдарды жасауда қолданылатын жіптің сұрыптары;

техникалық шарттарға сәйкес жіптің қасиеті;

жіпті орау және иіру жолдары;

польштерлі қылқаламды орау кезінде қолданылатын бауды иіру тәсілдері;

дайын бұйымдардың мөлшерлері.

107-параграф. Польштер қылқалам тоқушы, 3-разряд

339. Жұмыс сипаттамасы:

польстер қылқалам, буксты жіп, кордты жіп және шпагатты жіптен иірілген біліктердің қапшықтарын тоқу машинасында тоқу;

машинаны іске қосу және тоқтату;

инелерін ауыстыру;

жіптің тығыздығы мен созылуын реттеу;

машинаны тазалау және майлау;

даяр бұйымдардың мөлшерін өлшеу.

340. Білуге тиіс:

машинаның негізгі бөлшектерінің өзара іс-әрекеті және құрылысы;

машинаны іске қосу және тоқтату жолдары;

жіп нөмірлері, тоқу сапасына қойылатын талаптар.

108-параграф. Рельстік автобус машинисі, 8-разряд

341. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол қатынас жолы пішінен тәуелді, қозғалыс кестесін сақтай отырып, белгіленген жылдамдықпен рельстік автобусты басқару және жүргізу;

жолаушыларды тасымалдау және қызмет көрсету мәдениеті қауіпсіздігін және рельстік автобустың сақталуын қамтамасыз ету;

дизельді отынмен және майлаудың ең аз шығынында рельстік автобусты енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

рельстік автобусты қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, тораптар, жүйелер, электрлік, механикалық, тежегіштік және қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғысын және құмды түсіру құрылғысын қарау және қызметтерін тексеру;

рельстік автобусты жұмысқа дайындау және оны отын, салқындатқыш су, майлаушы маймен, майлар, құммен жабдықтау;

тежегіштерді сынау;

рельстік автобустың тежегіш құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру және қызметінің дұрыстығын тексеру;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойызар жағдайын, бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, рельстік автобус қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинис көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру, пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

рельстік автобус машинисіне арналған бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес рельстік автобустың техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш, қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

рельстік автобус жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды отырғызу, түсіру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

жолаушылардан рельстік автобус қазғалысына қауіп төнгені туралы деректер алған жағдайда апаттық жағдайдың алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

белгіленген құжаттаманы жүргізу;

рельстік автобустағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса – рельстік автобус тұрған теміржол аумағын рельстік автобустың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде рельстік автобусты тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

рельстік автобус көмекшісінің жұмыс орындау кезінде оның функцияларын нұсқауға сәйкес орындау;

рельстік автобусты пайдалану кезінде оған қызмет көрсетілетін жұмысшылар жұмысын басқару, қызметтерін бақылау;

рельстік автобус машинисі көмекшісін, сондай-ақ, "рельстік автобус машинисі көмекшісі" мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды рельстік автобусты күту, қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдіс-тәсілдеріне үйрету.

342. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

рельстік автобустың техникалық сипаттамалары, құрылысы, оларды басқару тәртібі;

рельстік автобусты пайдалану кезінде күту тәртібі;

тежегішті басқару технологиясы және құрылысы;

теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдықтары;

жылжымалы құрамды тіркеу, ағыту тәртібі;

рельстік автобустың ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің негізгі тәртібі;

дизельді отынды шығындауды үнемдеудің негізгі режимдері;

электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық ақауларды шығару және жою тәсілдері;

қолданыстағы бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;

тораптар мен дөңгелек жұптарын жөндеу және куәландыру, техникалық тексеру мерзімі және түрлері, тәртібі;

электртехника, радиотехника негіздері;

гидрохобардың негізгі функциялары және жұмыс қағидаты;

теміржолдарды техникалық пайдалану ережелері;
пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;
теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;
жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі ережелер;
стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;
қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;
автоматика және байланыс құрылғысы жұмысы мен пайдалану тәртібі;
тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
пойыздар қозғалысы кестесі;
3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс.

343. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

344. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және рельстік автобусты басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

109-параграф. Рельстік автобус машинисінің көмекшісі, 7 разряд

345. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық, электрлік, тежегіш, қосымша және өзге де құрылғыларды рельстік автобус машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

рельстік автобусты машиниспен бірлесіп қабылдау және тапсыруға қатысу;

түйіндер мен бөлшектерді майлау, жабдықтау, рельстік автобусты жұмысқа даярлау;

рельстік автобусты күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау бойынша газ турбовозы машинисінің бұйрықтарын орындау;

сәйкес нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу үшін рельстік автобусты бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны рельстік автобус машинисі көмекшісінің қайталауын бақылау;

рельстік автобус жолаушыларына қалған пункттер мен өзге де ақпараттарды хабарлау;

жолаушыларды отырғызу және түсіру қауіпсіздігін бақылау;

бекітілген сигналдарды беру, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

рельстік автобустағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

346. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

рельстік автобуста қызмет көрсететуді пайдалану тәртібі және құрылысы;

рельстік автобустың техникалық сипаттамалары;

рельстік автобусты пайдалану кезінде қызмет көрсету және күту тәртібі;

тежегіштер құрылысы және оларды басқару технологиясы;

теміржол қатынас жолы бейіні, жол белгілері;

қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

рельстік автобусты пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

механикалық, электрлік, тежегіш және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамды ағыту және тіркеу тәртібі;

төтенше тежеу әдістері;

тежегіш башмақтарын пайдалану ережелері;

теміржолдарды техникалық пайдалану ережелері;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

пойыздар қозғалысы кестесі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

347. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

348. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және рельстік автобус машинисі көмекшісінің куәлігі талап етіледі.

110-параграф. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері, 4-разряд

349. Жұмыс сипаттамасы:

жөндеу-технологиялық телімдегі сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғысының бөлшектері мен түйіншектерің сырлау, тазалау, құрастыру, өңдеу;

кабель желісін төсеу және монтаждау, бригадалық және индустриялық әдісте станция мен перегондағы сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғыларына қызмет көрсету кезінде көмекші жұмыс орындау.

350. Білуге тиіс:

жөндеу-технологиялық телімдегі сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғысын сырлау және тазалау, құрастыру технологиясы және тәртібі, құрылысы;

өлшеу аспаптары және құралын пайдалану тәртібі;

сигнал беру, орталықтандыру, блоктаудағы сигналды-блоктау кабелін төсеу технологиясы мен шарты;

жақындау құрылымы мен жылжымалы құрам габариттері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника және механика негіздері.

111-параграф. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері, 5-разряд

351. Жұмыс сипаттамасы:

едендік сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғысын жарамды күйде ұстау, ағымдағы жөндеу, ауыстыру, қалыпты күйге келтіру, тазалау (бағдаршам, бағыттағыш электржетектерді гарнитуралық бекіту, бағыттағыш, жол аралық және түйіспе біріктіргіш, тұйықтағыш жол және трансформатор жәшігі);

тежегішті әдіс пен пневматикалық пошта сұрыптайтын станция үшін ауа желі құбырна техникалық қызмет көрсету.

352. Білуге тиіс:

едендік сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құрылғысына, ауа желі құбырына, пневматикалық поштаға техникалық қызмет көрсету нормалары, тәртібі, құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

112-параграф. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері, 6-разряд

353. Жұмыс сипаттамасы:

маршрут-бақылау құрылғысын бақылау бағыттағыш құлыпын, электржезлды жүйесін, жартылай автоматты бұғаттау, сигнал беру және байланыс ауа мен кабельдік желісі мен бірге жарамды күйде ұстау, ағымдағы жөндеу және ауыстыру;

пойыз жылдамдығын бақылауынан тысқары нүктелі үлгілі және құрылғылы электрмеханикалық автоаялға қызмет көрсету;

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау аппаратурасы мен жабдықтарды жөндеу-технологиялық учаскелерде механикалық және электрлік реттеу;

техникалық құжаттамаларды жаңарту және көшірмесін жасау.

354. Білуге тиіс:

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау және байланыс ауа мен кабельдік желісі, электромагнитті жүйенің құралдарының механикалық және электрлік сипаттамалары, маршрут-бақылау құрылысы, бақылау бағыттағыш құлыпның, электрлі жезл жүйесінің, жартылай автоматты бұғаттау құрылысы, тәртібі, нормасы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

355. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

113-параграф. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері, 7-разряд

356. Жұмыс сипаттамасы:

бекітілген кестеге сәйкес автоматты локомотивтің сигнал беру, жылжымалы құрамның қашықтықтан-сынау жүйесін бақылау құрылғыларында, пойыздардағы контактісіз букстарды қыздыру аппаратурасында техникалық қызмет көрсету;

жөндеу-технологиялық учаскелердегі кодты және электронды сигнал беру, орталықтандыру, блоктау аппаратурасын алғашқы механикалық және электрлік реттеу;

қорғау құралдарын қызудан сақтау құралдарын тексеру;

автоматты бұғаттау, электрлік, диспетчерлік, дөңестік орталықтандыру құрылғыларының ақаулықтарын анықтау.

357. Білуге тиіс:

пойыз жүріп келе жатқан жылжымалы құрамды қашықтықтан-сынау жүйесі, пойыздарда қызып кеткен букстерді контактісіз анықтауға арналған аппаратураның, автоматты бұғаттау, электрлік, диспетчерлік, дөңестік орталықтандыру, автоматты локомотив сигнал берудің құрылысы және жұмыс істеу қағидаты;

құрылғыға қызмет көрсетілетін электрлік схемалар;

кодты және электронды аппараттың, артық күш жұмсаудан қорғау құрылғысының механикалық және электрлік сипаттамалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

358. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

114-параграф. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері, 8-разряд

359. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты бұғаттау, электрлік, диспетчерлік, дөңестік орталықтандыру құрылғыларында техникалық қызмет көрсету: ақаулықтарын анықтау және оларды жою;

реттеу және монтаждау жұмыстарын орындау;

сигнал беру, орталықтандыру, блоктау құралының әрекеттегі құрылғылардағы аппараттар мен құралдарды ауыстыру;

сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларындағы электронды аппаратуралар мен микропроцессорлық техника құрылғыларына қызмет көрсету және ауыстыру;

вагон баяулатқыштарда техникалық қызмет көрсету, жөндеу алаңдары мен жолдарда оларды құрастыру және реттеу, вагон баяулатқыштарды сұрыптау төбесінде ауыстыру;

жүк құжаттарын жіберу жөніндегі пневматикалық почта агрегаттарына техникалық қызмет көрсету, реттеу және ауыстыру;

автоматты локомотивтік сигнал беру құрылғыларымен және жылдамдықты автоматты реттеу құрылғыларымен жабдықталған рельс тізбектеріне қызмет көрсету.

360. Білуге тиіс:

автоматты бұғақтау, электрлік, диспетчерлік, дөңестік орталықтандыру құрылғыларының, автоматты локомотивтік сигнал беру құрылғыларымен және жылдамдықты автоматты реттеу құрылғыларымен жабдықталған рельс тізбектерінің электрлік және монтаждау схемалары;

қызмет көрсетілетін құрылғылардың ақаулықтарын табу және жою әдістері және тәсілдері;

орталықтандырудың қолданыстағы құрылғыларын ажырату тәртібі мен байланыстарын тексеру;

электронды құрылғылар мен микропроцессорлық техника құрылғыларының жұмыс қағидаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

361. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

115-параграф. Сигнал беруші, 4-разряд

362. Жұмыс сипаттамасы:

жолда тұрған вагондар мен құрамдарды станцияның техникалық-өкімгерлік актінде бекітілген тәртіп және нормалармен тежегіш башмақтарымен (тежегіш құрылғыларымен) бекіту, оларды алу;

қабылдау кезінде және пойыздарды өткізу, аттандыру маневрлік жұмыстарды жасау кезінде дыбыс және көрінетін сигналдарды жіберу;

жұмыс орнында тежегіш башмақтарының бар екенін бақылау және олардың дұрыс жарамдылығын тексеру;

жолдың бос екенін тексеру, орталықтандырылған бағыттамаларды бұру, сигнал беру, орталықтандыру және блокадалау жабдығы жұмысы бұзылған жағдайда пойыздарды қабылдау, жіберу және өткізу кезінде бағытты дайындау дұрыстығын тексеру;

пойыз соңын белгілеу үшін сигналдарды ілу және алып тастау;

ауыспалы сигнал мен петардаларды орнату және күзету, жол жұмыстарын өндіру орнын қоршайтын сигнал белгілерін орнату;

өтіп жатқан пойыздарды бақылау және жол жұмыстарының басшысына дыбысты және көрінетін сигналдарды уақытылы беру;

жол жұмыстары басшысының рұқсатымен қоршау сигналдары мен петарданы алып тастау.

363. Білуге тиіс:

жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жұмысына қатысы бар станция жұмыстарының бөлігінің техникалық-өкімгерлік акті мен технологиялық процесі;

тежегіш құрылғысының жұмысы қағидаты және оларды пайдалану тәртібі;

тежегіш башмақтары құрылысы және оларды пайдалану тәртібі;

бағыттамалы бұрма мен оқшаулау аудандарының орналасуы, орталықтандырылған бұрма туралы жалпы мәліметтер және бұру тәртібі;

пойыз сигналдары және олар арқылы пойыз соңын белгілеу тәртібі;

ауыспалы, қол және дыбыс сигналдары, сигналды белгілер;

жол жұмыстарын өндіру және алмалы жылжымалы бірлік орындарын сигналдармен және сигнал белгілерімен қоршау схемасы;

сигнал, сигнал белгілері және петардты орнатудың тәртібі;

ауыспалы телефон байланысын және ауыспалы радио станцияларын пайдалану тәртібі.

116-параграф. Сорғытушы, 2-разряд

364. Жұмыс сипаттамасы:

су тегеуріні шлангілерінің, қол аспаптарының және құрылғылардың көмегімен түнел және станциялық сорғыларды, құдықтарды, кабельді және желдеткіш коллекторларды, станциялық платформаларды, қатты жол тұғырларын, жол жағалары мен метрополитен түнелдерін шаю және тазарту;

су тегеурінді шлангілерді су тегеурінді желіге қосу және ажырату;

дренажды тележка көмегімен құрал, құрал-сайманды жұмыс орнына жеткізу.

365. Білуге тиіс:

метрополитеннің қызмет көрсетілетін учаскесінің сорғыту жүйесін шаю тәртібі;

су құбыр жабдықтарының орналасу орны мен пайдалану тәртібі;

станциялардан және түнелден суды бетіне шығару тәсілдері;

электрмен жабдықталған қондырғылардың жанында - бағдаршамдар, релелік шкафтар және өзге құрылғылар;

негізгі және транзиттік сорғының орналасуы және дренаждық құрылғылардың бейіні бекітілген аймақ шегінде жұмыс тәртібі;

су бөлімшелерінің шектері;

сорғыту жұмыстарын орындауда қолданылатын аспаптар мен құрылғылар;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

117-параграф. Сорғытушы, 3-разряд

366. Жұмыс сипаттамасы:

қолайсыз жерлердегі сорғыларды және станциялардағы, кіреберістегі, съезд камераларындағы және өзге де жерлердегі жабық сорғы жүйесінің күрделі схема орындарындағы сорғыларды тазалау және шаю;

химиялық ерітінділерді қолдана отырып жабық дренажды құбырлардан қатты ерітінділерді, бөгде заттарды, құрылғылар мен механизмдерді шығару.

367. Білуге тиіс:

механизацияның қолданылатын құралдары құрылысы және пайдалану тәртібі;

станциялар мен түнелдердегі сорғы жүйесі құрылысы және схемасы;

химиялық ерітінділер дайындау тәсілдері және құрамы;

құрылғылар мен механизмдердің құрылысы;

жабық құбырларды қатты қалдықтардан және бөгде заттардан тазарту технологиясы ;
қауіпсіздік шаралары.

118-параграф. Станция жұмысшысы, 2-разряд

368. Жұмыс сипаттамасы:

станциялық жолдарды, станция алды аумағын, жүк аулалары мен қоймаларын, вокзалды, перрон, жолаушы және жүк платформасын, станциялық қызметтік-техникалық орындарды тазалау;

станциялық өндірістік және тұрмыстық құрылыстарды жылыту;

бекітілген құрал-сайманды тазалықта ұстау және дұрыс қалыпта күту.

369. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін станциялық жолдардың, қызмет орындары, платформа және өзге де жұмыс орындарының орналасуы, қолданылатын құрал-жабдықтар;

станциялық жолдарда тұрған кезде және жұмыс өндірісі кезінде жеке қауіпсіздік тәртібі.

119-параграф. Станция жұмысшысы, 3-разряд

370. Жұмыс сипаттамасы:

коммерциялық ақауларды жөндеу;

жүктерді жылжыған кезде, пломба мен бұрауыш үзілгенде біртіндеп қайта тиеу, жүкті бекіту және жылжымалы құрам аумағынан шығуын болдырмау;

ұсақ жөнелтулермен тасымалданатын жүк мен багаждарды тиеу, түсіру және жүк пен багаждарды станция қоймаларына тасу;

қолданылатын құралдар мен қарапайым механизация жабдықтарын жүріс қалыпта күту;

жол жүру құжаттарын пневматикалық пошта бойынша қабылдап-жіберу пункттерінде қабылдау және жіберу;

рельс пен бағыттамалы бұрманы (отралықтандырылған бұрмалардан өзге) тазалау және майлау.

371. Білуге тиіс:

жүктерді ашық жылжымалы құрамда бекітудің жалпы талаптары;

коммерциялық ақаулар, жүктер мен багажды тиеу, түсіру және станцияда тасу және қолданылатын құралдар мен қарапайым механизация жабдықтарын пайдалануда жұмыстарды орындау тәртібі;

пневматикалық поштаға қызмет көрсету тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

120-параграф. Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 4-разряд

372. Жұмыс сипаттамасы:

электрлі қозғалтқышты жинау машиналарына, тұрмыстық ауа салқындатқышына, тоңазытқыш, мәрмәрді жылтырату станогын, мәрмәр жуғыш машинасын, электрлі шаңсорғыш, бояу пульті, цемент ерітіндісі мен ыстық битумды айдау насостарына, тығындау машинасына, мұнара және өзге де пневматикалық және электрлік әрекетті жабдықтарға қызмет көрсету, жөндеу, жөнді жағдайда күту және жұмысқа қабілеттілігін тексеру;

жабдықты орташа және алдын ала жөндеу;

жабдықты бөлшектеу, жөндеу, монтаждауға арналған құрылғыларды әзірлеу;

вакуум-сорғы қанатшаларын теңдестіре отырып дәлдеу;

қызмет көрсетілетін жабдықтың механикалық тораптарын бөлшектеу, жөндеу, жинау;

бөлшектерді 7-10 квалитеттер (дәлдіктің 2-3 класы) бойынша слесірлік жөндеу;

электрлі қозғалтқышын, жүргізу аппаратурасын, электрөткізгіш және өзге де механизмдерді монтаждау және бөлшектеу, жөндеу;

электр қуаты кабелі мен штепсельді құрамасын тексеру, жөндеу.

373. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі қызмет көрсетілетін жабдықтардың құрылысы;

жинау машиналарын, ауа баптағыштарды, тоңазытқыштарды жөндеу, сынау, реттеу және қабылдау техникалық шарттары, пайдалану тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптарын, құралдар мен жөндеу құрылғыларын қолдану тәртібі;

кіру және отырғызу жүйесі, квалитеттер (дәлдік кластары);

барлық үлгідегі сымдардың құрылысы;

сымдардың, қорғағыштарды қарапайым есептеу және қоректендіру көздерінің шекті жүктемесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

121-параграф. Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 5-разряд

374. Жұмыс сипаттамасы:

метрополитен, электр қыздыру құрылғылары мен автоматика және қорғау құрылғыларымен жабдықталған аспаптардың, автоматты зарядтау құрылғылары

желілері бойынша жолаушылардың оңтайлы бағдарларының монеталарын айыру, ақша есептеу машиналарын, электронды схемаларын жарамды қалыпта ұстау, қызмет көрсету, жөндеу;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды алдын ала жөндеу және орта деңгейде жөндеу;

күрделі жөндеуге қатысу;

6-7 квалитеттер бойынша бөлшектерді слесірлік өңдеу (дәлдіктің 1-2 класы);

жабдықтарды монтаждау және сынау;

жабдықтардың электрлік схемаларын, қорғау құрылғылары мен автоматика құрылғыларын тексеру және жөндеу;

электрлік және механикалық жабдық бөліктерінің жұмыс процесіндегі ақаулықтарды анықтау және оларды жою.

375. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың пайдалану тәртібі және мақсаты, құрылысы;

жабдықтарды жөндеу және монтаждаудың техникалық шарттары мен кезектілігі, сынау тәртібі;

бөлшектердің ақаулық себептері мен уақытынан бұрын тозу себептерін анықтау тәсілдері;

жылумен өлшеу электрлі аспаптарының жіктеуіші, оларды тексеру және пайдалану тәртібі;

фрезерлік, бұрғылау, сүргілеу станоктарын, өлшеу аспаптары және құралдарын пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

122-параграф. Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 6-разряд

376. Жұмыс сипаттамасы:

жолаушыларды жіберетін автоматты бақылау пункттерінде қызмет көрсету, жөндеу және жарамды қалыпта ұстау;

қызмет көрсетілетін жабдықта қолданылатын жартылай өткізетін аспаптардың сипаттамасы, жоғары жиіліктегі электрлісхемаларды қолдануды тексеру;

қолданыстағы электр құрылғылардың оқшаулау кедергілерін, катушкалар мен конденсаторлардың сыйымдылығын өлшеу;

импульсті есептегіштерді сынау;

реле және магнитті жібергіштердің жұмысын реттеу;

контактілерді ауыстыру;

қызмет көрсетілетін бөлшектер мен тораптарды қалпына келтіру және ауыстыру;

қызмет көрсетілетін жабдықты алдын ала және орташа жөндеу;

күрделі жөндеуге қатысу;

жабдықтардың механикалық бөлігін және жартылай өткізгіш жоғары жиіліктегі электрлі схеманы жөндеу және пайдалану уақытында ақаулықтарды анықтау және жою ;

жолаушыларды жіберетін автоматты бақылау пункттерінің электр және механикалық бөліктерін, автоматты, зарядтау-буферлік құрылғылардың электр, ток реттегіштерінің үздіксіз істейтін қайнатқыштарын, тұрмыс кондиционерлерін бөлшектеу, монтаждау;

фотодатчиктер мен термодатчиктерді реттеу және олардың жұмысын барлық құрылғы жұмыстарымен келістіру;

барлық қорғау мен автоматика құрылғыларын тексеру және баптау.

377. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың электр схемаларының пайдалану тәртібі және мақсаты, құрылысы;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды бөлшектеу, жөндеу және құрастырудың технологиялық кезектілігі және пайдалану тәртібі;

жартылай өткізгіш аспаптарының сипаттамалары;

жоғары жиіліктегі және импульсты схемалардың жұмыс қағидаты;

геометриялық оптика, инфрақызыл сүзгілер, радиотехникалық және электртехникалық материалдар туралы негізгі мәліметтер;

реле орау, трансформаторларды есептеу тәртібі;

қолданыстағы электрлі құрылғылардағы жұмыс тәртібі және әдістері;

автоматика және автоматты реттеу негіздері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

378. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

123-параграф. Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 7-разряд

379. Жұмыс сипаттамасы:

заманауи жартылай өткізгішті фотоаспаптарды қолданып микросхемаларда, құрамында, жинау машиналарын автоматты басқаратын үлкен немесе микро-электронды-есептеуіш машинасыбар үлкен интегралды схемаларда орындалған пластикалық жетондарды идентификациялау және есептеу құрылғыларын жөндеу және ұқыпты ұстау.

380. Білуге тиіс:

автоматты басқаратын электрондық жүйелердің және микросхемаларда орындалған өзге де құрылғылардың электрлік және кинематикалық схемалары, құрылымдық ерекшеліктері;

транзисторлардың аспаптарында олардың сипаттамасын айқындап тексеру тәртібі;
белгіленген электрондық параметрлерге сәйкес электрондық схемаларда транзисторларды ауыстыру және іріктеу;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

381. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

124-параграф. Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 8-разряд

382. Жұмыс сипаттамасы:

электрондық техниканың тәжірибелі үлгілерін әзірлеуге және сынауға, жолаушыларды жіберетін автоматты бақылау пункттеріне арналған микропроцессордың базасында бағдарламалық басқарылатын жабдықтарды жаңғыртуға қатысу;

магнитті жеткізгіші бар билеттерді тексеру және тапсыру жөнінде электрондық схемалар мен блоктарға кешенді техникалық қызмет көрсету, баптау, жөндеу, тексеру және пайдалануға тапсыру;

билеттер мен жетондарды беру, сондай-ақ жолаушыларды бақылау микропроцестерінің жабдықтарын диагностикалау, станциялық және түнелдік автоматика мен сигнал беру аппаратураның есептеуіш кешендерін басқару жүйелерін жөндеу және параметрлік баптау.

383. Білуге тиіс:

деректерді тапсыру аппаратураларын бақылау және басқару жүйелерінің электрондық жабдықтарын қайта баптау тәсілдері және әдістері;

басқару жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері;

станциялық және түнелдік автоматика құрылғыларын диагностикалау және ақауларды жою әдістері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

384. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

125-параграф. Сұрыптау дөңесінің операторы

385. Жұмыс сипаттамасы:

басқару пультынан механизацияланған және автоматтандырылған сұрыптау дөңесінде құрамды таратуды басқару;

сұрыптау паркіндегі құрамды тарату және маневрлік қозғалыс процестерінде ағыту бағдарларын әзірлеу үшін орталықтандырылған бұрмаларды бұру және сигналды басқару;

сұрыптау паркіндегі вагондардың арасындағы қажетті интервалды және шекті жылдамдығын қамтамасыз ету үшін вагон тежегіш арқылы вагондардың жылдамдығын реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптардың көрсеткіштері бойынша дөңестік құрылғылардың дұрыс жұмысын бақылау;

сұрыптау парағы деректері бағдарларына сәйкес қадағалау;

құрамды тарату тәртібі, ағытпалардың жүру бағытын өзгерту және тежеу кезінде ерекше сақтықты талап ететін жүктері бар вагондардың болуы туралы ақпарат жіберу.

386. Білуге тиіс:

дөңес құрылғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды өндіруде автоматталған және механизацияланған сұрыптау, дөңестігінде құрамды тарату және маневрлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету нұсқауы;

жүктерді тасымалдау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

сұрыптау дөңесі операторының жұмысына қатысты бөліктегі станция жұмысының техникалық-өкімгерлік актісі мен технологиялық процесі;

сұрыптау дөңесі техникалық құрылымының жұмыс қағидаты мен оларды пайдалану тәртібі;

вагондар нөмірі, сұрыптау дөңесі техникалық құрылымының жұмыс қағидаты мен оларды пайдалану тәртібі.

387. Қуаты шағын сұрыптау дөңесі теміржол көлігі станцияларында қызмет көрсетуде – 4-разряд;

қуаты орта сұрыптау дөңесі теміржол көлігі станцияларында қызмет көрсетуде – 5-разряд;

қуаты үлкен сұрыптау дөңесі теміржол көлігі станцияларында қызмет көрсетуде – 6-разряд;

қуаты жоғары сұрыптау дөңесі теміржол көлігі станцияларында қызмет көрсетуде – 7-разряд.

388. 6 және 7-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

126-параграф. Тартым агрегатының машинисі, 7-разряд

389. Жұмыс сипаттамасы:

тартым агрегатын жолдың сұлбасы мен құрамының салмағына байланысты басқару;
пойыздарды құру станциясында маневрлік жұмыстарды орындау;
жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстары кезінде думпкарларды беру;
тау-кен массасын разрезден шығару;
думпкарларды тіркеу және ағыту;
қолдық көрсеткіштерін бұру;
пойыздың жүру кезінде тежегіштерді басқару;
тартым агрегатын жабдықтау және құм жабдығына құм салу;
тартым агрегатын қорғайтын бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін байқау;
басқару механизмдері мен жүріс бөлшектерін тексеру және сынау;
жұмыстағы жүріс бөлігін ақаулықтарды жою;
жөндеу жүргізу.

үлкен тіркеу салмағы бар (360 тоннадан аса), 40 промиллеге дейінгі еңістерде (көтергіштерде) пайдаланылатын қисық шағын радиустары бар және кемерлер бойынша жер бетінен 200-250 метрге дейінгі тереңдікке түсу кезінде теміржолдарда күрделі жағдайларда пайдаланылатын тарту агрегатын басқару;

пайдалы қазбаларды ашық игеруде тарту агрегаттарын басқару.

390. Білуге тиіс:

жол сұлбасы, оның жағдайы, станциялар мен аралықтардағы жолдар және дабылдарды нөмірлеуді, тартым агрегатының техникалық сипаттамалары, құрылысы;
әртүрлі жағдайларда локомотивтің (тартым агрегатының) жұмыстың сипаттамалары,
жол схемалары, коммутациялар мен энергиялық қуат көзі, тежегіш құрылғылар жүйесі, бағыттамалы бұрмалар құрылысы;
пойыздарды тіркеу және ағыту тәртібі;
рельстан шығып кеткен тартым агрегаты мен думпкарларды көтеру үшін қолданылатын тәсілдері мен құрылғылары;
аккумуляторлы батарейлер құрылысы, оларды зарядтау және күтіп ұстауды ережесі ;
байланыс ілмектерін жерлендіру тәсілдері және тәртібі;
дабылдар және дабыл беру құралдарының міндеті;
тораптарды, тартым агрегаты машиналарын қабылдау және оларға қызмет көрсету тәртібі;
майлау жүйелері мен қолданылатын майларды;
электртехника және слесірлік іс негіздері;
жөндеу жүргізу тәртібі;
локомотивті құрамды тиеу және түсіру тәртібі;

пойыздардың қозғалысы мен маневрлік жұмыстар жөніндегі нұсқаулар;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

391. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

127-параграф. Тартым агрегаты машинисінің көмекшісі, 6-разряд

392. Жұмыс сипаттамасы:

думпкарларға дұрыс тиеуді және габаритін бақылау;

жүк тиеу және түсіру жұмыстары кезінде машинистпен бірлесіп думпкарларды беру ;

тау-кен массасын разрезден шетке шығару;

қолдық көрсеткіштерін бұру;

пойыз соңы коршауының дыбыс дабылы мен жарығына жүргізілген электр сымын жөндеу және оған қызмет көрсету;

үйінділерде думпкарларды түсіру;

тартым агрегатын жабдықтау және құм жабдығына құм салу;

жүру жолында дизель және электр аппараттарының жұмысын бақылау және қадағалау;

локомотивтің құм жабдықтарының дұрыс жұмысын бақылау және қадағалау;

жұмыстағы ақаулықтарды жою, жөндеу жүргізу;

локомотивті жинау және оны мәдени күтіп ұстау бойынша топтамалық жұмыстарын орындау.

үлкен тіркеу салмағы бар (360 тоннадан аса), 40 промиллеге дейінгі еңістерде (көтергіштерде) пайдаланылатын қисық шағын радиустары бар және кемерлер бойынша жер бетінен 200-250 метрге дейінгі тереңдікке түсу кезінде теміржолдарда күрделі жағдайларда пайдаланылатын тарту агрегатын басқару;

пайдалы қазбаларды ашық игеруде тарту агрегаттарын басқару.

393. Білуге тиіс:

тартым агрегатының техникалық сипаттамалары, құрылысы;

жол бейнесі, оның жағдайы;

станцияларда және аралықтарда жол белгілерін, жолдар мен дабылдарды нөмірлеуді;

эртүрлі жағдайларда локомотивтің (тартым агрегатының) жұмыстың, жүктердің үлгілік сипаттамалары;

таразыны тексеру құрылысы, думпкарларды тіркеу және ағыту тәртібі;

рельстан шығып кеткен тартым агрегаты мен думпкарларды көтеру үшін қолданылатын тәсілдері мен құрылғылары;

аккумуляторлы батарейлердің құрылымы, оларды зарядтау және күтіп ұстау ережесі;

дабылдар және дабыл беру құралдарының мақсаты;

тораптарды, тартым агрегаты машиналарын қабылдау және оларға қызмет көрсетудің тәртібі;

майлау жүйесі мен қолданылатын майлауматериалдары;

электртехника және слесірлік іс негіздері;

үйіндіде локомотив құрамын түсіру тәртібі;

жүк түсірген соң автотежегіштерді сынау тәртібі;

пойыздардың қозғалысы және маневрлік жұмыстар жөніндегі нұсқаулар;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

394. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

128-параграф. Тасымалдау құжаттарын жеткізуші, 2-разряд

395. Жұмыс сипаттамасы:

тасымалдау құжаттарын теміржол станцияларының шеңберінде барлық нысандар мен пойыздарға жеткізу;

құжаттарды тіркеуде жүргізілген жазбаға сәйкес құжаттарды қабылдау, олардың санын тексеру;

құжаттарды қолхат арқылы тапсыру.

396. Білуге тиіс:

құжаттарды қабылдау және тапсыру тәртібі;

құжаттарды тапсыру және қабылдау орындарының орналасқан жерлері мен сол пункттерге өтудің қауіпсіз бағдарлары;

станция жолдарында болғанда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

129-параграф. Теміржол-құрылыс машиналарының (жол) машинисі (көмекшісі)

397. Жұмыс сипаттамасы:

теміржолдардың, жасанды құрылыстардың, жер төсемдерінің және балласт призмалардың беткі құрылымын салу, жөндеу және ағымдағы ұстап отырудың технологиялық процесіне сәйкес түрлі үлгідегі және қызметтегі машиналарды, күш құрылғыларын және жекелеген жұмыс тораптары мен механизмдерін басқару;

машиналарға техникалық қызмет көрсету;

машиналардың жұмыс процесінде кемшіліктерді анықтау және жою;
жабдықтарды жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу;
жанар-жағар майларын және майлау материалдарын құю.

398. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың пайдалану тәртібі және орындалатын жұмыстардың технологиясы, құрылысы, мақсаты;

ақаулықтардың пайда болу себептері мен олардың алдын алу және жою тәсілдері;

электр, пневматикалық, гидравликалық, механикалық жабдықтарды баптау және реттеу тәртібі және орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын техникалық талаптар;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жол жұмыстарын жасауда пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету нұсқауы;

теміржолдардағы пойыздардың қозғалысы және маневрлік жұмыстардың нұсқауы;
теміржолдарда сигналберу нұсқауы;

теміржолды техникалық пайдалану тәртібі (сәйкес көлемде);

жағар-жанар май материалдары және электр энергиясының шығу нормалары.

399. Рельс плеттьерді тасымалдауға арналған машиналардың, мен арнайы құрамды басқаруда – 4-разряд;

түзету-қағу-өңдеу машинасын (жекелеген жұмыс тораптары, механизмдер мен дизель-генератор құрылғылар), думпкарларды, звено құрастыру және звено өңдеу машиналарын (жекелеген, тораптар мен механизмдер), плуг қар тазалағыштарды, құрастырмалы эмбебап машинаны, жол жоңғысын, жол көтергіштерді, жол жөндегіштерді, тар жол салғыштарды, кең жол салғыштарды (жүк көтергіштер мен жентек қалау немесе жүктеу кранын), рельс қалағыштарды, рихталау машинасын, алынатын, қар тазалайтын және жинайтын жұмыс органдарының пневматикалық және механикалық жетектері бар жинақтау машинасын, энергетикалық құрылғылы рельс плетті тасымалдауға арналған арнайы құрамды, қар тазалағыш жол жоңғысын, хоппер-мөлшерлегіш, қиыршық құмнан тазалайтын машинаны (жекелеген жұмыс тораптары, механизмдер мен күш құрылғылары) басқаруда – 5-разряд;

балласттау машинасын, балласт тығыздау машинасын, автоматты басқару жүйесі бар түзету-қағу-өңдеу машинасын, автоматты басқару жүйесі бар түзету-қағу рихталау машинасын, звено құрастыру және звено бөлу машинасын, қазандық қазатын, тал шыбық кесетін машиналарды, клеммді және салма болттарды бекіту және майлау машинасын, звенолық қалау, тиеу және тасымалдау машиналарын, кюветтерді өңдеу және кесу машиналарын, жол рельстерін өңдеу машиналарын, жол рельстерін пісіру машинасын, кең жолақты жол салғыш, рельс тегістеу пойызын, рихталау машинасын,

өзі жүретін жол жөндеу машинасын, балласттарды жоспарлау және бөлу машинасын, өзі жүретін рельс тазалау машиналарын, өзі жүретін қар тазалайтын машинаны, шпал ауыстыратын машинасын, электрлік жетектегі жұмыс органдары машиналарын, қар тазалайтын пойыздарды, балласттарды тиеу және тасымалдау, механикалық түрде түсіру арнайы құрамын, рихталау агрегаты бар электр балластерді басқаруда – 6-разряд ;

тартатын энергетикалық машинаны, өнеркәсіптік электроникамен жабдықталған және автоматталған басқару жүйесі бар машиналарды: түзету-қағу-өңдеу машинасын, звено құрастыру және звено өңдеу машиналарын (жекелеген, тораптар мен механизмдер), рельс қалағыштарды, рихталау машинасын, алынатын, қар тазалайтын және жинайтын жұмыс органдарының пневматикалық және механикалық жетектері бар жинақтау машинасын, энергетикалық құрылғылы рельс плетті тасымалдауға арналған арнайы құрамды, қар тазалағыш жол жоңғысын, қиыршық құм тазалайтын машинаны, рихталау агрегаты бар электр балластерді басқаруда – 7-разряд;

лазер құрылғылармен және микропроцессорлы бақылау-өлшеу аппаратурасымен жабдықталған өзі жүретін машиналарды: түзету-қағу-рихталау машинасын, түзету-қағу-рихталау машиналарын, жолды жөндеу машиналарын, жіктерді түзету, қағу және тегістеу машиналарын, рельс тегістеу пойыздарын, балласт призманы күрделі жөндеу қиыршық құм тазарту машинасын басқаруда – 8-разряд.

400. 6, 7 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

401. Ескерту:

теміржол-құрылыс машинасының (жол) машинисінің көмекшісі теміржол-құрылыс (жол) машинасын басқаруға рұқсаты болған жағдайда, басшылығында істейтін машинистен бір разряд төмен тарифтеледі;

теміржол-құрылыс (жол) машинасын басқаруға рұқсаты болмаған жағдайда, басшылығында істейтін машинистен екі разрядқа кем тарифтеледі.

130-параграф. Теміржол көлігі және метрополитен кәсіпорындарының (босатылған) бригадирі

402. Жұмыс сипаттамасы:

өндірістік бөлімшелердің жұмысшыларын басқару;

белгіленген технологиялық процесс бойынша жұмысты орындау;

бригаданың бекітілген жұмыс жоспарының уақытылы орындалуын қамтамасыз ету; жұмысшыларды орналастыру, жұмыс орындарын материалдармен, аспаптармен және бөлшектермен қамтамасыз ету;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету тәртібі;

оңтайлы еңбек тәсілдері мен әдістерін қолдану жөнінде бригада жұмысшыларына нұсқаулық жүргізу және оқыту;

орындалатын жұмыстың сапасын қадағалау және бақылау;
жұмысты қабылдап алу және нысандарды шеберге тапсыру;

материалдың шығуын бақылау;

орындалған жұмыстың көлемін есептеу және олардың сапасын бағалау;

жабдықтар мен құрал-сайманды жарамдылықта ұстап отыру.

403. Білуге тиіс:

жөнделетін тораптардың құрылысы мен өзара іс-әрекеті;

орындалатын жұмыстардың технологиялық процесі;

жұмыс өнімділігі тәртібі;

жұмыс орындарында еңбекті ұйымдастыру;

материалдың шығу нормасы;

5-біліктілік разрядынан төмен емес жұмыстарды орындау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

орындалатын жұмысты есептеу тәртібі.

404. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

405. Ескерту:

теміржол көлігі және метрополитен кәсіпорындарының (босатылған) бригадирі өзі басқаратын бригаданың жұмысшының жоғары біліктілігінен бір разряд жоғары, бірақ 5-разрядтан төмен емес тарифтеледі.

131-параграф. Теміржол қатынас жолы жағдайын бақылаушы

406. Жұмыс сипаттамасы:

теміржол қатынас жолын, бағыттамалы бұрмаларды, жер төсемін белгіленген мерзімде сырттай бақылау;

теміржол қатынас жолын, бағыттамалы бұрмаларды белгіленген кесте бойынша жолды өлшеудің қол құралдарымен тексеру, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

теміржол қатынас жолының жоғарғы құрылысы мен жер төсемі элементтерінде көрінетін ақауларды анықтау;

ауыстыруды қажет ететін шпалдарды тексеру және таңбалау, рельстер мен бағыттамалы бұрмалардың металл бөліктерін тозуын өлшеу;

анықталған ақаулар бойынша белгіленген есепті жүргізу;

ақауларды жою және орындалған жұмыстардың сапасын бақылау.

407. Білуге тиіс:

теміржол қатынас жолы мен жасанды құрылыстардың құрылысы;
ағымдағы жұмыстар мен теміржол қатынас жолын жөндеу жұмыстарын жүргізу технологиясы және тәртібі;
теміржол қатынас жолының ағымдық құрылысы бойынша нұсқау;
теміржол қатынас жоғарғы жолының мен жасанды құрылысы элементтері ақаулары түрі;
жылжымалы құрам мен құрылыстың жақындау габариті;
ағымдық жұмыстар мен теміржол қатынас жолы, жасанды құрылыста қолданылатын құралжәне аспаптар көмегімен өлшемдер жүргізу тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

408. Жылына жүк кернеулігі 5 миллион тонна-километр бруттокилометрге дейінгі теміржол қатынас жолының жалпы қолданысқа арналмаған және жалпы қолданысаумақтарындағы жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд;

жылына жүк кернеулігі 5-25 миллион тонна-километр бруттокилометрден астам теміржол қатынас жолының жалпы қолданыстағы аумақтарындағы жұмыстарды орындау кезінде –6-разряд;

жылына жүк кернеулігі 25-50 миллион тонна-километр бруттокилометрден астам теміржол қатынас жолының жалпы қолданыстағы аумақтарындағы жұмыстарды орындау кезінде немесе сұрыптаудан өзге I класты және кластан тыс теміржол станцияларынан тұратын теміржол аумақтарындағы жұмыстарды орындау кезінде – 7-разряд;

жылына жүк кернеулігі 50 миллион тонна-километр брутто километрден астам теміржол қатынас жолының жалпы қолданысаумақтарындағы жұмыстарды орындау кезінде немесе сұрыптау станциясынан тұратын теміржол аумақтарында, жылдам және өте жылдам қозғалысты аумақтардағы жұмыстарды орындау кезінде – 8-разряд.

409. 6, 7 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

132-параграф. Теміржол су жабдығының насос құрылғысы машинисі

410. Жұмыс сипаттамасы:

насосық-күш беретін жабдықты, іштен жанып қозғалтқыш, бу қазаны және өзге де насос станциясының жабдықтары: іске қосу, қозғалтқыш пен насостар жұмысы режимін реттеу және тоқтату, насос станциясының құбыры жүйесінде қайта қосу;

бақылау-өлшеу аспаптарын бақылау;

насос станциясының жабдықтарын ағымдық жөндеу;

хлорлау құрылғысы жұмысын басқару;

суды хлорлау үшін реагенттерді дайындау;

суға қалған хлорға анализ жасау;

теміржол станциясының су жабдығы құрылғысына қызмет ету және дұрыс жағдайда күту: арматуралы қысымды ажыратқыш су құбыры жүйесін, су бөлетін кран және құрылыс;

бұлақтағы су деңгейін және гидротехникалық құрылыс жұмысын бақылау;
санитарлық аймақтарды тиісті жағдайда күту;

теміржол станциясының су құбырларын қысқы жұмысқа дайындау;

теміржол станциясының пойыздарын және өзге де техникалық және шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерін сумен үздіксіз қамтамасыз ету.

411. Білуге тиіс:

насос мен қозғалтқыштар құрылысы, резервтік энергия жабдығы, насостық станцияның агрегаттарын автоматты қызмет ету қағидаты және пайдалану тәртібі;

сору, қысымды, ажыратқыш құбырлардың схемасы;

құбырлардағы арматураның қозғалу қағидаты және конструкциясы;

жолаушылар пойызы вагондары, адамдар эшелоны, тасымалданатын жануарлар суаты вагондарына су құю үшін және құрамды жуу үшін теміржол станцияларының, артезиан ұңғымасының, гидротехникалық және суайдауыш құрылысының, су бөлетін мұнара және крандардың су жабдығының қалған элементтері құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

412. Күніне 500 текше метрге дейін су беретін насос станциясына қызмет көрсету кезінде – 2-разряд;

күніне 500-ден 1000 текше метрге дейін су беретін насос станциясына қызмет көрсету кезінде – 3-разряд;

күніне 1000-нан 2000 текше метрге дейін су беретін насос станциясына қызмет көрсету кезінде – 4-разряд;

күніне 2000-ден 2500 текше метрге дейінгі су беретін насос станциясына қызмет көрсету кезінде – 5-разряд;

күніне 2500 текше метрден астам су беретін насос станциясына қызмет көрсету кезінде – 6-разряд.

413. Ескерту:

теміржол су жабдығының насос құрылғысыныңаға машинисі өзі басшылық ететін жоғары білікті машинистен бір разряджоғары тарифтеледі.

414. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

133-параграф. Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы, 4-разряд

415. Жұмыс сипаттамасы:

электрлік, пневматикалық, гидравликалық жол жабдықтарының, рельстерді жөндеуге арналған станок, іштен тұтанатын қозғалтқыштың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бақылау-өлшеу құрылғысын пайдалана отырып баптау, реттеу, техникалық қызмет көрсету және алдын ала жөндеу;

механизмдердің ақауларын анықтау және оларды жою тәсілдері.

416. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін механизмдер құрылысы;

қызмет көрсетілетін құрылғыны, станоктарды, ішкі жанып қозғалтқышты баптау және реттеу тәртібі;

ақауларды ескерту және жою тәсілдері, электртехника, пневматика, гидравлика бойынша қажет мәліметтер;

қолданылатын бақылау-өлшеу құрал-жабдықтарының құрылысы және мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

134-параграф. Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы, 5-разряд

417. Жұмыс сипаттамасы:

рельстік бунақты, жол өлшеу арбасын тасымалдауға арналған арнайы баптау, реттеу, техникалық қызмет көрсету және алдын ала жөндеу:

сәйкес бақылау-өлшеу құрылғысын пайдалана отырып қызмет көрсетілетін машиналар мен механизмдер ақауларын анықтау.

418. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін механизмдер, жол өлшеу арбалары құрылысы, оларды баптау, реттеу, техникалық қызмет көрсету және пайдалану тәртібі;

электртехника, радиотехника, пневматика және гидравлика туралы қажет мәліметтер;

ақауларды ескерту және жою тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

135-параграф. Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы, 6-разряд

419. Жұмыс сипаттамасы:

бағыттамалы орындардағы пневматикалық үрлеу және электрмен қыздыру механизмдерін баптау, реттеу, техникалық қызмет көрсету және алдын ала жөндеу құрылғыларды монтаждау және реттеу, бақылау шкафтары мен электрлі изоляцияларды бақылау және күту, электрлі жабдықтарды, электрлі клапандарды реттеу;

тораптарды, механизмдер мен жол жоңғыларын, жоңғылы, плугты қар тазалағыштарды, арнайы құрамды басқару жүйесін энергетикалық құрылғылы торапсыз жолдың рельс бунақтарын, құрамдастырылған жолда әмбебап жол машиналарын, қар тазалағыш жоңғыларды, хоппер-мөлшерлегіштер, думпкарларды, жол торларын тасымалдауға арналған машиналарды тасымалдау үшін баптау және реттеу;

сәйкес бақылау-өлшеу құрылғысын пайдалана отырып қызмет көрсетілетін машиналар мен механизмдер ақауларын анықтау және жою.

420. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін механизмдер құрылысы;

қызмет көрсетілетін машинаның электртехника, радиотехника, пневматика және гидравлика аппаратурасы туралы қажет мәліметтер;

ақауларды ескерту және жою тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

421. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

136-параграф. Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы, 7-разряд

422. Жұмыс сипаттамасы:

тораптарды, механизмдер мен электрлік, пневматикалық, гидравликалық жүйелерді, өзі жүретін жол жөндеу лездемелерін, қар жинайтын пойыздарды, роторлық қар тазалағыштарды, электрлі балластерлеу, тығыздап жинау машиналарын, жыраларды жөндеу машиналары, жолдағы рельстерді жөндеу машиналары, рельстерді өндегіш пойыздар, суаратын пойыздар, түйіндерді орналастыру машиналары, жол торламасын, бағыттамалы бұрманы, түйін жинағыш, ажыратқыш, шпал жөндеу желісі, ұсақталған тастарды (баласт тазалаушы) тазалағыш машиналары, балдақты қағуға (сығуға) арналған машиналарды, бұта кескіш, рельс пісіргіш машиналары, моторлы-рельсті тасу машинасы, жылжымалы электр станциясына техникалық қызмет көрсету және баптау, реттеу;

дефектоскоп параметрлерінің бақылау-құру картасына сәйкестігін тексеру, техникалық параметрлер мен сипаттамалардың техникалық шарттар талаптарына сәйкес жетілдіру және түзеу.

423. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін механизмдер және машиналар құрылысы;

электртехника, радиотехника, пневматика аппаратурасы және қызмет көрсетілетін машинаның гидравликасы;

жол машиналары мен дефектоскопты құрылғылар ақауларын ескерту және жою тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

424. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

137-параграф. Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы, 8-разряд

425. Жұмыс сипаттамасы:

бұрмаларға арналған түзету-қағу-өңдеу машиналарын басқару, электроника, автоматика жүйелерін, түйін және механизмдерге техникалық қызмет көрсету және реттеу, баптау;

өзі жүретін машиналарын: түзету-қағу-рихталау, бұрмалы ауысымдарға арналған түзету-қағу-рихталау машиналарын, жіктерді түзету, қағу және тегістеу, кюветтерді өңдеу және кесу; жолды тұрақтандыруға арналған, рельс тегістеу пойыздарын, балласт призманы күшейтіп жөндеу машиналарын, клеммді және төсеу болттарын бекіту және майлау машиналарын, балластыны жоспарлау және тарату машиналарын, рихталау машиналарын, өзі жүретін қар жинайтын машиналарды, қиыршық тасты терең тазалау машиналарын, рихталау агрегаты бар электр балластарды баптау, реттеу және техникалық қызмет көрсету;

тораптар, механизмдер, автоматика жүйесі, электроника ақауларын анықтау және жою және жол машиналарын басқару.

426. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жол жүру машиналары, электртехника, радиотехника, пневматика және гидравлика аппаратурасының құрылысы;

электронды схемаларда, автоматика, гидравлика құрылғыларындағы ақауларды жою жолдары және тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

427. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

138-параграф. Тепловоз машинисі, 8-разряд

428. Жұмыс сипаттамасы:

тепловозды қозғалыс кестесін сақтай отырып, теміржол қатынас жолы пішінінен тәуелді бекітілген жылдамдықпен тепловозды басқару және пойызды енгізу;

жолаушыларды тасымалдау және қызмет көрсету мәдениеті қауіпсіздігін және жүк пен жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету;

дизель отынның ең аз шығынында пойыз енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

тепловозды қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, тораптар, жүйелер, электрлік, механикалық, тежегіштік және қосымша жабдықтар, бақылау-өлшеу аспаптары, радиобайланыс және дөңгелек жұп астына топырақ төсеу құрылғысын қарау және қызметін тексеру;

тепловозды жұмысқа дайындау және дизель отынымен, салқындатқыш сумен, майлаумен, майлармен және құммен жабдықтау;

тепловоздың құрамның бірінші вагонымен және әуе саласы байланысымен тіркелуін бақылау, сондай-ақ араларындағы ақырғы кранды ашуды бақылау;

тепловоздың тежегіш құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру және қызметінің дұрыстығын тексеру;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинис көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру;

пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

тепловоз машинисіне арналған бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес тепловозға техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш, қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

пойыз жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды отырғызу, түсіру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

тепловоздың механикалық бөлігінің, тораптардың, дөңгелек жұбының аралық станцияларда тоқтаған кездегі жағдайын тексеру;

жалпы қолданыстағы және жалпы қолданысқа арналмаған теміржол қатынас жолында маневрлік жұмыстарды орындау;

жүк вагондарын бекітілген жылдамдықта сұрыптау төбешігінен немесе кескінделіп созылған жолдан тарату, вагондарды жүк пен техникалық операцияларды өндіру пунктінде тиеу-түсіруфронттары бойынша орналастыру;

тепловоздағы немесе пойыз құрамындағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса – пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде пойызды тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

белгіленген құжаттаманы жүргізу;

тепловоз көмекшісінің жұмыс орындау кезінде оның функцияларын нұсқауға сәйкесорындау;

тепловоз машинисі көмекшісі, сондай-ақ, "тепловоз машинисінің көмекшісі" мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды тепловозды күту, қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдіс-тәсілдеріне үйрету;

локомотив бригадасының құрамына кіретін тұлғалардың жұмысын бақылау және басқару;

теміржолдарда күрделі жағдайларда орындалатын көмір разрездеріндегі жұмыстарды басқару және орындау.

429. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

тепловоздың техникалық сипаттамалары, құрылысы, оларды басқару тәртібі;

тепловозды пайдалану кезінде ұстау және күту тәртібі;

тежегіштерді басқару технологиясы және құрылысы;

теміржол қатынас жолы пішіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдығы;

теміржол қатынас жолы схемалары;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

тепловозды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

отынды шығындауды үнемдеудің негізгі режимдері;

электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

жүк пен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі талаптар;

стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

автоматика және байланыс құрылғысы жұмысы мен пайдалану тәртібі;

тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;

пойыз қозғалысы кестесі;

электртехника негіздері.

430. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

431. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім тепловозды басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

139-параграф. Тепловоз машинисінің көмекшісі, 7-разряд

432. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық, электрлік, тежегіш, қосымша және өзге де құрылғыларды тепловоз машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

тепловозды машиниспен бірлесіп қабылдау және тапсыруға қатысу;

түйіндер мен бөлшектерді майлау, жабдықтау, тепловозды жұмысқа даярлау;

тепловозды бірінші вагонға тіркеу: тежегіш магистралінің соңғы жеңіне біріктіру, тежегіш магистралінің соңғы крандарын ашу;

тепловозды құрамнан ағыту: тежегіш магистралі алдын ала ажыратып алынған автоматты біріктіргішті ағыту;

тепловозды күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау бойынша тепловоз машинисі бұйрықтарын орындау;

сәйкес нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу үшін тепловозды бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны рельстік автобус машинисі көмекшісінің қайталауын бақылау;

бекітілген сигналдарды беру, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

тепловоздағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

433. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

тепловоздың қызмет көрсетілетін құрылғысын пайдалану тәртібі және құрылысы мен жұмыстарды орындау технологиясы;

тепловоздың техникалық сипаттамалары;

тепловозды пайдалану кезінде белгіленген қызмет көрсету және күту тәртібі;

тежегіштердің құрылғысы және оларды басқару технологиясы;

теміржол қатынас жолы бейіні, жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдығы;

қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

тепловозды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

механикалық, электрлік, тежегіш және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары, аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

пойыздар қозғалысы кестесі;

электртехника негіздері;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс.

434. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

435. Техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және тепловоз машинисінің көмекшісі куәлігі талап етіледі.

140-параграф. Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу жөніндегі слесарь, 4-разряд

436. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздардың қауіпсіз қозғалысын және оларды пайдалануда сенімді жұмыспен қамтамасыз ету үшін локомотивтердегі қарапайым және орташа күрделіктегі бөлшектер мен торап жабдықтарының механикалық, электрлік және пневматикалық техникалық жағдайын тексеру және байқау, жөндеу;

букс ішектер мен қақпақтарды, моторлық осьтік ішпектердің қалпақтарын, жетек қозғалтқыштарының ілмелерін, тісті қақпақтарды бекіту;

7-10 квалитеттер (дәлдіктің 2-3 класы) бойынша тораптар мен бөлшектерді слесірлік өңдеу, жетілдіру.

437. Білуге тиіс:

механикалық, электрлік және пневматикалық жабдықтардың, машиналардың, аппараттардың, аспаптарды бөлшектеу, жөндеу және құрастыру технологиялық процесі, техникалық және пайдалану деректері, құрылысы;

негізгі монтаждық электрлік схемалар;

локомотив тораптары мен бөлшектерінің ақаулықтарын айқындау және жою жолдары мен әдістері;

бақылау-өлшеу құралдарының, шаблондардың, аспаптар мен құрылғылардың қолдану және мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

438. Жұмыс үлгілері:

техникалық жағдайын тексеру, жөндеу:

1) тепловоздар мен дизельпойыздарының жалюздері, желдеткіштері;

2) жетекті қозғалтқыштардың кронштейндері;

3) электровоздар мен электр пойыз вагондарының шатыр жабдықтары;

4) тежегіш рычагты берілістер;

5) соққы-тіркелетін аспаптар;

6) осьтік редукторлар, кардан біліктер, амортизатор корпустары мен реактивтік жетектер;

7) жаймалы, винтті рессорлар;

8) қорғау қапсырмалары;

9) пневматикалық тежегіштер мен тежегіш жабдықтар;

10) жылу, май, су жүйелері құбыржолдары, тепловоздар мен дизельпойыздарының тоңазытқыш секциялары;

11) щеткалар-коллектор бойынша реттеу және ысқылау, электрлі машиналардың щетка ұстағыштары мен жетекті қозғалтқыштарының кронштейндері – ауыстыру.

141-параграф. Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу жөніндегі слесарь, 5-разряд

439. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздардың қауіпсіз қозғалысын және оларды пайдалануда сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін локомотивтердегі қарапайым және орташа күрделіктегі бөлшектер мен торап жабдықтарының механикалық, электрлік және пневматикалық техникалық жағдайларын тексеру және байқау, жөндеу;

жөндеу көлемін айқындау;

6-7 квалитеттер (дәлдіктің 1-2 класы) бойынша тораптар мен бөлшектерді слесірлік өңдеу, жетілдіру.

440. Білуге тиіс:

механикалық, электрлік және пневматикалық жабдықтардың құрылымдық ерекшеліктері мен өзара іс-әрекеті, құрылысы;

жабдықтың техникалық және пайдалану негізгі деректері, электрмонтаждау схемалары;

локомотив агрегаттарын, бөлшектері мен тораптарын жөндеу технологиясы және жөндеу сапасына қойылатын талаптар;

локомотив бөлшектерінің, тораптарының қаулықтарын айқындау және жою жолдары мен тәсілдері;

тораптардың жұмысын реттеу және құрастырылуын бақылау тәсілдері;

бақылау-өлшеу құрылғыларының, шаблондардың, аспаптар мен құрылғылардың қолдану құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

441. Жұмыс үлгілері:

техникалық жағдайын қарау және тексеру, жөндеу:

1) жоғары вольтты, төмен вольтты және найзағайдан қорғайтын аппаратура, электровоздардың осьтік редукторлары мен электр пойыз вагондары;

2) роликті букстар мен жылжымалы ішпектер, жұп дөңгелектер, моторлық-осьтік ішпектер, жетекті қозғалтқыштар, қосалқы машиналар, бас бақылаушылар, реверсорлар, тез істейтін қосқыштар;

3) ауа таратқыштар, электрлі ауа таратқыштар;

4) жетек генераторлары, жылу сорғылары, отын соратын сорғылар, тепловоздар мен дизельпойыздарының газ тарату механизмі;

5) жетек қозғалтқыш, электрлік машина коллекторлары;

6) тежегіш магистральдары, тежегіш және теңестіргіш цилиндрлер;

7) күш механизмдері, қуатты тандау және жіберу біліктері, клин ременьді жетек тепловоз және дизельпойыздарының жетектері;

8) жылдамдық өлшегіштер, олардың жетектері, датчиктер;

9) электровоз және электр пойыз ток қабылдағыштары.

142-параграф. Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу жөніндегі слесарь, 6-разряд

442. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздардың қауіпсіз қозғалысын және оларды пайдалануда сенімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында локомотивтердегі ерекше күрделіктегі бөлшектер мен торап жабдықтарының механикалық, электрлік және пневматикалық техникалық жағдайын тексеру және байқау, жөндеу;

электр шынжырлардағы ақаулықтарды жою;

қашықтықтан басқаруда электр жүйелерін сынау және реттеу;

локомотивті жөндеу жұмысын орындау және жұмысқа дайындығы туралы белгі.

443. Білуге тиіс:

механикалық, электрлік және пневматикалық жабдықтардың, машиналар, аппараттар, локомотив жабдықтары және электрлік схемаларды тексеру мен реттеу тәсілдері және конструкциясы;

локомотивтердің электрмонтаждау схемалары ақаулықтарын анықтау және жою жолдары мен тәсілдері;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың, тораптар мен агрегаттардың өзара іс-әрекеті мен жөндеу тәртібі;

тексерілетін және жөнделетін локомотивтердің құрама топтарын дұрыс жинақтау;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

444. Жұмыс үлгілері:

техникалық жағдайын тексеру, жөндеу, көру, сынау және реттеу:

1) басқару панелі аппараттары, электр пневматикалық клапандар;

топтық қайта қосқыштар, машинист бақылаушылары;

2) электр аппараттары;

3) бас қайта қосқыштар, электровоздар мен электр пойыздар вагондарының түзету құрылғылары;

4) тепловоз дизельдері мен дизель пойыздарын;

бақылау-өлшеу аппараттарының көрсеткіштерін тексеру, аппараттарды реттеу;

5) машинист крандары, электрлі пневматикалық тежегіштер;

6) тепловоздардың жылу беруін басқару механизмдері;

7) автоматты локомотивтік сигнал беру, автостоптар мен радиобайланыс, басқару пульты аспаптары;

8) электровоздар мен электр пойыз вагондарын басқарудың электр тізбегі схемалары.

445. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

143-параграф. Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу жөніндегі слесарь, 7-разряд

446. Жұмыс сипаттамасы:

пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін және оларды пайдалану кезіндегі жұмыссенімділігін қамтамасыз ету мақсатында локомотивтердегі бірегей, тәжірибелік, механикалық, электрлік, пневматикалық жабдықты, агрегаттарды, қондырғыларды, аппараттар мен құрылғыларды жөндеу, тексеру, техникалық жағдайын тексеру, сынау және реттеу.

447. Білуге тиіс:

локомотивтердегі бірегей жабдықтардың, механикалық, электрлік және пневматикалық, агрегаттардың, құрылғылардың, аппараттар мен аспаптардың құрылымдық ерекшеліктері;

жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету тәртібі;

бірегей және тәжірибелік жабдықтарды жөндеудің технологиялық процестері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

448. Жұмыс үлгілері:

жарамсыз тораптар мен аппараттардың техникалық жағдайын тексеру, жөндеу, сынау, реттеу және ауыстыру:

1) тепловоздың бас генераторы – босағандарын қалпына келтіру, орамдардың тұтастығын тексеру;

2) электровоздың жетекті қозғалтқышы;

3) жұдырықты контактор;

4) айналымның санын реттегіш;

5) барлық үлгідегі басқару релесі, жылу релесі;

6) серіппелі арбаны асып қою;

7) ток қабылдағыштар.

449. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

144-параграф. Түнел жұмысшысы, 1-разряд

450. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары түнел жұмысшысының басшылығымен орындалатын метрополитеннің түнелдік құрылыстарын қайта құру, ағымдағы жөндеу және ұстау;

құрылыстың қапталған бетін, металл торламасын, бұйымдарын және өзге де элементтерін сүрту және сумен жуу;

жабдықты, құрал-сайманды тазалықта ұстау;

материалдарды, мінбені, қысқа бағаналарды, жеңіл баспалдақты, ағаштарды және құралдарды жұмыс орнына жеткізу және жұмыс біткен соң тазалау.

451. Білуге тиіс:

құрылыс элементтерін тазалықта ұстау тәртібі;

тиеп-түсіру жұмыстарының тәртібі және нормалары;

материалдарды қаттап тастау тәртібі және олардың атауы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

145-параграф. Түнел жұмысшысы, 2-разряд

452. Жұмыс сипаттамасы:

метрополитентүнелінің құрылысын қайта құру, ағымдағы жөндеу және ұстау;

шаңсорғыш арқылы қаптамадан тұздың орындарын, сәулеттік беттегін шаңды тазалау;

мәрмәрдің тұздан тазарған жерлерін жылтырату;

кірпіш қаптаманы тұз қышқылы ерітіндісімен айқындау;

тюбинг пен бұрандамалы құраманы коррозия мен ластан метал щетка мен шүберек арқылы тазалау;

материалдарды ерітінді үшін және желімді оқшаулауға даярлау;

қаспақтарды қолмен құлату, шеге мен атызды қағу, цемент ерітіндісімен өңдеу;

айдау аппараттарын тазалау және жуу.

453. Білуге тиіс:

ерітіндіге қажет материалдар түрі және қаптаманы тазалауға арналған ерітіндіні дайындау тәсілдері;

сылау жұмыстарының тәртібі;

айдау аппараттарының, шаңсорғыштардың жұмыс қағидаттары;

жұмыс орындарын сигналдармен қоршау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

146-параграф. Түнел жұмысшысы, 3-разряд

454. Жұмыс сипаттамасы:

айдау жұмыстарында инъекторлы шлангты монтаждау және бөлшектеу;

ерітіндіні айдағаннан кейін ұңғыманы өңдеу;
оқшаулағыш жабындарға қаптама беттерін дайындау;
қорғасыннан жасалған, қорғасынмен қапталған бауды және өзге де құрамдарды қырку үшін дайындау;
жіктерді қолмен қырку;
битум шайырларды қыздыру, оқшаулау астына цемент жиыстырмасы құрылысы, бетіне битум шайырын жағу;
әртүрлі қоспаларды мөлшерлеу және жасау;
бұрғылау мен қырқуды алмастыру, құрылғыны ауа өткізгіш желісіне қосу;
мүкәммал төсемдер мен ормандарды жинау және бөлшектеу.

455. Білуге тиіс:
ерітінді араластырғыштың құрылысы, түнел қаптамасы мен оларды гидрооқшаулау құрылғысы;
ерітінділер құрамы және негізгі қасиеттері;
айдау материалдары мен қосындылар сапасына қойылатын негізгі талаптар;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

147-параграф. Түнел жұмысшысы, 4-разряд

456. Жұмыс сипаттамасы:
түнелдер мен шахталарды қаптау кезінде бұрандалы шегелерді бұрғылау балғасымен бұрғылау;
бұрғылау орындарын тетіктерді жою картасына сәйкес белгілеу;
кеңеюдегі жіктерді цемент және қорғасын арқылы қырку;
бұрандамалы біріктіргіштер мен тығындарды алмастыру;
жер асты құрылыстары мен тартпаларды біріктіру қабырғаларын шайырда бума материалдармен оқшаулау;
ағындарды аспалы қорап құрылысы конструкциясы және түтігімен бұру және өңдеу;
ерітіндінің үстіңгі бетке шығып кетуін жою.

457. Білуге тиіс:
қолданылатын механизмдер құрылысы;
бұрандалы шегелердің тиімді орналасу схемалары;
түнелдік қаптама түрлері;
гидрооқшаулағыш жабындардың негізгі конструкциялары;
бума материалдар жапсыру және шайырды жағу тәртібі;
қырку жұмыстары тәсілдері;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

148-параграф. Түнел жұмысшысы, 5-разряд

458. Жұмыс сипаттамасы:

конструкциядағы судың ағуын жою үшін полимерлі материалдарды қоса отырып бақылау айдауын және цементті ерітіндінің айдауын жүргізу;

түнел асты құрылысында металл оқшаулауды жару және жөндеу;

жер асты суының сүзілуін тоқтату үшін эпоксидті қарамай негізінде гидрооқшаулау құрамының қаптамасының ішкі бетіне айдау;

металл және бетон қаптаманың кесілген жерін қырку, сондай-ақ полимер шайырды қолдау арқылы;

қаптамадағы және ауыспалы кесіктері бар орындардағы судың ағуын тоқтату үшін оқшаулағышты жапсыру;

тюбингті бетіндегі суағар құрылысы, тюбинг ұяшықтарын су тюбингіне қажетті еңесті қамтамасыз ету үшін құм-цементті еретіндімен толтыру;

дренажды лотокты су ағыны үшін берілген еңеске пішіндеу;

бетон негізді кен балғасымен отау;

лоток бетін берілген еңеске құм-цементті ерітіндімен түзеу;

жаңа трубаларды еңіске дәлденген бетон негізді жабық дренажға бөлшектеу және орналастыру;

кең трубаларды тығындау және қырку.

459. Білуге тиіс:

цементтеу жұмыстарының технологиясы және айдауға арналған құрам рецептурасы

;

тау жыныстары мен грунттардың химиялық бекітпесінің негізгі қасиеттері;

жікті жөндеу мен жарықтарды өңдеу тәртібі;

стандартты емес және күрделі жіктерді қырку тәсілдері және тәртібі;

түнелдердегі жұмыс пен токсинді полимерлі материалдармен жұмыс жасау және қауіпсіздік тәртібі;

түнелдер мен станцияларда сутөкпелерді ұйымдастыру схемасы;

ашық және жабық дренаждарды орнатуда еңістерді бөлу тәртібі;

кен балғалары құрылысының схемасы;

гидрооқшаулау сылауын орындау тәсілдері;

полимерлі қоспалы цемент-құм ерітіндісін даярлау;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

149-параграф. Түнел жұмысшысы, 6-разряд

460. Жұмыс сипаттамасы:

метрополитеннің көлбеу эскалаторлық түнелінде судан қорғағыш шатырының көрінісін алмастыру кезінде аса күрделі жұмыстарды орындау;

шатыр көрінісін бекіту және түйіндерді полимерлік материалдармен оқшаулау;

түнелдің инъекцияланған бетон және темір бетонды қаптамасын "Гидротон" қондырғысы арқылы жөндеу-қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізу;

арнайы шөкпеген цемент пен қоспалар қоспасын таңдау және дайындау (алюминий, силикон және өзге);

түнелдік қаптама элементтерін біртіндеп жару, оны қалыпқа келтіру, анкерлік бекітпе орнату.

461. Білуге тиіс:

судан қорғағыш шатырын, шатырды бекіту түйіндері конструкциясын монтаждау тәсілдері және тәртібі;

көлбеу эскалаторлық түнелде жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

перфораторлар, бетон сүймендері, гидроклиндер құрылысы схемасы;

инъекциондыжұмыстар технологиясы;

инъекциялауға арналған арнайы құрамның рецептурасы;

жұмыс сапасын бақылаудың тәсілдері және әдістері;

метрополитеннің қолданыстағы түнелдерінде жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

462. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

150-параграф. Цистерналарды шаюшы-булаушы, 3-разряд

463. Жұмыс сипаттамасы:

эстакадалардағы, арнайы алаңшалар мен арнайы белгіленген жолдардағы цистерналардан этил бензині мен химиялық өнімдерден өзге қара және ашық түсті мұнай өнімдері қалдықтарынан тазалау;

цистерналардың құю аспаптарының клапандарын бумен жылыту, олардың техникалық жай-күйін және жабылуының дұрыстығын (тығыздығын) тексеру;

құю аспаптары клапандарын салу және олардың техникалық жағдайы мен дұрыс жабылуын тексеру;

жөндеуге дайындалған цистерналардың сыртын тазалау.

464. Білуге тиіс:

құятын аспаптардың конструкциясы және цистерналардың құрылысы;

мұнай өнімдерін құюға арналған цистерналарды суықтай тазалау талаптары, қолданылатын механизмдер, құрал, құрал-сайман және құрылғылар, оларды пайдалану тәртібі;

цистерна ішіндегі жұмыстарға арналған қорғау құрылғыларының құрылысы мен пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

151-параграф. Цистерналарды шаюшы-булаушы, 4-разряд

465. Жұмыс сипаттамасы:

бу, ыстық су және еріткіштерді пайдалана отырып этил бензині және химиялық өнімдерден өзге мұнай өнімдері мен химиялық өнім цистерналарды өңдеу;

вакуум құрылғысын, паросифон және буды пайдалана отырып цистерналардағы қалдықтарды тазалау;

цистерналарды суықтай өңдеуде этил бензині қалдықтарын механизациялау түрінде тазалау;

брандспойт көмегімен қақпақтар мен клапандарды шаю;

цистерна қазандықтарын салқындату және газсыздау, олардың ішкі бөлшектерін кептіру және ысқылау.

466. Білуге тиіс:

құятын және жөндейтін цистерналарды дайындауға арналған өңдеу және температуралық режимі және техникалық шарттары, тәртібі;

цистерналарға қойылатын санитарлық талаптар;

дезинфекциялайтын заттардың қасиеті мен оларды пайдалану тәртібі;

эстакадалар мен арнайы алаңшалар және оларды жайғастыру құрылысы;

цистерналарды механизацияланған тазалауға арналған аспаптарды, вакуум қондырғыларды, бу сифондарын, жарылғыш фонарларды және өзге де құрылғылар мен құралдарды пайдалану тәртібі;

құбыржолдардың (суық және ыстық су, ауа мен еріткіш беруге), төгетін лотоктардың, кәріз желісінің, мұнай тұтқыштар мен өзге өнім қалдықтарын тазалау имараттарының орналасуы;

ішкі қазан қысымын реттеуші цистерна қазанының ішкі бетін, енгізу және шығару клапандарын жууға арналған механикаландырылған құрылғыны жөндеу және құрылысы;

төменгі ағызу аспабын жөндеу технологиясы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

467. Тамақ өнімдері цистерналарын этилді бензиннен, хош иісті топты химиялық өнімдерден, мұнай иісінен, реактивті қозғалтқышқа арналған отын ерітіндісінен, "Б-70" маркалы авиациялық этилді емес бензиннен, этилді бензиннің барлық маркасының, 1, 2 және 3-топты майлардан, нефрас және өзге жоғары сапалы мұнай өнімдерінен тазалау, тасымалданатын сұйық жүктің сақталуын қамтамасыз ететін құю аспаптарының төменгі нығыздаушы дөңгелектерін ауыстыру және жетілдіру кезінде – 5-разряд;

реактивті отынды, авиабензин, май және өзге мұнай өнімдерін жоғары қысым, ыстық су және сәйкес ротациялық аспатар арқылы, цистернаның ішкі бетін тазалап және ысқылай отырып, құюға арналған цистерналарды өңдеу, дайын цистерналарды бақылау органдарына өткізу, құжатсыз цистерналарды патрульді-күзет қызметіне ерте әкелінген жүкті анықтаудағы органолептикалық әдісті және өңдеу технологиясын білу, қолданылатын құрылғылар ақауларын жоя білу, жоғары қысымды машиналар мен аспаптарды жөндеуге қатысу, цистернаны жуушы-булатушы бригадаға басшылық ету кезінде – 6-разряд.

152-параграф. Істемейтін локомотивтер мен жолаушы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік, 3-разряд

468. Жұмыс сипаттамасы:

жіберуге арналған локомотивтер мен жолаушы вагондарын тексеру, техникалық жағдайын тексеруге қатысу және қабылдау;

олардың қозғалыс қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның, құралдардың, құрал-сайманның, қосалқы бөлшектердің, майлау материалдары мен сигнал беру жабдықтарын тізбеге сәйкес сақталуын қамтамасыз ету;

локомотивтер мен вагондардың қауіпсіз жылжуына кедергі келтіретін ақаулықтар табылған кезде жақын жердегі жөндеу пунктіндегі локомотивтер мен вагондарды жөнделуін қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

тежегіш құралдарды қажеттігіне қарай қолдану.

469. Білуге тиіс:

локомотивтер, жылжымалы құрамды моторвагондар, жолаушы вагондарын қайта жіберу тәртібі туралы нұсқау;

локомотивтерді тапсыру мен қабылдау тәртібі;

электрлендірілген аудандардағы теміржол көлігі жұмысшылары үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі ;

ішкі еңбек тәртібі.

153-параграф. Электр пойыз машинисі, 8-разряд

470. Жұмыс сипаттамасы:

электр пойызын басқару және қозғалыс кестесін сақтай отырып, оны белгіленген жылдамдықта теміржол қатынас жолы пішінінен тәуелді енгізу;

жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті және тасымалдау қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету;

электр энергиясының ең аз шығынында электр пойызын енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

электр пойызын қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, тораптар, жүйелер, электрлік, механикалық, тежегіштік және қосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғысын және құмды түсіру құрылғысын қарау және қызметтерін тексеру;

электр пойызын жұмысқа дайындау және жабдықтау;

тежегіштерді сынау;

электр пойызының тежегіш құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру және қызметінің дұрыстығын тексеру;

электр пойызының жарығын, жылуын және вентиляциясын қосу және сөндіру;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарларды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларын беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинист көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру, пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

электр пойыз машинисіне арналған бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес электр пойызға техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

пойыз жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

жолаушылардан электр пойыз қозғалысына қауіп төнгені туралы деректер алған жағдайда апаттық жағдайдың алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

электр пойызының механикалық бөлігін, тораптарды, дөңгелек жұбын соңғы станцияларда тоқтау кезінде тексеру;

электр пойызындағы локомотивтік бригаданың бекітілген регламенттік жұмысы көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса – пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде электр пойызын тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

электр пойызда көмекшісіз жұмыс орындау кезінде оның функцияларын нұсқауға сәйкес орындау;

электр пойызды пайдалану кезінде оған қызмет көрсетілетін жұмысшылар жұмысын басқару, қызметтерін бақылау;

электр пойыз машинисінің көмекшісі, сондай-ақ, "электр пойыз машинисінің көмекшісі" кәсібі бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды электр пойызға қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдістері және жолдарын үйрету;

белгіленген құжаттаманы жүргізу.

471. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

метрополитен электр пойызы машинисінің нұсқауы;

электр пойыздың техникалық сипаттамалары, құрылысы және оларды басқару тәртібі;

электр пойызды пайдалану процесі кезінде ұстау және күту тәртібі;

тежегішті басқару технологиясы және құрылысы;

теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдығы;

теміржол қатынас жолы схемалары (метрополитен желілері);

жылжымалы құрамды тіркеу, ағыту тәртібі;

электр пойызды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету кезіндегі нұсқауы;

электр энергиясын шығындауды үнемдеудің негізгі режимдері;

электр пойызда электрлік, пневматикалық, гидравликалық, механикалық ақауларды шығару және жою тәсілдері;

теміржол қатынас жолын техникалық пайдалану тәртібі;

теміржол қатынас жолындағы пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі талаптар;

стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

автоматика және байланыс құрылғысы жұмысы мен пайдалану тәртібі;

жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;
тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;
пойыздар қозғалысы кестесі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;
электртехника негіздері.

472. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

473. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және электр пойызды басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

154-параграф. Электр пойыз машинисінің көмекшісі, 7-разряд

474. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық, электрлік, тежегіш, қосымша және өзге де құрылғыларды электр пойыз машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

электр пойыз машинисімен бірлесіп қабылдау және тапсыруға қатысу;

түйіндер мен бөлшектерді майлау, жабдықтау, электр пойызды жұмысқа даярлау;
автоматты біріктіру, вагон аралық біріктіргіштердің біріктіру сапасын тексеру;

электр пойызды күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттар жағдайын бақылау кезінде электр пойыз машинисінің бұйрықтарын уақытында орындау;

нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу мақсатында электр пойызды бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, электр пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшылары беретін сигнал көрсеткіштерін және оны электр пойыз машинисі көмекшісінің қайталауын бақылау;

бекітілген сигналдарды беру;

нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

электр пойызының жолаушыларына қалған пункттер мен өзге де ақпараттарды хабарлау;

жолаушыларды отырғызу және түсіру қауіпсіздігін бақылау;

электр пойыздың еріксіз тоқтауы кезінде нормативтік актіде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес тежегіш башмақтарын бекіту;

электр пойыздағы локомотив бригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға қатысу.

475. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;
метрополитеннің мотор-вагонды жылжымалы құрамы машинисінің және машинист көмекшісінің нұсқаулықтары;
электр пойызының қызмет көрсету жабдығының құрылысы және пайдалану тәртібі;
электр пойызының техникалық сипаттамалары;
электр пойызын пайдалану кезінде қызмет көрсету және күту тәртібі;
тежегіштердің құрылысы және оларды басқару технологиясы;
теміржол қатынас жолы бейіні, жол белгілері;
қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;
электр пойызды пайдалану кезінде ағымдық жөндеу және техникалық қызмет көрсетудегі негізгі ережелер;
электр пойызды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқауы;
механикалық, электрлік, тежегіш және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;
жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;
тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;
теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;
пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;
теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;
қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;
жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
пойыздар қозғалысы кестесі;
3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;
электртехника негіздері.

476. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

477. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және электр пойыз машинисінің көмекшісі куәлігі талап етіледі.

478. Ескерту:
аға пойыз инспекторы өзі басқаратын пойыз инспекторларынан бір разрядқа жоғары тарифтеледі.

155-параграф. Электровоз машинисі, 8-разряд

479. Жұмыс сипаттамасы:

электровозды басқару және салмағын, қозғалыс кестесін сақтай отырып, белгіленген жылдамдықты теміржол қатынас жолы пішінінен тәуелді электровозды енгізу;

жолаушыларды тасымалдау және қызмет көрсету мәдениеті қауіпсіздігін және жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету;

электр энергиясының ең аз шығынында пойызды енгізудің рационалды режимдерімен қамтамасыз ету;

электровозды қабылдау және тапсыру: негізгі агрегаттар, тораптар, жүйелер, электрлік, механикалық, тежегіштікжәнеқосымша жабдықтарды, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғысын және құмды түсіру құрылғысын қарау және қызметтерін тексеру;

электровозды жұмысқа дайындау және жабдықтау;

электровоздың құрамның бірінші вагонымен және әуе саласы байланысымен тіркелуін бақылау, сондай-ақараларындағы ақырғы кранды ашуды бақылау;

тежегіштерді сынау;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшыларына беретін сигнал көрсеткіштерін және оны машинис көмекшісінің қайталауын бақылау;

белгіленген дабылдарды беру, пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың оперативтік бұйрықтарын нормативтік актілерге сәйкес орындау;

сөйлесу құрылғысы арқылы бекітілген регламенттерге сәйкес келіссөздер жүргізу;

бекітілген нормативтік актідегі жұмыстар тізіміне сәйкес электровозға техникалық қызмет көрсету;

электрлік, механикалық, тежегіш, бақылау-өлшеу құралдарын, радиобайланыс құрылғыларын және құмды түсіру құрылғысының техникалық жағдайы мен жұмысын көзбен шолып және құрал арқылы бақылау;

пойыз жүрісінің бірқалыптылығын және жолаушыларды отырғызу, түсіру, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

электровоздың механикалық бөлігінің, тораптардың, дөңгелек жұбының аралық станцияларда тоқтаған кездегі жағдайын тексеру;

депольшы және станциялық жолдардағы маневрлік жұмыстарды бекітілген жылдамдықпен орындау;

электровоздағы локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, жүріс жолында пайда болған ақауларды жою, ал жою мүмкін емес болса –

пойыз тұрған теміржол аумағын пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып босату;

кенеттен туындаған кедергілер кезінде немесе кенет тоқтату дабылы берілген кезде пойызды тоқтату үшін кенет тежеуді қолдану;

белгіленген құжаттаманы жүргізу;

электровоз көмекшісінің жұмыс орындау кезінде оның функцияларын нұсқауға сәйкесорындау;

электровоз машинисі көмекшісін, сондай-ақ, "электровоз машинисінің көмекшісі" мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп жатқан тұлғаларды электровозға қызмет көрсету және басқарудың рационалды әдіс-тәсілдеріне үйрету.

480. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

электровоз құрылысы, техникалық сипаттамалары және оларды басқару тәртібі;

электровозды пайдалау процесі кезінде күтім және ұстау тәртібі;

тежегіш құрылғысы және басқару технологиясы;

теміржол қатынас жолы бейіні, қызмет көрсетілетін аумақтағы жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдығы;

теміржол қатынас жолдарының схемалары;

жылжымалы құрамды тіркеу және ағыту тәртібі;

локомотивке пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету нұсқауы;

электр энергиясын шығындауды үнемдеудің негізгі режимдері;

электрлі, пневматикалық, гидравликалық, механикалық ақауларды шығару және жою тәсілдері;

теміржол қатынас жолын техникалық пайдалану тәртібі;

теміржол қатынас жолындағы пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жүк пен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын негізгі ережелер;

стандартты емес жағдайларда әрекет ету тәртібі;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

автоматика және байланыс құрылғыларының жұмысы мен пайдалану тәртібі;

тежегіш башмақтарын қолдану тәртібі;

пойыздар қозғалысы кестесі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

481. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 6-разряд.

482. 6 және 8-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және электровозды басқару құқығын беретін куәлік талап етіледі.

156-параграф. Электровоз машинисінің көмекшісі, 7-разряд

483. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық, электрлік, тежегішжәне қосымшақұрылғыларды электровоз машинисінің көмекшісіне арналған нормативтік актідегі бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес техникалық қызмет көрсету;

машиниспен бірлесіп электровоздықабылдау және тапсыруға қатысу;

түйіндер мен бөлшектерді майлау, жабдықтау, электровозды жұмысқа даярлау;

электровозды бірінші вагонға тіркеу: тежегіш магистралінің соңғы жеңіне біріктіру, тежегіш магистралінің соңғы крандарын ашу;

электровозды құрамнан ағыту: тежегіш магистралі алдын ала ажыратып алынған автоматты біріктіргішті ажырату;

электровозды күту және жолдағы түйіндер мен агрегаттардың жағдайын бақылау бойынша электровоз машинисі бұйрықтарын уақытылы орындау;

нормативтік актілерде бекітілген жұмыстар тізіміне сәйкес өзіндік қозғалыстың алдын алу мақсатында электровозды немесе пойызды бекітіп қою;

теміржол қатынас жолының бос екенін, контактілі желі, қарсы пойыздар жағдайын, пойыз және маневрлік бағдарды дайындау дұрыстығын, бағдаршам сигналы көрсеткіштерін, дабыл белгілері, пойыз қозғалысы процесіндегі, теміржол қатынас жолы жұмысшылары беретін сигнал көрсеткіштерін және оны электровоз машинисі көмекшісінің қайталауын бақылау;

бекітілген сигналдарды ұсыну, нормативтік актілерге сәйкес пойыз қозғалысын ұйымдастыруға жауапты тұлғалар бұйрықтарын оперативті орындау;

локомотивбригадасының бекітілген регламенттік жұмысында, көлемінде, электровоздың жүріс жолында пайда болған ақауларды жоюға машиниспен қатысу.

484. Білуге тиіс:

локомотив бригадасының ережесі;

электровоз жабдығының қызмет көрсетуін пайдалану тәртібі және құрылысы және жұмыстарды орындау технологиясы;

электровоздың техникалық сипаттамалары;

электровозды пайдалану кезінде белгіленген қызмет көрсету және күту тәртібі;

тежегіштердің құрылысы және оларды басқару технологиясы;
теміржол қатынас жолыбейіні, жол белгілері, белгіленген қозғалыс жылдамдығы;
қызмет көрсетілетін ауданда бекітілген рұқсат етілетін максималды қозғалыс жылдамдығы;

электровозды пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқау;
механикалық, электрлік, тежегіштік және қосымша жабдықтар ақауларын шығару және жою тәсілдері;

жылжымалы құрамдытіркеужәне ағыту тәртібі;

тежегіш башмақтарын пайдалану тәртібі;

теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі;

пойыз қозғалысы және теміржолдағы маневрлік жұмыстар бойынша нұсқау;

теміржолдағы сигнал беру нұсқауы және орындалатын жұмыстар аясына қатысты өзге де нормативтік актілер;

қызмет көрсетілетін теміржол станциялары мен аумақтарының техникалық-өкімгерлік актілері;

жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігі ұйымдары қызметкерлерінің тәртібі туралы ереже;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

пойыздар қозғалысы кестесі;

3-разрядтан кем емес жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарь үшін көзделген слесірлік іс;

электртехника негіздері.

485. Өнеркәсіптік теміржол көлігінде жұмыстарды орындау кезінде – 5-разряд.

486. 7-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (орта арнаулы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім және электровоз машинисі көмекшісі куәлігі талап етіледі.

157-параграф. Эскалатор машинисі (көмекші), 5-разряд

487. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне 150 мың жолаушыға дейін таситын эскалаторларға қызмет көрсету жәнебасқару;

механизмдердің жұмыс режимін олардың жүктемесіне қарай реттеу;

эскалаторлардағы автотелебасқару механизмдері мен құрылғыларды баптау;

қызмет көрсетілетін эскалаторларды жарамды қалыпта ұстау және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеуге қатысу.

488. Білуге тиіс:

эскалаторлардыңкинематикалық және электрліксхемалары және баптау тәсілдері, конструкциясы;

барлық үлгідегі эскалаторлар электржабдықтарының құрылысы;
жүктемесіне қарай механизмдердің барынша тиімді режимін анықтамасы мен паспорты бойынша айқындау тәртібі;
қызмет көрсетілетін эскалаторлардың ақаулықтарын жою әдістері мен тәсілдері;
электрлі жетектердің және эскалаторларды автотелебасқару құрылғыларының әрекет ету қағидаты;
эскалатор машинисіне белгіленген разрядтан бір разряд төмен көлемде слесірлік жұмыстар;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі.

489. Тәулігіне 150 мыңнан 200 мыңға дейін жолаушы таситын эскалаторларға қызмет көрсету кезінде – 6-разряд;

тәулігіне 200 мыңнан астам жолаушы таситын әртүрлі типтегі эскалаторларға қызмет көрсету, жоғары дәлдіктегі эскалаторлар электрсхемасын аспаптармен тексеру, баптау және реттеу және эскалаторларды басқару тізбектерін бақылау схемасын жөндеу кезінде – 7-разряд.

490. 6 және 7-разрядтар беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

491. Ескерту:

эскалатор машинисінің көмекшісі басшылығында істейтін машинистен бір разряд төмен тарифтеледі.

158-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 1-разряд

492. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары слесардың басшылығымен саты тораптарында, көлік катушкаларында, роликтерде, эскалатор блоктарында қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, ақаулықтарын анықтау және жою;

эскалаторлардың электр қозғалтқыштарын және редукторлары және өзге де бөлшектерін тазалықта ұстау;

қажет болған жағдайда эскалаторларды тоқтату.

493. Білуге тиіс:

эскалатор тораптарының құрылысы және оларды пайдалану тәртібі;

эскалаторларда жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;

сигнал лампаларының көрсеткіштері және мақсаты;

эскалаторларды тоқтату құрылғыларын пайдалану тәртібі;

қарапайым слесірлік құралдардың атаулары мен қолдану тәсілдері;

электртехника және слесірлік іс жөнінде қарапайым мәліметтер.

159-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 2-разряд

494. Жұмыс сипаттамасы:

саты тораптарында, көлік катушкаларында, роликтерде, эскалатор блоктарында қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, ақаулықтарын анықтау және жою;

біліктілігі анағұрлым жоғары слесарь-электриктің басшылығымен ажыратылған блоктау құрылғыларын анықтай отырып коммутатор арқылы блоктау электрсхемасы тізбегіндегі ақаулықтарды табу;

эскалатордың сыртқы ақаулықтарын анықтау;

ажыратылған блоктау құрылғыларын қалпына келтіру.

495. Білуге тиіс:

эскалаторды қолдану қағидаты мен механизмдерінің өзара іс-әрекеті;

сатылардың, ұстағыштар мен балюстрада арасындағы саңылау нормалары;

электрлі өлшеу құралдарының мақсаты;

электрлі слесірлік құралдарды қолдану тәсілдері, мақсаты және атауы;

қолданылатын аспаптың жарамдылығын айқындау;

жүк көтергіш құрылғылардың мақсаты;

электртехника негіздері.

160-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 3-разряд

496. Жұмыс сипаттамасы:

эскалаторларды ағымдағы, алдын ала жөндеуде және тексеруде орташа күрделіктегі электрлі монтаждау және слесірлік жұмыстар, қызмет көрсету;

электрлі қозғалтқыш пен электрлі жабдық схемаларының жұмысындағы күрделі емес ақаулықтарды анықтау және жою;

саты және қолмен ұстағыштардың қорғау құрылғыларындағы ұсақ ақаулықтарды жою;

ажыратылған блоктау құрылғылары арқылы коммутатордың көмегімен электрлі схемалардың ақаулықтарын табу;

11-12 квалитеттер (дәлдіктің 4-5 класы) бойынша тораптар мен бөлшектерді слесірлік өңдеп, қиыстырып жөндеу;

эскалаторларды телебасқару құрылғыларын тексеру, жөндеу және баптауға қатысу.

497. Білуге тиіс:

эскалаторлардың құрылысы және оның негізгі тораптарының өзара іс-әрекеті;

электрлі схемалардың жекелеген элементтерінің мақсаты;

электрлі схемалардың жұмысындағы ақаулықтарды табу және оларды жою әдістері;

эскалаторларды телебасқару құрылғыларының мақсаты және олардың жұмысындағы ақаулықтарды жою әдістері;

эскалаторларды телебасқарудан жергілікті қолмен басқаруға және керісінше аудару тәртібі;

эскалатор тораптарын монтаждаудағы негізгі шектеулер мен олардың сызбаларда белгіленуі;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы және мақсаты;

электртехника, механика негіздері және эскалаторларды монтаждау және бөлшектеу және металдарды өңдеу технологиясы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

161-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 4-разряд

498. Жұмыс сипаттамасы:

ағымдағы, алдын ала жөндеу және күрделіэлектрлі монтаждау және слесірлік жұмыстарды орындау, қызмет көрсету және эскалаторлардытексеру;

метрополитен станциялары жағдайында фазалық және қысқа роторлы 100 киловатқа дейінгі электрлі қозғалтқыштарды қысқа "терезе" барлық жұмыстардың аяқтауды шешіп, бөлшектеп, құрастырып және орната отырып эскалаторлардың электрлі жабдықтарын тексеру және жөндеу;

редукторлы электрлі қозғалтқышты біріктіру және кейіннен реттеу;

электрлі қозғалтқыш жұмысындағы және электрлі жабдық схемаларындағы күрделі ақаулықтарды анықтау және жою;

күш және бақылау кабельдерін бөлшектеп және сынап отырып жөндеу, монтаждау;

орнататын жерін белгілей отырып жіберу және қорғау электрлі аппаратурасын бөлшектеу, жөндеу, тексеру және монтаждау;

электрлі жабдықтардың күрделі схема қоспаларының жекелеген тізбектері мен түрлеріндегі ток кернеуі, күші және кедергісін өлшеу;

басқару панеліндегі жабдықтар мен аппаратурасын күрделі жөндеу және тексеру;

күрделі емес атқару схемаларын, эскиздерін, сызбаларын жасау;

электрлі сым схемаларының қайталама коммутациялық тізбек индикаторларын тексеру;

салмағы 2 тоннаға дейінгі такелажды жұмыстарды орындау 7-10 квалитеттер (дәлдіктің 2-3 класы) бойынша қиыстыра отырып жинақталатын жабдықтарды слесірлік өңдеу;

монтаждау жұмыстары кезінде механикалық және электр параметрлерінің байланысын сақтау;

эскалаторларды телебасқарудың қарапайым элементтерін жөндеу және тексеру.

499. Білуге тиіс:

түрлі үлгідегі барлық тораптардың, механизмдер мен эскалаторлар электрлі жабдықтарының өзара іс-әрекеті және құрылысы;

эскалаторларды монтаждау және іске қосатын және қорғау аппаратурасын реттеу үшін орнатылған нормалар, шектеулер мен саңылаулар;

эскалаторларды монтаждау тәртібі;

электрлі қозғалтқыштардың құрылысы мен қызметі;

фазалық және қысқа тұйықталған роторлы синхронды электрлі қозғалтқыштардың жұмыс қағидаты;

электрлі жабдықтардың жұмысында пайда болатын ақаулықтар мен оларды жою тәсілдері;

ток пен кернеудің электрмагниттік релесінің, аралық уақыт релесінің мақсаты, құрылғысы;

жүк көтергіш құрылғыларды пайдалану тәртібі;

электрлі кедергі және ток күшін, кернеулігін өлшеу тәртібі;

эскалаторларды телебасқару құрылғыларының жұмысқағидаты және оларды қолмен басқару байланысы;

эскалаторларды телебасқару құрылғыларының қарапайым элементтерінің құрылысы мен техникалық сипаттамалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

162-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 5-разряд

500. Жұмыс сипаттамасы:

эскалаторларды ағымдағы және алдын ала жөндеу кезінде ерекше күрделі электрлі монтаждау және слесірлік жұмыстарды орындау, қызмет көрсету;

қуаты 100 киловаттан астам фазалық және қысқа тұйықталған роторлы электрлі қозғалтқыштарды шешіп, бөлшектеп, құрастырып және орната отырып эскалатор электрлі жабдықтарды жөндеу және тексеру;

қорғау мен автоматика құрылғыларын жөндеу;

шаблондар мен құрылғылар жасау;

жөнделген жабдықтарды сынау және тапсыру;

"Үш бұрыш-жұлдыз" электрлі қозғалтқыш статорын автоматты қайта қосусыз эскалатор электржетектерінің схемаларын бөлшектеу, монтаждау, баптау және реттеу;

электржетектері, электрқозғалтқыш, аппараттар схемаларының пайдалану және жөндеу процесінде ақаулықтары мен зақым келген жерлерін жою;

аспаптардың электрлік бөлігін электрлі схемаларды шеше отырып тексеру және жөндеу;

эскалаторларды телебасқарудың күрделі элементтерін жөндеу және тексеру;

6-7 (дәлдіктің 1-2 класы) квалитеттер бойынша қиыстыра отырып жинақталатын жабдықтарды слесірлік өндеу.

501. Білуге тиіс:

электрлі қозғалтқыштардың құрылымдық құрылысы және ішкі қоспаларының схемалары;

басқару жабдықтары мен панель аппаратурасының құрылысы және мақсаты;

машина залы және эскалатордың көлбеу бөлігі жағдайында кабель төсеу тәсілдері;

аспаптар үлгілерінің жіктеуіші, оларды тексеру, сынау тәртібі және жұмысындағы ақаулықтарын жою тәсілдері;

оқшаулау кедергісі көлемін және қуаттылығы мөлшерін өлшеу тәсілдері;

электрлі жетек схемаларын күрделі қайта монтаждаудың техникалық шарттары;

барлық үлгідегі эскалатор электрлі жабдықтарының схемалары;

түрлі үлгідегі эскалатор электрлі схемалардағы ақаулықтарды айқындау әдістері және ақаулықтардағы жұмысты тез қалпына келтіру тәсілдері;

телевизиялық басқару құрылғыларының жекелеген тораптарын баптау кезінде эскалаторлар мен аспаптардың түбегейлі және монтаждау схемалары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

диспетчерлік телевизиялық құрылғыларды пайдалану тәртібі.

163-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 6-разряд

502. Жұмыс сипаттамасы:

фазалық роторы және статорды автоматты қайта қосатын қоспасы бар электрлі қозғалтқышты шешіп, бөлшектеп, құрастырып және орната отырып эскалаторлар және электрлі жабдықтарға қызмет көрсету, жөндеу және тексеру;

тәжірибелік электрлі қозғалтқыштарды және оларды сынай отырып электржетектерді басқарусхемаларын монтаждау;

электр жетектерді басқарудың ерекше күрделі схемаларын монтаждау;

барлық үлгідегі электрлі қозғалтқыштар мен эскалаторлардың электрлі схемаларын тексеру, баптау, реттеу және сынау;

эскалаторларды автотелебасқару құрылғыларының ерекше күрделі тораптарын бөлшектеу, жөндеу және баптау;

жабдықтарды, аспаптарды, механизмдер мен құрылғыларды тексеру және жөндеу кезінде жұмыс режимін тексеру;

ерекше күрделі шаблондар мен құрылғылар жасау;

5 квалитет бойынша қиыстыра отырып жиналатын жабдықтарды слесірлік өңдеу (дәлдіктің 1 класы).

503. Білуге тиіс:

барлық үлгідегі эскалаторлардың электрлі жабдықтарының құрылымдық ерекшеліктері;

ауыспалы токты қашықтықтан басқару эскалаторлардағы электр жетектерінің схемалары, олардың құрылысы және жұмыс қағидаты;

механикалық және редукторлық құрылғы жүйелері;

жүктемелердің жұмыс және пайдалану сипаттамаларын алып тастау режимдерін тексеру тәсілдері;

эскалаторлардың электрлі жетектерінің ерекше күрделі басқару схемасын монтаждау және бөлшектеу тәсілдері;

эскалаторларды автотелебасқару құрылғыларының құрылысы;

жөнделген жабдыққа техникалық құжаттама жасау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

эскалаторлар электрлі жабдықтарын сынау, реттеу, қабылдау және тапсырудың техникалық шарттары.

504. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

164-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 7-разряд

505. Жұмыс сипаттамасы:

эскалаторлардың негізгі тораптарына қызмет көрсету, жөндеу және реттеу: редукторына, жұмыс тежегішіне, апаттық тежегіші бар негізгі білігіне, басқару электрлі аппаратурасына;

озық электрлі қозғалтқыштарды және электрлі жетектерді басқару схемасын баптау және сынау;

электронды-есептеу машиналар қабысқан эскалаторлардың телемеханика жүйесін тексеру, баптау, реттеу және сынау;

жабдықтарды, аспаптарды, механизмдер мен қондырғыларды реттеу және жұмыс режимін баптау;

аса күрделі технологиялық жабдықтарды жасау және сынау.

506. Білуге тиіс:

эскалатор жетектерінің аса күрделі және негізгі тораптардың, барлық типтегі эскалаторды басқару электр аппаратураларының құрылымдық ерекшеліктері;

эскалаторлардың телемеханикалық электрлі жетектерінің схемалары және олардың жұмыс қағидаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электронды-есептеу машиналарының жұмыс қағидаты және құрылысы.

507. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейін білім талап етіледі.

165-параграф. Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик, 8-разряд

508. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі өлшеу аспаптарын пайдалана отырып, бір кристалды микро электронды-есептеу машиналар базасында құрылғыларды тексеру, реттеу және жөндеу; телемеханика байланысының жиілік арналатын теңшеу;

эскалаторлы диспетчерлердің автоматтандырылған жұмыс орындары жүйесінің аппараттық-бағдарламалық кешеніне техникалық қызмет көрсету жөніндегі барлық жұмыс түрлерін жүзеге асыру;

электрондық құрылғыларды (электрондық уақыт релесін, электрондық қорғаныс блоктары бар автоматты сөндіргіштерді) жөндеу;

эскалатордың электрондық қондырғылары бар электржетектерін басқару жүйелерін монтаждау және баптау.

509. Білуге тиіс:

телемеханика мен автоматика құрылғыларының, оның ішінде бір кристалды электронды-есептеу машиналары базасындағы құрылғылардың жұмыс режимдері және схемалары;

күрделі электрлі өлшеу аспаптарын пайдалану тәртібі;

электрондық уақыт релесінің, электрондық қорғаныс блоктары бар автоматты сөндіргіштердің жұмысы;

фазалық роторы бар электрлі қозғалтқыштарды жөндеу технологиясы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

автоматика, телемеханика аппаратурасындағы ақаулықтарды іздеу әдістері.

510. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейін білім талап етіледі.

4-тарау. Теңіз және өзен көлігінің жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Аэрошана жүргізушісі, 3-разряд

511. Жұмыс сипаттамасы:

адамдар мен жүкті қар және суда тасымалдау кезінде аэрошананы басқару;
аэрошаналарға техникалық қызмет көрсету: рейстің алдында, рейстен кейін және бағдарда тексеру;

регламент жұмыстарын, ағымдағы, апаттық жөндеуді орындау және күрделі жөндеуге қатысу;

аэрошаналардың бұзылмауын және үздіксіз жұмыспен қамтамасыз ету;

радиостанцияны пайдалану және қызмет көрсету;

тиеу жұмыстарында аэрошаналарда жүктің дұрыс орналасуын қадағалау;

аэрошаналарда формулярды жүргізу;

қабылдау-тапсыру құжаттарын рәсімдеу, тасымалданатын жүктің құжаттамасын рәсімдеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

512. Білуге тиіс:

аэрошаналардың жабдықтарының, қозғалтқышы мен аспаптарының құрылысы;

радиоқабылдау және радиоөткізу аппаратурасының қолдану қағидаты және құрылысы, мақсаты;

аэрошаналарды пайдалану кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

отын және майлаудың техникалық шарттары;

жабдықтардың ақаулықтарының негізгі себептері мен оларды жою тәсілдері;

жол қозғалысында әрекет ету, ішкі су жолдарында жүзу тәртібі;

формулярларды, тасымалданатын жүк пен почта, қабылдау-тапсыру құжаттары, жол парақтары мен өзге техникалық құжаттамаларды рәсімдеу тәртібі.

2-параграф. Боцман

513. Жұмыс сипаттамасы:

кемедегі корпусты, палубаны, қондырманы, рангоутты, такелажды, тұрмыстық және палубалық қызметтік үй-жайларды, су танкілері мен мойындарын, өлшеу және әуе құбырларын, траптарды, штормтраптар мен крандарды, жүк, зәкір, арқандап байлау, тіркеп сүйреу және құтқару құрылғыларын, палуба бөлігінде орналасқан өртке қарсы, авариялық, құтқару құралдарын, мүкәммал мен материалдарды тәртіппен ұстау жөніндегі жұмыстарға басшылық ету;

кеменің палуба жұмыстарының жоспарын құру;

кеменің палубалық жұмысын жасауда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі тәртібін сақтауды бақылау;

дайындаушының нұсқауы және техникалық пайдалану тәртібі негізінде палубалы техникалық құралдарын пайдалануды қамтамасыз ету;

бұзылған техникалық құралдарды және табылған ақауларды жоюға кеме мамандарын тарту;

ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тиеу және түсіру жұмыстарына қатысу; жүк операцияларына трюмдар мен жүк комплекстерін дайындау;

кеменің жүзіп кетуі мен дауылда жүзуіне палуба бөліктерін дайындау, палуба жүктерін, жабдықтарын, мүліктерін бекіту;

кеменің материалдық-техникалық жабдықтауын қамтамасыз етуге сұраным жасау; тұрмыстық және қызметтік бөлме тазалығын қадағалау;

кемеге қайта палуба команда мүшелесі болып түскендерге кіріспе нұсқамалық өткізу.

514. Білуге тиіс:

кеме құрылысы және кеме құрылыстарын техникалық пайдалану тәртібі;

сырлау, такелажды және тағы өзге жұмыстар технологиясы;

апаттық-құтқару және өртке қарсы құрал-саймандар мен мүліктерді пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

ішкі дабыл және байланыс жүйесін пайдалану тәртібі.

515. Кемеде қуаты 300-ден 550 киловаттқа дейін болатын басты қозғалтқышпен жұмыс орындау кезінде – 5-разряд;

кемеде қуаты 550 киловаттан астам болатын басты қозғалтқышпен жұмыс орындау кезінде – 6-разряд.

516. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

3-параграф. Бункерші

517. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыстарды өндіру технологияға сәйкес отын, майлағыш материалдарды мұнай бункерлік станцияның құрылғылары мен механизмдерін қабылдауға, жіберуге дайындау;

сақтау және жіберу жанармайларының қабылданған өлшемдерінің дұрыстығын тексеру;

алынған материалдардың сапасы мен санын тексеру және есеп журналын жүргізу;

қоршаған ортаның ластануын, зақымданушылықты ескерту бойынша іс-шараларды қамтамасыз ету.

518. Білуге тиіс:

мұнай бункерлеуші станция құрылғылары мен механизмдерін техникалық пайдалану тәртібі;

мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және жіберу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

519. Жүк көтерілімдігі 100 тоннаға дейінгі мұнай бункерлеуші станцияда жұмыс жүргізу кезінде – 2-разряд;

жүк көтерілімдігі 100-ден астам 200 тоннаға дейінгі мұнай бункерлеуші станцияда жұмыс жүргізу кезінде – 3-разряд;

жүк көтерілімдігі 200 тоннадан астам мұнай бункерлеуші станцияда жұмыс жүргізу кезінде – 4-разряд.

4-параграф. Гидротехникалық құрылымдарды бақылаушы, 4-разряд

520. Жұмыс сипаттамасы:

құламаға ыңғайлы арналардың жағдайына, шек бағдарлаушы және қорғаныс дамбалары, бөгет және өзге ұқсас олардың құрылғыларымен гидротехникалық құрылыстардың жағдайын жалпы көзбен шолып бақылау және оларды қирату және су шайып кету көлемін анықтау;

еңістегі ыза суларды жұқаруға, құлама оқиғаларды пайда болуға, жаға бекіткіш отырғызулардың ақуалына бақылай жасау;

табылған қираулар бойынша актілер мен схемалық суреттемелер жасау;

гидроқұрылыстардан жоғары санап шыққан ағымдағы және апаттық жөндеу жұмыстарына қатысу, сондай-ақ апаттық және қақпаны бөгеуші, су жіберулер, дюкерлер.

521. Білуге тиіс:

негізгі гидротехникалық құрылыстардың мақсаты және құрылысы;

гидрология бойынша негізгі мәліметтер;

топырақ гидроқұрылыстарды бекіту тәсілдері;

құламалар, дамбалар және өзге құрылыстарға ағымдағы жөндеу жүргізу кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

522. Арнайы бағдарлама бойынша дайындық талап етіледі.

5-параграф. Жағалау боцманы, 2-разряд

523. Жұмыс сипаттамасы:

айлақтарды жүйелі түрде тексеру және олардың ұсақ жөндеуін жүзеге асыру;

қысқы өрт майна кезеңінде өртке қарсы құрал-сайманды, өрт пойыздарын әрдайым дайындықта ұстау;

жұмысшыларды қажетті құралдар және құрал-сайманмен қамтамасыз ету;
кемелерді шварттау кезінде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету.

524. Білуге тиіс:

кемеде болат арқанмен жұмыстарорындау тәртібі;

кемені болат арқанмен байлауда (швартовкалауда) такелажды, құрал-сайманды және материалдарды қолдану тәртібі;

шкипер мүліктерінің және өзге материалдардың түрлері, өлшемдері және оларды сақтау тәртібі;

такелаждың мақсаты, такелаж жұмыстарының барлық түрлері;

шкипер мүліктерінің заттарын (маттар, крандар және өзге) жасау және жөндеу тәсілдері;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

6-параграф. Жағалау боцманы, 3-разряд

525. Жұмыс сипаттамасы:

кемені болат арқанмен байлауға айлақтардың дайындығын тексеру;

ұсақ жүзу құралдарының айлақтағы қауіпсіз тұрағын қамтамасыз ету;

шкипер мүлігін және өзге материалдарды қабылдау, сақтау, тапсыру және есеп жүргізу, оларды алу үшін өтінім мен талаптар жазу;

жолдың техникалық учаскелерінде, теңіз арналарында, жол аралығында және гидрографикалық базаларда: ұсақ жүзу құралдарын ағымдағы жөндеуден өткізу және оларды сырлау;

болат арқанды байлау жұмыстары мен шкипер мүлігін жөндеу жұмыстарын орындау кезінде жағадағы матростар мен жұмысшыларға басшылық ету.

526. Білуге тиіс:

кемені болат арқанмен байлау, кемеден және жағадан берілетін командалар мен сигналдар жұмыстарын орындау тәртібі;

жүк көтеру механизімін пайдалану тәртібі;

ағаш ұсталық, слесірлік және сырлау жұмыстарын орындау тәсілдері;

қол лоттары мен өлшегіш арқандарды топтастыру және таңбалау тәртібі;

аспалы және моторлы қайықтарды (шлюпкаларды) басқару тәртібі;

қызмет көрсетілетін жүзу құралдарында тасымалдауға болатын шекті жүк салмағы және жолаушы сыйымдылығы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;
кіріс-шығыс құжаттамасын тапсыру тәртібі.

7-параграф. Жағалау жұмысшысы, 2-разряд

527. Жұмыс сипаттамасы:

навигациялық жабдықтың құрал жабдықтарын дайындау, консервациялау, қойылымға қатысу және алу;
барлық арқанды байлау жұмыстарын орындау;
жүзу құралындағы аспаптарды орнату, тереңдікті өлшеу, жағажай белгілеріне қорек көздерін жеткізу;
жүзу құралындағы әртүрлі жүктерді тиеу және түсіру;
навигациялық жабдықты жағалаудағы арықтарына қалпына келтіру және щұңқырлар қазу;
лотлиня және өлшем арқанын тасу, бөлу және таңбалау;
адамдарды тасымалдауда қайықты (шлюпканы) басқару;
жұмысшы инструменттерін жөндеу;
нивелир тақтайшасымен жұмыс және қою;
берілген құрам бойынша бетон қоспасын дайындау;
ағаш ұсталық, ағартушы, слесірлікжәне такелаж жұмыстарын орындау;
ескекшінің міндеттерін орындау.

528. Білуге тиіс:

жүккөтергіш және такелаж құрылғыларын пайдалану тәртібі және құрылысы;
жүктерді тиеу, жылжыту, түсіру және қалаутәсілдері;
ағаш ұсталық, слесірлікжәне сырлау жұмыстарын орындау тәсілдері;
жұмысшы және өлшеуіш құралдарын қолдану тәртібі;
соттарды арқанмен байлау бойынша жұмыстардың орындалуының тәртібі;
көрермен және дыбыстық сигналдарды қабылдау және тарату тәртібі;
жер жұмыстары өндірісінің негізгі тәртібі;
бетон қоспаларын дайындау тәсілдері;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
суда өндіру жұмыстарын және қайықты басқарутәртібі.

8-параграф. Жағалау матросы, 1-разряд

529. Жұмыс сипаттамасы:

кемені айлаққа, кеме бортына, дебаркадерге болат арқанмен байлау бойынша жұмыстарды орындау;

шлюпка немесе катердің көмегімен болат арқанның шетін бөшкеге жеткізу, орнату; айлақтан кемеге өтетін өтпелі кішкене көпірлер (баспалдақтар) орнату және жинау; болат арқандарды (шетін) лақтыру; шкиперлік мүліктерді (маттар, кранцтар және өзге) жөндеу жұмыстарын орындау; айлақтарды және құтқаратын құралдарды жүйелі барлау, ұсақ жөндеулерді жүзеге асыру;

айлақтарда өрт сөндіру жолдарын, өртке қарсы құрал-саймандарды әрқашан даярлықта ұстау;

кеме байлауын байлауға айлақтардың даярлығын тексеру;

өлшеу арқандары мен қол лоттарын таңбалау және ажырату;

айлақтағы және құтқару құралдарының жарамдылығын қадағалау;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету шараларын қолдану.

530. Білуге тиіс:

кемені болат арқанмен байлаудағы іс-әрекеттерді, кемеден және жағадан берілетін командалар мен сигналдарды орындау тәртібі;

кемені болат арқанмен байлау кезінде пайдаланылатын құралдардың такелаждың, құрал-сайманның мақсаты және пайдалану тәртібі;

шкипер мүлігінің маркасы, түрлері, өлшемдері, оны сақтаудың тәртібі;

айлақта (учаскеде) қызмет көрсетіліп өңделген кеменің келу және кету уақыты;

такележды, ағаш ұсталық, слесірлік және сырлау жұмыстарының технологиясы;

шкипер мүлігі заттарын дайындау және жөндеу тәсілдері;

кемені болат арқанмен байлау кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету тәртібі.

531. Боцманның міндетін орындау кезінде – 2-разряд;

9-параграф. Жер сорғыш снарядтарының арнайы құрылғыларының операторы

532. Жұмыс сипаттамасы:

өзі жүретін жер сорғыш снарядтарының, палубалы көмекші механизмдер мен жүккөтергіш құрылғыларының жұмысын технологиялық процесін басқару;

жұмыс зәкірлерінің орналасу және өзге жерге салу жұмыстарын орындау;

такелаж, арқан байлағыш, жөндеу жұмыстарын орындау;

қолда бар такелаж мүлігін, құрал және құрал-сайманды есептеу.

533. Білуге тиіс:

өзі жүретін жер сорғыш снарядтарын пайдалану тәртібі және құрылысы;

құрал-сайман, өрт сөндіру құрылғысы және апаттық-құтқару мүлігін қолдану тәртібі;

апаттық сигналдау және ішкі байланыс құралдарын пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өзі жүретін жер сорғыш снарядтары жұмысының техникалық процесі.

534. Жер сорғыш снарядтарында өнімділігі сағатына 700 текше метрге дейінгі жұмысты орындау кезінде – 4-разряд;

жер сорғыш снарядтарында өнімділігі сағатына 700 текше метрден астам жұмысты орындау кезінде – 5-разряд.

10-параграф. Зерттеу арна партиясының бригадирі, 4-разряд

535. Жұмыс сипаттамасы:

далалық іздестіру жұмыстарындағы және арналық зерттеулердегі іздестіруші партия жұмысшыларын басқару;

далалық жұмыстардың дайындық және қарапайым түрлерін орындау;

дала жұмыстарына шығуға дайындалу;

орман-тоғай жолын шабу;

өлшенген және гидрометриялық жармалар қою;

белгілер салу және жоспарлы негіздеу орталықтарын қалау;

биік реперлер орнату;

су өлшейтін қадағалау орындарын салу;

ұсақ бұрғылау;

брандвахтаны тіркеу дайындығымен байланысты жұмыстарға қатысу;

моторлы қайықты (катерді) басқару, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату;

моторлы қайықтың (катердің) корпусы мен қозғалтқыштарына алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу;

далалық іздестіру жұмыстары мен арналық зерттеулерді өндіруге арналған құралдарды, аспаптар мен ұсақ жабдықтарды сақтау.

536. Білуге тиіс:

өзендер, көлдер және жасанды су жолдары, су режимі мен арналы процестер, жолдың габариттері, оларды қалпында ұстау тәсілдері және кемеңнің жүзу жағдайларын жақсарту туралы жалпы мәліметтер;

кемеңнің жүзу жағдайын, оның мақсаты және жағдайды білдіретін белгілер қою тәртібі;

геодезия, топография, гидрография және гидрометрия жөнінде қарапайым элементтер;

далалық іздестіру жұмыстары мен арналық зерттеулерді орындау кезінде қолданылатын қарапайым құралдар мен аспаптарды пайдалану тәртібі;

құралдар мен аспаптарды сақтау тәртібі;

іштен жанатын қозғалтқыштың құрылысы және әрекет ету қағидаты;

зерттеу жұмыстарын жүргізу, кемені болат арқанмен байлау және такелаждарды пайдалануда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

537. Арнайы бағдарлама бойынша дайындық талап етіледі.

11-параграф. Зерттеу арна партиясының дала (жол) жұмысшысы, 2-разряд

538. Жұмыс сипаттамасы:

инженерлік-техникалық қызметкерлердің немесе партия бригадирінің басшылығымен түрлі қосалқы операцияларды далалық іздестіру жұмыстар мен арналық зерттеулерді орындау кезінде;

жоспарлы-биіктік негіздемесінің пункттерін, қадаларды, жармалық және пикеттік казықтарды бекіту үшін ағаш белгілерін дайындау;

брандвахталарды даярлау және буксирлеумен, жүзетін құралдарды және өзге де құрал-саймандарды жөндеумен байланысты жұмыстарға қатысу;

бояу және сүргілеу жұмыстарын орындау.

539. Білуге тиіс:

дала ізденіс жұмыстары (зерттеулер) тағайындау туралы ортақ мәліметтер өндіру тәсілдері;

зерттеу жұмыстарын жүргізу, кемені болат арқанмен байлау, такелаждарды пайдалануда қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

540. Су өлшеу бекеттері құрылғылары, өлшеу және геометриялық қақпақтарды, белгілерді салу және жоспарлы орталықтарды салу жұмыстарын орындауда— 3-разряд.

12-параграф. Кеме аспазшысы, 4-разряд

541. Жұмыс сипаттамасы:

суда азықтың дайындаудың экологиялық есебімен кеме экипаж мүшелеріне азықты дайындауын қамту;

азықтар, шикізаттарға мәлімдеме, мәзір құрастыру;

тиісті шикізат және дайын өнімнің шығуын есептеу;

түскен шикізат және жартылай фабрикаттарға және оларға сәйкесінше көлемі, сапасы және ассортименті бойынша мәлімдеме, тіркеме қағаздарына бақылау;

актілердің салмақтың жеткіліксіздігі, ұрыс, ақау, шартқа сәйкес емес өнімдеріне ресімдеу;

тағамдарды дайындау кезінде келесідегідей операцияларды орындайды: бұйымдарды сүзу, араластыру, ұнтақтау, қалыптау, фаршталу;

тұтынылатын шикізатты есеп, тауарлық есеп беруді жүргізу;
тағамды қабылдау үшін орнатылған уақытта тарату;
кемеде наубайшы болмаған жағдайда оның міндетін атқару.

542. Білуге тиіс:

кеме экипаж мүшелеріне азық дайындауын қамтамасыз ету тәртібі бойынша ұйымдастыру-басқарушы және нормативтік құжаттар;

қоректену физиологиясының негізі;

тамақ өнімдерінің тауартануын негізі, қоғамдық қоректенудің гигиенасы және тазалық сақтауы, аспаздықты;

кемелерде камбуздар және қоғамдық қоректену кәсіпорындарының құрылғыларымен құрал-саймандарын пайдалану тәртібі;

санитарлық талаптардың тәртібі;

дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өрт сөндіру құрылғыларын, дара және ұжымдық құтқару құрылғыларын қолдану тәртібі.

13-параграф. Кеме жіберуші, 4-разряд

543. Жұмыс сипаттамасы:

шлюз камерасындағы кемелерді шлюздеу және орналастыру барысын қадағалау;

жүзетін заттардан шкаф бөліктері мен жұмыс қақпаларын уақытында тазалауды қамтамасыз ету;

кірме арналарындағы кемелердің тұруын, камералардағы, шлюз аумақтарындағы акваторий тазалығын қадағалау;

шлюзді орталықтан басқару пультінен берілетін команда кемесі бастығының командаларының дұрыс және уақытылы орындалуын бақылау;

шлюзде техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысу.

544. Білуге тиіс:

шлюздің және оның жабдықтарының, техникалық құрылыстарының негізгі элементтерінің техникалық пайдалану тәртібі, мақсаты және құрылысы;

қақпалар мен бекітпелердің, кемелер мен айлақ жабдықтары үйінділерінен сақтандыру құрылғыларының жұмыс жасау қағидаты;

апаттық-құтқару және өртке қарсы құрал-жабдықтардың құрамы және шлюзде орналасуы;

кемелер мен плоттарды шлюз арқылы өткізу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

кемелер мен шлюздарда қабылданған жарықтық және дыбыстық сигнал беру.

545. Арнайы бағдарлама бойынша дайындық талап етіледі.

546. Қарқынды кеме қатынасы учаскесінде жұмыс орындаған кезде:

2-класты кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстарда – 5-разряд;

1-класты кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстарда – 6-разряд.

547. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

14-параграф. Кеме қатынасы күзетінің бригадирі, 4-разряд

548. Жұмыс сипаттамасы:

күзеттегі жұмысшылардың жұмысын басқару;

қызмет көрсетілетін учаскеде кеме жолының тереңдігі мен көлемін өлшеу, кеме жүзетін жағдай белгілерін орнату әрі қайта орналастыру және өлшеу нәтижелері бойынша тереңдікті көрсетілетін маңдайшалардың өзгеруі;

күндізгі және түнгі уақытта жүзетін және жағадағы жағдайдың дұрыстығын қадағалау;

қызмет көрсетілетін учаске бұрылыстарында жолдың нақты габариттері туралы күнделікті хабарлау;

кеме жүзетін трассаны үнемі тралдау арқылы оның тазалығын тексеру;

табылған кедергілерді тазалау немесе белгілермен қоршау;

жағдай белгілерінде жарық беретін сигнал аппаратураларын орнату және олардың дұрыс ірекет етуін қадағалау;

кеме жүргізушілерінің талабы бойынша кемелерді өткізуге көмек көрсету;

апат болған жағдайда кемеге шығу және апат жөнінде акт жазуға қатысу;

моторлы қайықты (катерді) басқару, қозғалтқышты қосу және тоқтату, қайықтың (катердің) корпусы мен қозғалтқышына алдын ала жөндеуге қатысу.

549. Білуге тиіс:

кеме жүзетін трассаға қойылатын негізгі талаптар, кеме жүзетін жағдайдың мақсаты , қызмет көрсетілетін учаскедегі кепілдік берілген және сараланған жол габариттері;

жағдайдың жағалық және қалқыма белгілерін қою тәртібі;

электртехника мен оптика жөнінде жалпы мәліметтер;

жарық беретін сигнал аппараттарын пайдаланудың ерекшеліктері және мақсаты;

бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарын пайдалану тәртібі;

іштен жанатын қозғалтқыштардың әрекет ету қағидаты және құрылысы;

кеме жүзетін жағдайға жанастам бөліктегі ішкі су жолдары бойынша жүзу тәртібі;

дыбыс және жарық сигналдары;

радиостанцияны пайдалану және оны теңшеу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

кеме жүзетін жағдайға қажетті көлемде ағаш ұсталық және сырлау жұмыстары.

550. Бір жылдан кем емес (навигация) қарауыл тәжірибесінің болуы және арнайы бағдарлама бойынша дайындық талап етіледі.

15-параграф. Кеме қатынасы монтері-моторшы, 3-разряд

551. Жұмыс сипаттамасы:

кеменің жүзу жағдайындағы белгілерінде жарық беретін сигнал аппаратурасы мен автоматтарды монтаждау, теңшеу;

қоректендіру көзін белгілеу және ауыстыру, аккумуляторды зарядтау, электролит дайындау және аккумуляторлы элементтерді құю;

жарық беретін сигнал аппараттары мен автоматтарын тексеру және ағымдағы жөндеу жүргізу, бақылау үшін учаскелерді аралау және жағдай белгілеріндегі жарық беретін сигнал аппаратураларының монтажын әрі жұмысын тексеру;

моторлы қайықты басқару, қозғалтқышты қосу және тоқтату, моторлы қайықтың корпусы мен қозғалтқышына ұсақ және алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу.

552. Білуге тиіс:

кеменің жүзу жағдайындағы белгілерінде қолданылатын жарық беретін сигнал аппаратурасы мен автоматының мақсаты;

автоматтарды монтаждау схемалары және ақаулықтарды анықтау және жою тәртібі;

кеменің жүзу жағдайы белгілеріндегі жарық беретін аппаратураларда қолданылатын линзалардың, сәуле түсіргіштердің, жарық фильтрлердің оптикалық қасиеті;

кеменің жүзу жағдайындағы белгілеріне жарық түсіру үшін қолданылатын қышқыл және сілтілі аккумулятор батареяларының құрылысы мен мақсаты;

қайық қозғалтқышын қосу, басқару және тоқтату тәртібі;

ішкі су жолдарымен жүзудің тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника жөніндегі негізгі мәліметтер.

553. Учаскелерде интенсивті кеме жүзу жұмыстарын орындаған кезде – 4-разряд.

16-параграф. Кеме қатынасын хабарлаушы, 3-разряд

554. Жұмыс сипаттамасы:

кеменің жүру жолындағы жағдайдың белгіленген учаскедегі қарауыл жұмысшыларынан кеменің жүру жолының тереңдігін тәулік сайын өлшеу нәтижелері бойынша кеменің жүру жағдайындағы белгілерінің орналасу өзгерістері және кеменің техникалық форттың (жерден көсіп алатын снарядтар, корчекрандар және өзге де) орналасқан жері сондай ақ іздестіру қалыбы және тегістеу партиялары жөнінде күнделікті мәлімет жинау;

телефон, радио немесе өзге де тәсілмен жолдың техникалық учаскесінде (гидротехникалық шоғырлану ауданында) өңдеу және жеткізу;

жолдың техникалық учаскелеріндегі жерден көсіп алатын және түбін тазалайтын снарядтар, іздестіру қалыбы және түзету партиялары мен өзге де өндірістік бірліктер жағдайлық бригадалар командирлер жарлықтар мен тапсырмалар беру;

радиотелефон аппаратуралары мен көліктің бекітілген құралдарының сақталуы мен дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету.

555. Білуге тиіс:

жағдайлық белгілердің барлық түрлерінің мақсаты;

кеменің жүру жолының тереңдігі мен енін өлшеудің тәсілдері мен тәртібі;

қызмет көрсетуші учаскедегі кепілдік берілген және сараланған жоспарлы жолдың шектік габариттері;

кеменің жүру жағдайына қатысты көру және есту сигналдары, ішкі су жолдары мен жүзу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

радиостанцияны пайдалану тәртібі және өндірістік бірліктермен байланыс графигі.

556. Интенсивті кеме жүру және өндірістік жерден көсіп алу, түбін тереңдету жұмыстары учаскелеріндегі жұмысты орындау кезінде – 4-разряд.

17-параграф. Кеме құрылысының бекет (қосалқы) жұмысшысы-моторшы, 2-разряд

557. Жұмыс сипаттамасы:

күндізгі және түнгі кезде бекетте кезекшілік ету және кеменің жарамды қалыпта тұруын қадағалау;

кеме жүрісінің тереңдігі мен енін өлшеуге, кеме белгілерін қоюға және орнатуға, тральды және жағаларды тазалау жұмыстарына қатысу.

558. Білуге тиіс:

жүзетін және жағалау белгілердің орналастыру тәртібі және мақсаты;

өлшеу және тральды жұмыстарды жүргізу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

кемеге, дыбыс және жарық белгілеріне қатысты бөліктердің ішкі су жолдары бойынша жүзу тәртібі.

18-параграф. Кеме құрылғысының бекет (қосалқы) жұмысшысы-моторшы, 3-разряд

559. Жұмыс сипаттамасы:

күндізгі және түнгі кезде бекетте кезекшілік ету және кемеңің жарамды қалыпта тұруын қадағалау;

кеме белгілерінің жарық сигнал беруін жарамды қалыпта ұстау және қызмет көрсету;

жарық сигнал беру аспаптарындағы электр лампаларды қоректендіру көзін ауыстыру, кеме белгілерінің белгілерін жөндеу және бояу;

моторлы қайықты басқару, корпусты ағымдағы және профилактикалық және моторлы қайықтың қозғалтқышын жөндеуге қатысу.

560. Білуге тиіс:

кеме белгілерін жайғастырудың орналастыру тәртібі және мақсаты;

жарық сигналы аппаратурасы мен автоматтарды пайдалану, теңшеу және орналастыру тәртібі;

іштен жанатын қозғалтқыш құрылғысын қолдану қағидаты, дыбыс және жарық сигнал беруі;

қоректендіру көздері туралы негізгі мәліметтер мен оларды пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника және оптика жөніндегі қарапайым мәліметтер.

561. Интенсивті кеме қатынасы учаскелерінде жұмыстарды орындау кезінде – 4-разряд.

19-параграф. Кеме электригі, 4-разряд

562. Жұмыс сипаттамасы:

электр кеме құрылғыларының, қосалқы машиналардың, электр аспаптарының, рульді, буксирлі, швартты, зәкірлі, шлюпті және өзге кеме құрылғыларының электрлі жабдықтарын, пальпионажды шығырлар мен жүк көтеру жабдықтарының орташа күрделіктегі бөлшектерін, аппараттары мен тораптарын бөлшектеу, жөндеу және құрастыру;

электрлі жетектерді және олардың жұмыс жүйесін қадағалаушы бөлшектермен қосу ;

кеме электр қондырғыларын қадағалау және техникалық күтімге келтіру;

кеме электрлі жабдықтарын тексеруге арналған кезекші журналды толтыру, ақау тізімін құрастыру;

вахтаны белгіленген тәртіпте атқару.

563. Білуге тиіс:

кеме электрлі жабдығының мақсаты және құрылысы;

басқару тұтқасы кешеніне және кемең беретін электр қондырғыларының құрылымдық сипаттамалары және жұмыс параметрлері;

буксир электрприборы, арқан байлағыш, зәкір, қайық және өзге құрылғылары мен механизмдері;

пальпионаждық жүкшығырлар және жүк көтеру жабдығы;

қалқыма кранда жұмыс кезінде кемеде қызмет ету жарғысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсетуге басшылық ету.

564. Жұмыс үлгілері:

1) кемеге күш беретін электр қондырғылары және қосалқы құрылымдар, машиналар, тетіктердің электрприборлар жинағышын тексеру, техникалық күтім жасау және жөндеу;

2) аппаратурамен панель, қалқандарды – алу, қою;

3) коллектор электрмашиналары (қоюлар, құрылғылар) зәкірлердің пластинасы – балапан қораздарды дәнекерлеу;

4) басқару және апаттық схемалары – қызмет көрсету және жөндеу;

5) электрмашиналардың ішпектері – жуу және майлаушы маймен толтыру;

6) әр түрлі, автоматты ажыратқыштар және ауыстырып қосқыш – жөндеу;

7) өндіргіштер және өзге электр машинистердің біліктерінің қосуларын жалғастырғыш – бөлшектеу, құрастыру, реттеу;

8) аккумуляторлық батарея – электролиттің тығыздығының тексеру және реттеу.

20-параграф. Кеме электрiгi, 5-разряд

565. Жұмыс сипаттамасы:

электр кеме құрылғыларының, қосалқы машиналардың, электр аспаптарының, рульді, буксирлі, швартты, зәкірлі, шлюпті және өзге де кеме құрылғыларының электрлі жабдықтарын, пальпионажды шығырлар мен жүк көтеру жабдықтарының орташа күрделіктегі бөлшектерін, аппараттары мен тораптарын бөлшектеу, жөндеу және құрастыру;

қысқы жөндеуден кейін кеме электрлі жабдықтарын реттеу және сынау;

тікелей кемең ішінде электрлі жабдықтардың жұмысында табылған ақаулықтарды жою.

566. Білуге тиіс:

кемеэлектрлі жабдықтарының құрылысы, тораптары және схемалары;

кемеэлектрлі жабдықтарының ерекше күрделі тораптары мен схемаларын бөлшектеу, ұсақ жөндеу және құрастыру тәсілдері;

кемені электрмен қамтамасыз етудің ерекше күрделі схемаларының кеме жағдайларында жөндеу тәртібі;

кеме жағдайларында (жүзуде) кемені электрмен қамтамасыз етудің қадағалаушы және қайталаушы жүйелерінің ерекше күрделі схемаларын жөндеу тәртібі;

кеме электрлі жабдығын жөндеуге және сынауға арналған техникалық шарттар мен құжаттамасы, кеме дабылдары мен жұмыстары бойынша кестелері;

кемеде қызмет ету жарғысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету нұсқаулығы.

567. Жұмыс үлгілері:

1) кеме электр құрылғылары (дизель-генераторлар, электрлі моторлар), сорғы, компрессор, тоназыту құрылғыларының, жүк көтеру механизмдерінің, пальпионажды шығырлардың, буксир, зәкір, швартты, қозғалту-рульді, шлюпті және өзге бас құрылғылар мен жүйелердің электржетек машиналары - токтан алу және ток қабылдау құрылғыларын, басқару, қорғау және қайталау схемаларын тексеру, техникалық күту, жөндеу;

2) барлық үлгідегі қорғағыштар - қызмет көрсету және қайта зарядтау;

3) электр машина ішпектері - сығымдау;

4) қосалқы жабдық электр машиналарының, құрылғылардың, сорғылар мен өзге біліктерін біріктіру муфталары - өзара іс-қимылын тексеру, реттеу.

21-параграф. Кеменің қазанды қондырғысы (кочегар) машинисі, 4-разряд

568. Жұмыс сипаттамасы:

кеменің қазанды қондырғысы мен оған қызмет көрсетуге арналған техникалық жабдықтарға эксплуатациялық және техникалық қызмет көрсету.

569. Білуге тиіс:

кеме құрылысы және кеменің қазандық қондырғысы;

кеме жүйесінің қазанды бөлігіндегі құбырлар мен арматуралардың мақсаты және орналасуы;

ішкі байланыс пен сигнал беру жүйелерін пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

апаттық-құтқару және өртке қарсы мүлік пен құрал-саймандарды пайдалану тәртібі.

22-параграф. Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор), 1-разряд (4-класс)

570. Жұмыс сипаттамасы:

кемелерде, вагондарда, автокөліктерде және өзге де жылжымалы құрамда барлық түрлердегі жүктерді тиеу, түсіру және шамадан артық тиеу: бір топтағы крандар;

электрлі тиегіштер, автотиегіштер, жүкарбалар (жүк көтергіштер), тасымалдағыштар (конвейерлер, шнектер, норий), трюмдық, вагондық, қоймалық және өзге электржетекті машиналар, жүк лифтілері;

келесі машиналардың бірі (механизм) дірілдеткіш, діріл қопсытқыш, вагон аударғыш, люк көтергіш, магниттік сепаратор, қайта тегістеу станциясы және өзге технологиялық құрылғылар;

қолданылатын көтерме-көлікті және жүк тиетін машиналар мен механизмдерді басқару;

қызмет көрсетіліп жатқан машиналарды, механизмдерді тазалау және майлау;

қоймалардағы және көлік құралдарындағы жүктерді бекіту және жасыру;

ауыстырылатын жүктің салмағы мен көлеміне сәйкес қажетті арқан жіптерді таңдау

;

арқан жіптердің жарамдылығын анықтау;

жүк ұстағыш құрылғыларды орнату және ауыстыру;

жүктерді буып тию және байлау;

басқыштар мен қалқандарды тасымалдау;

жұмыс процессі кезінде вагондарды дайындау (тасып шығару);

жылжымалы құрам люктерін, борттарын, есіктерін ашу және жабу;

жүк түсіріліп біткеннен кейін жылжымалы құрамды тазалау;

коммерциялық операциялардың орындалуына қатысу.

571. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін көтерме-көлікті, жүк тиетін машиналар, механизмдер мен бейімделулердің шектік жүктеме нормалары, құрылғылар туралы мәліметтер, жұмыс қағидаты, мақсаты;

жылжымалы құрам туралы мәліметтер;

жүктердің атауы;

ауыстырылатын жүктің салмағын көзбен шолу арқылы анықтауды;

жүк тиеу, түсіру, шамадан артық тиеу және строптау тәсілдері және тәртібі;

жүктертұратын бөлменің құрылысы;

тара түрлері, буып-түю және таңбалау түрлері;

ашық теміржол жылжымалы құрамы мен автокөліктерге жүктерді тиеу және теміржол вагондарынан жүктерді түсіру және оларды қат-қабат қалау мүмкінгабариті;

жүктерді тиеу, түсіру жері және қоймалар орны;

қызмет көрсетіліп жатқан аумақта технологиялық жүйелілікті және өндірістік тапсырмаларды орындау операциялары;

сигнал беру жүйесінің өндірісте тиеу-түсіру кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

коммерциялық операцияларды жүргізу негізі.

572. Ескерту:

біліктілігі жоғары механизаторлардың басшылығымен біліктілігі 4-класс кешенді бригадаларының механизаторлары (докер-механизаторлар) ауыр салмақты және ұзындық өлшеуіш жүктердің металл конструкцияларын жону және кері жону жұмыстарын орындайды.

23-параграф. Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор), 2-разряд (3-класс)

573. Жұмыс сипаттамасы:

кемелерде, вагондарда, автокөліктерде және өзге де жылжымалы құрамда барлық түрлердегі жүктерді келесі машиналардың бірі арқылы тиеу, түсіру және шамадан артық тиеу: бір топтағы крандар, жүк көтерімділігі 5 тоннаға дейінгі автотиегіш, жартылай тіркемелі тартқыштар (тракторлар), бульдозерлер (дизельді вагонтартқыштары), тракторлы тиегіштер (бульдозерлер);

бір топтағы экскаваторлар, стаккерлер, реклаймерлер, арнайы жүк тиегіш (түсіретін) кеме машиналары, тартқышы іштен тұтанатын қозғалтқышты трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналары, порталдық пневматикалық қайта жүктеушілер, контейнерлік көтергіштер;

қолданылатын көліктер мен жүк тиелетін машиналарды және механизмдерді басқару;

машиналар, механизмдер және бейімделулер жұмыстарының ақаулықтарын анықтау;

машиналар, механизмдер, жүкқармаушы және өзге де бейімделулерге ай сайынғы техникалық қызмет көрсету кезінде туындаған ақауларда (егер жоғары білікті маманды тарту талап етілмесе) жою;

жылжымалы құрам және қойма құрылыстары сыйымдылығы мен жүк көтерімділігін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

ұсақ топтамлы тасымалдауда, жүктерді іріктеп алу және толымдау, және де жылжымалы құрамға беру орнына орналастыру және орыны-орнына қою;

барлық жүктерді иіру және байлау;

өртүрлі жағдайда жүктердің орнын ауыстыру мен буып тиюдын тез және қауіпсіз тәсілдерін таңдау;

арқан жіптерді әртүрлі түйін байлау және тұсау;
сигналшының міндеттерін орындау;

574. Білуге тиіс:

қолданылатын машиналар, механизмдер және бейімделулер тобының құрылысы және әрекет ету қағидаты, мақсаты;

аумақтағы жүктерді қайта өңдеу технологиясы;

жүкті тиеу, түсіру, шамадан артық тиеу және бекіту техникалық шарттары;

ауыстырылатын жүктің салмағын көзбен шолу арқылы анықтауды;

арқандау тәртібі, барынша ыңғайлы арқандау орны;

арқанның пайдалану мерзімі және жүк көтерімділігі;

жүк қармау құралдарының жұмыс қағидаты;

механика, электртехника, материал жүргізу және слесірлік жұмыс жөнінде негізгі мәліметтер;

теміржол қатынас жолдарында және теміржол сигнал беру өткелдерінде жүрудің негізгі талаптары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

тиеу-түсіру жұмысын жасауға ұсынылатын, мемлекеттік техникалық бақылаудың негізгі талаптары.

24-параграф. Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор), 3-разряд (2-класс)

575. Жұмыс сипаттамасы:

кемелерде, вагондарда, автокөліктерде және өзге де жылжымалы құрамда барлық түрлердегі жүктерді келесі машиналардың бірі арқылы тиеу, түсіру және шамадан артық тиеу: екі әртүрлі топтағы крандар (порталды және мобилді) немесе экскаваторлар ;

әртүрлі екі топтағы крандарды немесе экскаваторларды көтеру-көлікті машиналар немесе механизмдер түрлерінің бірне байланыстыру: жүк көтерілімділігі 28 тоннаға дейінгі автотиегіштер, жартылай тіркемелі тартқыштар, тартқыштар (тракторлармен) және бульдозерлер (дизельді вагон тартқыштар), тракторлы тиегіштер (бульдозерлер), контейнерлі артық тиеулер, тартқышы іштен тұтанатын қозғалтқышты трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналар, порталды пневматикалық қайта жүктеушілер;

жүк көтерілімділігі 28 тоннаға дейінгі автотиегіштерге байланысты көтерме-транспортты машина немесе механизмдер түрлерінің бірі: тракторлы тиегіштер (бульдозерлермен), автоконтейнер тасулар, ер-тоқымды құрылғысы бар порттық

тартқыштар, тартқышы іштен тұтанатын қозғалтқышты трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналар, контейнерлі артық тиеулер, тартқыштар (тракторлармен) және бульдозерлер (вагондар дизельді тартқыштар);

жүк көтерілімділігі 10 тоннадан астам автотиегіштер және контейнерлі тиегіштер; стакерлер, жарнамашылар, арнайы кеме тиегіш (түсіргіш) машиналар;

порталды пневматикалық қайта жүктеушілер, тартқышы іштен тұтанатын қозғалтқышты трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналар;

тракторлы тиегіштер (бульдозерлер) және контейнерлі артық тиеулер;

қолданылатын көтеру-транспортты және жүк тиетін машиналар мен механизмдерді басқару;

машиналар, механизмдер, жүкқармаушы және өзге де бейімделулерге ай сайынғы техникалық қызмет көрсету кезінде туындаған ақауларды (егер жоғары білікті маманды тарту талап етілмесе) жою, өзге әртүрлі техникалық қызмет көрсетулер мен жөндеулерге қатысу;

жоғары сақтықты талап ететін жүктерді арқандау және буып-түю;

арқандардың шетін түйіндеу.

576. Білуге тиіс:

қолданылатын машиналар, механизмдер және бейімделулер тобының құрылысы және әрекет қағидаты, мақсаты;

машиналар, механизмдер және бейімделулер бөлшектерін мерзімінен бұрын тозуы және апаттық себебін анықтау тәсілдері;

төзімділік пен үйлесімділік туралы негізгі түсініктер;

жоғары сақтықты талап ететін жүктерді арқандау, буып-түю тәсілдері мен тәртібі;

такелаж және жүкқармаушы құрылғыларды пайдалануды және дұрыстығын тексеруді, іріктеп алу тәртібі, мақсаты, құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

сынау мерзімі және тәртібі, олардың ақаулау нормасы.

25-параграф. Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор), 4-разряд (1-класс)

577. Жұмыс сипаттамасы:

кемелерде, вагондарда, автокөліктерде және өзге де жылжымалы құрамда барлық түрлердегі жүктерді келесі машиналардың бірі арқылы тиеу, түсіру және шамадан артық тиеу: әртүрлі үш топтағы крандар;

әртүрлі екі топтағы крандар және бір топтағы экскаваторлар;

бір топтағы крандар және әртүрлі екі топтағы экскаваторлар;

көтеру-көліктік машиналар немесе механизмдер түрлерінің бірімен байланыста әртүрлі екі топтағы крандар немесе экскаваторлар: жүк көтерілімділігі 28 тоннаға дейінгі автотиегіштер, жартылай тіркемелі тартқыштар (тракторлар), жүк көтерілімділігі әртүрлі автотиегіштер және бульдозерлер (дизельді вагон тартқыштары), тракторлы тиегіштер (бульдозерлер), контейнерлі артық тиеулер, іштен жанатын қозғалтқышты тартқышы бар трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналар, порталды пневматикалық қайта тиеуші;

жүк көтерімділігі әртүрлі автотиегіштермен байланыста бір топтағы крандар немесе экскаваторлар;

бір топтағы крандар, жүк көтерімділігі әртүрлі автотиегіштермен немесе тракторлы тиегіштермен (бульдозерлермен) байланыста бір топтағы экскаваторлар;

бір топтағы крандар, тракторлармен, бульдозерлермен (вагондардың дизельді тартқыштары) немесе тракторлы тиегіштермен (бульдозерлермен) байланыста жүк көтерілімділігі 10 тоннаға дейінгі автотиегіштер;

бір топтағы крандар, порталды артық тиеулер, іштен жанатын қозғалтқышты тартқышы бар трюмдық, вагондық, қоймалық арнайы машиналар;

бір топтағы крандар немесе экскаваторлар, жүк көтерімділігі 10 тоннаға дейінгі автотиегіштермен немесе тракторлы тиегіштермен (бульдозерлермен) байланыста контейнерлі артық тиеулер;

жүк көтерімділігі 10 тоннаға дейінгі автотиегіштер, тракторлы тиегіштер (бульдозерлер), контейнерлі артық тиеулер;

тартқыштар (тракторлармен) және бульдозерлер (вагондардың дизельді тартқыштары), отыру құрылғысы бар порттық тартқыштар, порталды контейнер тиегіштер, іштен жану қозғалтқышы бар арнайы трюмдық, вагондық және қоймалық арнайы машиналар, контейнерлі артық тиеулер, тракторлы тиегіштер және бульдозерлер, стакерлер, реклаймерлер, арнайы кеметиегіш (түсіргіш) машиналар, тартқыштар (тракторлар), бульдозерлер (вагондардың дизельді тартқыштары);

қолданылатын көтеру-көліктік және жүк тиегін машиналар мен механизмдерді басқару;

машиналар, механизмдер, жүкқармаушы және өзге де құрылғыларға ай сайынғы техникалық қызмет көрсету, анықталған ақауларды (егер жоғары білікті маманды тарту талап етілмесе) жою, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің өзге түрлеріне қатысу;

күрделі жүктерді арқандау және буып-тиеу.

578. Білуге тиіс:

машиналардың (механизмдер) электрлі жабдығының түбегейлі құрылысы;

көтергіш-көліктік және жүк тиейтін машинаны (механизмді), жүкқармаушы және өзге де құрылғыларды жөндеу тәртібі;

машиналар және механизмдердің түйіндерін жөндеуден кейін сынау, күйге келтіру және қабылдап арудың техникалық шарттары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

тозған бөлшектерді қалпына келтіру және нығайту тәсілдері.

26-параграф. Кран электригі, 3-разряд

579. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым қол бейімділігі мен құралдарды қолдану арқылы қарапайым тораптарды, аппараттарды, электр жарығы арматураларын сұрыптау, жөндеу мен жинау;

кранның электрлі жабдықприборлары мен бөлшектерін тазалау, жуу, сүрту және сығылған ауамен үрлеу;

қиын емес детальдарды дайындау;

электрмашинаның электрлі аспаптарының бөлшектері мен тораптарын қарапайым электрмонтажды схемамен жинау.

580. Білуге тиіс:

кранда бар электрлі машина, электрлі аспаптар мен электрлі аппараттардың мақсаты және жұмыс қағидаты;

орташа қиындықтағы анағұрлым таралған әмбебап және арнайы құрылғылар және орта күрделіктегі бақылау-өлшеу құралдарын қолданудың тәртібі және мақсаты;

сымдарды орналастыру тәсілдері;

қарапайым электрлі монтаждау схемалары;

электрлі аспаптар және машиналарды іске қосу мен өшіру тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника негіздері;

кемедегі қызмет жарғысы (жүзгіш кран жұмысы кезінде);

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету бойынша басшылық ету.

27-параграф. Кран электригі, 4-разряд

581. Жұмыс сипаттамасы:

жүзу крандарындағы, сондай-ақ портты кранды терминалдардың электрлі жабдықтарындағы аспаптар мен электр құрылғылар тораптары және көмекші машиналардың, электрлі аспаптардың, зәкір, шлюпка, шығырлы электрлі жабдықтар мен өзге де құрылғылары мен механизмдердің орташа деңгейдегі қиындықтағы бөлшектердің сұрыптау, жөндеу мен жинау;

электрлі аспаптар тораптары мен бөлшектерін және қадағалаушы жүйені жалғау;
кранның электрлі жабдықтарын техникалық күтім мен тексеруден өткізу;
ақау ведомосын жасау, кранның электрлі жабдығын тексеру бойынша журнал толтыру.

582. Білуге тиіс:

кран электрлі жабдығының мақсаты және құрылысы;
күрделі электрлік машиналары, электрлі аспаптардың құрылымдық сипаттамалары мен жұмыс параметрлері;

кемедегі қызмет жарғысын (жүзу краны жұмысы кезінде);

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсетуге басшылық ету.

28-параграф. Кран электригі, 5-разряд

583. Жұмыс сипаттамасы:

қуатты және қосалқы машиналардың күрделі бөлшектері мен тораптарын, қалқыма крандағы, зәкірлік, шлюпкалы, шығырлы және өзге де құрылғылар мен механизмдерің электраспаптарын, электржабдықтарын, сондай-ақ терминалдардың портты крандарының электрлі жабдықтарын бөлшектеу, жөндеу және құрастыру;

кранды күрделі жөндегеннен кейін электрлі жабдықтарды реттеу және сынау;

осы электрлі жабдықтың жұмысында анықталған ақауды тікелей кранда жою.

584. Білуге тиіс:

ерекше күрделі электрлі жабдықтардың схемалары және топтары, түйіндердің өзара іс-әрекеті, құрылысы;

кранның электрлі жабдықтарын бөлшектеу, ұсақ жөндеу және ерекше тораптарымен схемаларын құрастыру тәсілдері;

кранды электрмен қамтамасыз ету жүйелерін қадағалайтын және қайталайтын ерекше күрделі схемаларды жүзу жағдайында жөндеу тәртібі;

кранның электрлі жабдықтарын жөндеуге және сынауға қойылатын құжаттама және техникалық шарттар;

қалқыма крандарда жұмыс кезінде кемеде қызмет ету жарғысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсетуге басшылық ету.

585. Жұмыс үлгілері:

1) қуатты электр қондырғылар (дизель-генераторлар, электрмоторлар), насостардың, компрессорлардың, тоңазытқыш қондырғылардың, жүк көтергіш механизмдердің,

шығырлардың, зәкірлік швартовкалы, шлюпкалы және өзге құрылғылардың және жүйелердің электрлік жетекті машиналары - тексеру, техникалық күтім көрсету, ток түсіргіш және ток қабылдағыш құрылғыларды, басқару, қорғау және қайталау схемаларын жөндеу;

2) барлық өлшемдегі қорғағыштар - қызмет көрсету және қайта зарядтау;

3) барлық типтегі электрлік машиналардың мойынтіректері - престеу;

4) қосалқы жабдықтардың, құрылғылардың, насостардың электр машиналарын біріктіруші муфталар - тексеру, өзара іс-әрекетін реттеу;

29-параграф. Лебедкашы-моторшы

586. Жұмыс сипаттамасы:

жер сорғыш снарядындағы технологиялық жұмыс процестерін басқару;

қолданыстағы тетіктер, оларға меңгерілген бекітілген кесте бойынша техникалық қызмет;

жұмысшы зәкірлерін тарату және алып қою;

палубалық қосалқы механизмдар және жүк көтергіш құрылғыларды жұмыспен басқару;

такелаж, арқан байлағыш, слесірлік - жөндеу жұмыстарын орындау;

такелаж мүлігін, құрал мен құрал-сайманды сақтауды және есебін қамтамасыз ету.

587. Білуге тиіс:

палубалық қосалқы механизмдар және жүк көтергіш құрылғыларының әрекет ету қағидаты, мақсаты;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

палубалық қосалқы механизмдар және жүк көтергіш құрылғыларын техникалық пайдалану тәртібі.

588. Жер сорғыш снарядтарында өндімділігі сағатына 700 текше метрге дейін жұмысты орындау кезінде – 5-разряд;

жер сорғыш снарядтарында өндімділігі сағатына 700 текше метрден астам жұмысты орындау кезінде – 6-разряд.

589. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

30-параграф. Матрос

590. Жұмыс сипаттамасы:

кеме кестесі бойынша қозғалмалы және аялдамалық вахта жұмысын атқарту;

палубалық механизмдерді, кеменің құтқару жабдықтарын басқару;

жүк бөлмесін, жуу құрал-саймандарын тиеуге және түсіруге даярлау;
палубаны, кемеңіз қызметтік және санитарлық-тұрмыстық бөлмелерін тазалау;
корпус конструкциясына, палубалы механизмге, құрал-сайманға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

трюм есігін ашу, жабу, жүкті тиеу, түсіру, бекіту және ағыту;
суағардағы су деңгейі өлшемдерін алу.

591. Білуге тиіс:

кеме құрылысы;

кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нормативтік құқықтық актілер талаптары;
апаттық-құтқару және өртке қарсы мүлікті және құрал-сайманды пайдалану тәртібі;
ішкі байланыс және дабыл жүйесін пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

такелаж, майлау, байлау, тиеп-түсіру жұмыстарын орындау технологиясы.

592. Қуаттылығы 300-ден 550 киловаттқа дейінгі негізгі қозғалтқышты кемедегі жұмыстардың өнімділігі сағатына 700 текше метрге дейінгі жер сорғыш снарядтарында қуаттылығы 300 киловаттқа дейінгі қозғалтқышты қалқыма кранындағы жұмыстарын орындау кезінде – 3-разряд;

қуаттылығы 550 киловаттан астам негізгі қозғалтқышты кемедегі өнімділігі сағатына 700 текше метрден астам жер сорғыш снарядтарда қуаттылығы 300 киловаттан астам қозғалтқышты қалқыма кранында барлық түпті тазалау снарядтарында жұмыс орындау кезінде – 4-разряд;

кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстарда және кеме көтеру жұмыстарын орындау кезінде – 5-разряд.

31-параграф. Маяк бақылаушы, 3-разряд

593. Жұмыс сипаттамасы:

маяк аппаратурасы құрылғылары мен механизмдерін қадағалау; маяктағы және аралас жағалау және сол маякқа қатысты жүзетін белгілердің, оттардың жануын қамтамасыз ету;

маяктардағы, оның құрылымы мен жабдықтарындағы ақаулықтар мен зақымдықтарды анықтау және оларды жою шараларын қабылдау;

маяқтың материалдық-техникалық құралдарын сақтау және есептеу;

құрал-саймандарды қысқа сақтауға және жөндеуге дайындау.

594. Білуге тиіс:

барлық маяк аппаратурасының, аспаптар мен жабдықтардың түрлерінің құрылымы, мақсаты;

жарық көздерін және жарық сигнал беру көздерін фокусирлеу тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану тәртібі;

электртехника және оптика жөніндегі, сондай-ақ маяктарда қолданылатын жанар-жағар май материалдарының химиялық және физикалық қасиеттері туралы негізгі мәліметтер;

кұрал-саймандар және жабдықтарды қысқа сақтауға дайындау тәртібі;

ішкі су жолдарымен жүзу тәртібі, көру және дыбыс сигналдары;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі.

595. Арнайы бағдарлама бойынша дайындық талап етіледі.

596. Басшының міндетін орындау кезінде – 4-разряд.

32-параграф. Моторист-рульші

597. Жұмыс сипаттамасы:

кеме техникаларына қызмет көрсету;

өз уақытында механизмдерге кестеде бекітілген меңгеру бойынша техникалық қызмет көрсету;

курс берілгенде кеме ұстап тұру, курс көрсеткіші және басқару қондырғысын жұмысқа бақылауын жүзеге асыру;

тұрған және қозғалыстағы кемелерге сигналмен, сигнал дінгегіндегі тереңдік көрсеткішін, навигациялық құрылғылардағы жағалау белгілері және жүзулерді бақылау ;

штат кестесінде "матрос" мамандығы болмаған жағдайда, моторист-рульші оның жұмысын орындайды.

598. Білуге тиіс:

бас энергетикалық қондырғылар, қосалқы механизмдер және олардың қызмет етуін ретінің құрылымы;

нормативтік энергетикалық қондырғының жұмыстарының техникалық-пайдалану көрсеткіштері;

кеме техникасының техникалық қолдану тәртібі;

кеме жүйесінде арматуралар және құбырларды орналастыру және мақсаты, оларды басқару тәртібі;

арнайы лоциялар мен кемелердің жүзуін реттеу тәртібі;

кеме сапар жасайтын аудандарда жүзу жағдайы;

рульдік құрылғы, таяз суда алдыңғы және артқы жүзу жүрісінде, толқында, желде, арқандауда, берілген зәкір және өзге қозғалтқыштың жұмысында рульдік кешеннің әрекет ету қағидаты;

рульдік құрылғының және авторульдік әртүрлі жүйеде жұмыс тәртібі;

қолдық, бумен, электрикалық, гидравликалық рульдік қозғалтқышты пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

қолмен басқарудан автоматты түрге көшу тәртібі.

599. Кемеде қуалаттылығы 850 киловаттқа дейін, жер сорғыш снарядтарында өнімділігі сағатына 700 текше метрге дейін басты қозғалтқышпен жұмыс орындау кезінде – 5-разряд;

кемеде қуалаттылығы 850 киловаттан астам, жер сорғыш снарядтарында өнімділігі сағатына 700 текше метрден астам басты қозғалтқышпен жұмыс орындау кезінде – 6-разряд.

600. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

33-параграф. Моторшы (машинисі)

601. Жұмыс сипаттамасы:

кеменің басты және көмекші теңіз қозғалтқыштарына, олардың жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу, олардың жұмысын қамтамасыз ететін механизмдер мен техникалық құралдар, палуба механизмдері мен руль механикалық бөлігі, кеме жүйелері мен оларға қызмет ететін механизмдер;

жер сорғыш снарядтарының және өзге де ыдыстардың барлық механизмдері мен жабдықтарына техникалық күтім көрсету;

шағын және қосалқы кемелерді басқару, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

вахта бастығының басшылығымен кеменің қол, электрлік және гидравликалық рульді жетектермен басқару;

аспаптардың көрсеткіштерін есептеу және оларды кеменің тиісті журналдарына тіркеу;

рульді және шлюпкалы құрылғыларды техникалық тексеру;

тазалау, сырлау, ағаш ұсталық және слесірлік жұмыстарды орындау;

кеме кестесіне сәйкес күзет жүргізу;

602. Білуге тиіс:

жүзу тәртібі, жүзу ауданының арнайы лоциясы, лоцман картасы;

ішкі байланыс және дабыл жүйелерін пайдалану тәртібі;

апаттық-құтқару және өртке қарсы құрал-саймандарды, жеке және ұжымдық құтқару құралдарын пайдалану тәртібі;

апат сигналдары;

барлық кеме механизмдерінің, машиналардың, жүйелердің, құрылғылардың, навигациялы аспаптардың мақсаты және құрылымдық сипаттамалары;

кемедегі қызмет жарғысы, дабыл кестесі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсетуге басшылық ету.

603. Қуаттылығы 550 киловаттқа дейін негізгі қозғалтқышты кемеде өнімділігі сағатына 700 текше метрге дейін жер сорғыш снарядтарында қуаттылығы 300 киловаттқа дейін қозғалтқышты қалқыма кранында жұмыс орындау кезінде – 4-разряд;

қуаттылығы 550 киловаттан астам негізгі қозғалтқышты кемеде өнімділігі сағатына 700 текше метрден астам жер сорғыш снарядтарында қуаттылығы 300 киловаттан астам қозғалтқышты қалқыма кранында түпті тазалау снарядтарында жұмыс орындау кезінде – 5-разряд;

кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстарда және кеме көтеру жұмыстарын орындау кезінде – 6-разряд.

604. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

34-параграф. Моторшы-матрос

605. Жұмыс сипаттамасы:

вахта бастығының басшылығымен кемені басқару;

кеме техникасына қызмет көрсету және жөндеу;

механизмдерге меңгерушілік кестесі бойынша техникалық қызмет көрсету;

танкідегі су өлшемін, жүк бөлмелеріндегі температураны, су қоймасы тереңдігін қол лоты арқылы жүргізу;

палубалы механизмдерді, еспелі құтқару шлюпкасын және моторлы қайықтарды басқару;

кеменің такелаж жұмыстарын, майлау, байлау, слесірлікжөндеу жұмыстарын орындау;

зәкірді серпу және іріктеу, шлюпканы палубаға көтеру және суға түсіру;

палубаны, қызметтік палубалы және тұрмыстық бөлмені тазалау;

штат кестесінде "рульші" мамандығы болмаған жағдайда, моторшы-матрос оның жұмысын орындайды.

606. Білуге тиіс:

кеме техникасын техникалық пайдалану тәртібі;

негізгі энергетикалық қондырғы және қосымша механизмдер және энергетикалық қондырғы және құрылысы техникалық қызмет көрсету тәртібі;

энергетикалық қондырғы жұмысының нормативтік эксплуатациялық-техникалық көрсеткіштері;

кеме техникасын техникалық пайдалану тәртібі;

жүзу тәртібі;

кеме жүйесінің құбырлары мен арматурасының орналасуы және мақсаты;

су құбырлары мен олардың өлшеу және әуе құбырларының орналасуы;

танкідегі су өлшемін, жүк бөлмесіндегі температураны жүргізу, тереңдікті қол лотымен тексеру тәртібі;

өз мекемесінің жабдықтары көрсеткіштерін алу тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

көз және дыбыстық сигналдарды қабылдау, жіберу тәртібі.

607. Қуаттылығы 850 киловатқа дейінгі кемені өнімділігі сағатына 700 текше метрге дейінгі жер сорғыш снарядтарын басқару кезінде – 5-разряд;

қуаттылығы 850 киловаттан астам кемені өнімділігі сағатына 700 текше метрден астам жер сорғыш снарядтарын басқару кезінде – 6-разряд.

608. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

35-параграф. Оттарды бақылаушы, 3-разряд

609. Жұмыс сипаттамасы:

оттың дұрыс жануын және жарық оптикалық фонарьдың дұрыс орналасуын қамтамасыз ету;

ацетилен баллондар мен аккумуляторларды, жанып кеткен электр лампалар мен газ жарық түтіктерін ауыстыру;

жарық оптикалық аппаратураны күту;

навигациялық жабдық құралдарын пайдалануға дайындау және оларды күзгі кезеңде консервациялау;

вехалардың, буйлардың, белгілердің және өзге навигациялық құралдарды орнатуға және алып тастауға қатысу;

тереңдікті лотпен немесе жеребемен өлшеу;

ацетилен баллон және жарық оптикалық аппаратураны сақтау орынжайларының желдеткіші мен тазалық қадағалау;

белгіленген жерлердегі навигациялық жабдық құралдарының тұрағын қадағалау;

жағалауда және кемелерде қажетті тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу;

адамдарды тасымалдағанда ескекті және моторлы қайықты басқару.

610. Білуге тиіс:

жарық оптикалық аппаратураның, жылтырақ автоматтардың үлгілері мен маркалары;

газ баллондардың пайдалану және сақтау тәртібі, құрылысы;
балташылық, слесірлік және такелажды жұмыстарды орындау жолдары;
өлшеу құралдарын пайдалану тәртібі;
қол лоты мен өлшеу тросын бөлшектеу және таңбалау тәртібі;
ұқыптылықты қажет ететін жүктерді тиеу, түсіру және қалау тәсілдері;
ескекті және мотор қайықты басқару тәртібі;
дыбыс сигналдарын жіберу және қабылдау тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

электртехника жөніндегі қарапайым мәліметтер.

36-параграф. Помпалы машинисі (донкерман), 4-разряд

611. Жұмыс сипаттамасы:

жүк, тазалау сорғысы және құбырына, сорғылы балласт жүйесіне, жүкті өлшеу жүйесінің механикалық бөлігіне, газ өткізу, құбыр және арматура жүйелеріне, клапандарды басқарудың дистанция жүйесіне және өзге өзінің меңгерушілігіндегі техникалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;

техникалық құрылғылар жұмысының ақаулары мен бұзылуларын жою;

өзінің меңгерушілігіндегі техникалық қызмет көрсету мен техникалық құрылғылар жұмыстары жоспарын құру;

жаға және кеменің мамандандырылған қызметтері орындайтын жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау.

612. Білуге тиіс:

кеме құрылысы;

өзінің меңгерушінің техникалық құрылғылар құрылысы және орналасуы;

өз меңгерушінің кемелік техникалық құралдарын техникалық пайдалану тәртібі;

алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өрт сөндіру құралдарын пайдалану тәртібі.

613. Қуаттылығы 300-ден 550 киловатқа дейінгі негізгі қозғалтқышты кемедегі помпалы құрылғыға техникалық қызмет көрсету кезінде – 5-разряд;

қуаттылығы 550 киловаттан астам негізгі қозғалтқышты кемедегі помпалы құрылғыға техникалық қызмет көрсету кезінде – 6-разряд.

614. 6-разряд беру үшін техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі білім талап етіледі.

37-параграф. Порттың су таратушысы, 3-разряд

615. Жұмыс сипаттамасы:

тапсырыс бойынша кемелерге су жіберу мен тиісті құжаттаманы рәсімдеу;
су насосы станциясы жабдықтарының жағдайын тексеру және жеңіл жөндеу жүргізу;
су сорғылау станциясында кезекшілік.

616. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін агрегаттардың, бақылау-өлшеу аппаратураларының және өзге суды сорғылау станциясы құрылғыларының техникалық сипаттамалары пайдалану тәртібі және құрылысы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

3-разрядты слесарь-жөндеушінің слесірлік жұмыстар көлемінде;

су жіберу бойынша құжаттарды рәсімдеу тәртібі.

38-параграф. Рефрижераторлы қондырғы моторшысы (машинисі)

617. Жұмыс сипаттамасы:

рефрижераторлы қондырғының тоназытқыш машиналарына және ауаны кондициялау жүйесіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу;

кеме кестесіне сәйкес вахта жұмысын атқару;

рефрижераторлы қондырғыға қызмет көрсететін техникалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына қатысу.

618. Білуге тиіс:

рефрижераторлы қондырғылардың тоназытқыш машиналарына және ауаны кондициялау жүйесіне қызмет көрсету тәртібі және құрылысы;

рефрижераторлы қондырғыларға техникалық қызмет көрсететін техникалық жабдықтарды пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

өрт сөндіру құралдарын пайдалану тәртібі.

619. Рефрижераторлы қондырғының тоназытқыш машиналарына және ауаны кондициялау жүйесіне, электр қауіпсіздігі бойынша кіру рұқсатын қосымша

рәсімдеусіз, техникалық қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын орындау кезінде – 4-разряд;

рефрижераторлы қондырғының тоназытқыш машиналарына және ауаны кондициялау жүйесіне, электр қауіпсіздігі бойынша кіру рұқсатын қосымша рәсімдеу арқылы, техникалық қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын орындау кезінде – 5-разряд.

39-параграф. Рульші, 5-разряд

620. Жұмыс сипаттамасы:

кемені қол, электрлік және гидравликалық рульдік жетектерімен басқару, техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу;

вахтаны атқару;

аз өлшемді және көмекші кемелерді басқару, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

кеменің рульдік тартпаларын және шлюпкалардың құрылғыларын техникалық бақылау;

кеменің приборларындағы көрсеткіштерді сәйкесінше журналдарға тіркеу;

палубада бояу, ағаш ұсталық және слесірлік жұмыстарды орындау.

621. Білуге тиіс:

кеме құрылысы;

ішкі су жолындағы бассейндерде кемелердің тұрағы және қозғалысының ерекшелігі ;

әртүрлі рульдік жүйелердің құрылғыларын пайдалану тәртібі;

лоциялар мен кемелердің жүзуін реттеу арнайы тәртібі;

апаттық-құтқару және өртке қарсы мүлік және құрал-сайманды қолдану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

жүйелік ішкі байланыс пен дабыл бойынша сигнал беруін пайдалану тәртібі.

40-параграф. Су көлігіндегі жол көрсетуші, 2-разряд

622. Жұмыс сипаттамасы:

жолаушылар каютасын, дәліз және ортақ қолдану орнын тазалау, бекітілген кесте бойынша меңгеру;

жол жүру билеттері бар жолаушыларды келген кемелерге каюталар бойымен орналастыру;

бос жолаушылар орындарын есепке кіргізу;

жолаушылардың белгіленген орынға келгенін хабарлау.

623. Білуге тиіс:

кеме құрылысы;
апаттық-құтқару және өртке қарсы мүлікті және құрал-сайманды пайдалану тәртібі;
апат сигналдары;
ішкі байланыс жүйесі және дабыл бойынша сигнал беруін пайдалану тәртібі;
құтқару шлюпкаларымен плоттарды жайғасу орны;
кесіп-пішу кестесіндегі дабыл бойынша жолаушыларды көшіру жолдары;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
жолаушылар және жолжүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;
кемедегі жолаушыларға қызмет көрсету тәртібі.

41-параграф. Тальман, 3-разряд

624. Жұмыс сипаттамасы:

трюмдерде, теңіз және өзен кемелерінің палубасында, жағалау және жүк қоймаларында экспорттық-импорттық, карботажды, жергілікті жүктер мен багажды қабылдау және тапсыру, оларды тиеуге және түсіруге қатысу;

жүк қабылдаушыға жүкті тапсыруда, сондай-ақ одан әрі тасымалдау үшін жүкті жіберерде бақылауды жүзеге асыру;

жүк пен багажды маркалау және ішкі "орын" жағдайын тексеру;

жағалаулардағы жұмыс орындарының даярлығын тексеру, вагондар мен контейнерлердің жүк тиеуге даярлығын тексеру;

берілген тапсырмаға сәйкес жүктерді сұрыптау және іріктеуді ұйымдастыру;

тиеу-түсіру жұмысы, жүкті қоймалау процесінде жүк тиеу, түсіру және сақтау тәртібін порт жұмысшыларының сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

орындалған жұмыстың нарядын, тасымалдау, жүк пен багажды қабылдау және жіберу құжаттарын рәсімдеу.

625. Білуге тиіс:

теміржол су қатынастарымен жіберілетін жүктерді қоса алғанда, экспорттық-импорттық, каботажды, жергілікті жүктер мен багаждарды қабылдау және тапсыру тәртібі;

тара және орау түрлері;

жүктерді орыс және шетел тілдерінде таңбалау түрлері;

жүктердің қасиеті, оларды тиеу, түсіру, қоймалау және сақтау тәртібі;

жүктерді есептеу жолдарымен тәртібі;

түрлі жүйедегі таразыларды пайдалану тәртібі;

ұйымдастыру негіздері және тиеу-түсіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу тәртібі;

жүк кеме орынжайлары мен теміржол жылжымалы құрамының құрылысы;

үлкен жүк контейнерлерін өңдеу тәртібі;

жүктерді орналастыру, сепараттау, бекіту және таңбалау тәртібі;
жүк құжаттары, коммерциялық актілерді және жалпы үлгідегі актілерді рәсімдеу нысандары мен тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
порт жұмысшыларының нарядын рәсімдеу тәртібі;
ыдыс және ораудың стандарттары.

626. Көрініс бойынша аға тальманның міндеттерін орындау кезінде – 4-разряд.

42-параграф. Тәулік кезекшісі, 2-разряд

627. Жұмыс сипаттамасы:
кеме командашылар құрамы коютасын, қызмет бөлмелерін, кеме дәліздерін, асхана бөлмесін тазалау, кеме экипаж мүшелеріне азық қабылдауға бағытталған;
асханада азық тарату;
ыдыстарды, киім-кешектерді және өзге құрал-саймандарды алу және олардың сақталуын қамсыз ету.

628. Білуге тиіс:
өз мекемеңіз бойынша жұмыс құралдары мен жабдықтарын пайдалану жөніндегі нұсқаулар;
үстел ыдысын даярлау және тамақты тарату тәртібі;
алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәртібі;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;
ішкі еңбек тәртібі;
өрт сөндіру құралдарын пайдалану тәртібі.

43-параграф. Траль бригадасының (жол) жұмысшысы-моторшы, 3-разряд

629. Жұмыс сипаттамасы:
қатты және жұмсақ тральмен, тральтіркеспен, жүзетін букстау кемесі немесе өзі жүзетін кеменің жүруін тұтас тральдау жұмыстарын шебердің басшылығымен орындау ;
табылған су аты заттарды буйкалармен бекіту және оларды белгілей отырып зерттеу;
мотор қайықты басқару, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату;
мотор қайық корпусы мен қозғалтқышын профилактикалық жөндеу.

630. Білуге тиіс:
өзен арнасы және қажетті габаритті кеме туралы жалпы мәліметтер;

өзен арнасындағы су аты бөгеттерінің түрлері, олардың пайда болу себептері мен жою тәсілдері;

ішкі жану қозғалтқышының жұмыс қағидаты мен құрылысы;

тральды жұмыстар кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

631. Интенсивті кеме қатынасы учаскесінде жұмыстарды орындауда – 4-разряд.

44-параграф. Шкипер көмекшісі, 3-разряд

632. Жұмыс сипаттамасы:

корпусты бөлігіндегі шығын материалдары және корпусты бөлігі бойынша тұрмыстық жұмыс жасауда, материалды-техникалық құрал жабдықтарын жабдықтауда ауысымды-қосалқы бөліктерін (жөндеу қажетті болған жағдайда) қабылдау, беру, есеп және сақтау;

корпусты бөлігі және тұрмыстық қызметіне материалды техникалық құрал жабдығына мәлімдемелерді құрастыру;

кеменің текелажы және сырлау жұмыстың орындауы, сондай-ақ машина жайында; вахтаны атқару.

633. Білуге тиіс:

кеме құрылысы;

кеме құрылғысын пайдалану тәртібі;

такелажды және сырлау жұмыстарын өңдеу тәртібі;

материалдық құндылықтарды есептен шығару және есепке алу тәртібі;

навигациялық және сигналды оттықтар сипаттамалары;

дыбыстық және жарықтық сигналдар;

кемелердің соқтығысуларына ескерту бұлтарыстарын келісу тәртібі;

палубалық тетіктер, өрт сөндіргіш құрал жабдықтарын қолдану тәртібі;

тұщы суды қабылдау жүйесін пайдалану тәртібі;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі;

ішкі еңбек тәртібі;

апаттық сигналдау және ішкі байланыс құралдарын пайдалану тәртібі.

5-тарау. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

634. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (52-шығарылымы) БТБА-ға 1-қосымшада көрсетілген.

635. 2013 жылғы басып шығарылған (52-шығарылымы) БТБА-ның бұрын қолданыста болған атаулары көрсетілген, БТБА-ның осы бөлімінде көзделген жұмысшылар кәсіптері атауларының тізбесі БТБА-ға 2-қосымшада көрсетілген.

Жұмыстар мен жұмысшы
кәсіптерінің бірыңғай
тарифтік-біліктілік
анықтамалығына
(52-шығарылым)
1-қосымша

Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

№ р/н	Жұмысшы кәсіптерінің атауы	Разряд диапазоны	беті
	Автомобиль және қалалық электр көлігі		
1.	Автомобиль жүргізушісі	4-8	3
2.	Автоматокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы	5	6
3.	Мотокөлік құралдарын жүргізуші	3	6
4.	Трамвай және троллейбустарды қабылдаушы	5	7
5.	Трамвай жүргізушісі	3-5	7
6.	Троллейбус жүргізушісі	4-6	9
	Теміржол көлігі және метрополитен		
7.	Автоматты жіберу пунктiнiң бақылаушысы	2-4	10
8.	Автомотриса машинисі (көмекші)	4-7	12
9.	Айналдыратын дөңгелек моторисі	2-3	13
10.	Б а й л а н ы с аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері	2-8	13
11.	Бақылау-өлшеу вагондарын баптаушы	6-7	18
12.	Вагон қозғалысы жылдамдығын реттеуші (аға)	1-6	18
13.	Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы	3-5	20

14.	Вагон тексеруші – жөндеуші (аға)	4-8	21
15.	Вагондар мен контейнерлерді пломбалаушы	2	23
16.	Вагондарды тексеруші (аға)	2-7	23
17.	Газ тұрбасын тасымалдау машинисі	6; 8	25
18.	Газ тұрбасын тасымалдау машинисінің көмекшісі	5; 7	26
19.	Депо паровоздарының кочегары (аға)	3-4	29
20.	Дефектоскопты арба операторы (көмекші)	2-8	29
21.	Дизель пойызының машинисі	6; 8	30
22.	Дизель пойызы машинисінің көмекшісі	5; 7	32
23.	Дрезина жүргізуші (көмекші)	2-6	34
24.	Жабдықтаушы	2	35
25.	Жасанды құрылыстарды жөндеуші	2-8	36
26.	Жинайтын машина машинисі	3-4	43
27.	Жол бұру постының кезекшісі (аға)	2-5	44
28.	Жол жөндеуші	2-7	45
29.	Жол өлшемдері операторы	4	50
30.	Жолаушы вагоны жолсерігі	3-6	52
31.	Жолдар мен жасанды құрылыстарға ағымдық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының (босатылған) бригадирі	5-8	54
32.	Жолдарды және жасанды құрылыстарды аралап тексеруші	2-5	56
33.	Жуатын құрылғы машинисі	2-4	57
34.	Жүк және арнайы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік	3-4	58
35.	Жүк және багажды қабылдау-тапсырушы	3-6	60

36.	Жүк пойыздарының кондукторы (бас)	2-7	61
37.	Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі	3-5	63
38.	Жылжымалы құрамның жуып-жинаушысы	1- 4	65
39.	Зумпфты агрегат машинисі	4-6	67
40.	Зумпфты агрегат слесары	3-4	68
41.	Контакті желісінің электромонтері	2-8	74
42.	Көлік-жинау машинасының жүргізушісі	3	75
43.	Көпір бұру және көтеру машиналарының машинисі	4-5	75
44.	Көшу жөніндегі кезекші	2-4	77
45.	Кіші жетек станциясының электромонтері	2-8	82
46.	Қозғалыссыз теміржол қатынас жолдарындағы локомотивке (локомотивтер тобы) қызмет көрсететін жұмысшы	3	83
47.	Қос дөңгелекті престоуші	4-6	85
48.	Құбырды тесіп-үрлеуші	2	85
49.	Құм жіберетін құрылғы машинисі	2-4	86
50.	Локомотив және пойыз бригадаларын шақырушы	2	86
51.	Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	2-8	94
52.	Мотовоз машинисі (көмекші)	3-6	95
53.	Мұнай өнімдерін таратушы	5	96
54.	Орталықтандыру бекеті операторы (маршрут)	2-5	97
55.	Өзі жүретін салмақ тексеретін вагон машинисі (көмекші)	5-8	98

56.	Паровоз қазандықтарын жылы сумен шаятын моторис	3	98
57.	Паровоз қазандықтарын шаюшы	3	99
58.	Паровоз машинисі	6; 8	101
59.	Паровоз машинисінің көмекшісі	5; 7	102
60.	Пойыз электромеханигі	5-7	104
61.	Пойыздардағы жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы (аға)	2-5	105
62.	Пойыздарды қабылдаушы (аға)	3-7	106
63.	Пойыздарды құрастырушы (көмекші)	2-7	107
64.	Польстерлі қылқалам тоқушы	2-3	108
65.	Рельстік автобус машинисі	6; 8	110
66.	Рельстік автобус машинисінің көмекшісі	5; 7	111
67.	Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері	4-8	114
68.	Сигнал беруші	4	114
69.	Сорғытушы	2-3	115
70.	Станция жұмысшысы	2-3	116
71.	Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	4-8	117
72.	Сұрыптау дөңесінің операторы	4-7	121
73.	Тартым агрегатының машинисі	7	122
74.	Тартым агрегаты машинисінің көмекшісі	6	123
75.	Тасымалдау құжаттарын жеткізуші	2	124
76.	Теміржол-құрылыс машиналарының (жол) машинисі (көмекшісі)	3-8	124

77.	Теміржол көлігі және метрополитен кәсіпорындарының (босатылған) бригадирі	5-8	126
78.	Теміржол қатынас жолы жағдайын бақылаушы	5-8	127
79.	Теміржол су жабдығының насос құрылғысы машинисі (аға)	2-7	128
80.	Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы	4-8	129
81.	Тепловоз машинисі		132
82.	Тепловоз машинисінің көмекшісі		134
83.	Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу жөніндегі слесарь	4-7	135
84.	Түнел жұмысшысы	1-6	139
85.	Цистерналарды шаюшы – булаушы	3-6	142
86.	Істемейтін локомотивтер мен жолаушы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік	3	144
87.	Электр пойыз машинисі	6; 8	144
88.	Электр пойыз машинисінің көмекшісі	5; 7	146
89.	Электровоз машинисі	6; 8	150
90.	Электровоз машинисінің көмекшісі	5; 7	150
91.	Эскалатор машинисі (көмекші)	4-7	151
92.	Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	1-8	152
	Теңіз және өзен көлігі		
93.	Аэрошана жүргізушісі	3	158
94.	Боцман	5-6	159
95.	Бункерші	2-4	160
96.	Гидротехникалық құрылымдарды бақылаушы	4	161
97.	Жағалау боцманы	2-3	161

98.	Жағалау жұмысшысы	2	162
99.	Жағалау матросы	1-2	162
100.	Жер сорғыш снарядтарының арнайы құрылғыларының операторы	4-5	164
101.	Зерттеу арна партиясының бригадирі	4	165
102.	Зерттеу арна партиясының дала (жол) жұмысшысы	2-3	166
103.	Кеме аспазшысы	4	166
104.	Кеме жіберуші	4-6	167
105.	Кеме қатынасы күзетінің бригадирі	4	167
106.	Кеме қатынасы монтері-моторшы	3-4	168
107.	Кеме қатынасын хабарлаушы	3-4	169
108.	Кеме құрылғысының бекет (қосалқы) жұмысшысы - моторшы	2-4	170
109.	Кеме электригі	4-5	171
110.	Кеменің қазанды қондырғысы (кочегар) машинисі	4	173
111.	Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор)	1-4 (4-1 класс)	173
112.	Кран электригі	3-5	178
113.	Лебедкашы-моторшы	5-6	180
114.	Матрос	3-5	181
115.	Маяк бақылаушы	3-4	182
116.	Моторист – рульші	5-6	182
117.	Моторшы (машинисі)	4-6	183
118.	Моторшы-матрос	5-6	184
119.	Отгарды бақылаушы	3	185
120.	Помпалы машинисі (донкерман)	4-6	186
121.	Порттың су таратушысы	3	186
122.	Рефрижераторлы қондырғы моторшысы (машинисі)	4-5	187
123.	Рульші	5	187

124.	Су көлігіндегі жол көрсетуші	2	188
125.	Тальман	3-4	189
126.	Тәулік кезекшісі	2	190
127.	Траль бригадасының (ж о л) жұмысшысы-моторшы	3-4	190
128.	Шкипер көмекшісі	3	191

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (52-шығарылым) 2-қосымша

2013 жылғы басып шығарылған (52-шығарылымы) БТБА-ның бұрын қолданыста болған атаулары көрсетілген, БТБА-ның осы бөлімінде кезделген жұмысшылар кәсіптері атауларының тізбесі

P/c №	Осы бөлімде орналастырылған жұмысшылардың кәсіптерінің атаулары	Разрядтар диапазоны	P/c №	2013 жылғы басып шығарылған (52-шығарылым) БТБА-ның қолданыстағы бойынша кәсіптердің атаулары	Разрядтар диапазоны
1	2	3	4	5	6
"Теміржол көлігі және метрополитен" тарауы					
1.	Жолдар мен жасанды құрылыстарға ағымдық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының (босатылған) бригадирі	5-8	1.	Жолдар мен жасанды құрылыстарға ағымдық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының (босатылған) бригадирі	5-8
2.	Теміржол көлігі және метрополитен кәсіпорындарының (босатылған) бригадирі	5-8	2.	Теміржол көлігі кәсіпорындарының (босатылған) бригадирі	(5-8
3.	Дрезина жүргізуші көмекшісі	(2-6	3.	Дрезина жүргізуші көмекшісі	(2-6

4.	Көлік-жинау машинасының жүргізушісі	3	4.	Көлік-жинау машинасының жүргізушісі	3
5.	Локомотив және п о й ы з бригадаларын шақырушы	2	5.	Локомотив және п о й ы з бригадаларын шақырушы	2
6.	Польстер қылқалам тоқушы	2-3	6.	Польстер қылқалам тоқушы	2-3
7.	Көшу жөніндегі кезекші	2-4	7.	Көшу жөніндегі кезекші	2-4
8.	Жол бұру постының кезекшісі (аға)	2-5	8.	Жол бұру постының кезекшісі (аға)	2-5
9.	Тасымалдау құжаттарын жеткізуші	2	9.	Тасымалдау құжаттарын жеткізуші	2
10.	Сорғытушы	2-3	10.	Сорғытушы	2-3
11.	Ж ү к пойыздарының кондукторы (бас)	2-7	11.	Ж ү к пойыздарының кондукторы (бас)	2-7
12.	Автоматты жіберу пунктінің бақылаушысы	2-4	12.	Автоматты жіберу пунктінің бақылаушысы	2-4
13.	Теміржол қатынас жолы жағдайын бақылаушы	5-8	13.	Теміржол қатынас жолы жағдайын бақылаушы	5-8
14.	Д е п о паровоздарының кочегары (аға)	3-4	14.	Д е п о паровоздарының кочегары (аға)	3-4
15.	Автомотриса машинисі (көмекші)	4-7	15.	Автомотриса машинисі	4-7
16.	Газ тұрбасын тасымалдау машинисі	6; 8	16.	Газ тұрбасын тасымалдау машинисі	
17.	Дизель-пойызын ыңмашинисі	6; 8	17.	Дизельпойызын ың машинисі	
18.	Теміржол - құрылыс машиналарының (жол) машинисі (көмекшісі)	3-8	18.	Теміржол - құрылыс машиналарының (жол) машинисі (көмекшісі)	3-8
19.	Зумпфты агрегат машинисі	4-6	19.	Зумпфты агрегат машинисі	4-6

20.	Жуатын құрылғы машинисі	2-4	20.	Жуатын құрылғы машинисі	2-4
21.	Мотовоз машинисі (көмекшісі)	3-6	21.	Мотовоз машинисі (көмекшісі)	4-6
22.	Теміржол су жабдығының насос құрылғысы машинисі (аға)	2-7	22.	Теміржол су жабдығының насос құрылғысы машинисі(аға)	2-6
23.	Паровоз машинисі	6; 8	23.	Паровоз машинисі	
24.	Құм жіберетін құрылғы машинисі	2-4	24.	Құм жіберетін құрылғы машинисі	2-4
25.	Көпір бұру және көтеру машиналарының машинисі	4-5	25.	Көпір бұру және көтеру машиналарының машинисі	4-5
26.	Рельстік автобус машинисі	6; 8	26.	Рельстік автобус машинисі	
27.	Өзі жүретін салмақ тексеретін вагон машинисі (көмекші)	5-8	27.	Өзі жүретін салмақ тексеретін вагон машинисі	5-8
28.	Тепловозашинисі	6; 8	28.	Тепловозашинисі	
29.	Тартым агрегатының машинисі	7	29.	Тартым агрегатының машинисі	
30.	Жинайтын машина машинисі	3-4	30.	Жинайтын машина машинисі	3-4
31.	Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі	3-5	31.	Жылжымалы құрамға қызмет көрсететін құрылғы машинисі	3-5
32.	Электровоз машинисі	6; 8	32.	Электровоз машинисі	
33.	Электр пойыз машинисі	6; 8	33.	Электр пойыз машинисі	
34.	Эскалатор машинисі (көмекші)	4-7	34.	Эскалатор машинисі (көмекші)	4-7
	Жылжымалы құрамның			Жылжымалы құрамның	

35.	жуып-жинаушы сы	1-4	35.	жуып-жинаушы сы	1-4
36.	Жол жөндеуші	2-6	36.	Жол жөндеуші	2-6
37.	Айналдыратын дөңгелек моторісі	2-3	37.	Айналдыратын дөңгелек моторісі	2-3
38.	Паровоз қазандықтарын жылы сумен шайтын моторіс	3	38.	Паровоз қазандықтарын жылы сумен шайтын моторіс	3
39.	Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы	4-8	39.	Теміржол-құрылыс (жол) машиналары мен механизмдерін баптаушы	4-8
40.	Бақылау-өлшеу вагондарын баптаушы	6-7	40.	Бақылау-өлшеу вагондарын баптаушы	6-7
41.	Жолдарды және жасанды құрылыстарды аралап тексеруші	2-5	41.	Жолдарды және жасанды құрылыстарды аралап тексеруші	2-5
42.	Дефескопты арба операторы (көмекші)	2-8	42.	Дефескопты арба операторы (көмекші)	2-8
43.	Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы	3-5	43.	Вагон мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу операторы	3-5
44.	Жол өлшемдері операторы	4	44.	Жол өлшемдері операторы	4
45.	Орталықтандыр у бекеті операторы(маршрут)	2-5	45.	Орталықтандыр у бекеті операторы	2-5
46.	Сұрыптау дөңесінің операторы	4-7	46.	Сұрыптау дөңесінің операторы	4-7
47.	Вагондарды тексеруші (аға)	2-7	47.	Вагондарды тексеруші (аға)	2-7
48.	Вагон тексеруші - жөндеуші (аға)	4-8	48.	Вагон тексеруші - жөндеуші	4-8
49.	Вагондар мен контейнерлерді пломбалаушы	2	49.	Вагондар мен контейнерлерді пломбалаушы	2
	Газ тұрба тасымалдау			Газ тұрба тасымалдау	

50.	машинисінің көмекшісі	5; 7	50.	машинисінің көмекшісі	
51.	Дизель-пойызы машинисінің көмекшісі	5; 7	51.	Дизельпойызы машинисінің көмекшісі	
52.	Паровоз машинисінің көмекшісі	5; 7	52.	Паровоз машинисінің көмекшісі	
53.	Рельстік автобус машинисінің көмекшісі	5; 7	53.	Рельстік автобус машинисінің көмекшісі	
54.	Тепловоз машинисінің көмекшісі	5; 7	54.	Тепловоз машинисінің көмекшісі	
55.	Тартым агрегаты машинисінің көмекшісі	6	55.	Тартым агрегаты машинисінің көмекшісі	
56.	Электровоз машинисінің көмекшісі	5; 7	56.	Электровоз машинисінің көмекшісі	
57.	Электр пойызмашинисінің көмекшісі	5; 7	57.	Электр пойызмашинисінің көмекшісі	
58.	Пойыз электрмеханигі	5-7	58.	Поезд электрмеханигі	5-7
59.	Қос дөңгелекті престоуші	4-6	59.	Қос дөңгелекті престоуші	4-6
60.	Жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы	3-6	60.	Жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы	3-6
61.	Пойыздардағы жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы (аға)	2-5	61.	Пойыздардағы жүк және багаждарды қабылдау-тапсырушы (аға)	2-5
62.	Пойыздарды қабылдаушы (аға)	3-7	62.	Пойыздарды қабылдаушы (аға)	3-7
63.	Құбырды тесіп-үрлеуші	2	63.	Құбырды тесіп-үрлеуші	2
64.	Жолаушы вагоны жолсерігі	3-6	64.	Жолаушы вагоны жолсерігі	3-6
65.	Жүк және арнайы вагондарға	3-4	65.	Жүк және арнайы	3-4

	ілесіп жүретін жолсерік			вагондарға ілесіп жүретін жолсерік	
66.	Істемейтін локомотивтер мен жолаушы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік	3	66.	Істемейтін локомотивтер мен жолаушы вагондарға ілесіп жүретін жолсерік	3
67.	Паровоз қазандықтарын шаюшы	3	67.	Паровоз қазандықтарын шаюшы	3
68.	Цистерналарды шаюшы - булаушы	3-6	68.	Цистерналарды шаюшы - булаушы	3-6
69.	Қозғалыссыз теміржол қатынас жолдарындағы локомотивке (тобы) қызмет көрсететін жұмысшы	3	69.	Қозғалыссыз теміржол қатынас жолдарындағы локомотивтер (тобы) қызмет көрсететін жұмысшы	3
70.	Станция жұмысшысы	2-3	70.	Станция жұмысшысы	2-3
71.	Түнел жұмысшысы	1-6	71.	Түнел жұмысшысы	1-6
72.	Мұнай өнімдерін таратушы	5	72.	Мұнай өнімдерін таратушы	5
73.	Вагон қозғалысы жылдамдығын реттеуші (аға)	1-6	73.	Вагон қозғалысы жылдамдығын реттеуші	1-6
74.	Жасанды құрылыстарды жөндеуші	2-8	74.	Жасанды құрылыстарды жөндеуші	2-8
75.	Сигнал беруші	4	75.	Сигнал беруші	4
76.	Зумпфты агрегат слесары	3-4	76.	Зумпфты агрегат слесары	3-4
77.	Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу слесары	4-7	77.	Техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі локомотивтерді тексеру және жөндеу слесары	4-7
	Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету			Метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету	

78.	және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	2-8	78.	және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	2-8
79.	Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	4-8	79.	Станциялық және түнелдік метрополитен жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	4-8
80.	Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	1-8	80.	Эскалаторларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь-электрик	1-8
81.	Пойыздарды құрастырушы (көмекші)	2-7	81.	Пойыздарды құрастырушы	3-7
82.	Жабдықтаушы	2	82.	Жабдықтаушы	2
83.	Контакті желісінің электромонтері	2-8	83.	Контакті желісінің электромонтері	4-8
84.	Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері	4-8	84.	Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларында қызмет көрсету және жөндеу электромонтері	4-8
85.	Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері	2-8	85.	Байланыс аппаратуралары мен құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері	2-8
86.	Кіші жетек станциясының электромонтері	2-8	87.	Кіші жетек станциясының электромонтері	2-8
"Автомобиль және қалалық электр көлігі" тарауы					
1.	Автомобиль жүргізушісі	4-8	1.	Автомобиль жүргізушісі	4-7
2.	Мотокөлік құралдарын жүргізуші	3	2.	Мотокөлік құралдарын жүргізуші	3

3.	Трамвай жүргізушісі	3-5	3.	Трамвай жүргізушісі	3-5
4.	Троллейбус жүргізушісі	4-6	4.	Троллейбус жүргізушісі	4-6
5.	Автоматокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы	5	5.	Автоматокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы	5
6.	Трамвай және троллейбустарды қабылдаушы	5	6.	Трамвай және троллейбустарды қабылдаушы	5
"Теңіз және өзен көлігі" тарауы					
1.	Боцман	5-6	1.	Боцман	5-6
2.	Жағалау боцманы	2-3	2.	Жағалау боцманы	2-3
3.	Зерттеу арна партиясының бригадирі	4	3.	Зерттеу арна партиясының бригадирі	4
4.	Кеме қатынасы күзетінің бригадирі	4	4.	Кеме қатынасы күзетінің бригадирі	4
5.	Бункерші	2-4	5.	Бункерші	2-4
6.	Аэрошана жүргізушісі	3	6.	Аэрошана жүргізушісі	3
7.	Порттың су таратушысы	3	7.	Порттың су таратушысы	3
8.	Тәулік кезекшісі	2	8.	Тәулік кезекшісі	2
9.	Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор)	1-4 (4-2 класс)	9.	Кешенді бригаданың тиеу-түсіру жұмыстарындағы механизаторы (докер-механизатор)	1-4 (4-2 класс)
10.	Кеме қатынасын хабарлаушы	3-4	10.	Кеме қатынасын хабарлаушы	3-4
11.	Шығыр-моторшысы	5-6	11.	Шығыр-моторшысы	5-6
12.	Матрос	3-5	12.	Матрос	3-5
13.	Жағалау матросы	1-2	13.	Жағалау матросы	1-2
14.	Кеменің қазанды қондырғысы (кочегар) машинисі	4	14.	Кеменің қазанды қондырғысы (кочегар) машинисі	4

15.	Помпалы машинисі (донкерман)	4-6	15.	Помпалы машинисі (донкерман)	4-6
16.	Кеме қатынасы монтері-моторшы	3-4	16.	Кеме қатынасы монтері-моторшы	3-4
17.	Моторшы машинисі)	4-6	17.	Моторшы машинисі)	4-6
18.	Рефрижераторлы қондырғы моторшысы (машинисі)	4-5	18.	Рефрижераторлы қондырғы моторшысы (машинисі)	4-5
19.	Моторшы-матрос	5-6	19.	Моторшы-матрос	5-6
20.	Моторист - рульші	5-6	20.	Моторист - рульші	5-6
21.	Гидротехникалық құрылымдарды бақылаушы	4	21.	Гидротехникалық құрылымдарды бақылаушы	4
22.	Жер сорғыш снарядтарының арнайы құрылғыларының операторы	4-5	22.	Жер снарядтарының арнайы құрылғыларының операторы	4-5
23.	Кеме аспазшысы	4	23.	Кеме аспазшысы	4
24.	Шкипер көмекшісі	3	24.	Шкипер көмекшісі	3
25.	Су көлігіндегі жол көрсетуші	2	25.	Су көлігіндегі жол көрсетуші	2
26.	Жағалау жұмысшысы	2	26.	Жағалау жұмысшысы	2
27.	Зерттеу арна партиясының дала (жол) жұмысшысы	2-3	27.	Зерттеу арна партиясының дала (жол) жұмысшысы	2-3
28.	Кеме құрылғысының бекет (қосалқы) жұмысшысы - моторшы	2-4	28.	Кеме құрылғысының бекет (қосалқы) жұмысшысы - моторшы	2-4
29.	Траль бригадасының (жол) жұмысшысы - моторшы	3-4	29.	Траль бригадасының (жол) жұмысшысы - моторшы	3-4
30.	Рульші	5	30.	Рульші	5
31.	Маяк бақылаушы	3-4	31.	Маяк бақылаушы	3-4

32.	Оттарды бақылаушы	3	32.	Оттарды бақылаушы	3
33.	Кеме жіберуші	4-6	33.	Кеме жіберуші	4-6
34.	Тальман	3-4	34.	Тальман	3-4
35.	Кран электригі	3-5	35.	Кран электригі	3-5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ